

МУЗЕЙ ЖАРШЫСЫ

№2



2024

**Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі**

МУЗЕЙ ЖАРШЫСЫ

№2

Ақтөбе, 2024

УДК 069
ББК 79.1
М78

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі / **МУЗЕЙ ЖАРШЫСЫ** – «Старков С.А.»
ЖК, Көкшетау қ., – 240 б.

Бас редактор

М.Н. Дүйсенғали – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры

Редакциялық кеңес:

Р.А. Бекназаров – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

Т.Б. Мамиров – тарих ғылымдарының кандидаты (Алматы қ.)

Г.Б. Ізбасарова – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ақтөбе қ.)

А.М. Мамедов – археология және этнология магистры (Алматы қ.)

Редакциялық алқа:

А.Қ. Ержанов – тарих магистрі (Ақтөбе қ.)

Ф.М. Мұстафин – тарих магистрі (Ақтөбе қ.)

Ә.Б. Шалманова – тарих магистрі (Ақтөбе қ.)

Жауапты хатшы:

А.Н. Тауман – тарих магистрі (Ақтөбе қ.)

Редакцияның мекен-жайы:

030000 Ақтөбе қаласы, Ораз Тәтеулы көшесі 3

+7 (7132) 74 21 41, + 7 (7132) 74 21 49

E-mail: kraeved29.zhurnal@mail.ru@mail.ru

ISBN 978-601-82176-1-6

«Музей жаршысы» журналына Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкерлері мен мамандарының өзіндік зерттеу жұмыстарына қатысты мақалалары жинақталып отыр. Басылымда соңғы кезде қолға алынған жобалар негізіндегі археологиялық қазба жұмыстары, өлкенің тарихы мен мәдениеті, тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбектері, туризмді дамыту мәселелері мен ескерткіштерді қорғау төңірегінде авторлардың ой-пікірлерімен таныса аласыз.

Журнал зерттеушілерге, мектеп мұғалімдеріне, студенттерге, музей ісінің мамандарына және осы бағытта қызығатын оқырман қауымына арналған.

УДК 069
ББК 79.1
М78

© Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, 2024

© «Музей жаршысы» журналы, 2024

**Управление культуры, архивов и документации Актюбинской области
Актюбинский областной историко-краеведческий музей**

ВЕСТНИК МУЗЕЯ

№2

Актобе, 2024

УДК 069
ББК 79.1
М78

Актюбинский областной историко-краеведческий музей / **ВЕСТНИК МУЗЕЯ**
– ИП «Старков С.А.», г. Көкшетау, – 240 с.

Главный редактор

М.Н. Дуйсенгали – директор Актюбинского областного историко-краеведческого музея

Редакционный совет:

Р.А. Бекназаров – доктор исторических наук, профессор (г. Актобе)

Т.Б. Мамиров – кандидат исторических наук (г. Алматы)

Г.Б. Избасарова – доктор исторических наук, профессор (г. Актобе)

А.М. Мамедов – магистр археологии и этнологии (г. Актобе)

Редакционная коллегия:

А.К. Ержанов – магистр истории (г. Актобе)

Ф.М. Мустафин – магистр истории (г. Актобе)

А.Б. Шалманова – магистр истории (г. Актобе)

Ответственный редактор:

А.Н.Тауман – магистр истории (г. Актобе)

Адрес редакции:

Город Актобе, улица Ораза Татеулы 3

+7 (7132) 74 21 41, + 7 (7132) 74 21 49

E-mail: kraeved29.zhurnal@mail.ru@mail.ru

ISBN 978-601-82176-1-6

В журнале «Музейный вестник» собраны статьи научных сотрудников и специалистов Актюбинского областного историко-краеведческого музея, по научно-исследовательской деятельности. В издании можно ознакомиться с мнениями авторов, касающиеся археологических раскопок на основе проектов, истории и культуры края, жизни и трудов исторических личностей, проблем развития туризма и охраны памятников.

Журнал рассчитан на исследователей, школьных учителей, студентов, специалистов музейного дела и читателей, интересующихся этим направлением.

УДК 069
ББК 79.1
М78

© Актюбинский областной историко-краеведческий музей, 2024

© Журнал «Вестник музея», 2024

МАЗМҰНЫ–СОДЕРЖАНИЕ

АРХЕОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ – ВОПРОСЫ АРХЕОЛОГИИ

Боранбаева А.Қ.

Ақтөбе облысындағы «мұртты» қорғандардың археологиялық зерттелу тарихы.....9

МУЗЕЙ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ – МУЗЕЙНЫЕ КОЛЛЕКЦИИ

Кадыльчина А.С.

Искусство сплетенное с историей.....19

Шоққарина Г.С.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы тігін машиналары,
олардың шығу тарихы және түрлері.....23

Сансызбай Н.С.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы қолөнер шебері
А.Мұратовтың жеке коллекциясы.....28

Сүлейменова М.Б.

Қазақтың зергерлік әшекейлері.....33

Ұзақбаева Қ.А.

Майданнан келген хаттар.....39

Мустафин Ф.М.

Кольчуги XVII – первой половины XIX вв. из фонда Актюбинского областного
историко-краеведческого музея.....52

Мустафин Ф.М.

Сабля XVII – первой половины XIX веков из фонда Актюбинского областного
историко-краеведческого музея.....56

МУЗЕЙ ІСІ – МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО

Тұрлыбаева Б.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі: қор ісінің негіздері.....61

Исабаев Д.Б.

Музей қызметін дамытудағы жаңа технологияларды пайдаланудың басымдықтары.....67

Сарсенова Н.К.

Болашақ еншісіндегі балалар музейі: жаңа ақпараттық технологияларды
қолдану мүмкіндігі.....75

Шоққарина Г.С.

Музей саласында заманауи технологияларды қолдану.....85

Талжанов Қ.А.

Ат-әбзелдері тақырыбындағы музей сабағы.....90

ӨЛКЕТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ

Ертемиров А.С. «Азаттық аңсаған Алаш» экспозициясы (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары бойынша).....	95
Жұбаныш Р.Ә., Тауман А.Н. Ақтөбе облысындағы модернизация кезеңіндегі неміс ұлтының тағдыры (1917-1939 жж.).....	100
Сибгатова Г.К. Возвращение правды и памяти.....	107
Осанова Ұ.Т. Музей – өңір тарихы мен ұлт руханияты.....	114

ТҰЛҒАЛАР – ЛИЧНОСТИ

Кызылбаева А.Т. Вся жизнь – служение народу и государству.....	123
Молдағұлова Г.С. Ұрпаққа үлгі болған қарт жауынгер немесе Рахметулла Ыбырайымұлының шерткен сыры.....	128
Достанова А.А. Темірден түйін түйген – Қарағұл ұста.....	135
Жаңабергенова Т.Т. Жүріп өткен жолдары нағыз аңыз.....	142
Мұхамбетова Ұ.К. Өнерлі жанның зерделі белестері.....	154
Абдуллина Ж.О. Имандылық есігі, әулиелер бесігі.....	156

ӘЙТЕКЕ БИ БӘЙБЕКҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 380 ЖЫЛ 380 ЛЕТ АЙТЕКЕ БИ БАЙБЕКУЛЫ

Исмагулов О.И. Исмагулова А.О. Достоверное изображение Айтеке би (антропологическое исследование).....	162
Өтениязов С.К. Қара қылды қақ жарған әділдік. Билер институті тарихынан алынған бір үзік сыр. Ә. Кекілбаев зерттеулеріндегі Билер институті.....	167
Асан Ж., Абдуллина М. Мөңке би болжауларының шындығы.....	175
Түстікбай М.С. XVII–XVIII ғғ. Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен ұлт бірегейлігін сақтаудағы тарихи тұлғалардың рөлі.....	180
Мамбеталинова А.Н. Әйтеке би: парасат биігі мен сөз күдіреті.....	187

Дайрабай Т.
Атағы аспандаған Мәмбет аталық.....194

Ұзақов Я.
Тәтімбет – би әрі елші.....199

**ДӘСТҮРЛІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ
ТРАДИЦИОННОЕ ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ**

Яковлев Р.М.
Карвинг (ручная гравировка) по коже. История и возможности применения
в изделиях с национальным колоритом.....203

Жумагулова М.Т.
Традиции и новаторство в художественной обработке кожи в Казахстане.....209

Кенжебаева Л.Ә.
Қазақстан заманауи сәндік-қолданбалы өнеріндегі теріден жасалған
өнер туындыларының көркемдік шешімдері
(Қ.Жақып шығармашылығының негізінде).....219

Сутеева М.А., Танирбергенова С.К., Кобланов К.Р.
Қазақ халқының ұлттық киімінің декоры негізінде қазіргі заманауи ер
киімін көркемдеп әзірлеу.....226

Танирбергенова С.К., Сутеева М.А., Бахытбек Н.Д.
Ұлттық стиліндегі «Ұлы дала аруы» киім үлгісінің дизайны.....230

2025 ЖЫЛДЫҢ АТАУЛЫ КҮНДЕРІ.....238

АРХЕОЛОГИЯ МӘСЕЛҒҒЛЕРІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «МҰРТТЫ» ҚОРҒАНДАРДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

А.Қ.Боранбаева

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ғылыми зерттеуді қамтамасыз ету бөлімінің
(Археология және этнография)
ғылыми қызметкері*

Аннотация. Мақалада Ақтөбе облысындағы «мұртты» қорғандардың зерттелу тарихы, зерттеушілердің қосқан үлесі қарастырылады. Археологиялық және геологиялық зерттеулердің нәтижелері жөніндегі есептерді, сондай-ақ ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде авторлар бұл ескерткіштерді зерттеуді екі кезеңге бөліп қарастырады – 1970-1990 жылдар және 2000 жылдардан қазіргі уақытқа дейін. Ескерткіштердің ашылуы мен зерттелуі туралы деректер хронологиялық тәртіпте келтірілген. Авторлармен археологиялық нысандардың орналасқан жері және олардың параметрлері туралы мәліметтер беріледі. Қазіргі таңда Ақтөбе облысы аумағында Мұғалжар тауларының сілемдерінде, Елек, Ор және Ырғыз өзендерінің алаптарында шоғырланған 21 «мұртты» қорған анықталып отыр. Қосымша Ғарыштық түсірілімдер бойынша облыстың батыс және оңтүстік аудандарында орналасқан тағы жеті нысан анықталды. Олар Қиыл, Ойыл өзендері алаптарына, Солтүстік Арал маңына және Үстіртке тиесілі.

Түйін сөздер: Ақтөбе облысы, ескерткіштер, «мұртты» қорғандар, зерттеулер, тарихнама

ИСТОРИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ КУРГАНОВ С «УСАМИ» АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. В статье рассматривается история изучения курганов с «усами» Актюбинской области, отмечается вклад исследователей. На основе анализа отчетов о результатах археологических и геологических исследований, а также научной литературы, авторы выделяют два периода в изучении данных памятников – 1970-1990-е и 2000-е годы и по настоящее время. Данные об открытии и исследованию памятников приведены в хронологическом порядке. Авторами изложены сведения об местоположении археологических объектов и их параметры. В настоящий момент на территории Актюбинской области выявлено 21 курганов с «усами», которые сосредоточены в отрогах Мугалжарских гор, в бассейнах рек Илек, Ор и Иргиз. Дополнительно по космоснимкам удалось зафиксировать еще семь объектов, расположенные в западных и южных районах области. Они тяготеют к бассейнам рек Киыл, Уил, к Северному Приаралью и плато Устюрт.

Ключевые слова: Актюбинская область, памятники, курганы с «усами», исследования, историография

Кіріспе. «Мұртты» қорғандар археологиялық нысандардың түпнұсқасы болып табылады және де олардың ашылуы ХХ ғасырдың бірінші жартысына жатады. Олар Орал-Қазақ даласының кең-байтақ аумағында, Ертістің жоғарғы ағысынан Орал өңіріне дейінгі аралықта кездеседі. Өзінің классикалық түрінде

бұл ескерткіш ұзындығы екі жүз метрге дейін және одан да көпке жететін шығыс бағытта созылып жатқан екі аркалы тас жоталардан құралған қорған болып табылады. Жалпы Қазақстан аумағындағы мұртты қорғандар бізге 30 жылдардың ортасынан белгілі (Боталов С.Г. және т.б. 2006: 9-б.). Қазақстан аймағында алғаш рет «мұртты» қорғандардың ашылуы және бастапқы сипаттамасы өлкетанушы Л.Ф. Семеновке тиесілі. «Мұртты» қорғандар өзінің құрылысы жағынан әрқашанда ғалымдарды қызықтырып келді. Олар әлі күнге дейін толық зерттелмеген ескерткіштердің қатарында, бірақ, сонымен бірге «мұртты» қорғандар Қазақстанның ерте көшпелі кезеңіндегі тасмола мәдениетіне тән белгі ретінде ғылыми әдебиеттерде үнемі кездеседі.

Бұл құрылымдар Еуразия даласының көшпелілерінің этникалық тарихы мәселелерін шешуде негізгі дереккөз қызметін атқарады. Сондықтан «мұртты» қорған кешендеріне этномәдени атрибуция жасау үшін аталған ескерткіштерді жан-жақты зерттеу қажет. Бұл түрдегі ескерткіштер, Шығыс Түркістаннан Днепр өңіріне дейінгі Еуразия даласының кең-байтақ аумағында кездеседі. Дегенмен «мұртты» қорғандардың көп бөлігі төрт жинақы топқа шоғырланған: бірінші – Сарыарқа, оның ішінде Орталық Қазақстанның көп бөлігі және Ертіс бойы өңірі; екінші – Ұлытау; үшінші – Мұғалжар және іргелес аумақтар; төртінші – Орал (Боталов С.Г., және т.б., 2006, 9-б.).

Зерттеу материалдары және әдістері. А.З. Бейсенов деректері бойынша, Батыс Қазақстанда 1996 жылға дейін тоғыз «мұртты» қорған тіркеліп, төртеуі қазба жұмыстарымен барланған (Бейсенов А.З., 1996, 37-б, 1-кесте). Осы секілді зерттеулер әр жыл сайын жүргізіліп, Орал-Қазақстан даласындағы орналасқан «мұртты» қорған кешендерінің картасы жасалды (Қосымша №1-ден қараңыз).

С.Г. Боталовтың 2006 жылға дейінгі деректерінде Оңтүстік Оралда 112 мұртты қорған тіркелді. Оңтүстік Орал аудандары бойынша олар келесідей бөлінеді: Челябинь облысы – 60; Орынбор облысы – 3; Башқұртстан республикасы – 6; Қостанай облысы – 30; Ақтөбе облысы (Шығыс Мұғалжар ауданы) – 13 мұртты қорған тіркелгені көрсетілген (Боталов С.Г., 2006, 14-б.).

Ақтөбе облысы бойынша «мұртты» қорғандарды зерттеу тарихында ең алдымен геологтар, соның ішінде, Р.А. Сегедин және В.В. Родионовтың рөлін атап өту қажет. Өлкенің тарихи-мәдени мұра ескерткіштеріне үлкен қызығушылық танытып, жұмыс барысында олардың әріптестерінен мәліметтер жинау, сызбалар мен фотоматериалдармен ғылыми есептер құрастыру, орналасқан жерін дәл сипаттауы секілді атқарған еңбектері далалық зерттеу кезінде «мұртты» қорғандардың орналасқан орынын тез анықтауға көмегін тигізді (Китов Е.П., Мамедов А.М., 2014, 14-б.).

Ескерткіштердің біразы жергілікті археологтар С.Ю. Гуцалов, В.В. Ткачев және А.А. Бисембаевтармен ашылып, зерттелді. Мұрағат материалдарын өңдеу нәтижесінде 2015 ж. Ақтөбе облысы бойынша барлығы 18 ескерткіш тіркелгендігін көрсетті (Мамедов А.М., 2015, 160-б.).

Ақтөбе облысында соңғы жылдары археологиялық барлау жұмыстары ұқсас ғұрыптық нысандарды ежелгі уақытта қазақ даласын мекендеген көшпелі қоғамдардың жерлеу-еске алу тәжірибесінде қолданған деп айтуға мүмкіндік береді.

Архив материалдарын қайта қарау барысында, қазіргі уақытта Ақтөбе облысында 21 ескерткіш ашылғаны белгілі болды (1-сурет). Алғашқы мұртты

қорғандардың бірі 1957 ж. анықталғанымен, өңірімізде олардың зерттелу тарихын екі кезеңге бөліп қарастырсақ болады. Олар: 1970-1990 жж. аралығы және 2000 ж. қазіргі уақытқа дейінгі кезең.

Ен бірінші мұртты қорғандар Мұғалжардың шығыс беткейінде анықталды. 1970 жж. жаңа ескерткіштерді геологтардың бір тобы (Р.А. Сегедин, Н.Н. Голубев, В.В. Родионов, Г.А. Костик) ашты. Жалпы алғанда он екі кешен тіркелді, солардың ішінен тек үш ескерткіш археологиялық тұрғыда толық зерттелді (Үсіп I, II, Қарғалы-II).

Ақтөбе облысының аумағында алғашқылардың бірі болып 1957 ж. Р.А. Сегедин жетекшілігімен Шығыс Мұғалжар қыратының орталық бөлігінде орналасқан Бала-Талдық өзенінің (Бірғыз өзенінің оң жақ саласы) сол жағалауындағы тегіс төбеде орналасқан Бала-Талдық қорымы ашылды. 1974 жылы Р.А. Сегедин ескерткіштің жоспарын жасақтап, 1976 ж. ескерткіш Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейдің базасында тіркелді.

Үсіп I, II деп аталатын келесі ескерткіштерді 1972 ж. Шығыс Орал геологиялық барлау экспедициясының бас инженері Н.Н. Голубев ашты. Аталған ескерткіштерді 1974 ж. М.Қ. Қадырбаевтың басшылығымен Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Ақтөбе отряды мен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайы бірлесіп зерттеген. Ескерткіш Хромтау ауданында, Донское ауылынан шығысқа қарай 21 шақырым жерде орналасқан. Ор өзенінің сол жағалауындағы Қатынадыр жотасының батыс беткейіндегі ескерткіш – екі қорғаннан тұрды. № 1 қорған, қорымның оңтүстік бөлігін алып жатыр. Диаметрі – 10-11 м, биіктігі – 0,4 м. Одан шығыс бағытқа қарай ұзындығы – 104 м (солтүстік) және 95 м (оңтүстік) болатын екі мұртшалар созылған. № 2 қорған солтүстік-шығысқа қарай 170 м орналасқан, диаметрі 18–18,8 м, биіктігі – 1,2 м болды. № 2 қорғаннан шығысқа қарай 30 м жерде № 2а қорғаны ретінде танылған тағы бір нысан тіркелген. Тас үйіндісінен құралған нысанның өлшемдері 8x0,32 м құрайды. Қорғаннан шығыс бағытта ұзындығы 75 м және 57,38 м болатын, тармақтала орналасқан тас жоталары болғаны анықтаған.

Өкінішке орай, Үсіп II қорымының нақты орны көрсетілмеген. Ол Үсіп I қорымы зерттелген жерде табылған деп беріледі. Қорғанның диаметрі 8 м. Обаның шығысына қарай ұзындығы 80 м және 75 м болатын тастан тұрғызылған екі жотасы созылып жатыр (Қадырбаев М.Қ., және т.б., 1975, 12-13 бб; Петров Н.П., және т.б., 1977).

1970 жж. Р.А. Сегедин жетекшілігімен «мұртты» қорғандардың біршамасы анықталған болатын. 1974–1975 жж. Әйтеке би ауданынан Миілісай, Қаймақ және Табылғысай қорымдарын ашса, Мұғалжар ауданынан Ұлы-Талдық өзеннің оң жағалауында, Шиелісай өзенінің (сол жақ саласы) сағасынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,8 км жерде орналасқан Шиелісай қорымын анықтаған (Сегедин Р.А., 1976; Петров Н.П., және т.б., 1977).

1979 ж. В.А. Могильниковтың жетекшілігімен КСРО Ғылым Академиясы Археология институтының Сібір-Орта Азия экспедициясы Әйтеке би ауданында, Дөңгелексор ауылынан оңтүстікке қарай 15 км жерде Милы ауылына барар жолда орналасқан Дөңгелексор IV ескерткішін ашқан. Ескерткіш Торғай өзенінің сағасы Бірғыз өзенінің сол жағалауында орналасқан төрт қорымнан тұрды. Олардың ішіндегі ең ірілерінің, 1 қорғанның, диаметрі 11 м және биіктігі 0,7 м болған. Бұл қорғанның шығысына қарай ұзындығы 130 м-дей екі «мұртша» созылған. Екі

«мұрттын» аяқтарында диаметрі 3,5 м (оңтүстік) және 4 м (солтүстік) болатын ұсақ тас шоғырлары бар. Барлық қорғандардағы «мұртшалар» диаметрі 2-ден 6,5 м-ге дейін созылған. Қалған үш қорғанның орналасуында белгілі бір жүйе болмады (Могильников В.А., 1979: 8-9 бб.).

1970 жылдардың соны мен 1980 жылдары Ақтөбе өңіріндегі археологиялық барлау-зерттеу жұмыстарының барысында «мұртты» қорғандардың біршамасы анықталған болатын. Осы жылдардағы зерттеулердің басында геолог В.В. Родионовтың еңбегін ерекше айтуға болады. Мысалы, 1979 ж. В.В. Родионов жетекшілігімен Ақжайық ауылынан солтүстікке қарай 11 км, Медес және Қосағаш өзендерінің тоғысқан жерінен батысқа қарай шамамен 700 м жерде орналасқан Медес (Қосағаш) қорымы анықталады. 2000 ж. аталмыш қорымда А.А. Бисембаев жетекшілігімен Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясымен қазба жұмыстары ұйымдастырылады.

Ол тау аралық аңғардың кішігірім биіктігін алып жатқан төрт қорғаннан тұрды. «Мұртты» қорғандар қорымның солтүстік бөлігінде, диаметрі 10 м және биіктігі 0,35 м болатын шағын тас қорғандардан тұрды. Оның шығысына қарай шығыс және солтүстік-шығыс бағыттарда ұзындығы 51 және 44 м екі тас жоталары созылып жатты Оңтүстігінде көлемі 0,3x10 м-ден 0,8x13 м-ге дейін жететін үш қорған болған. (Қосымша №5-тен қараңыз). Зерттеулер барысында, ол жерден ғұрыптық әрекеттердің күрделі іздері анықталды. Жерлеу орны кейінгі қола дәуірінен бастап, этнографиялық уақытқа дейін қолданылған. Табиғи-географиялық тұрғыдан қорымның орналасу аумағы Мұғалжар тауларының солтүстік бөлігінде орналасқан таулы алқап болып табылады, ал барлық ұсақ өзендер мен бұлақтар Жайық өзенінің орта ағысына құяды. Қорым жерлеу және ғұрыптық жосындарды өткізген қасиетті нысан болып табылады (Свод ... 2023, 33 б).

1980 ж. Мұғалжар ауданының аумағында геолог В.Г. Кориневский Милыаша өзенінің сол жағалауындағы Оңтүстік Мұғалжарда орналасқан, Милыаша «мұртты» қорғанын анықтайды. Ескерткіштің диаметрі 12 м құрайды, одан оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытта жерге жартылай қазылған тасты екі «мұртшалар» тараған. Оң жақ «мұртшаның» ұзындығы 90 м, сол жағы 143 м. Екі «мұртшаның» ұштары ішкі кеңістікке бүгілген (Сегедин Р.А., 1981, 5-б.).

Қазіргі уақытта «мұртты» обалар Арал өңірінің солтүстігінде, Ойыл, Қиыл, Қобда және Елек өзендерінің аңғарларында көптеп тіркелуде. Сондай ескерткіштер қатарында, 1983 ж. В.В. Родионов пен С.Ю. Гуцалов Жақсы Қарғалы өзенінің оң жағалауында таулы-төбелі жотаның төменгі бөлігінде, Ақтөбе-Орск тас жолы көпірінен оңтүстік-батысқа қарай 3 км жерде орналасқан, Қарғалы II қорымында айтуға болады. Бұл қорған 1993 ж. В.В. Ткачевтің басшылығымен жүргізілген археологиялық экспедициясы зерттеген (Ткачев В.В., 1994, 18–19 б.).

Зерттеудің келесі сатысы 2000-шы жж. басталады. Осы кезеңде ескерткіштер Ақтөбе облысының шығыс және солтүстік аудандарында жүргізілген барлау-зерттеу жұмыстарымен бірге, Елек өзені алабы бойындағы ескерткіштерде тіркелді. Оларға Жамантоғай I және Төбетсай I «мұртты» қорғандары жатады. Сонымен қатар, ғарыштық түсірілімдер бойынша олар Ойыл, Қобда, Жем өзендері бойында және Солтүстік Арал маңында тарағандығы анықталып отыр. Өкінішке орай, аталған ескерткіштер қазіргі кезде әлі де болса зерттелмеген.

Екінші сатыда алғашқы болып Мамыт I «мұртты» қорғандары тіркелген

болатын. Ол 2007 ж. Хромтау ауданы территориясында Мамыт өзенінен оңтүстік-батысқа қарай 300 м, Бадамша ауылынан шығысқа қарай 8,7 км жерде А.А. Бисембаев басшылығымен Тарих, этнография және археология Ақтөбе облыстық орталығының археологиялық отрядымен анықталды. Қорым үш нысаннан тұрады. Біріншісінің диаметрі 10 м, биіктігі 0,4 м болатын топырақ үйіндісінен құралған қорған болып табылады. Оның оңтүстік-шығысында шетінде тас қалаулары бар екі тас тізбек созылуда. Келесі екі нысан «мұртты» қорғаннан солтүстік-шығысында орналасқан. Олар диаметрлері 4 және 8 м, биіктіктері 0,1 м болатын тас қоршаулар болып табылады (Бисембаев А.А., және т.б. 2008). Сонымен қатар, А.А. Бисембаевтың басшылығымен 2008 ж. Ақтөбе облыстық тарих, этнография және археология орталығының археологиялық отряды Хромтау ауданының аумағында, Қопа кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 33 км және Бәйментау тауынан шығысқа қарай 14 км жердегі Қайрақты II қорымын анықтайды (Бисембаев А.А., және т.б., 2009).

2007 ж. В.В. Ткачев бастаған Ресей-Қазақстан экспедициясы Хромтау ауданының Амангелді кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 34,4 км және Қайрақты кентінен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 29,7 км жердегі Тікаша III ескерткіші ашылады (Ткачев В.В., және т.б. 2011, 64-б). Сол жылы, жоғарыда аталған экспедиция барысында Әйтеке би ауданында, Қайрақты кентінен солтүстік-батысқа қарай 3,7 км жерде, Есекжал өзенінің оң жағалауында орналасқан Қайрақты «мұртты» анықталады. Қорғандар қасиетті жерде Қайрақты петроглифтерімен екі тау жоталары арасындағы ыдырауда орналасқан. Көлемі бірдей (6x0,3 м) екі қорғаннан тұрады. Екі үйіндінен солтүстік-шығыс бағытта ені 2,2 м-ге дейін және ұзындығы 50 м (солтүстік) және 40 м (Оңтүстік) екі доға тәрізді тас «мұртша» тұрғызылған. Екі «мұртшаның» басында және соңында диаметрі 3 м дөңгелек пішінді тас үйінділері бар (Ткачев В.В., және т.б., 2011, 55-б.).

2014 ж. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайының археологиялық отряды Талдықорған кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 км және қыстан оңтүстік-шығысқа қарай 4 км жерде орналасқан Қазанғап I «мұртты» қорғаның және Аралтоғай кентінен оңтүстік-батысқа қарай 41 км жерде табылған Шолаққайрақты III қорымын анықтайды (Бисембаев А.А., және т.б., 2014).

2019 ж. Тарихи-мәдени мұраны зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығының археологиялық тобы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Байтақ ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 9,5 км және Абат Байтақ кесенесінен солтүстікке қарай 2,8 км жерде орналасқан археологиялық Жамантоғай I «мұртты» қорғандар тобын анықтайды. Ескерткіш Үлкен Қобда өзенінің оң жағалауының тегіс бөлігін алып жатыр. Қорым екі топырақ нысанынан тұрады. № 1 нысан – «мұртты» жоталары немесе біліктері бар обалар. Барлық үш обаның құрылымы топырақ үйінділерінен тұрады және солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс осінде орналасқан. Олардан оңтүстік-шығыс бағытта екі топырақ үйіндісі («мұрт») орналасқан. Көлемі бойынша № 1 орталық оба басқаларға қарағанда ірі, диаметрі 14 м, биіктігі 0,3 м. Қалған екі обаның диаметрі 9 м және 13 м, биіктігі 0,1 м және 0,2 м болды. № 1 және № 2 екі шеткі обаның оңтүстік-шығыс бағытында топырақ үйінділері («мұртты») тартылғанымен, көзге нашар байқалады. Солтүстік «мұрттың» ұзындығы – 120 м, ені – 6-6,5 м. Оңтүстік «мұрттың» түзу сызықтары бар, оның ұзындығы 79 м, ені 5-7 м. № 1 обадан оңтүстік-батысқа қарай 138 м солтүстік оңтүстік осіне бағытталған тікбұрышты құрылымның құрылысы тіркелді. Бұл ені

5 м, биіктігі 0,2 м топырақ жалмен қоршалған платформа. Құрылымның жалпы өлшемдері 32×49 м құрайды. Нысан периметрі бойынша ені 4 м, тереңдігі 0,2 м ормен қоршалған (Мамедов А.М., 2021, 212-214 б.).

Соңғы анықталған «мұртты» қорғандар қатарында Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, «Қазақстанға 13 жыл» ауылынан оңтүстік-шығыста 2,7 шақырым жерде орналасқан Төбетсай I және Ақмола ауылынан шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 6,6 км жерде орналасқан Ақмола қорымдарын айтуға болады. Ескерткіш Тобетсай (Тамды) өзенінің сол жақ жағалауындағы тегіс алқапта орналасқан. Солтүстік-оңтүстік осімен 149 м қашықтықта тізбектеліп созылған, 11 обадан тұрады, диаметрі 6-дан 13 м-ге дейін, биіктігі 0,1-ден 0,3 м-ге дейін ауытқитын, топырақ және тас-топырақ обаларының үйінділерінен құралған. Кейбір обалардың үйінділерінде ойыстар байқалады. Шеткі обалардың солтүстік-шығысы мен оңтүстік-шығысына қарай диаметрі 11-12 м, биіктігі 0,2 м кішігірім топырақ үйінділері анықталды, олардан солтүстік-шығысқа қарай екі «мұртшалар» созылып жатыр. Олардың ұзындығы: солтүстік бойынша 174 м, оңтүстік бойынша 208 м, ені – 10-11 м. Төбетсай I «мұртты» обалары Еуразия даласының көшпелі тайпаларының қызықты ескерткіштерінің бірі болып табылады (Мамедов А.М., 2021, 435-436 б.). Келесі топырақ үйіндісінен құралған Ақмола «мұртты» қорғаны Ақсу өзенінің оң жағалауындағы су айрықтың жоғарғы жағында орналасқан. Биіктігі 0,2 м, диаметрі 8 м. Солтүстік-шығысқа қарай екі топырақтан тұратын «мұрт» созылып жатыр. Олардың ұзындығы 80 м, ені 7-8 м. Ескерткіш 2022 ж. маусым айында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының археологиялық экспедициясымен анықталған (Мамедов А.М., және т.б., 2022).

Жоғарыда аталғандай, ғарыштық түсірілім бейнесінен, өңірде тағы да жеті мұртты қорған бар екендігі анықталды. Олардың көбін, Ойыл, Қиыл өзендерінің алқабына тиесілі. Тағы екі ескерткіш Арал өңірінің солтүстігінде және Үстірт үстіртінде анықталды (2-сурет.). Сондықтанда, қазіргі таңда Ақтөбе облысының территориясында дәл осындай 28 нысан бар.

Талқылау және нәтижелер. «Мұртты» қорғандардың Қазақстанның ежелгі тарихы мен мәдениетін зерттеудегі маңыздылығын көре аламыз. Көптеген ғалымдар арасында талқыға түскен «мұртты» қорғандардың зерттелмеген тұстары өте көп. «Мұртты» қорғандардың мерзімделуіне байланысты ғалымдар арасында әлі күнге дейін белгілі бір ортақ пікір қалыптаспаған. Әр ғалым әр түрлі болжамдар ұсынған, мысалы алғаш рет «мұртты» қорғандарды ерте темір дәуіріне жатқызу идеясын П.С. Рыков білдірді, ол мұртты қорғандарды шартты түрде скиф-сармат деп жіктелген ескерткіштер тобына қосқан (Рыков П.С., 1935, 43 б.).

Зерттеушілердің бір бөлігі, осы табыну нысандарын б.д.д. VII-III ғғ. жатқызады. Келесі зерттеушілер б.д. V-VIII ғғ. мерзімдейді және түркі тайпаларының діни кешендері ретінде түсіндіреді. Көптеген жылдар бойы бірқатар зерттеушілер бұл ескерткіштерді ерте темір дәуіріне жатқызып, тасмола археологиялық мәдениетімен байланыстырды. Соңғы уақытта бірқатар Ресей археологтары оларды орта ғасырларға жатқызып, б.д. V-VII ғғ. мерзімдеуде.

Сол себептен де, қазіргі уақытта «мұртты» қорған кешендерінің нақты мерзімделуін анықтау өте күрделі мәселе болып табылады. А.З. Бейсеновтың деректері бойынша, Батыс Қазақстанда Үсіп I қорымындағы жерлеу савроматқа, ал Қарғалы II қорымындағы жерлеу орта савроматқа (мүмкін орта сарматтық) уақытпен мерзімдеген (Боталов С.Г., және т.б., 2006, 43-б; Бейсенов, 1996, 38–

39-б.). М.К. Қадырбаев Мұғалжар солтүстігінен зерттелген тас жоталары бар қорғандарды сипаттай отырып, оларды Орталық Қазақстанның Тасмола мәдениеті ескерткіштерінің абсолютті көшірмесі болып табылатынын атап өткен. Алайда, Үсіп І қорымының 1 қорған топырақ кабірінде савроматтықтарға тән жалпақ түбі бар саз ыдысты тапқан, сонымен бірге, тас жоталары бар қорған кешеніне кіретін жылқының жерленуінде тасмолалық мәдениетке тән ғұрыптық ыдыс табылған (Боталов С.Г., және т.б. 2006: 43-б).

Бірақ этникалық мазмұнға келгенде немесе қорғандарды мәдени-хронологиялық атрибуциялауда біз екі негізгі нұсқасын еске түсіре аламыз. Ол Оңтүстік Орал зерттеушілерінің еңбектеріндегі нұсқалар – И.Е. Любчанский оларды «хионито-эфталит» ескерткіштері деп санайды, ал С.Г. Боталов – «ерте түркі», ерте болгарлықтармен байланыстырады (Грудочко И.В., 2020, 11-б).

Қорытынды. Қорыта келгенде, Ақтөбе облысын «мұртты» қорған кешендерінің көп таралған аймағы ретінде қарастыруға болатыны белгілі. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде аталған қорғандардың бірнеше түрі анықталып отыр. «Мұртты» қорғандарды зерттеу тарихы 90 жылдан асады. Осы уақыт ішінде бұл ескерткіштердің хронологиясы мен мәдениеті туралы бірнеше идеялар ұсынылды. Қазіргі кезеңде «мұртты» қорғандар екі тұжырымдама аясында өтеді: ерте көшпелілер кезеңі және ерте ортағасырлық. Соңғы онжылдықта жинақталған жана материалдар, әсіресе радиокарбон саласында хронологиялар бұл мәселені шешуге неғұрлым негізделген көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, «мұртты» қорғандар бірегей құрылыстарын ерте орта ғасырға кіргізу керек деп қорытындылай аламыз.


Қысқартулар тізімі

1. АОИМК – Актюбинский областной историко-краеведческий музей
2. ГАИМК – Государственная академия истории материальной культуры
3. ИА КН МНВО РК – Институт археологии Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан
4. ИИА УрО РАН – Институт истории, археологии Уральского отделения Российской академии наук
5. ИИЭ АН КазССР – Институт истории, археологии и этнографии Академия Наук Казахской Советской Социалистической Республики
6. КСР ҒА – Кеңестік Социалистік Республикасы ғылым академиясы
7. КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
8. НИЦИА – Научно-исследовательский центр истории и археологии
9. ОГИЗ – Объединение государственных книжно-журнальных издательств


Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Бейсенов А.З. Культурно-ритуальные укрепления древних кочевников Центрального Казахстана //Изв. АН РК. Сер. общества. наук. 1996. № 2. С. 31–40.
2. Боталов С.Г., Таиров А.Д., Любчанский И.Э. Курганы с «усами» урало-казахстанских степей. Челябинск: Южно-Уральский филиал ИИА УрО РАН, 2006. 232 с.
3. Иван В. Грудочко Курганы с «усами». Эпоха поздней древности и раннего

- средневековья урало-казахстанских степей (IV–VII вв. н. э.). Будапешт: Паукер полиграфическая индустрия, 2020. 356 с.
4. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Отчет Актюбинского отряда ИИЭ АН КазССР за 1974 г. // Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 1375, 28 листов.
 5. Китов Е.П., Мамедов А.М. Ерте темір дәуіріндегі Батыс Қазақстанның көшпелі тұрғындары. Кочевое население Западного Казахстана в раннем железном веке. Астана: Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2014. 352 с.
 6. Мамедов А.М. Комплексы курганов с «усами» Западного Казахстана // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. Сборник научных статей, посвященный памяти археолога К.А. Акишева / Отв. ред. А.З. Бейсенов. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. С. 160-165.
 7. Могильников В.А. Отчет о разведке археологических памятников в зоне проектируемой трассы главного канала переброски части стока сибирских рек в Казахстан и Среднюю Азию и проектируемых массивов орошения на территории Актюбинской и Тургайской областей в 1979 г. // Научный архив ИА КН МОН РК. Д. 1619, 59 листов.
 8. Петров Н.П., Родионов В.В. Археологические памятники, выявленные в 1976 году // Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 1527, 117 листов.
 9. Рыков П.С. Работы в совхозе «Гигант» (Караганда) // Археологические работы Академии на новостройках в 1932–33 гг./Отв.ред.: И.И. Мещанинов. М.–Л.: ОГИЗ, 1935. Т. II. С. 40–68
 10. Рыков П.С. Работы в совхозе «Гигант» (Караганда) // Археологические работы Академии на новостройках в 1932–33 гг./Отв.ред.: И.И. Мещанинов. М.–Л.: ОГИЗ, 1935. Т. II. С. 40–68
 11. Рыков П.С. Работы в совхозе «Гигант» (Караганда) // Археологические работы Академии на новостройках в 1932–33 гг. / Отв. ред. И.И. Мещанинов. М.–Л.: ОГИЗ, 1935. Т. II. Вып 110. ГАИМК. С. 40-68.
 12. Сакральная география Актюбинской области. Реестр объектов природы, археологии, архитектуры и этнографии / Гл. ред. Б.А. Байтанаев. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2021. 532 с.
 13. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Актюбинская область. Выпуск 1. Каргалинский район / Редакционная коллегия: А.М. Мамедов, Т.Б. Мамиров, К.Б. Мамиров, Н.А. Амантаев, К. Асылбеков, И. Бекзаткызы. Алматы-Актобе. 2023. 344 с.
 14. Сегедин Р.А. Докладная записка об археологических находках обнаруженных при геологических работах в Актюбинской области в 1978-1981 гг. // Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 1866, 36 листов.
 15. Сегедин Р.А. Древние могильники, обнаруженные в Актюбинской области в 1975 году. // Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 1412, 30 листов.
 16. Ткачев В.В. Отчет об археологических раскопках в Актюбинской области летом-осенью 1993 г. // Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 2423, 108 листов.
 17. Ткачев В.В., Бисембаев А.А., Юминов А.М., Коробков В.Ф., Петрова Л.Ю., Умрихин С.М., Фомичев А.В., Дуйсенгали М.Н, Мамедов А.М. Результаты георхеологических исследований в Мугалжарах (Актюбинская область) в 2007-2008 гг. // Фонды АОИМК. Актобе. 2011. 367 с.



1-сурет. Ақтөбе облысындағы «мұртты» қорғандардың орналасу картасы.



2-сурет. Жаңадан анықталған «мұртты» қорғандар: 1 – Төбетсай I; 2 – Ақмола; 3 – Қарағанды I; 4 – Жамантоғай I.

МУЗЕЙ
КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ

ИСКУССТВО СПЛЕТЕННОЕ С ИСТОРИЕЙ

А.С.Кадыльчина

*Заведующая сектором учета
Актюбинского областного
историко-краеведческого музея*

Изобразительное искусство является одним из самых древних и прекрасных проявлений человеческого творчества. С самых первых шагов развития человечества люди стремились запечатлеть свои мысли, чувства и окружающий мир на стенах пещер и на поверхности камней.

Изобразительное искусство прошло долгий путь развития. Каждая эпоха оставляла свой след в истории искусства, обогащая его новыми идеями, формами и техниками. Сегодня изобразительное искусство продолжает развиваться и искать новые способы выражения, отражающие дух времени и потребности современного общества.

Музейная коллекция – совокупность музейных предметов, связанных между собой общностью одного или нескольких признаков и представляющих особую ценность (научную, познавательную, художественную, мемориальную) как единое целое. Музейная коллекция является основной формой хранения музейных предметов и складывается в результате целенаправленной научной работы, при которой каждый предмет коллекции приобретает особое значение в ряду остальных.

Среди множества коллекции, хочется остановиться на коллекции «Изобразительное искусство». Богатая, разнообразная, бесценная коллекция областного музея дает яркое представление о художественной культуре Казахстана.

Собраны картины художников, соответствующие их профессиональному развитию с течением времени, включая ранние рисунки, графику, гравюры. Картины, представляющие, казалось бы, несовместимые стили, жанры и художников. Можно выбрать отдельные картины и разместить их таким образом, чтобы они расширяли понимание зрителей определенного жанра, художника или живописи в целом. В превосходной коллекции картин всему есть свое место. Нет ничего случайного или хаотичного, и все картины связаны друг с другом. Вот почему ценность художественной коллекции картин выходит далеко за рамки ценности отдельных ее частей.

Коллекция картин может внести огромный вклад в мир искусства в целом. Хорошо изученная и организованная коллекция картин может рассказать о художнике, жанре или периоде живописи больше, чем любая книга по истории.

Коллекция пополняется произведениями живущих художников и является разновидностью меценатства, оказывает влияние на развитие определённых направлений в живописи.

Хотелось бы остановиться на отдельной картине «Портрет Бопай ханым», казахстанской художницы Наргиз Алиб. Основной жанр работы –

исторический портрет и этническая живопись. Картина была передана музею в 2022 году (Книга учета дополнительного фонда №11,12, 6.).

Образ женщины – это неотъемлемая часть искусства. Во все времена образ женщины вдохновлял творцов. В данном исследовании, изучении картины я хочу показать, насколько женский образ в искусстве играет важную роль, вдохновляясь ею, стремясь передать красоту разными способами. Художники разных эпох так или иначе затрагивали тему женской красоты, ее образов. Начиная с первобытности, заканчивая нашим временем, женский образ является одной из самых затрагиваемых и главных тем в искусстве. В работах современных художников часто присутствует образ женщины, наделенный своей историей и эстетикой. Каждый творец представляет эталон женской красоты по-своему и пытается передать собственное видение этого образа всему миру. Рассмотрев образ женщины в искусстве, можно сделать вывод, что у женской красоты есть две стороны: внешняя – это то, что мы видим: лицо, фигура, одежда... и внутренняя – это то, что внутри: мысли, чувства, поступки (НБ РД им. Р.Гамзатова. официальный сайт. URL: <http://old.lib05.ru/news/zhenskiy-obraz-v-iskusstve>).

Художник Наргиз Алиб весь собирательный образ женщины, великой Ханши воплотила в основу этой картины. Индивидуальный внешний облик Бопай ханым с красивой внешностью и большим женским обаянием, были запечатлены не только в устных преданиях, но и рукой английского путешественника, живописца Джона Кэстля. В 1736 году он во время посещения летней ставки Абулхаира, имел возможность лично познакомиться с его семьей и сделать карандашные наброски с натуры портрета жены хана. В книге «Хан Абулхаир» И. В. Ерофеева пишет как английский живописец изобразил любимую женщину Абулхаира: «Слегка склоненное в полуобороте нежное округлое лицо с подчеркивающим его женственность фигурным изломом тонких темных бровей и маленьким, изящно очерченным ртом, привлекающее к себе внимание своей отстраненной задумчивостью и несколько грустным выражением больших затуманенных глаз» (Ерофеева И. В., 2007, с.388).

Смотря на картину «Портрет Бопай ханым», задаешься себе вопрос, «что меня привлекает в этой картине». С этого момента придерживаешься целостного подхода и глубоко погружаешься в эту картину. Образ идеальной женской красоты хорошо просматривается на портрете.

Увиденный нами образ впечатляет, он притягивает и очаровывает. В ней величие и решительность, воинственность и уверенность, но в то же время воплощение спокойствия, дружелюбия, открытости и доброты души. Бопай Ханым была очень красивой женщиной, обладающая особым шармом. Художнику удалось четко передать внешнюю и внутреннюю красоту, это можно прочитать во взгляде, осанке, в движениях, сидящей позе. Правильные черты лица, открытое красивое лицо, прямой утонченный нос, волевой подбородок, белизна кожи и, конечно взгляд Ханши: мягкий, но пронзающий, вдумчивый и глубокий, спокойный, но в тоже время и величественный, представляют нам облик благородной, красивой, мудрой женщины. Великая Ханша была с жестким и твердым характером, но автор не делает акцент на этом, в картине он подчеркивает ее благородность, спокойность и уверенность в себе.

Надо отметить, что каждая деталь внешнего облика Бопай ханым, подтверждение тому, каков высок ее статус в обществе. Одежда Ханши соответствует ее высокому социальному рангу: на ней красивый, бархатный камзол бордового цвета, традиционно надетый поверх платья, украшен камзол орнаментом. Бархатная ткань, являлась знаком богатства и достатка. Голова Ханши, шея и плечи покрыты кимешеком из белой ткани («Бопай ханым» брошюра, 2022 г.).

В картине ювелирные украшения детально проработаны и доведены до совершенства. Руки Бопай ханым украшены изделиями из серебра. Серебро особенно ценилось – такие могли себе позволить представители знатных родов.

Ну, и хотелось бы остановиться на немало важной части картины – фоновой. На картине Бопай ханым изображена в ханской юрте под своим шаныраком. На фоне убранства юрты: тканного ковра, украшенного узорными лентами с кисточками шашак бау, ненароком вписанная автором шкурка волка, боевое оружие батыров – лук и стрелы, которые являются предупреждением для врагов и противников, что земли кочевников под защитой, и оружие всегда под рукой.

Автор в картине затронула и исторический жанр. Бопай ханым одна из влиятельных личностей в истории Казахстана, супруга выдающегося деятеля в истории Казахской государственности – Абулхаир хана, любимая жена, общественная деятельница, участвовавшая в управлении страной, дипломат. Бопай ханым была не только женой и матерью наследников ханского престола, она стала соправительницей Абулхаира, его мудрой советчицей и надежной опорой. Хана Абулхаира на официальных приемах сопровождает его супруга, это был чуть ли единичный случай в истории Казахстана. Как отмечала ученая, исследователь И. Ерофеева: «Счастливый союз Бопай и Абулхаира был весьма гармоничный» (Ерофеева И. В., 2007, с.389).

При решении вопросов, определяющих внутреннюю и внешнюю политику Казахского ханства, Бопай ханым сама выступала на народных собраниях, соперничая в красноречии с признанными мастерами слова и знатоками народного права. Будучи очень грамотной женщиной, лично занималась всей дипломатической перепиской с русской администрацией, являясь своеобразным министром иностранных дел Младшего жуза.

Бопай ханым всю свою жизнь была верной хранительницей домашнего очага и вместе с тем старалась пресекать ненужное кровопролитие, принимая взвешенные решения, не давая себе идти на поводу негативных мыслей. Ее находчивость, живость ума неоднократно отмечали как русские чиновники царской администрации, так и зарубежные путешественники и историки.

Российский историк А. И. Левшин писал: «... что Бопай ханым по уму своему пользовалась отличным уважением, и имела иногда весьма сильное влияние на управление Казахским ханством. Во время правления сына носила титул Хан-ана (Мать хана) и являлась одной из самых влиятельных женщин в Казахском ханстве (Көк найзалы Табынай батыр және батыр ұрпақтарының шежіресі, 2022 ж, 18–20 бб).

Список литературы и источников

1. «Бопай ханым» брошюра, 2022 г.
2. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Алматы, 2007. – 388 с.
3. Книга учета дополнительного фонда №11,12, 6 (ҚҚТ-8819).
4. Көк найзалы Табынай батыр және батыр ұрпақтарының шежіресі
1. II кітап, I бөлім, Алматы, «Үш Қиян», 2022 ж. – 560 бет
2. НБ РД им. Р. Гамзатова. официальный сайт. Женский образ в искусстве.
URL: <http://old.lib05.ru/news/zhenskiy-obraz-v-iskusstve>



«Бопай ханым»

*Автор Наргиз Алиб 2022 г., холст, масло, 80 х 100 см
АОИКМ ВКП–8819 (хф–389)*

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ТІГІН МАШИНАЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Г.С.Шокқарина

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
Қорларды ғылыми зерттеуді қамтамасыз
ету бөлімінің қор сақтаушысы
gulzhana_bs@mail.ru*

«Әйелдің ең бірінші парызы – ине мен жіптің парқын білу, яғни тігіншілік өнерін терең меңгеру» деп ағылшын жазушысы Оскар Уайльд айтқандай, бүгінгі күні тігіншілікпен айналысуға түрлі құрылғылар мен керемет мүмкіндіктер бар. Өндірісте де, үй жағдайында да тігін машиналары кеңінен қолданылады. Өйткені тігін машинасы қолмен іс тіккенмен салыстырғанда 50 есе жылдам жұмыс жасайды. Бұл бір жағынан адам еңбегін жеңілдетсе, екінші жағынан уақыт үнемдейді.

Бүгінгі таңда тігін машинасының қол машина, аяқ машина және электр машина деп аталатын түрлері бар және олар қолжетімді. Ал осыдан 500 жыл бұрын тігін машинасы әр әйелдің арманы еді (Хасан С. Qazaqstan tarihy. электронды нұсқа. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/32188> (қаралған күні: 19.11.2024).

Ғасырлар бойы шеберлер тігін машинасының түрлі нұсқаларын дамытып келген. VI ғасырда Леонардо До Винчи тігін машинасының жобасын ұсынып, оның барлық идеялары қағаз бетінде сызба түрінде қалды (1-сурет). Есесіне ол өте пайдалы құрал қайшыны ойлап шығарды. «Асыл қайшы пішуге сән» демекші бүгінгі күні қайшы күнделікті тұрмыста қолданылатын құралға айналды (Ысқаққызы Ә., 2007, 46-б.).

1755 жылы Карл Вейзенталь қол тігісін жүргізетін машина ойлап тапты. 1808 жылы Пили бір жіпті тез тарқататын машина шығарды. Ал 1834 жылы Уолтер Хант шөрнекті машина жасады. Бұл машиналардың кемшілігі – астыңғы жіптің реттеуіші жоқ еді. 1844-45 жылдары америкалық өнер тапқыш Элиас Хоу бір қалыпты жұмыс істейтін тігін машинасын ұсынды. Бұл машинаның тұтқасын бұрағанда ине жүріп тұрады. Инесі көлденең орналасқан. Элиас Хоу бұл машинаны шеберхана басшысына сатады. Кейіннен Америкаға оралысымен ол өзінің машинасының жаңартылған нұсқасын сатылымда көреді.

Кедей отбасынан шыққан америкалық Исаак Меррит Сингер 12 жасында үйінен кетіп қалуға мәжбүр болып, жас кезінен жұмыс жасап, өз бетінше табыс тауып үйренді. Ол жасы жиырмаға толғанда ағашпен айналысатын зауытқа жұмысқа орналасып, алғаш рет ағаш өңдейтін машина ойлап табады. Сөйтіп жүріп тігін шеберханасына ауысып, жұмыс жасап жүргенінде 1850 жылы шеберхана басшысы оның ерекше шеберлігін байқап, оған Элиас Хоудан сатып алынған тігін машинасын жөндеп беруін өтінді. Сингер ол машинаны жөндеп қана қоймай, мүлдем басқаша жаңа машинаның нұсқасын шығарды. Миллиондаған табыс әкелетін машинаны жетілдіруге Исаак Сингердің бар болғаны 10 күн уақыты кетті. Ол машинаның қайығын көлденең орналастырып,

енді жіп байланбайтын болды. Инеге аяқбасқыш ойлап тапты. Сондықтан мата оралмайтын болды. Және де машинаның жетек бөлігіне аяқ басқышын ойлап шығарды (МБУК «Объединение «Новомосковский историко-художественный музей»: сайт. Новомосковск URL: <https://museum-nmsk.ru/news/mir-izobretenij-shvejnaya-mashinka/>, (2-сурет)).

Музейіміздің қорында сақталып келе жатқан қақпақты аяқпен басатын «Зингер» машинасы бар. Оның темір тіреуіші бар. 1967 жылдың 11-қыркүйегінде Мановадан 40 рубльге сатып алынған (3-сурет).

Бұл енгізілген барлық жаңалықтарға ол 40 доллар жұмсаған болатын. Ал әр машинаны 100 долларға сатты. Мұндай жетістікпен қанаттанған Сингер өзінің жұмысына патент алып, 1851 ж. серіктесі Уильям Кларкпен бірге «Иссаак Меррит Сингер и Ко» өндірісін ашты. Екі жылдан соң Сингер машинасы бүкіл әлемдік сауда жәрмеңкесінде бас жүлдені алады. Ал он жылдан соң компания капиталы жартымиллион доллардан астам болады. Машина 100 доллар бағасын ұстап тұрды. Ол кезде ол өте қомақты сома еді. Сондықтан Исаак Сингер жаңаша төлеу жүйесін ұсынды. Ол – тауар бағасын бөліп төлеу жүйесі еді. Бұл да Исаак Сингердің адамзатқа әкелген бір ерекше жаңашылдығы еді. Сөйтіп ол мультимиллионер болды.

Аяқ машинасы шыққаннан кейін тігіншінің екі қолы да матамен жұмыс жасау үшін босады. Бұл өте қолайлы жаңалық еді. Содан кейін Исаак Сингер тігін машинасын үстелге орналастырды (Singer. История бренда. Интернет-магазин «Швеймаг»: сайт. Минск. URL: <https://sewmag.by/information/singer-istoriya-brenda->)

Бұл орайда музей қорында сақталып тұрған «Чайка-142М» маркалы үстелге орнатылған аяқ тігін машинасын айта аламыз. Бүгінгі күнге дейін жұмыс жасайды.

Исаак Сингердің тігін машиналары Америкада ғана емес, Еуропада да үлкен сұранысқа ие болды. Оның ірі компаниясы Германияның Гамбург қаласынан ашылды. Бұл тұста Сингер сөзі С әрпі 3-ға өзгеріп, немісше «Зингер» болып жазылып, «Зингер – неміс фирмасы» деген қате пікір осы тұста қалыптасты.

1870 жылы АҚШ-та «Зингер» фирмасы кең етек жаяды. 1900 жылы «Зингер» компаниясының өкілдері Ресейдің Мәскеу маңындағы Подольскиге зауыт салуға рұқсат алды. 1903 жылы мұнда әлемдегі ең үлкен тігін машинасын жасайтын зауыт ашылды. Бүгінгі күні Подольск өлкетану музейінде «Тігін машиналар залы» ең басты көрнекі орын болып табылады. 1917 жылы Кеңес елінде Подольск қаласында тұңғыш механикалық зауыт іске қосылды. Машинаның сыртқы дизайндары жасалып, фирманың белгісін жазатын болды.

Музей қорында 1980 жылдары шығарылған «Подольский механический завод имени Калинина» деген жазуы бар қол тігін машинасы бар. Ағаш қақпағы, тұтқасы, бұранда, тетік, жіп байлағыш бөлшегі, шарғы, ине ұстауыш, т.с.с. сияқты бөліктері бар. Сақталуы жақсы, әлі күнге дейін жұмыс жасайды. Бұл машинаны Ақтөбе қаласының тұрғыны Биғайша Аманқызы Нуркеева тұтынған. Оны Ляззат Сағидоллақызы Нуркеева 2020 жылдың 6-қаңтарында 3 ине, жібімен қосып сыйға тапсырған (4-сурет).

Кейіннен жоғарыда аталған зауыт ұлттандырылып, 1923 жылы

«Подольск Госшвеймашина» маркасымен машиналар шығарыла бастады. 1990 жылдары тігін машиналарына сұраныс азайғаннан кейін бір ғасырға жуық Подольск халқына күнкөріс болған зауыт жабылды. Одан кейін Госшвеймашина Свинкс, Госшвеймашина Звезда, Госшвеймашина СССР, Науман, Веритас, Модель 1, Тула, Чайка және т.б. машиналар түрлері шығарылды.


Музей қорында Калинин атындағы Подольск механикалық зауытынан шығарылған қол тігін машинасы да сақталып тұр. Бұны Ақтөбе қаласының тұрғыны Үрлеш Қожамжарқызы пайдаланған екен. Музейге қызы Төлеутаева Бағдагүл Жұбаниязқызы тапсырған.

Тұрмыстық тігін машиналарынан басқа өндірістік машиналар да бар. Бұл машиналар салмақ пен көлем жағынан үлкен болып келеді. Мұндай машиналарды біз киім тігетін фабрика, цехтардан көре аламыз.

«Өнер тамған он саусақ – үзілмейтін ырысың» демекші, бір адамдар тігіншілікті қолөнер шеберлігіне айналдырып жүрсе, енді біреулер «шеберді саусағы асырайды» дегендей кәсіп қылып жүр. Қолына ине ұстаған адам жұмыссыздыққа қалмайды. Сондықтан да сан жылдар бойы сұранысқа ие болып, өзгеріске ұшырап, дамып бізге жеткен тігін машиналарын еліміздің шеберлері кеңінен қолданып, дамыта түседі деген ойдамын.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Мир изобретений. Швейная машинка. МБУК «Объединение «Новомосковский историко-художественный музей»: сайт. Новомосковск URL: <https://museum-nmsk.ru/news/mir-izobretenij-shvejnaya-mashinka/> (дата обращения 18.11.2024)
2. Хасан С. «Зингер» қазақ даласына қашан келді? // Qazaqstan tarihy. электронды нұсқа. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/32188> (қаралған күні: 19.11.2024)
3. Ысқаққызы Ә. Сырмақ өнері. «Алматы кітап», 2007. – 228 б.
4. Singer. История бренда. Интернет-магазин «Швеймаг»: сайт. Минск. URL: <https://sewmag.by/information/singer--istoriya-brenda-> (дата обращения 18.11.2024)



1-сурет. Тігін машиналарының түрлері.



2- сурет. Исаак Сингердің тігін машиналары.



3-сурет. «Singer» фирмасының аяқты тігін машинасы. АОТӨМ қоры, НҚТ-441.



4-сурет. Қол тігін машинасы. АОТӨМ қоры, ҚҚТ-8047.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ А.МҰРАТОВТЫҢ ЖЕКЕ КОЛЛЕКЦИЯСЫ

Н.С.Сансызбай

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің
аға ғылыми қызметкері*

Андатпа. Мақалада халқымыздың әйгілі қолөнер шебері А.Мұратовтың Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы жинақталған мұрасы және оның қазақ халқының дәстүрлі өнерінде жиһаз жасаудағы қолданған жаңашылдығы баяндалады. Алматы қаласының алғашқы сәулет ғимараттарының бірі – Абай атындағы опера және балет театрын салған атақты сәулетші Т.Басеновтың шақыруымен А.Мұратов осы ғимараттың безендірілуіне қатысады, онда шебердің қолжазбасы мен танымал стилі әсем үйлесім тапқан. 1945 жылы А.Мұратов «Құрмет» орденімен марапатталады. Артында қолөнерімен бай мұра қалдырған адамның өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болатыны сөзсіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Ақтөбе облыстық музейі және Шалқар аудандық музейінің түсім кітаптары, облыстық музейдің ғылыми архивінің құжаттары, тақырыпты ашуға қажетті ғылыми мақалалар мен әдебиеттер зерттеу деректері болып табылды.

Мақалада негізгі қағида тарихи деректерге сүйену болып табылды, суреттеу, таныстыру, баяндау әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, коллекция, экспозиция, ағаш бұйымдары, архитектура.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі 1929 жылы жергілікті өлкетанушылардың бастамасымен құрылып, қазірде білім және насихат орталығына айналған, өзіндік қалыптасу тарихы бар іргелі мекеме. 122 мыңнан астам жәдігері бар музей қорында экспонаттардың бірегейлігіне қарай топтастырылған 25 коллекция бар және әр коллекциядан шығатын жинақтардың өзі бірнеше бөлікке бөлінеді. Қандайда болмасын жәдігердің өзіндік тарихы бар, өзіндік құндылығы бар. Қазір зерттеу тақырыбымыз болып отырған шебер А.Мұратовтың қолынан шыққан заттары музей қызметкерлерінің іздену жұмыстарының нәтижесінде жеке топтама болып жинақталған. Қазақ халқының көшпелі өмір салтына лайықталып жасалған кебеже, сандық, жастықағаш, көші-қонға бейімделген құрастырмалы төсекағаш, сықырлауық есік, асадал, адалбақан сияқты ағаш бұйымдары музей экспозициясындағы киіз үй жабдығының көркін келтіріп тұр. Шебердің жасаған дүниелері облыстық музей қорынан басқа Алматы және Атырау қалалары мен Шалқар аудандық музейінің қорында жинақталған.

Айдос Мұратұлы 1881 жылы Шалқар ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген (Шалқар, 2009, 219 б). Ағаш ұсталығымен бірге зергерлік пен етікшілікті қоса меңгерген қолөнер шебері болған кісі (1-сурет) (АОТӨМ. ҒА. ГКП, 768). Әкесі қолөнер шебері Сыдықұлы Мұрат мешіттер, күмбезді мазарлар салған, тұрғылықты жерінде бірнеше адамға үй (землянка) де соққан

кісі. Аяққұмдағы Қошқарата тұзындағы Асан ишанның мазарын, Шалқар ауданының Қаратөбел деген жерінде Әбдіғалым ишан Рысмағанбетұлының мешітін салған. Мешіттің босаға ағашы облыстық музейдің «Руханият» көрме залының экспозициясында тұр (НҚ 17516/1-2). Босағаға бекітілген ағаштың түсі көк, бұрама етіп, ағашты ойып жасаған. Жерге бекітілген шеті ағарып қажалған. Музей қорына Әбдіғалым ишанның ұрпағы Махмут Әбдіжәмиұлы тапсырған (АОТӨМ, 2020, 17 б).

Әкесінің шеберлігі дарыған Айдос та қолөнермен жастайынан айналысып, ағаштан, сүйектен, тастан бұйымдар жасаған. Тақта тастардан қайтыс болған адамдарға ескерткіш (құлыптас) орнатқан. Қабақ руындағы Нияз бидің баласы Шонаға, әкесі Мұратқа да өз қолымен ескерткіш қойған («Ақтөбе», 1991, №10). Әкесінің жол көрсетуімен толықтай ағаш ұсталығына көшкен ол ағаштан үй жиһаздарын жасап, әр заты ел көңілінен шығады. Сонымен қатар дәстүрлі тұрмыс заттары: сандық, кебеже, жүкаяқ, асадал жасау кезінде шебердің жаңашылдыққа ұмтылып, оны өз туындыларында кеңінен қолданғанын көруге болады. Этнограф ғалымдардың зерттеулері бойынша асадалдың (ас және ыдыс-аяқ сақтауға арналған) көшпелі өмірге ыңғайланып жасалған тумбочка тәрізді түрлерінен кейін, ХХ ғасырдың бас кезінен бастап отырықшылық мәдениеттің сұранысына қарай аяқтар салынып, екі-үш бөліктен құралып жасала бастаған (Арғынбаев, 1987, 45 б). Облыстық музей экспозициясындағы А.Мұратовтың шеберлігімен орындалған асадал деп аталатын үй жиһазы жаңа заманның тұрмысына қарай ыңғайластыра істелгені көрінеді: бойын жерден сәл көтеріп аяқтар салған, суырма жәшіктерін орнатып, әрбір қиылыстарына дейін ағашты ойып отырып геометриялық өрнектер, есіктеріне өсімдік бейнелі оюлар салған. Қазақтың тұрмыстық жиһаздарына тән қою күрең қызыл түске қарағанда, ашық сары түс пен ашық жасыл, пісте түсті реңдерге мән берген. Күлгін түстің өзін алтын және қоңыр түсті бояумен араластыра отыра сәтті алып шыққан. Асадалдың өлшемі: 89x165 см. Музей қорына 1989 ж. А.Сейсеновадан 180 рубльге сатып алынған (2-сурет. НҚТ 11493). Асадалдың үстіңгі бөлігіне әйнектелген есік салынған түрі Шалқар аудандық музейінде сақталған. Бұл асадал сервант үлгісінде жасалған. Екі бөліктен құрастырылып, үстіңгі бөлігіне әйнек салумен қатар жақтауына ағаштың өзінен бедерлеп әшекейлік жапсырмалар істеген. Асты бөлек шкаф тәрізді болып келіп, үстіңгі бөлігінде қуыс орын қалдыра отыра жоғарғы жағына ыдыстар орналастыру үшін әйнектелген есігімен сөрелер жасаған. Ою-өрнектері дөңгелек, ромб, жапырақ тәріздес болып келеді де, көгілдір, қоңыр және күнгірт қызыл түстермен боялған (НҚТ 1439). Ауыл тұрғыны Ғ.Әлиева анасы Ғалиябанудың тұтынған асадалын Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейіне тапсырған (ШАТӨМ, 2010, 86 б).

Қазіргі кезде облыстық музейдің экспозициясында тұрған алтықанат киіз үйдің сықырлауық деп аталатын есігі, босағасында орналасқан адалбақан да, Айдос шебердің қолынан шыққан. Киіз үйдің құрылуы кезінде шаңырағын көтеруге пайдаланатын адалбақан былайғы уақытта ілгіштің ролін атқарған. Оның бойындағы ілуге арналған имектерімен бірге төртбұрыш және дөңгелек фигураларды араластыра отырып, ағаштың өзінен тұтастай ойылған. Қою жасыл түс пен қоңыр түсті алма-кезек қолдана отырып, өрнектеріне де ерекше

келбет, символдық мән бергісі келгендей (3-сурет. НҚТ 9642). Шымылдыкпен бөлініп кісі көзінен таса тұратын жерде төсекағаш орналасады. Музей қорындағы Айдос шебердің жасаған құрастырмалы төсек ағашы көлемі 70x94x200 см (НҚТ 12145) 1991 жылы Б.Жанаманова тапсырған.

Киіз үйдің екі ашпалы есігі (сықырлауық) биіктігі 175 см, екі жақтауы мен есіктерінің өрнектері (түйетабан, қазмойын, өсімдік элементті оюлар) тереңірек ойылып жасалған. Есік маңдайшасының оюлары үлкен көлемде салынып көз тартып тұруымен бірге, шығыстық стильге қарай келтіріліп салтанаттылық беріп тұр. Музей қорында шебердің әртүрлі көлемдегі және әртүрлі мақсаттағы қолданысқа арналған 4 сандығы мен 1 кебежесі сақталған (НҚТ 12122, НҚТ 419, НҚТ 423, ГКП 420). Қақпағы бар тікбұрыш пішінді сандық, қақпағына бекітетін темір салынған, бояуы 7 түрлі ашық түстерден тұрады, өсімдік, «түйетабан» және құсқанат оюының элементтерін қолданған. Сандықтың беткі тұсы оюмен нақышталып, тұтқа салынған. Көлемі: 43x47x80 см (НҚТ 12122). Екіншісі сандық немесе сандықша, себебі қолға ұстауға ыңғайлы етіп төбесіне тұтқа салып шағын түрде жасалған. Мұндағы өрнектер өсімдік элементтерімен және геометриялық фигуралармен оюланып, бедерленген. Сандықшаның есігіне құлып салатын ілмешек қойылған, екі бұрышына және ілмешектің астыңғы тұсына кішкене көлемде дөңгелектенген айна салынған. Қара көк, күңгірт сары және жасыл бояулармен қиғаштанған геометриялық сызықтар сызылып, гүлдің, жапырақтың түстері қызыл және жасыл түстермен боялған. Көлемі: 26,5x46,5 см. Музей қорына 1969 жылы түскен (НҚ 419). Айта кететін бір жайт А.Мұратовтың жасаған тұрмыстық жиһаздарының бір ғасырға жуықтап қалса да өз өңін бермей, бояуларының қанықтығын сақтап тұрғандығы. Демек шебер ағаштан ою ойып, керемет туындылар жасаумен қатар, бояу сырын да жақсы меңгерген болып тұр. Себебі адамдардың қолдануына қарай заттар әртүрлі жағдайда музей қорына түскен, сақталуы жақсысы да, орташасы да, қанағаттанарлық түрі де бар. Дегенмен осылардың барлығында назар аударатын жай ол жаңағы айтып өткен түстердің реңінің жоғалмауы. Үйдің тұрмыстық заттарынан өзге шебердің қолынан домбыра да шыққан. Әйгілі күйші Қазанғап Тілепбергенұлына жасап берген домбырасы туралы «Шежірелі өлке» газетінің редакторы Мұқамбетқали Есмағанбетов «1921 жылы Шалқар өңіріне қыдырып келген күйші Қазанғапқа өзінің сыйлығы ретінде домбыра жасап берген» – деп жазады (Шежірелі өлке, 2006, 4 б.).

Айдос Мұратұлының шеберлік атағы елге жайылып, өнеріне тәнті болған жұрт оған «хас шебер» деген атақ бере бастайды. 1945 жылы Қазақстан Республикасының 25 жылдығына орай (КСРО кезеңі екенін ескереміз) А.Мұратов «Құрмет» орденінің иегері атанады. Бұл марапат оған сол кездегі бірден-бір сәулетті ғимарат Абай атындағы опера және балет театрының салынуы кезіндегі еңбегі үшін берілген болатын.

1933 жылы аталған театрдың ғимаратын салу туралы шешім шығып, құрылыс 1936 жылы басталып 1941 жылы аяқталады. Құрылыстың архитекторлары Н.Круглов, Т.Бәсенов, Н.Простаков күрделі де маңызды жұмысты орындап шығады. Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов туралы ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі А.Ш.Татығұлов – «Қазақ мәдениетінің

мақтанышын жазушы Мұхтар Әуезов, композитор Ахмет Жұбанов, суретші Әбілхан Қастеев сияқты есімдер құрайды. Бұл көрнекті адамдардың қатарында Қазақстанның тұңғыш кәсіби сәулетшісі Төлеу Бәсеновтің де есімі тұруына толық хақы бар» – деген болатын (Татығұлов, 2009, 418 б.). Қазақстандағы алғашқы сәулетті ғимаратты салуда ұлттық колориттің басым болуына үлкен мән берген Т.Қ.Бәсенов қазақ халқының қолөнершілерінің ішінен осы мақсатты жүзеге асыра алатын адамды іздейді. А.Мұратұлының туындыларының айрықша нақыштары мен орындау шеберлігіне тәнті болған архитектор оны Алматы қаласына театрдың безендіру жұмысына этнограф-кеңесші болуға шақырады. Театрдың фойесіндегі капительді бағаналар, қабырға, басқыш қоршауларындағы қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері ғимарат архитектурасында кеңінен қолданылды. Осылайша қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында шебер Айдос Мұратұлының да қолтаңбасы қалды. 1945 жылы эксперимент есебінде Т.Қ.Бәсеновтың жобасы бойынша А.Мұратов кабинетке арналған жиһаздың гарнитурын жасап шығарады, мұнда: жазу үстелі, екі кресло және бір орындық, гардероб, кітап шкафы, диван және асхана үстелі бар еді. Т.Бәсеновтің авторлық жобасы мен шебердің ойы бір жерден шығып жиһаздарда ұлттық пішіндер, ал безендіргенде ұлттық оюдың желісін пайдалану қарастырылады (Бәсенов, 2011, 17 б.).

Осындай іргелі жұмыстардан кейін ел басқарған басшылар да А.Мұратұлын Алматы қаласында жұмыс жасауға шақырады, дегенмен шебер өзінің жасының ұлғайғандығын алға тартып өзінің туған жері Шалқарға қайтады. Ел ішінде еңбексүйгіштігімен, қолөнерімен сыйлы болған жан 1970 жылы наурыз айында 90-ға қараған жасында дүниеден озды. 1993 жылы Айдос Мұратұлының Шалқардағы тұрған үйіне (Үргенішбаев көшесі №7 үй) мемориалдық тақта орнатылды. Айшуақ кеңшарындағы бір көшеге есімі берілді. Ою-өрнектерді ағаш ұсталығында қолданудың өзіндік стилін құрған және халқына өз қолөнерімен бай мұра сыйлаған Айдос Мұратұлы кейінгі ұрпақ үшін мәңгі өшпейтін қолтаңба қалдырды.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Ақтөбе газеті. 1991. №26. 10 б.
2. АОТӨМ. Түсімдер кітабы. 1982–1991. №04–01
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: «Өнер», 1987. 44–45 б.
4. Архитектор Төлеу Басенов. Под ред. А.Ш.Татығұлова. Том I. Алматы: «Басбақан», 2009. – 418 б.
5. Бәсенов Т. Қазақстан архитектурасы. Жауапты хатшы Асқаров Ә. Алматы: «Өнер», 2011. – 17 б.
6. Шалқар энциклопедиясы. Бас.ред. Т.Тілешев. Шалқар, 2009. – 337 б.
7. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің түсім кітабы. №5. 86 п.
8. Шежірелі өлке. Редактор М.Есмағанбетов. Шалқар, 2006. №40



1-сурет. Қолөнер шебері А.Мұратов ортада.



2-сурет. Асадал. АОТӨМ қоры, НҚТ-11493.



3-сурет. Адалбақан, киіз үйдің ішкі көрінісі.

ҚАЗАҚТЫҢ ЗЕРГЕРЛІК ӘШЕКЕЙЛЕРІ

М.Б.Сүлейменова

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ғылыми әдістемелік қамтамасыз
ету бөлімінің әдіскері*

Қазақтың зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Зергерлік өнер ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Зергерлердің әшекей бұйымдарының қатарына әйел адамдарға арналған әшекейлер де жатады. Әшекейлердің түрі тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным-сенімге де тікелей қатысты болғандықтан кез келген әлеуметтік ортаның өкілі өз хал-қадірінше әртүрлі әшекейлер иемденуге, тағуға тырысқан.

Әшекейлерді қасиетті тұмар ретінде ұстанған. Тұмар тағушылар осы киелі зат өзіме күш-қуат береді, пәле-жаладан, көз-сұқтан, төтенше қауіптен сақтап қалады деп түсінген. Зергерлік әшекейлердің тұтас түр-сипаты, жекеленген бөлшектері де, материалы, ондағы ою-өрнектері де белгілі бір мән-мағынаны білдіреді. Әшекейге қондырылған асыл тастарды халық әдетте тас немесе көз деп атайды. Көз қондырылған әшекей бұйымның көз тиюден алдын ала сақтайтын киелілік қасиеті бар деген ұғымды білдірді. Асыл тастардың ерекше қасиеттері туралы түсінік Шығыс халықтарының бәріне кең тараған.

Асыл тастар емдік қасиетке және киелілік қасиеттерге де тән. «Дәрі-дәрмек қазынасында «ақық тас» жүректің толқуын басып, дұшпаныңа сұсты болуыңа игі әсерін тигізеді. Асыл тастың қасиетіне сенушілік қазақ халқының тұрмыс дәстүрінде әлі де болса сақталып келеді. Инжу көз қарашығын шел басудан, көз сүйелінен сақтаса, ал маржан тас дуаның әсерінен сақтап, құлпырма тас көз тиюден қорғап әрі дұрыс жолға бастайды, ақық мол бақыт әкеледі деген түсінік болса, сердолик әшекейдің сәндігі үшін ғана емес, сонымен бірге оны тақса көз-сұқтан сақтайды деп түсінген.

Қазақ халқы ежелден күмістің адамға игі әсер ететін айрықша қасиеті деп білген. Күміс жүзік тағумен ғана шектелмей, нәрестені шомылдырғанда суға күміс теңге тастап: «Баланың күні күмістей жарық болсын», – деп жоралғы жасаған. (Тохтабаев Ш., 1985, 5 б).

Сақина мен жүзіктің де киелілігі мен қасиеттілігіне сену ғұрпы шығысқа кең тараған түсінік. Әдетте, бұл халықтар әйелдің қолында міндетті түрде жүзік не сақина болуы керек деп санап, ол болмаған жағдайда оның дайындаған тағамын арам деп білген.

Әшекейлік бұйымдардың қоғамның барлық әлеуметтік топтарының арасына тарауы – зергерлік өнерде көбіне күміс пен оның қоспаларының пайдаланылуына әсер етті.

Күміс – жұмсақ, қақтауға төзімді, оңай өңделетін және де жарқыраған ашық түсімен көз тартады.

Музейде өзгеше ерекшелігімен көзге түсетін әйел адамдарға арналған әр түрлі әшекей бұйымдар да көптеп қойылған. Батыс Қазақстанда жасалған заттардың әшекейлері ауқымды, өрнегі ірі келеді. Сондықтан бұл бұйымдар асқақ әрі салтанатты көрінеді.

Тамақ алқа – бір-біріне тізбектелген асыл тастар арқылы жасалады. Тік жаға барқыттан тігілген, әрі зерленеді, кейде өрнекті күміс қапсырмалармен де әсемдейді. (Тохтабаева Ш., 1981, 7 б).

Тамақша – матадан жасалып, үстіне ақық тәрізді асыл тастармен күміс қапсырмалар қондырылады.

Сырға – әртүрлі үлгілері нұсқалары өте көп. Көбіне өрнекті жалпақ түрі кең тараған. Сырғалар тас көзді, жұқа селдір өрнекті, шар үлгісіндегі немесе ұзын салпыншақ болып келетін күмбез сырға, қозалы сырға, қоза сырға салпыншақты сырға, сабақты сырға, шашақты сырға түрлі формада, кейде екі қатарлы болып келетін сәндік қозаларымен ерекшеленеді.

Әйелдердің бас киімдеріне де тағылатын сәндік қапсырмалардың үлгілері де әртүрлі. Бас киімдерге тағылатын әшекейлердің үкі аяқ, тұмарша дегендері де қызықты.

Үкі аяқ – әшекейдің негізгі күмістен жасалынған үкінің ашалы тырнағы іспетті болса, тұмарша – үш бұрышты жалпақ тілік болып келеді. Бұйымдарға үзбелі шыншырлар арқылы бекітілетін өрнекті салпыншақтар мен селдір гүл жапырақшалар да әшекейлердің құрамдас бір бөлігі болып саналады. Әлбетте, бұл бұйымдардың бетіне өрнек түсіріледі немесе алтын жалатылады.

Білезік – әдетте сыңар қолға, немесе екі қолға екеуін бірден тағатын болған. Білезіктің тұтас және құрамды бөліктерден тұратын түрлері де бар. Екі-үш бөлшектен құралған, ал ашпалы-жаппалы түрін қақпақ білезік дейді. (Тохтабаев Ш., 1985, 7 б).

Бір-біріне қозғалмалы етіп байланыстырылған тас көзді білезіктерден тұратын тасты білезік те көзге нәзік, жарасымды болып көрінеді. Жас қыздардың тағуы үшін нәзік әрі сымбатты өрнектеліп жасалатын жұқа селдір білезіктердің іс мәнері де ерекше.

Шолпы – шашқа тағатын және оның сәнін келтіріп, мәнін арттыратын сәндік бұйымдарының ішіндегі ең асылы. (Кенжеахметұлы С., 2007, 108 б).

Шолпының түрлері өте көп: қоңыраулы шолпы, үзбелі шолпы, тізбелі шолпы, сағат баулы шолпы, моншақты шолпы, қозалы шолпы, сылдырмақ шолпы, көзді шолпы (орналастырылған тасына қарай маржанды шолпы, меруерт шолпы, ақықты шолпы) алтын шолпы, күміс шолпышашқа тағылған шолпылар қыз-келіншектер жүрген кезде күн сәулесіне шағылысып, көздің жауын алады.

Шолпының күміс, алтын теңгелермен тізбелеп жасалған түрі – шаштеңге. Шолпы мен шаштеңге шашбауға немесе бұрымның ұшына байланады. Тәжірибелі халық шолпы таққан қыздардың шашы ұзын, әрі сұлу берік өседі, ерте түспейді деп жорамалдаған.

Шашбау – шаштың ажарын аша түсетін зергерлік өнер туындысы. Шашбау түрлі түсті асыл тас орнатылып, моншақ тізіліп, ұзын күміс шыншырлы баумен немесе қымбат, берік матадан жасалған алтын, күміс теңгелер мен сөлкебайлар тағылған бұйым.

Шолпыда өзгешелігі: ол бұрыммен қоса өріліп, теңгелер мен күмістері, тағымы шаш ұшына байланады. Әшекейлі өрнекті шолпылардың ұзындық мөлшері 25-35 сантиметрден аспайды.

Қапсырма – асты ілмекті, үсті ою-өрнекті, киімнің екі өңірін қаусырып, іліп тұратын күміс яки алтынды ілгек. 2. Белбеудің екі басындағы ілгекті алтын немесе күміс тоғасы әшекейлі ілгегі (Шойбеков Р.Н., 1991, 46 б.).

Қапсырманьың бетіне аң-құстың, ай мен күннің, немесе өсімдік тектес өрнектер салынып тастар қондырылып көркемделеді.

Шекелік – екі шеке самай тұстан бас киімге, шашқа тағатын салпыншақ әшекей. Қазақстанның оңтүстігі мен батысында басқа киетін шекелік кең тараған. (Тохтабаева Ш., 1981, 8 б.).

Бойтұмар – мойынға тағылып, кеудеде салбырап тұратын ұзын, әрі үлкен, оның үстіне түрлі салпыншақтармен безелген тұмары бар зергерлік бұйым; әр түрлі формадағы әшекейлі тұмар түрі.

Бойтұмар алқа – тұмарлы алқа, әшекейленген тұмардың өзі. Тұмар қорабы (футляр) алтын жалатылып, күміспен әшекейленеді (Тохтабаев Ш., 1981, 206 б.).

Өңіржиек – көйлек сыртынан немесе кәжекейдің өңіріне, омырауға тағатын тақталы, шынжырлы, салпыншақты күміс не алтын жалатқан әшекей, алқа. Ертеде сенім бойынша өңіржиек әйел адамды тіл-көзден, бәле-жаладан сақтайды деп сенген.

Әйелдердің өңіріне тағылатын алқаның қанша түрі болса, олардың жасалу техникасы мен атауларында да соншалықты өзгешеліктер бар. Батыс өңірінде алқаны өңіржиек, өңірше деп атаса, оңтүстік, солтүстік облыстарда алқа деп атайды. Оның да бірнеше түрі бар. Бұл жасатушының тұрмыс дәулетіне қарай алтынмен апталып, күміспен күптеліп, өте нәзік жасалған.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің этнографиялық залы көрмесінде Ырғыз ауданында дүниеге келген, Ақтөбе облыстық филармониясының алғашқы әртістерінің бірі күйші Балтұрсын Сарыбаеваның әшекей бұйымдарынан өңіржиекті көруімізге болады. Сонымен бірге музей қорында күйшінің домбырасы да сақталуда. (1- сурет. НҚТ -44. С-98.)

Музейде жүзіктің де бірнеше түрі бар. Кейбірі қолға әзер ілінетіндей нәзік, ал енді біреулері саусақты көміп кетерліктей үлкен. Жүзіктің Қазақстанның көп өңірінде дерлік кең тараған түрінің бірі – құс мұрын жүзік. Құстың суреті қолөнер туындыларында өте жиі ұшырасады. Құс ежелден-ақ еркіндік пен бақыт, қайырымдылық пен бейбіт өмір белгісі іспетті.

Жасы ұлғайған әйелдер салтанатты жиындарда арнайы тағатын салмақты сақиналардан өзге жүзіктер мен сақиналардың үш-төртеуін әдеттегі әшекей ретінде, күнделікті тұрмыста да таға береді. (Тохтабаев Ш., 1985, 7 б.). Көпшілік арасында тасты сақиналар мен түрлі түсті шыны көзді сақиналар кең етек алған.

Құстұмсық жүзік-бауырының үстін құс тұмсығы сияқты етіп сүйірлеп соққан яки қалыпқа құйған жүзік. Сондықтан ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе немесе құстұмсық ою-өрнек түс киіз, басқұр сияқты зат келсе, ауыл-аймағы қуанып, той жасап, атап өтуді әдет еткен. (Тәжімұратов Ә., 1977, 45 б.).

Құдағи жүзік. Ергеректе салт бойынша қыз шешесінің құдағиына сыйлайтын қос дөңгелекті, үсті тұтас, қомақты, асыл тастан көз қондырылып, сірке салынған, алтынмен апталған аса қымбатты жүзігі. Бұл кәдімгі қос балдақ жүзікке ұқсас, бірақ көркемделуі жағынан ерекше болып келеді әрі мұны қыздың шешесі зергерге арнайы жасағанды да, екі жастың қатар тұрған қос балдақ, сақина тәрізді қартайғанша бірге өмір сүруін тілейтіндігінің белгісі ретінде құдағиына сыйға тартады. Қос дөңгелекті құдағи жүзікті қыздың шешесі өзінің жақсы көретін яғни келінін өз қызындай тәрбиелейтін құдағиының қолына салуды ерте кезден әдетке айналдырған (2-сурет. НҚТ -15720, 2С-125.) Тәжімұратов Ә., 1977, 45 б.)

Музей қорындағы зергерлік бұйымдар алуан түрлілігі жөнінен және сапасы

жағынан елеулі жиынтық болып саналады. Жинақталған заттардың ішінде ер-тұрман, ер адамның белдігі, әйел адамның белдіктері әр қилылығымен, әсемдігімен көз тартады. Күнгірт былғарыға күптелген күміс бұйымға өзгеше сән, көрік береді. Музейде жалпақ, жіңішке, бұрама белдіктердің бірнеше үлгілері бар.

Кемер белбеу – асыл тасты, алтын яки күміспен әшекейленген жалпақ сәнді белбеу. Ерлер мен әйелдер үшін шомбалдап немесе жайылған жұқа күмістен оюлап, неше түрлі өрнекті белбеулер жасалады. Батыс Қазақстан, Солтүстік, Оңтүстік Қазақстан жағы ер адамдардың белбеуін «деңмент», әйелдердің белбеуін «кемер» деп атайды. (3-сурет.НҚТ-16864).

Белбеулер әр түрлі жасалады. Кейбіреулері құйылып қалыппен жасалса, кейбіреулері оюланып, өрнектеліп жасалады (Тәжімұратов Ә., 1977, 12 б.).

Жәдігерді Ақтөбе тарихи-өлкетану музейіне күйші-домбырашы Қамбар Ерғожаұлы Медетовтың (1901-1937) қызы Бибізада Қамбарқызы Медетова және немересі Құрманғазы атындағы консерваторияның аға оқытушысы Айжан Рахманқұлова тапсырған. Қамбар Медетов төре тұқымынан шыққан, Әбілхайыр ханның тікелей ұрпағы. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстан өнері мен мәдениетінің он күндігіне қатысқан күйші. 1934 жылы қазақ ұлт аспаптар оркестрін құрушылардың бірі және алғашқы дирижері.

Қазақ халқының талай ғасырлық ұзақ тарихына бойласақ, ел іші он саусағынан өнері тамған өнерпаз саңлақтарға кенде болмағанын көреміз. Олар жасаған өнер туындылары айналадағы табиғат құбылысы, күнделікті кәсібіне, қоғамдық құрылысына қарай не замандар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, уақыт озса да өшпей, ізі жоғалмай бүгінгі күнге жетті.

Қазақтың сәндік әшекейлерін талдап қарастыру халық шеберлерінің эстетикалық табысы мен суреткерлік жетістігі жоғары дәрежеде болғанын көрсетеді. Әсерлілік қуаты мол, түрі мен өрнегінің айқын үйлесімімен ерекшеленетін қазақ әшекейлері бұрын-соңды өткен талантты зергерлердің айшықты мұрасы болып табылады әрі ұлттық мәдениеттің асыл қазынасына қосылады. (Тохтабаева Ш., 1985, 11 б.).

Халық қолөнерінен туған бұйымдар тек музейлер мен көрме залдарында ғана тұруы керек десек қателескен болар едік. Қайта шебер қолынан шыққан алуан түрлі асыл бұйымдарды, заттарды музейлерден көріп тамашалаумен бірге күнделікті тұрмысымызда кеңінен қолданып, қажетімізге жаратсақ, қандай жақсы болар еді. (4-сурет.)

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы дәстүрлі қазақ мәдениетінің этнографиялық бұйымдар каталогы. Ред. М.Дүйсенғали. Ақтөбе, 2013.-148 б.
2. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы. 2007.-384 б.
3. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ Алматы. 1977.–96 б.
4. Тохтабаев Ш. Қазақтың зергерлік әшекейлері. Алматы, 1985.–154 б.
5. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы, 1991.–191 б.



1- сурет. Өңіржиек. Күйші Б.Сарыбаева қолданған. XIX ғ.
Күміс, қалыптама. 8*51см; НҚТ -44. С-98.



2- сурет. Жүзік. Айшуақ ханның ұрпақтары тұтынған.
Тапсырған Айсұлу Айсұлтанова, 2001 ж. Күміс металл, шыны,
қалыптама. 4,7*6см; НҚТ -15720, 2 С-125.



3-сурет. Белдік. Мәмбет төре тұтынған. XIX ғ. Тапсырған Б. Медетова, 2011ж.
Ақ түсті металл, перуза мата. 6,5*78см; НҚТ-16864.



4-сурет. Музей қызметкері М.Сүлейменованың этнография залында
музей қонақтарына экскурсия жүргізу сәті.

МАЙДАННАН КЕЛГЕН ХАТТАР

Қ.А.Ұзақбаева

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Алға аудандық бөлімінің экскурсия жүргізушісі*

Адамзат тарихындағы сұрапылға толы 1941-45 жылдардағы соғыс тауқыметі мен ауыртпалығы қаншама жылдар өтсе де тарихтың ақтаңдақ беттерінде қала бермек. Қарапайым халықтың тыныш тіршілігін ұрлаған екінші дүниежүзілік соғыстың ызғарлы желі талай шаңырақтың ауыртпалығын еселеп, бейбіт өмірді аңсатты. Күректі қаруға айырбастап, әрбір үйдің азаматтары «Отан үшін» деген ұранмен ұрыс даласына аттанып кете барды. Ауылда, елде қалған жас балалар мен еңкейген қартқа дейін қара жұмысқа жегілді. Майдан даласында жеңіс үшін күрес жүрсе, ауыл-аймақта тіршілік үшін күрес басталды.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» демекші, Ұлы Отан соғысы мәңгі тарих қойнауына енді. Бүгінде бұл соғыстың аяқталғанына қаншама жылдар өтсе де, қолына қару алып, ұрыстарға қатысып, елін, жерін, туғанын жаудан қорғап, Отаны үшін жанын берген майдангерлер ұмытылмастай ізін қалдырды. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Соғыс тауқыметі мен ауыртпалығын басынан кешірген куәгерлер қатары уақыт өткен сайын азайып барады, ал қан майдан кешкен ардагерлеріміз бірен-саран ғана. Уақыт сынаптай зырғып, өткен тарихқа көз жүгіртіп, соғыс даласындағы қызу шайқас пен майдангерлердің қатерге толы күндерін, ерлікке толы игі істерін, еліне, отбасына деген сағыныштарын тек тарих қойнауында сақталған үшбу хаттардан ғана оқи аламыз.

Майданнан келген осындай екі хат Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің Алға аудандық бөлімінде сақтаулы. Оларды 2022 жылы 27 сәуірде Алға ауданы Қарағаш ауылының 85 жастағы тұрғыны Маханова Задаға арнайы барғанымда музей қорына тапсырған болатын (1-сурет). Бұл сарғыш тартқан үшбу хаттар... Екі хатты да жазған бір адам. Хаттардың иесі – Маханов Жүсіпбек (Жүсіп). Зада апай ол кісі туралы өз енесі Бижамалдан естіген естеліктерімен бөлісті.

Жүсіпбек Шотбасұлы Маханов 1924 жылы Ключевой (қазіргі Алға) ауданында дүниеге келген. Оны Түшен деп те атаған екен. Әкесі Шотбас (2-сурет) 1890 – 1974 жж. өмір сүрген. 1933 – 1948 жж. Алға ауданының негізін қалауға үлесін қосқан. Ауылдар біріккен алғашқы сайлауда Қарағаш ауылдық кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. ҰОС жылдары елден жылы киімдер жинап, майданға жіберіп отырған («Алға» энциклопедиясы, 2016, 199-бет). Жауапкершілігі жоғары, өте талапкер, қаталдау кісі болған. «Қызыл әскер» колхозында ауылшаруашылығын да басқарған. Шотбас пен Рәбиғаның балалары шетінеп кете бергендіктен, Шотбастың аға-жеңгесі – Ешімғали мен Бижамал Зибә мен Жүсіпбекті тірі қалсын деп ырымдап, өздері бағып өсірген көрінеді. Жүсіпбек пысық, еті тірі бала болған. Тәжен деген қызға ғашық болғанда өлең шығарған екен: «Отыз қыз Ақжар судың лайындай, Тәжен қыз

отыз кыздың құдайындай...» деп басталатын өлеңінің арғы жағы сақталмапты. Әйелі Рәбиға қайтыс болған соң Ұштаппен бас қосады. Ұштап 1917-1984 ж.ж. өмір сүрген. Шотбастан 27 жас кіші болған. Шотбас Ұлдары Қойбағар мен Жүсіпбекті әскерден алып қалғанымен, небәрі 18 жастағы Жүсіпбекі өз еркімен соғысқа аттанып кете барған. Оны қарындасы Зибә мен інісі Қойбағар азық апарып, шығарып салған екен. Жүсіпбек сол аттанғанында Орынборда атты әскерде болған (3-сурет).

Екі хаттың да бастапқы бір-екі жолдарында тума-туыстарына сәлемдесіп бастап, бірнеше адам аттарын латын әріптерімен жазған. Хаттың бірі 1944 жылы 3 қыркүйекте жазылып, Атыраубаевқа деп жіберілген екен, яғни өгей шешесі Ұштапқа немесе оның туысқандарына жіберілуі де мүмкін. Хатта былай дейді:

Амандық хат.

Қадырден артық көруші әкеміз... (бұл жердегі сөз түсініксіз), Тәтеме, Штаб (Ұштап) анама, Зибәға, Бижамаға, әжеме, Мүгілге, жана да (және де) сұраушы ағайын тумаға. Мен отан қорғаушысы балаңыз Жүсіптен сансыз сәлем болсын. Ал, хал жағдайларың қалай? Жақсы ма? Мен де өздерің көргендей сау-саламат отан жерінен неміс басқыншыларын қуып жүрміз. Мен сіздерге хатты салып тұрмын үзбей. Апа, тәте, сіздерден 2/IX күні 16 хат алдым. Жана да (және де) фото-карточкаларыңды алдым. Сағынғаным ғой, не болғанымды білмедім. Қуанып қалдым, бір жасап қалдым. 16 хат алу себебім, 2 айдай командировкіде болдым. Командировкіден жақында келдім. Ал осы хатты алысымен-ақ хат салып тұрмын.

Апа, не керек, аман болсақ біз де барармыз. Файзулдан хат алған едім, хатқа жазыпты, өзінің жастық ғұмырын жақсы өткізіп жүрген көрінеді. Осыларды ойлағанда, өзімнен өзім жарылып кеткендей болып жүрмін. Қайтейін, заман солай ғой. Біз не, кәзірде тек қана аман-есен болып немісті жеңіп қайту. Апай, күлмеңіз. Неге десеңіз, мен үлкен қағазға жазып тұрмын. Ал жақсы, қош сау болыңыз, әзір хат салма, адрес өзгереді. Қазірде мен Латвияда ... (әрі қарай сөздер түсініксіз, «культурный халық» дегенге келетін сияқты латын әліпбиімен жазылған сөздер бар) QocSau bolıñız ... 3/IX-44» деп хатты аяқтайды.

КССР, Актюб. обл. Ст. Алга, Ключевойский р-н. Карагачский с/с, к/з Кзыл-Аскер. Получить Атраубаев (4-сурет).

Хаттың бас жағында «Штап (Ұштап) анама» депті, өгей шешесі Ұштап Жүсіпбектен небәрі жеті-ақ жас үлкен болса да оған деген құрметін, анасындай көргенін осы сөзден байқауға болады. Файзул деп отырғаны – нағашысы. Хаттан сағынышын, жауды жеңіп елге аман-есен келем деген үмітін көруге болады. «...үлкен қағазға жазып тұрмын» дегені, хат расымен 34x24,5 см көлемдегі жалпақ келген 30-жылдардағы бос бланкінің (журналдың) бетіне жазылған. Хат жазылған бұл қағаз таблицаларға бөлінген, арнайы мекеме толтыратын бланкі болу керек.

Екінші хаты бір аптадан соң, 1944 жылдың 10 қыркүйегінде «69706 – я» дала поштасынан жазылған. Бұнда да алдыңғы хаттағыдай мекенжайға («Қызыл әскер» к/зы) Маханов Ешімғалидың атына жіберіпті.

Хат мазмұны: Полевая почта – 69706-я Амандық хат деп салсаңыз келеді. 10/IX-44 г. (Бас жағындағы сөздердің кейбірі түсініксіз. Латынмен жазылған.) Әрі қарай: ... Мен отан қорғаушысы, балаңыз Жүсіпбек. Сіздерге ардақты сансыз сәлемімді жолдағалы тұрмын. Ал, Бабай, қал жайыңыз қалай жақсы ма? Мен де өздерің көргендей сау саламат жүрген жай бар. Бабай, сізге мен неше бір хат салып, содан осы уақытқа дейін ешбір қабар жоқ. Сіздер хат салып қабарларыңызды, шаруашылықтарыңызды білдірмесең де мен хат салып қабарымды білдіруімді қоймаймын. Әлде хат салуға қағаз, қарандаш, я болмаса хат жазатын адам болмаса бір хатқа сиыр алса да хат жазуыңыз керек қой. Әлде маған бір жапырақ қағаз бен 10 минут уақыт пен бір-ақ ауыз сөздеріңізді қимайсыз ба? Я болмаса, мен бір жапырақ жазған хатыңыздың еңбегіне жарамайды деп ойлайсыз ба? Мен сіздерден мұны күні бүгінге дейін күтуші емес едім.

Бабай, әрине, біз әрине сыртта жүргендерге хат салып, хабарларыңды білдіріп хат салып тұрсаңыз сол хатты алып біз оқысақ елге бармағанмен баратындай болып қаламыз. Не, әттең, Тәңір-ай, ағайын, тумасы жоқ адамдардай ішім жанып, сыртым күліп, отқа түсетіндей адамдай болып тұрам. 3 жыл болды бір хат салмадыңыз, не керек одан басқа? Әлде мені көрмегіңіз келе ме? Жақсы, ұқтым. Рахмет, Бабай сізге. Бижама, ұмыттың ба? Әже, балаңды атам болса күніне 10 хат салып тұрар еді. Тумағандықты көрсеттіңіз ба? Менің Сізге хат салуым бекер екен, туған әкем деп, шешем деп. Тал арасында, зуылдаған оқ ішінде осы жазғандарды ойлап, жылап жазған хатым. Қош енді. Көрдiңiз ба тамшыны сияланған. Менi бөтен жерге жібердi. Сондықтан адрес бөлек қазірде. Топ ішіндемін. 10/IX-44.

Хат үшбұрышталған. Үш жерде мөр басылған: «СССР полевая почта–10.9.44», «Ақтөбе Алға. 2.10.44», үшінші мөрде СССР гербі және астында «просмотрено... (жазу түсініксіз) 05107» деп мөрленген. Яғни, бұл хат елге 1944 жылдың 2 қазанында өзі қаза тапқан соң жеткен.

Адресі 1-хаттағыдай. Получить Маханов Ешимғали. Полевая почта 69706-я. От Маханов Иосиф (...Qoibagarga, Raximaga, Musaga...) (5-сурет).

«Қадірден артық көруші ...» деп басталатын бұл хаттың бас жағындағы екі жолы латын әріптерімен жазылған. Сәлем жолдап отырған жақындарының аты-жөндері аталады: ...Қойбағарға, Рахимаға, Мүгілге деп. (Қойбағар – інісі, Мүгіл – өгей анасы Ұштаптың сіндісі, Рахима – әкесі Шотбастың қарындасы) «Мен отан қорғаушысы, балаңыз Жүсіпбек...» деп, әрі қарай Бабай деп (Ешімғали) және Бижамаға қаратып, өзінің үздіксіз хат жазғанын, алайда үш жылдан бері өзіне олардың бір хат та жолдамағанына өкпе-ренішін жазып, «...тумағандықты көрсеттіңіз ба?» деп налиды, ренжиді... «Тал арасында, зуылдаған оқ ішінде осы жазғандарды ойлап, жылап жазған хатым. Қош енді, көрдiңiз ба тамшыны сияланған» деп хатты аяқтайды. Расымен де, хаттың осы тұсы сияланған. Хат ылғалдағанда көк түске енетін қарындашпен жазылған, бұрындары сондай қарындаш қолданылған екен. Алдыңғы хаттағы «апа, тәте» (тәте дегені – Таубай, Ешімғалидың баласы, яғни Жүсіпбектің бауыры) деп атаған кісілерден хат алып тұрғанын, ал Бижама мен Бабайдан (Ешімғалидан) хат алмағанын аңғаруға болады. Хаттың жоғары жағында «Амандық хат деп салсаңыз келеді» деп жазғанына қарап, оның Бижама мен Бабайдан хатты

сарғая күткенін байқаймыз. Мүмкін бұл кісілер хат жолдаған да болар, алайда Жүсіпбектің қолына ол хаттар тимеген де шығар, бәлкім. Ол жағы беймәлім...

Хатта кейбір сөздер мен сөйлемдер латын әліпбиімен жазылған. Оның себебі барлығына таныс: бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланды. 1929 – 40 жылдары латын графикасы қолданылса, 1940 жылдан бері қарай кирил графикасы қолданылып келеді. Яғни, ҰОС-қа қатысқан қазақстандықтардың көпшілігі мектепке барып, сауаттарын ашқан кезде латын графикасы қолданылған кезбен тұспа-тұс келеді. Екі хатта да «Мен Отан қорғаушысы балаңыз Жүсіп» деген сөзінен оның бойындағы патриоттық сезімді байқауға болады. Сонымен қатар, Файзулдан (нағашысы) хат алғанын, оның жастық шағының қызықты өтіп жатқанын, соны оқығандағы көңіл-күйінен өкініші де жоқ емес екені аңғарылады.

Ақтөбе облысы бойынша да, Алға ауданы бойынша да әр жылдары жарық көрген ҰОС-қа қатысушылардың тізімі бар «Естелік кітаптарда» Маханов Жүсіпбек Шотбасұлының есімі жазылмапты. Ғаламтор желісіндегі «Память народа» сайтында Жүсіпбек (Жусупбек, Жусипбек, Джусупбек, т.б.) деп жазып іздегенмен, еш мәлімет шықпады. Кейіннен «Память народа» сайтында есімі Йосиф (Жусив) деп жазылғаны белгілі болды. Сайттағы мәлімет мынадай: Фамилия: Маханов; Имя: Йосиф; Год рождения: 1924; Место рождения: Казахская ССР, Актюбинская обл, Ключевой р-н, с. Кызыль-Аскир; Военское звание: ст. сержант; Наименование военкомата: Ключевой РВК, Казахская ССР, Актюбинская обл, Ключевой р-н. Сонымен қатар, ұрыста болған жерлерінің картасы берілген.

Қаза тапқандардың тізімі жазылған құжат сиясауытпен таблица түрінде жазылған (именной список, № 84992. Форма №2. аты-жөні 111-ші боп тіркелген, «Когда и по какой причине выбыл» деген тұста «Убит 13.9.44 г.» Жерленген жері «гражданское городское кладбище, г.Митава, Латв. ССР. Братская могила» деп жазылған. «Информация из донесения о безвозвратных потерях» деп аталатын құжатта «Первичное место захоронения: Латвийская ССР, г. Митава, западнее, гражданское кладбище, с правой сторона» деп берілген (8-сурет, <https://pamyat-naroda.ru>). Демек, музей қорындағы 10.09.1944 жылы жазылған хат – Жүсіпбектің соңғы жазған хаты болуы мүмкін. Осы датадан үш күн өткен соң майданда қаза тапқан. Латвия – Евразия Европалық бөлігінің солтүстік-батысында орналасқан мемлекет. Батыс жағынан Балтық теңізі және Рига шығанағы қоршайды. Эстония, Ресей, Белоруссия және Литвамен шектеседі. Митава (Mitau) – Латвиядағы Елгава (лат. Jelgava) қаласының бұрынғы атауы.

Тағы бір құжатта (бұл да таблица түрінде сиясауытпен жазылған) аты-жөні 31-ші тізімде тұр. Онда: «Воинская часть: 1179 сп,ст. сержант, Мать Атраубаева Штаф Маханова», т.б. мәліметтер жазылған (<https://pamyat-naroda.ru>). Алайда жазулар анық емес, сөздер түсініксіз, қағаз сарғайған. (9-сурет). Бұл жерде Штаф дегені – Ұштап. Кеңес дәуірі тұсында жер-су, ауыл атауларымен қатар, көптеген қазақ есімдері, тегі құжаттарда дұрыс жазылмай, қате жазылған жағдайлар өте көп кездеседі. Оның нақты көрінісін осы құжаттардан да байқауға болады (Йосиф, Жусив, Жусиф – Жүсіп (Жүсіпбек), с. Кызыль-Аскир – Қызыл әскер, Штаф – Ұштап).

Жүсіпбек 1179 атқыштар полкінің 347-ші атқыштар дивизиясында

болған. Бұл дивизия туралы мынадай мәлімет бар: «Дивизия была сформирована на основании приказа Северо-Кавказского военного округа от 14 августа 1941 года. Формирование происходило в станице Саратовской Краснодарского края... Боевой период – 17 октября 1941 – 20 мая 1944 года и 1 июля 1944 – 9 мая 1945 года» (<https://ru.wikipedia.org>).

Ж.Маханов «За отвагу» медалімен марапатталған. Наградной документте есімі «Жусиф (кей жерде Жусив)» деп жазылыпты. Медаль 21.04.1943 жылы берілген (10-сурет). Ол туралы «Память народа» сайтында төмендегідей мәлімет бар: «Маханов Жусиф, дата рождения – 1924. Дата и место призыва: Ключевой РВК, Казахская ССР, Актюбинская обл, Ключевой р-н; Воинское звание: гв. красноармеец; Военно-пересыльный пункт: Южный фронт; Воинская часть: 9 гв. сп. Наименование награды: Медаль «За отвагу»; Приказ подразделения: № 9/н. от: 21.04.1943. Архив: ЦАМО. Фонд ист. информации: 33; Опись ист. информации: 717037; Дело ист. информации: 57; Картотека награждений. Дело ист. информации: шкаф 56а, ящик 3» деп жазылған.

«За отвагу» медалімен марапатталған бұйрығы жазылған бір құжатта оның ауыр жараланып емделгенін, кейін шыққан соң қайтадан ұрысқа кіріскені бөлім командирі болғаны туралы: «Стрелка 2-го стрелкового батальона гвардии красноармейца Маханова Жусипа за то, что он под хутором Нижне-Васильевский 28.12.42 г. в многочисленных боевых схватках, своим личным примером, неоднократно увлекал личный состав роты в атаку на немцев, лично уничтожил из своей винтовки 8 немцев. В этих же боях был тяжело ранен. После излечения вернулся в свою часть. Выдвинут на должность Командира отделения. 1942 г. рождения, казах, член ВЛКСМ, призван в Красную Армию Ключевым РВК Актюбинской обл.» делінген (11-сурет, <https://pamyat-naroda.ru>).

Ж.Махановтың 1944 жылдың 3 және 10 қыркүйек күндері майданнан жазған хаттары Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі Алға аудандық бөлімінің негізгі қорында сақтаулы (Қабылдау актісі №7, №12; НҚТ-345, НҚТ-347; 2022 жылдың 22 сәуірдегі және 23 мамырдағы қор іріктеу комиссия отырысы. Хаттама №5, №6). Сексен жыл бұрын жазылған бұл хаттар сарғайған, кейбір сөздері анық болмағандықтан әрең оқылады. Қағаз тозған, бүктелген тұстары қиылып тұр. Соңғы хатын 10 қыркүйекте жазып, үш күннен соң 1944 жылы 13 қыркүйекте небәрі 20 жасында қан майданда қаза тапты, қыршын кетті... Бүгінде одан қалған ұрпақтары болмағанмен, артында қалған бауырларының, туған-туысқандарының өсіп-өнген ұрпақтары Алға қаласында, Қарағаш ауылында тұрып жатыр. Оның рухына құран бағыштап, туғанына 100 жыл және қаза тапқанына 80 жыл толуына орай еске алып, ас берді.

ҰОС кезінде жазылған хаттар туралы «Егемен Қазақстан» газетінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы санында жарияланған «41-жылғы хаттар» атты мақала берілген (<https://egemen.kz>). Ондағы мәліметте: «1941 жылы 22 маусымда соғыс басталып, көп ұзамай Украинаның Каменец-Подольский қаласын жау басып алады. Осы өңірде әскери қызметте жүрген Кеңес солдаттарының 1941 жылдың маусым-шілде айларында жазылған хаттары соғыс жағдайына байланысты жіберілмей, пошта жәшігінде қалып қояды.

Ұзын саны 1208 хат екен. Жау әскері барлық хатты жинап, «соғыс басталған кездегі Кеңес халқының көңіл-күйін зерттеп білу» деген мақсатпен оларды Австрияға жөнелтіп жібереді.

Хаттар қалай зерттелгені беймәлім, алайда жауынгер хаттары 2009 жылға дейін Вена қаласының (Австрия) мұражайлар қорында сақталып келген. ...Бүгінде «1941 жылғы оқылмаған хаттар» деген жалпы атау алғанын осынау құнды эпистола (грек. epistole – жолдау, хат. Хат түрінде жазылған шығарма Украинаға қайта әкелініп, 2010 жылдың бас кезінде Киевтегі «1941 – 1945 жж. Ұлы Отан соғысы тарихының ұлттық мұражайы» мемориалдық кешеніне келіп түсіп, мұражайдың тұрақты мемлекеттік қорына алынған. Бүгінге дейін 500-ден астам хаттың көшірмесі иелеріне табыс етіліпті. Шекара асып, қайта оралған үшкіл хаттар географиясы бұрынғы кең байтақ КСРО-ны түгел камтиды. Соның ішінде жеріне жетпей қалған 19 хат Қазақстанға жолданған екен. Аталған мұражай басшылығы хаттардың иесіне жету үшін іздестіру жұмыстары жалғасу үстінде екенін айтқан. Мәлім болған дерек бойынша, осы 19 хаттың әзірге 9-ы қазақстандық жауынгерлердің артында қалған ұрпақтарының қолына тиген екен. Біразы әлі де арналған адамдардың қолына тимеген хаттар...» делінген мақалада. Ол хаттардың арасында өлеңмен жазылған хаттар да бар екен...

Иелерінің қолдарына тимеген, 1941 жылы жазылған хаттардың ішінде Ақтөбе облысы Жұрын ауданы Бактыөзен ауылдық кеңесіндегі №16 ауылда тұратын Тәкенов Марабайға арналған. Хат иесі – Ибраев У. (жазу анық емес, шамамен осылай оқылады). Бұл хат 1941 жылдың 3 шілдесінде жазылыпты. «Амандық хат. Құрметтеп аса артық көруші нағашымыз Марабай және Қазыбайға. Ал, Мәке, екеуіңнің де үй-іші, бала-шағаларың аман ба?» деп басталатын хатта балаларын сұрап, әрі қарай Каменец-Подольск қаласынан соғысқа аттанғанын жазған. Әжесі мен әкесінің, туыскандарының, ел-халықтың күй-жағдайларын сұрап, аш емес па деп өзі қан майдан ортасында жүрсе де елде қалған тума-туыстарына алаңдаушылық білдіреді. Соңында: «... Аман тұрсам, хат жазып тұрамын. Ал бірдеңе болып кетсе... «сельсоветтен» ізденіңдер. Үкіметтің өзі айтады осындай болды деп. Әскеріміз хабар береді... Ал, Мәке, саған айтатын сөз...Кемпір-шалға көзіңнің қырын сал. Хат жазушы жиенің...Мәке, Қазыбай, қолыңды бер, жолыққанша...» деп хатты аяқтайды (<https://egemen.kz>. «41-жылғы хаттар»).

Тарихшы Ғалымжан Байдербес (1935–2023 жж.) Ұлы Отан соғысы тақырыбында зерттеулер жүргізіп, қалам тербеген, бірнеше кітаптардың авторы екендігі көпшілікке таныс. Жауынгер Сары Нөкешовтің жазған хаты туралы да кітабында дерек келтіреді. С.Нөкешовтың есімі Нұрахмет, 1908 жылы Шалқар ауданының Жаңажол ауылында туған. Соғысқа дейін колхоз төрағасы болған. 1942 жылдың 8 желтоқсанында Ресейдің Тверь облысы Молодой Туд жерінде өткен шайқастардың бірінде қаза тапқан. Қазір ұрпақтары сақтап отырған жалғыз хаты бар екен, хат 316 Дала поштасынан жіберілген. Ол хатында ауылдағы астық жинау науқанына, колхоз жағдайына қатты алаңдаушылық танытқан. Өзі соғысқа аттанғанда небәрі бір жаста қалған баласы Өтеумағамбетті ерекше сұрайды. Күннің салқын екенін айтып посылка жіберуін өтінеді. Оқ тескен шинелін ауылға жіберген екен, сол шинелінің

барған-бармағанын айтуларын сұрайды (Байдербес F., 2015, 184–186 бб.).

Ал Әулиеатада (қазіргі Тараз) дүниеге келген майдангер Әбдірахман Досановтың бір хатынан Сақтаған Бәйішевпен соғыста бірге болғанын білуге болады. Бір хатында ұлы Санжарға әкелік ақылын айтса, қызы Сараға жазған хатында енді мектепке баратынын, оқуға осы бастан дайындалу керектігін айтады. Майдангердің хаттарынан жарына, балаларына деген ыстық сезімі, жүрек толқынысын көруге болады (Көлбаев Т., 2013, 189–191 бб.).

Алға музейінде хаттары сақталған Маханов Жүсіп (Жүсіпбек) туралы Ұштап көзі тірісінде келіні Гүлсімге біраз естеліктер айтып берген екен (12-сурет). Оның естеліктерінде Жүсіп еңбекқор, пысық, бауырмал, намысшыл, ойын ортаға салып отыратын мінезі ашық болғаны айтылады. Оқуын аяқтағанда соғыс басталады. Жүсіпбектің әбден көнерген кішкене домбырасы болыпты. Оны Ұштап қағазға орап сақтап ұстапты. «Шеберлікпен шертіп ойнайтын еді, тұра-тұра бұл да қолына тимей көнерді», деп көзіне жас алып отырады екен. Үйінде сақталған 4-5 хаты да болған, ол хаттарды жаттап алған. Шотбас пен Ұштаптың келіні Маханова Гүлсім Жүсіпбектің 1941 жылы қыркүйекте мектеп партасында сабақта отырған фотосуретінің электронды нұсқасын жіберген болатын. Суретте Жүсіпбек соңғы партада иегін сүйеніп отыр (13-сурет). Бұл сарғайған фотосуреттің артында оқушылардың аты-жөндері жазылыпты (14-сурет).

Жүсіпбек соғысқа өз еркімен аттанатынын әкесіне айтпай, қарындасы Зибаны ұлдарша киіндіріп, Алға стансасынан пойызға мініп кеткен. Қалаға жеткенше бауырын құшақтап отырыпты. 1942 жылдың сәуір айында 18 жасқа толғанына екі ай ғана болған екен. «Орынборда екі ай сапта тұру, жүру, атуға машықтанудамыз» деген, кейін: «Ростовқа 5-6 ай командирлер дайындаудамыз, орысшаға төселіп келемін... Мені бастық жақсы көреді, қасында жүрем, біздің жағдайымыз жақсы» деп жазған хаттар келген. Хаттарында ауыл-аймақты сұрап сағынышын да білдіреді. Сонымен қатар, командировкаға кететінін, баратын жерлерге самолетпен, пойызбен жеткізіп салатынын жазған. Оның мергендер қатарында екенін ауылда қалған ағайын кейіннен білген екен. 43-жылы көктемде туыстары одан хатты ұзақ күтіпті. Суық тиіп ауырып емханада жатқанын жазған бір хат келген екен. Бірақ ауыр жарақат алдым деп жазбапты. Оның ауыр жараланып, госпитальда емделіп, қайта жазылған соң өзінің атқыштар дивизиясына қайта оралғаны сайттан табылған құжатта жазулы.

Ұштап анасы оған үш рет посылка салыпты. 43-жылдың қысы қатты болған дейді. Сол қыста «винтовкам қалт жібермеуі үшін қолғаптың сұқ саусағын бөлек тоқышы» деген соң күндіз колхоз жұмысы, кеште шам жағып жүн жиіріп, ол жүннен ауыл болып носки, қолғап тоқып, болса солдаттарға тары, жарма (талқан), құрт салып, әкесі Шотбас қалаға барғанда салып жібереді екен. «Жүсіпбектен келген хаттарды оқығанда, оның ұлына деген ризалығын жүзінен көруші едім, бірақ ештеңе айтпайтын. Түнделетіп келеді, таң ата жұмысқа кетеді. Бүкіл аудан үшін жауап беру оңай болсын ба?» деп Ұштап күйеуі Шотбасты айтып отыратын болған. «Әр жылы 9 май Жеңіс күні еске алып отырдық. Оны Түшен дейтінбіз, жеңіспен оралатынына нық сенімді еді», – деп Ұштап алыста қалған өмірді есіне түсіріп, көзі жасқа толып отырады екен. Міне, сұм соғыс осылай талайдың жүрегіне жазылмас жара,

мауқы басылмас сағыныш салып кетті.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі хаттардан майдангерлердің Отан үшін жанқиярлығымен қатар, туған еліне, жеріне, жары мен балаларына, туған-туысқандарына деген сағынышын, елде қалған отбасы, бауырлары аш емес па деген алаңдаушылығын көруге болады. Бұл хаттар өмір мен өлім ортасында қан майданда жүрген жауынгерлерді туған елмен жалғастырушы дәнекер болғандай. Қазіргі заман жастарының көзімен қарағанда тек жай қағаз болуы мүмкін, алайда сол кездерде осындай үшбу хаттар елде қалған анасы, бала-шағасы мен ағайын үшін бауырларының амандығын білдіріп, қуаныш сыйлаушы асыл қазынадай еді.

ҰОС кезінде үшбу хат келсе, майдангердің тірі екенін білдіреді. Себебі хаттың бұл түрін тек жауынгердің өзі жазатын. Егер конвертке салынып, мөрі бар ұқыпты хат келсе – отбасы үшін қаралы хабар еді. «Қаралы қағаз» дегеніміз де осы. Хаттар неге конвертсіз үшбу боп келген? Оның бір себебі – қағаз тапшылығынан. Қағаз үшбұрышталып әрі хат, әрі конверт ретінде болған. Үшбұрыштап бүктелген хат мәтіні ішкі жағында қалып, сыртқы жағына мекенжай жазылған. Екіншіден, хаттың арнайы конвертке салынбай, үш буылуы – жауынгер жазған әрбір хаттың тексеруден өтуінде еді (Беккүлиева Ә., 2023, <https://sygboyi.kz tanim>).

Майдангер хаты – бұл тек сағыныш пен сүйіспеншілікке, болашаққа деген үмітке және тыл мен майдандағы өмір туралы әңгімелерге толы құжат қана емес, көбінесе майданнан келген хаттар жауынгерлердің де, тылда жұмыс істегендердің де рухын нығайтуға бағытталған. Қазіргі заман тарихи құжаттандыру орталықтарына майдангер ұрпақтарының хаттарды табыстап, тапсыруы да тарихқа деген зор құрметтің бірі деп білеміз.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. АОТӨМ Алға аудандық бөлімінің қоры. Қабылдау актісі №7, НҚТ-345, 22.04.2022 жыл. Хаттама №5.
2. АОТӨМ Алға аудандық бөлімінің қоры. Қабылдау актісі №12, НҚТ-347; 23.05.2022 жыл. Хаттама №6.
3. «Алға» энциклопедиясы, 2016 жыл. –244 б.
 1. <https://pamyat-naroda.ru>.
 2. <https://egemen.kz>. 27.12.2012 жыл).
 3. <https://pamyat-naroda.ru/heroes/podvig>.
4. Көлбаев Т. Өшпес даңқ. Алматы, 2013 жыл. – 480 б.
4. Байдербес Ғ.Ржев шайқасының қаһармандары. Ақтөбе, 2015 жыл. –260 б.
5. Беккүлиева Ә. Майдан хаты неге үш бүктелген? URL <https://sygboyi.kz tanim> (23.05.2023)
6. Маханова З., Маханова Г., Маханова С. және Сатыбалдина Г. естеліктері.



Зада Қоспағамбетқызы Махановамен сұхбат. Қарағаш ауылы, 2022 жыл




Жүсіптің әкесі Шотбас, 1962 жыл



Жүсіп Шотбасұлы Маханов, 1942 жыл



Жүсіптің Латвиядан жазған хаты. 03.IX.1944 жыл



Жүсіптің Дала поштасынан жазған хаты. 10.IX.1944 жыл

ИМЕННОЙ СПИСОК

№ 24892

6


БЕЗОБОРАТНЫХ ПОТЕРЬ НАЧАЛЬСТВЕННОГО СОСТАВА ВОЙСКА

Служба, имя и фамилия	Возраст и образование	Служба	Дата и год рождения	Возраст в момент гибели	Дата и место гибели	Служба в момент гибели	Служба и место гибели	
							Место гибели	Дата гибели
1198011								
Сорокин			1908					
Суров Валентин	1908	Инженер	1908					
Васильев			1908					
Дроздов Владимир			1908					
Алексеев			1908					
Александров Николай			1908					
Мельников			1908					
Медведев			1908					
Михайлов			1908					
Морозов			1908					
Новиков			1908					
Павлов			1908					
Петров			1908					
Рябенко			1908					
Сидоров			1908					
Смирнов			1908					
Ткачев			1908					
Устинов			1908					
Федотов			1908					
Харьков			1908					
Цыганов			1908					
Чайков			1908					
Шаров			1908					
Щербаков			1908					
Юрьев			1908					
Яковлев			1908					

Қаза тапқандардың тізімі жазылған құжат, III-ші боп тіркелген.

№	Исем	Туулуу датасы	Туулуу жери	Туулуу учуру	Туулуу жери	Туулуу учуру	Туулуу жери	Туулуу учуру
29	Фрунзе Назар Мухомбетов	1123 ел. август 6-ы 1918	Чаркылар, Ч. Казанский Инженерский ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79
30	Мухомбетов Василий Мухомбетов	1123 ел. август 6-ы 1918	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79
31	Маханов Мусир	1123 ел. август 6-ы 1918	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79
32	Кривоноз Иван Трапезников	1123 ел. август 6-ы 1918	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79
33	Мухомбетов Мусир Мухомбетов	1123 ел. август 6-ы 1918	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79
34	Мухомбетов Мусир Мухомбетов	1123 ел. август 6-ы 1918	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79	Чаркылар Чаркылар ул. Р. В. К. д. 79

Ж.Маханов туралы дерек, 31-ші тізімде.



Бұйрық, медальмен марапатталуы




Ұштап әжеміз баласы Сержан келіні Гүлсім

Ұштап ана баласы Сержан мен келіні Гүлсіммен



Соңғы партада иегін сүйеніп отырған бала – Жүсіп, 1941 жыл



Суреттің артқы беті, оқушылардың аты-жөндері жазылған

КОЛЬЧУГИ XVII – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЫ XIX ВВ. ИЗ ФОНДА АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ

Ф.М. Мустафин

Старший научный сотрудник

Актюбинского областного историко-краеведческого музея

Аннотация. В статье рассматриваются кольчуги, хранящиеся в фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея (НКТ-549, НКТ-550, НКТ-551, НКТ-552, НКТ-553, НКТ-554, НКТ-12776). Кольчуги возможно были изготовлены среднеазиатскими или иранскими мастерами в XVII – первой половине XIX в. Данные доспехи наглядно подтверждают сведения письменных источников о преобладании кольчужной брони в комплексе защитного вооружения казахских воинов в период XVII – первой половины XIX вв.

Ключевые слова: XVII – XIX вв., казахи, вооружение, защитный доспех, кольчуга, сауыт.

Введение. По данным исторических источников кольчуги являлись важным элементом комплекса защитного вооружения казахских воинов в XV – первой половине XIX вв. (Асфендияров С.Д., 1997, с. 67–69); (Ахметжан К.С., 2007, с. 98–103); (Бобров Л.А., 2010, с. 489); (Большой атлас, 2008. с. 572, 577).

Однако всестороннее изучение данной темы невозможно без продолжения исследования особенностей конструкции и системы оформления подлинных образцов традиционного защитного вооружения казахов из археологических памятников, а также музейных и частных собраний. Введение в научный оборот новых материалов представляет собой важную и научную задачу.

В фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея хранятся несколько единиц кольчужной брони, которые соотносятся с комплексом вооружения казахских воинов в XVII – первой половине XIX вв. Данные кольчуги представляют значительный интерес для отечественных и зарубежных археологов, военных историков, этнографов и оружейников. Изучение данных образцов позволяет уточнить некоторые особенности оформления, формирования и эволюции комплекса защитного вооружения воинов-казахов в XVII– первой половине XIX вв.

Целью настоящей статьи является введение в научный оборот информации о кольчугах из собрания фонда Актюбинского областного историко-краеведческого музея (номера хранения НКТ-549, НКТ-550, НКТ-551, НКТ-552, НКТ-553, НКТ-554, НКТ-12776). Для достижения цели были поставлены следующие задачи: дать подробное описание конструкции рассматриваемых доспехов, зафиксировать особенности их декоративного оформления, уточнить датировку и атрибуцию. Данные образцы доспехов еще не становились объектом специального научного исследования.

Результаты исследований и обсуждение. Большинство оружейников-

исследователей считают, что самый распространенный вид боевого доспеха казахских воинов в XVII – первой половине XIX вв. был «киреуке сауыт» (кольчужный доспех) или просто «киреуке» (кольчуга). Кольца, из которых плетут кольчугу, называются шыгыршык, отсюда еще одно название кольчужного доспеха в казахском языке – шыгыршыкты сауыт (кольчатый доспех) (Ахметжан К.С., 2007, с. 216). Это понятие также обозначает группу доспехов, основу бронирования которой создает плетение из металлических колец. Внутренний диаметр кольчужных колец по традиционной терминологии называется коз (буквально: «глаз»). Так как внутренний диаметр колец в различных типах кольчуг бывает разного размера, этот параметр кольца служил критерием для определения типа кольчуги. Кольчуга, изготовленная из колец с маленьким внутренним диаметром, называлась торгай коз киреуке (дословно: «кольчуга с глазками колец как воробьиный глаз»), а кольчуга из колец диаметром среднего размера – шоже коз киреуке (дословно: «кольчуга с глазками колец как цыплячий глаз»). Эти два варианта казахских кольчуг соответствуют двум разновидностям кольчужного доспеха, которые в оружиеведении обозначаются русскими терминами кольчуга и панцирь (тип кольчуги из более мелких колец) Письменные источники свидетельствуют о бытовании у казахов и кольчуг и панцирей (Казахско-русские отношения, 1964, с. 153); (Кушкумбаев А.К., 20016 с. 74); (Левшин А.И., 1996, с. 312); (Прошлое Казахстана, 1997 с. 236); (Бобров Л.А., 2010, с. 109).

Кольчуга с номером хранения НКТ-549 (рис. 1) принадлежала последнему хану Младшего жуза Арынгазы (1783–1833 гг.) (годы правления 1816–1821) Кольчуга сплетена в виде рубахи с короткими рукавами до локтя, коротким подолом, воротом, нагрудным и подольными разрезами. В кольца воротника кольчуги пронизаны шнуром для придания стойкости и лучшей защиты шеи воина.

Кольчуга, номер хранения которого НКТ-550 (рис. 2), кому принадлежала неизвестна. Кольчуга сплетена в виде рубахи с короткими рукавами до локтя, длинным подолом, без воротника, нагрудным и подольными разрезами. На поверхности доспеха фиксируются большие дефекты и следы воздействия оружия противника, а также на кольчуге оторван левый рукав).

Кольчуга, с номером хранения НКТ-551 (рис. 3), принадлежала Есет батыру Кокиулы (1669–1757) – казахскому полководцу, тархану из рода тама, поколение жетиру. Кольчуга сплетена в виде рубахи с короткими рукавами до локтя, коротким подолом, воротом, нагрудным и подольными разрезами.

Кольчуга, с номером хранения НКТ-552 (рис. 4) кому принадлежала неизвестна. Доспех сплетен в виде рубахи с короткими рукавами до середины предплечья, коротким подолом, без ворота, нагрудным и подольными разрезами. На поверхности доспеха фиксируются большие дефекты и следы воздействия оружия противника.

Кольчуга, с номером хранения НКТ-553 (рис. 5), кому принадлежала неизвестна Кольчуга сплетена в виде рубахи с короткими рукавами до локтя, коротким подолом, без ворота, нагрудным и подольными разрезами. Отсутствует левый рукав.

Кольчуги с номерами хранения НКТ-554, НКТ-12776 (рис. 6) имеют

большие дефекты так как сильно пострадали от коррозии и находятся в очень плохом состоянии. Кому принадлежала кольчуга НКТ-554 неизвестно и является случайной находкой ученика Яйсанской средней школы весной 1969 года. Кольчуга, с номером хранения НКТ-12776, принадлежала Бужыр батыру.

Анализ показал, что кольчуги сплетены в виде рубахи с короткими рукавами до локтя и середины предплечья, коротким подолом, с воротом и без, нагрудным и подольными разрезами. Нагрудный разрез обеспечивает быстрое одевание кольчуги. Подольный разрез обеспечивает удобную посадку в седле. Основная часть полотна сплетена из плоских и уплощенных клепаных и сварных колец круглой формы. При изготовлении доспеха использована комбинированная система крепления. Большая часть клепаных колец соединена с помощью шипа, другие – с помощью гвоздя. Ряды клепаных колец перемежаются рядами сварных. Первоначально доспехи были атрибутированы как «кольчуги». Анализ конструкции и системы оформления колец позволили отнести рассматриваемый доспех к категории «байдана», и можно датировать концом XVII – первой половиной XIX вв. Наиболее вероятно, что данные экземпляры корпусной брони изготовлены среднеазиатскими или иранскими мастерами. Впоследствии доспехи были приобретены воинами-казахами из Младшего жуза. Физические показатели кольчуг можно рассмотреть в таблице 1.

**Таблица 1. Физические показатели кольчуг из фонда
Актюбинского областного историко-краеведческого музея**

Номер хранения	Принадлежность	Длина см	Ширина см	Вес кг	Диаметр кольца мм	Диаметр проволоки мм
НКТ-549	Арынгызы хан	82	48	8,6	≈10 мм	≈1 мм
НКТ-550	Неизвестно	80	45	7	≈10 мм	≈1 мм
НКТ-551	Есет батыр	69,5	45	8,3	≈10 мм	≈1 мм
НКТ-552	Неизвестно	69,5	45	6	≈10 мм	≈1 мм
НКТ-553	Неизвестно	73	45	6,5	≈10 мм	≈1 мм
НКТ-554	Неизвестно	-	-	-	≈10 мм	≈1 мм
НКТ-12776	Бужыр батыр	-	-	-	≈10 мм	≈1 мм

Заключение. Таким образом, можно сказать, что кольчуги из фонда Актюбинского областного историко-краеведческого музея позволяют уточнить состав и некоторые особенности развития комплекса защитного вооружения казахских воинов конца XVII – середины XIX вв. Данный материал подтверждают данные письменных источников о том, что основной разновидностью металлического защитного вооружения казахских воинов Младшего жуза были панцири с кольчатой структурой бронирования.

Список литературы и источников

1. Асфендияров С.Д., Кунте П.А. Прошлое Казахстана в источниках и материалах, Алматы: «Казахстан», 1997. – 383 с.
2. Ахметжан К.С. Этнография традиционного вооружения казахов. Алматы: «Алматыкитап», 2007. – 216 с.
3. Бобров Л.А., Борисенко А.Ю., Худяков Ю.С. Взаимодействие тюркских и монгольских народов с русскими в Сибири в военном деле в позднее Средневековье и Новое время. Новосибирск. 2010. – 288 с.
4. Большой атлас истории и культуры Казахстана. Алматы: «Abdi company», 2008. – 880 с.
5. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. (1771-1867 гг.): Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Наука, 1964. – 575 с
6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: «Санат», 1996. – 656 с.
7. Прошлое Казахстана в источниках и материалах, Алматы, 1997, 236 с.
8. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 172 с.

САБЛЯ XVII– ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЫ XIX ВЕКОВ ИЗ ФОНДА АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ

Ф.М.Мустафин

Старший научный сотрудник

Актюбинского областного историко-краеведческого музея

Аннотация. В статье рассмотрена сабля, хранящаяся в фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея (ККТ-5804) в г. Актобе. На основании анализа конструкции и системы оформления установлено, что сабля представляет собой разновидность переднеазиатских семсеров (шамширов). Сабля изготовлена среднеазиатскими или иранскими оружейниками в XVII– первой половине XIX в. Сабля, рассматриваемой серии, наглядно иллюстрирует сведения письменных источников о преобладании в казахском комплексе клинкового оружия XVII– первой половины XIX вв. импортной продукции.

Ключевые слова: Казахстан, XVII–XIX вв., Средняя Азия, Передняя Азия, вооружение казахов, клинковое оружие, сабля, семсер.

Введение. Согласно данным устных, письменных и изобразительных источников сабля являлась важным элементом комплекса вооружения казахских воинов в XVII– первой половине XIX вв. (Кушкумбаев, 2001. с. 67–69); (Ахметжан, 2007. с. 98–103); (Большой атлас..., 2008. с. 489); (Бобров, Пронин, 2012. с. 572, 577).

Однако всестороннее изучение данной темы невозможно без продолжения исследования особенностей конструкции и системы оформления подлинных образцов традиционного клинкового оружия казахов из археологических памятников, а также музейных и частных собраний. Введение в научный оборот новых материалов представляет собой важную и научную задачу.

В фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея хранятся несколько единиц клинкового оружия, которые соотносятся с комплексом вооружения казахских воинов в XVII– первой половине XIX вв. Данные сабли, отличаются оригинальными элементами конструкции, а также нестандартной системой декоративного оформления, что представляет значительный интерес для отечественных и зарубежных археологов, военных историков и этнографов. Изучение данных образцов позволяет уточнить некоторые особенности формирования и эволюции комплекса вооружения населения Казахстана XVII–XIX вв. (Бобров, Исмаилов, 2016. с. 203–208).

Целью настоящей статьи является введение в научный оборот информации о сабле из собрания Актюбинского областного историко-краеведческого музея (номера хранения ККТ-5804). Для достижения цели были поставлены следующие задачи: дать подробное описание конструкции рассматриваемой сабли, зафиксировать особенности их декоративного оформления, уточнить датировку и атрибуцию. Указанный образец клинкового

оружия еще не становился объектом специального научного исследования.

Результаты исследований и обсуждение. По форме сабельной полосы все рассматриваемые экземпляры относятся к сильноизогнутым клинкам с остроугольным острием. Между собой сабли различаются размерами, особенностями конструкции и системы оформления.

Коррозия, конец клинка утрачен, лезвие иззубрено, крестовина ослаблена. На ослабленной железой основе рукояти есть отверстия от гвоздей фиксировавших саму рукоять. Эфес сабли сделан в виде креста. Эфес ослаблен. (рис. 1)

Сабля обладает общей длиной 85 см, при этом ширина ее составляет 3 см (см. таблицу). Клинок не имеет елмани, орнамента, клейм, рисунков или надписей. Поверхность полосы патинирована, поэтому определить структуру металла затруднительно (рис. 1). По косвенным данным можно предположить, что она изготовлена из обычной стали. Почти прямой у рукояти клинок начинает сильно изгибаться в центральной части и приобретает максимальную кривизну в нижней трети сабельной полосы (рис. 1). Лезвие имеет незначительные повреждения.

Эфес состоит из рукояти и гарды (рис. 1). Рукоять простая, без декора и инкрустации. Навершие изгибается под прямым углом, что придает всей конструкции характерную Г-образную форму. Рукоять сабли когда-то имела две «щечки», которые крепились к черену (хвостовику) с помощью трех пар металлических заклепок, одна из которых расположена на навершии рукояти, а две другие – у верхнего уса перекрестья и у основания навершия. Имеется металлический наконечник на навершии рукояти. Крестообразная гарда выполнена из стали, патинирована. Горизонтальные стержни крестовины постепенно сужаются к концу и венчаются миниатюрными головками в виде железных шариков. Характерной особенностью оформления гарды являются очень узкие лопасти перекрестия.

Сабля из собрания Актюбинского областного историко-краеведческого музея
(размеры в мм)

Параметры	Размеры
Длина сабли наибольшая (от навершия рукояти до острия)	850
Длина клинка (от основания лезвия до острия)	710
Длина рукояти (от навершия до конца перекрестия)	165
Ширина	35
Толщина клинка в центральной части	3
Длина крестовины	140
Длина перекрестия	80

Анализ конструкции сабли позволяет отнести ее к одному из вариантов переднеазиатских «шамширов» (Холодное оружие..., 2006. с. 206); (Khorasani, 2006. P. 424–429, 432–439, 446–452, 454–483, 485–487, 492–495, 498, 499, 501–553); (Armaments..., 2008. P. 142); (Бобров, Шереметьев, 2013. с. 226, 227); (Кулаков и др., 2013. с. 91); (Фролов, 2009. с. 33); (Хайдаков, 2013. с. 48, 107).

Основное отличие от большинства эталонных образцов заключается в относительно редкой шарообразной форме головок крестовины гарды, а также материале «щечек» рукояти, которые изготовлены не из рога или кости, а из дерева. Последний элемент совершенно не типичен для иранских «шамширов» (Anthony, 2003. Р. 204); (Khorasani, 2006. Р. 424– 554; 2010. Р. 487–506); (Alexander, 2015. Р. 182, 183), однако часто встречается на изделиях среднеазиатских и казахских оружейников (Бобров, Пронин, 2012. с. 575, 578); (Милосердов, 2016. с. 380).

Тем не менее данный фактор не может учитываться при атрибуции рассматриваемой сабли, так как, по всей видимости, согласно паспорту оружия, «на ослабевшей железой основе рукояти есть отверстия от гвоздей, фиксировавших саму рукоять...» (см. выше), т. е. хвостовик был лишен заклепок и, вероятно, «щечек», а также в комплектации сабли имеется металлическое навершие на рукояти. Достоверно установить материал, из которого они были выполнены щечки (рог, кость, дерево), невозможно.

Конструкция и система оформления гарды, клинка, обоймиц и планок ножен позволяют предположить, что сабля была изготовлена персидскими или среднеазиатскими мастерами XVII– первой половины XIX в. Схожие по конструкции и оформлению сабли хранятся в музейных собраниях России, Ирана, Республики Казахстан и в частных коллекциях (Холодное оружие..., 2006. с. 206); (Ахметжан, 2007. с. 103); (Хайдаков, 2013. с. 48, 107).

В завершение обзора сабли необходимо еще раз подчеркнуть, что данный образец клинкового оружия был подвергнут реставрации с элементами реконструкции. Ярко выраженный изгиб клинка, Г-образная рукоять на эфесе позволяют отнести саблю к числу изделий среднеазиатских оружейников XVII– середины XIX в. Несколько менее вероятно, что сабля была изготовлена иранскими мастерами. Владелец сабли мог быть состоятельный казахский воин.

Заключение. Таким образом, можно сказать, что сабля из собрания Актюбинского областного историко-краеведческого музея позволяет уточнить состав и некоторые особенности развития комплекса клинкового оружия казахских воинов XVII– середины XIX в. Собранные материалы подтверждают данные письменных источников о том, что значительная масса клинкового оружия ввозилась в регион с территории Ирана и Средней Азии. Однако казахские кочевники творчески перерабатывали импортное оружие, дополняя иностранные клинки оригинальными типами сабельных рукоятей.

Список литературы и источников

1. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII–XVIII веках. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.
2. Ахметжан К.С. Этнография традиционного вооружения казахов. Алматы: Алматы кітап, 2007. – 216 с.
3. Большой атлас истории и культуры Казахстана. Алматы: Abdi company, 2008. – 880 с.
4. Бобров Л.А., Пронин А.О. Типология казахских сабель XVI – середины XIX в. // Культуры степной Евразии и их взаимодействие с древними

- цивилизациями. СПб: ИИМК РАН, Периферия, 2012. Кн. 2. с. 572–581.
5. Бобров Л.А., Исмаилов Д.М. Сабли тюркских кочевников XVIII–XIX вв. из фондов Национального музея Республики Казахстан и Историко-краеведческого музея Атырауской области // Вестник НГУ. Серия: История, филология. 2016. Т. 15, №5: Археология и этнография. с. 203–210.
 6. Хайдаков К.С. Шамширы. Старые сабли и тайны древних мастеров. М.: Барс, 2013. – 215 с.
 7. Хайдаков К.С. Персидские сабли. Некоторые вопросы атрибуции. М.: Фронткнига, 2016. – 160 с.




Рис. 1. Сабля из собрания Актюбинского областного историко-краеведческого музея.

МУЗЕЙ ІСІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ: ҚОР ІСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Б.Тұрлыбаева

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану
музейінің бас қор сақтаушысы*

Музей қызметкері үшін жалпы музей, ол оның қорынан басталады. Қандай музей болмасын оның негізін құрайтын – сол музейдің қоры. Музей құндылығы қорының байлығымен анықталады.

Кеңестік қазақстанның қор ісінің қалыптасуындағы «Мемлекеттік музей қоры» тарихи кезеңіне тоқталсақ:

- бірінші кезең, 1918-1920 жж. мемлекеттік мәдени саясат ұғымымен байланысты;

- екінші кезең, 1930-1960 жж. басында музей түсімдерін бақылау мен ұйымдастырудың өзге тәсілдерін қарастыру қолға алынды;

- үшінші кезең, 1960-1990 жж. мемлекеттік музей қоры ұғымы заңды түрде бекітілді, сонымен бірге 1965 жылы КСРО аумағында алғаш рет мемлекеттік музей қоры туралы нормативтік құжат қабылданды.

Музейдің негізгі төрт қызметін атап көрсетсек:

1. Музей коллекцияларын жинау
2. Сақтау
3. Зерттеу
4. Көпшілікке ұсыну (презентация)

Музей ашу үшін ең алдымен экспонаттар керек екені белгілі. Алғашқы экспонаттары уақытша көрме экспозициясына жинақтаудан бастау алған Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры 95 жыл ішінде аса құнды, өлкенің археологиясы, этнографиясы, минералогиясы мен палеонтологиясы, флорасы мен фаунасынан мол мағұлмат беретін көненің көзіндей, тарихи деректермен толығу үстінде. Бүгінгі таңда, қорында 120 мыңнан астам экспонаты бар тарихи өлкетану музейі облыстағы мешіттен кейінгі, киелі де қасиетті мәдени орын болып табылады.

Музей қоры – ондағы экспонат – барлық музей жұмысының бағыттарын, жоспарын жүзеге асырады. Музей жұмысының негізгі белгілері – музейге экспонат жинау, есепке алу, сақтау, оны зерттеп-білу, насихаттау. Музей қорына жинақталған экспонат арқылы музейдің жақсы экспозициясы жасақталады, әр түрлі тақырыптағы көрмелер дайындалады, экскурсия жүргізіледі, тақырыптық лекциялар оқылады. Сондықтан музей қоры – музейдің басты негізі деп айтуға толық негіз бар. Музей арқылы ақпараттық насихаттар жүргізу қоғаммен байланыстың айрықша жүйесі, яғни, музей қоры, оның экспонаты – музей жұмысының негізгі қозғаушы күші екендігіне тұжырым жасауға болады.

Музей экспонаты дегеніміз – бұл нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, белгілі бір тарихи кезеңнің немесе оқиғаның куәсі, ұзақ сақтауға дәлелді зат. Ол әлеуметтік-тарихи, қоғамдық өмірдің дерегі, ұлттық құндылықтардың бөлігі және мәдени-тарихи ескерткіш ретінде бағалылығы зор, қоғам мен мекеменің байлығы, халықтың аманаты.

Кез-келген бағыттағы музей жұмысында атқарылатын басты негіздер:

- Музейлік маңызы бар зат жинау;
- Заттарды ғылыми тұрғыда сипаттап жазу;
- Таңбалау (есептік белгі қою);
- Сақтау орнын ұйымдастыру;
- Түгендеу (салыстыра тексеру);

«Музей құндылықтарын есепке алу және сақтау» жөнінде, есепке алудың мемлекеттік жүйесінің мән-жәйі баяндалған. Нұсқаулықта берілгендей:

- Жалпы нормативтік құжаттарға негізделіп ішкі музейлік құжаттар, нұсқаулар қабылданады.

- Әрбір музейдегі қор сақтау жүйесі өзінің арнайы бағытына, жоспарына қарай жұмысын ұйымдастыруына болады.

- Музейлер өз музейінің ерекшеліктерін, жинақ құрамын, дәстүрлерін, қорының ғылыми және есепке алыну дәрежесін ескере отырып шағын музей ішілік нұсқаулықтар дайындауға болатындығы айтылған.

Осы бағытта, «Музей қорына экспонат қабылдау және есепке алу ережесі бойынша әдістемелік нұсқау», «Музей қорындағы экспонаттарды есепке алу, түгендеу, сақтау ережесі бойынша әдістемелік нұсқау» буклеттерін, «Жәдігер жерде қалмасын», «Сіз музейде болдыңыз ба?» бүктемелерін, парақшаларын дайындап, әдістемелік көмек ретінде семинарға қатысушы аудандық музей қызметкерлеріне таратылды және жұмыс барысында қолданылуда.

Бірақ, 6 жүйе барлық музейлер үшін өзгеріссіз қалады.

Олар:

- Негізгі және қосымша қордың болуы.
- Актілердің болуы
- Актілерді тіркеу кітабының болуы
- Түсімдер кітабының болуы
- Қорда жауапты сақтаушының болуы
- Қорға сатып алу комиссиясының болуы

Осы 6 жүйенің болуы музей қорын және музей қоры туралы ақпараттың заң жүзінде қорғалуын қамтамасыз етеді.

Музейлік заттарды жинақтау. Музей қорына музейлік мәні бар заттар қалай жинақталады? Музей қоры – үнемі толығып отыруы керек. Жалпы музей қорын толықтырудың сан түрлі-жолдары бар. Атап айтар болсақ:

- Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде, жоспарлы экспедициялардың нәтижесінде;

- Жоспарлы, кешенді экспедицияға шығып, тақырып бойынша жинақтау;

- Архивтерден, жоспарлы түрде тақырыбымен керекті материалдардың көшірмелерін жинау;

- Ғылыми жинақтау жұмысы барысында кәсіпорындардан, мекемелерден, оқу орындарынан облыста, қалада өтіп жатқан әр түрлі шараларды назардан тыс қалдырмай қатыса отырып немесе ресми түрде, сұраныс хат жолдау арқылы жинау;

- Музейлік құндылығы бар, белгілі бір кезеңнің айғағы немесе белгілі бір шебердің қолынан шыққан бұйым, белгілі тұлғаның тұтынған бұйымы,

заты ретінде немесе музей қорына, комиссияның шешімі арқылы сатып алу;

- Музей құндылығын түсінген жеке адамдардың, тарихи тұлғалардың туыстарының, музей жанашырларының сыйға тапсыруы;

- Қол өнер шеберлерінің, қыл қалам шеберлерінің көрмелерін ұйымдастырып насихаттау арқылы жинақтау;

- Жеке немесе заңды тұлғалардың өсиет арқылы куәландырып мұраға қалдыруы нәтижесінде де түскен заттар бар.

Сонымен «Музейге сый», «Болашаққа мұра» секілді акциялар өткізу арқылы да жинауға болады. Музей қоры осы аталған жинақтау түрлерінің нәтижесінде толығуда. Мысалға айтар болсақ: Орынбор, Алматы, Ақтөбе архивтерінен алынған тарихи құнды материалдар, қала тұрғыны 100 жастан асқан Айсұлтанова Айсұлу әжей тапсырған күміс жүзік, Усина Қуандыр тапсырған күміс білезік, Күйші Қамбар Медетовтың қызы тапсырған бирюза тастары бар күміс белдік, қала тұрғыны болған заңгер А. Кожевниковтың заңды түрде мұраға қалдырған тұрмыстық заттары мен жиектемедегі картиналары, соғыс ардагері, жырау қобызшы Мәлік Әлмұратовтың бір ғасырлық тарихы бар қобызы, өңірге белгілі Соңғыбай ұстаның қолынан шыққан қозықұйрық ер, 1896 жылы қыз жасауына арнайы тігілген, ақын, шебер Қайып Қорабайұлының қолынан шыққан көксауыр кебісті және көптеген тарихи деректі құжаттарды айтуға болады.

1999 жылдан бастап дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Жәдігер жерде қалмасын!» акциясы арқылы музей қоры 9000 бірліктен астам сый заттармен толықты.

Музейге тапсырылған зат мүмкіндігінше дерегімен, тарихымен, иесімен жазылуы керек. Сонда экспозицияда болсын, экскурсияда болсын, мәдени шара өткізуде болсын, лекцияда болсын толық деректі ақпарат берілсе, экспонаттың да, шараның да құны арта түсері сөзсіз. Міне бұл жерден де музей қоры, ондағы экспонат музей жұмысының басты негізі екендігін толық түсінуге болады.

Есепке алу тәртібі. Барлық музей қоры қатаң түрде құжатты есепке алынуы керек. Қорды есепке алу екі этаптан тұрады:

- Музейге түскен барлық материал актіленеді. Актіде экспонаттың суреті мен сипаттамасы, экспонат туралы аңыз, деректермен толтырылады.

- Тіркеуге алынып, қордың түсімдер кітабына сипаттамасымен жазылып есепке алынады. Комиссия шешімімен негізгі қорға, қосымша қорға немесе уақытша қорға жіберіледі.

Музейде актіленбеген материалды ұзақ сақтауға тыйым салынады. Материал иесінен қабылданғанда ол туралы дерек, аңыз немесе тарихқа қандай қатысы бар қалай, кім жасаған т.б. мәліметтерді иесінің сөзі бойынша жазып алу керек немесе қолжазба ретінде жаздырып алу керек. Осы орайда біз зат тапсырушыға міндетті түрде музейге тұрақты тапсырғаны туралы растама қағаз, құжаттар толтырылады. Себебі: белгілі бір уақыттар өткеннен кейін иесі немесе ұрпағы келіп затты қайтып алғысы келеді. Мұндай жағдайда қиындықтар туындауы мүмкін. Егер, материал экспедиция нәтижесінде немесе топпен түскен болса тез арада коллекциялық тізім жасалады, актіленеді.

Музей қорынан экспонатты басқа музейге тұрақты немесе уақытша

беру үшін жоғарғы басқарушы органның жазбаша рұқсатының негізінде ішкі бұйрық арқылы зат актімен сақталуы, кепілдігі, қайтаратын уақыты көрсетіліп беріледі. Жыл аяғында акті қабылдау, алым-берім актілерінің беттері нөмірленіп, бауланып соңғы бетіне қанша бет бар екені, жылы, директордың қолы қойылып, мекеме мөрі басылады тұрақты сақтауға қойылады.

Егер экспонат жоғалса, ұрланса немесе бүлінген жағдайда арнайы акт жасалып музей бұйрығымен болған оқиғаны түсіндіру үшін арнайы комиссия құрылады. Қорытындысы шығарылады.

Түсімдер кітабына музейге тұрақты сақтауға тапсырылған заттар ғана жазылады. Ал, уақытша тапсырылған заттар (көрмеге т.б) уақытша қор кітабына немесе уақытша актіге жазылады.

Есептік белгі тіркеуден өткеннен барлық заттарға қойылады. Есептік белгіге тіркеу нөмірі және музейдің қысқартылған атауы жазылады. Мыс: НҚТ-30, ҚҚТ-52 астын сызып АОТӨМ- деп жазу керек.

Экспонатқа есептік белгі қара түсті тушыпен қойылады. Егер тушыпен жазу кезінде көрінбейтіндей болса немесе зиян келетіндей жағдай болса есептік белгі кішкене қатты қағазға жазылып экспонатқа ілінеді (төс белгілерге т.б. ұсақ заттарға). Суретке, фотосуретке, құжат материалдарға артқы жағына сол жақ бұрышының төменгі жағына, экспонатқа зиян келмейтіндей жағдайда қойылады.

Фотонегативтер, монеталар қағаздан арнайы жасалған қалташаларға салынып сыртына жазылады. Жұмсақ бұйымдарға есептік белгі қаттылау, бір түсті матаға жазылып, ішкі жағына тігіледі. Жалпы экспонатқа қойылған есептік белгілер көзге оғаш көрініп тұрмауға тиісті. Экспонатқа қойылған есептік таңбаны музей қызметкері ұқыпты түрде жазуға міндетті. Осындай, музей экспонаттарының есебінің музей ережесіне сай жүргізілуі есепке алу секторының басшысының қадағалауында болады.

Қор құрамын түгендеу, салыстырып тексеру (Инвентаризация). Түгендеу - музей экспонатын ғылыми анықтаудың, зерттеудің, сипатын білудің негізгі формасы. Түгендеу жұмысы – бұл музейге тұрақты түскен экспонаттардың бәріне жасалады. 3000 данаға дейінгі экспонаты бар музей жылына бір рет жоспарлы түрде түгендеу жұмысын жүргізуі керек. Егер 3000 данадан асатын болса тақырыбымен топтамаға бөліп салыстыра түгендеу жұмысын жүргізу керек. Қор құрамы бірнеше топтамалардан тұратын болса, топтамаларға (кезегімен) 3 жылда бір рет салыстыра түгендеу жұмысы жүргізіліп отыруы керек. Ол үшін, 3 адамнан кем емес комиссия құрамы бекітіледі, құрамында міндетті түрде қор меңгерушісі болуға тиісті. Сонымен қатар жауапты қор сақтаушы ауысқанда жүргізіледі. Түгендеу затты түсімдер кітабынан тізімдеп қабылдау, алым-берім актілері, анықтама карточкалары арқылы және заттың өзі арқылы салыстырмалы түрде жүргізіледі. Жоғы ізделіп, тұрған орны анықталып, саны, артығы саналып, есептен шығарылатыны бөлініп бәрі актіде көрсетіледі. Түгендеу жұмысы комиссия мүшелерінің, директордың, қор меңгерушісінің қолы қойылған арнайы актімен қорытындыланады.

Егер түгендеу кезінде экспонат жетіспеушілігі болса немесе экспонат уақытша көрмеде, басқа музейде болса қажетті құжаттарымен қоса түсіндірме жазылып, қорытынды актіге бірге жалғанады.

Сақтаудың жалпы ережесі. Музей қорын түгел сақтау (қорды, экспозицияны), жағдай жасау музей жұмысында коллекциялардың бұзылып, тозуында, зиянкестерден қорғауда басты орын алады. Ол үшін музей ғимараты өртке қарсы құрал-саймандармен жабдықталған болуы керек. Өрт қауіпсіздігі, электр желісі қауіпсіздігі үнемі бақылауда болуға тиісті. Қор сақтау бөлмелері жалпы бөлмелерден, экспозициядан бөлек болуы керек. Егер қор сақтау бөлмелері төменгі қабатта болған жағдайда есік-терезелері тор темірмен қапталып, міндетті түрде өрт қауіпсіздігі және күзет қауіпсіздігі дабылдары орнатылуы керек. Қор сақтау орнының ғимараттың шатыры мен жертөлесінде орналасуына қатаң түрде тыйым салынады. Қор сақтау орнына кез-келген адамның кіруіне тыйым салынған, тек қана бас қор сақтаушының келісімімен, қор меңгерушісінің рұқсатымен, коллекцияға жауапты қор сақтаушымен бірге кіру керек. Температура мен ауа ылғалдылығы заттардың табиғи ескіруіне өте қатты әсерін тигізеді. Бұл заттың немесе экспонаттың материалына, бұған дейін қандай жерде сақталғандығына тығыз байланысты. Экспонаттар өте төмен немесе өте жоғары температурада, температураның күрт өзгеруінде зардап шегеді, деформациялық өзгерістерге ұшырайды.

Музейдің қор сақтау орны мен экспозициясында қалыпты ауа температурасы 18-20 градус, ылғалдылық 55,5% болуы керек. (Өлшем құралдары: термометр, психрометр). Егер ғимаратта ылғалдылық жоғарғы басымдылықта болса тас, керамика, фарфор бұйымдардың сақталуына тиімді. Ылғалдылықтың төменділігі (аздығы) металл, шыны, гипс бұйымдардың сақталуына тиімді. Температуралық-ылғалдылық ережесі өрескел бұзылған жағдайда төмендегідей өзгерістер жүреді: металдарды тот басу, қызыл дақтардың пайда болуы, теріде түсі өзгеру, керамикада тұзды көпіршіктер, фото-материалда, бейнелеу өнерінде, қағазда ісіну, майысу, желімнің бұзылуы т.б. Ауа ылғалдылығы 50%-дан төмен болған жағдайда заттарда кеуіп, жарылу, тұз басу процесі пайда болады. Мысалы: Сүйектен жасалған бұйымдар мен майлы бояумен салынған суреттерде жарық түсіп тұруы қажет, себебі: қараңғы жерде сүйек сарғаяды, майлы бояу күлгінденеді. Мұндай жағдайда температураны қалыпқа келтірудің қарапайым бір жолы ішкі және сыртқы температура теңескен уақытта ауаны тазарту.

Экспонаттарды күннің тікелей түскен сәулесінен қорғау үшін музей қорындағы, экспозициядағы терезелер пердемен жабылуы керек.

Музей қорын міндетті түрде шаң-тозаңнан, әр түрлі зиянкестерден, қоңыздардан, кеміргіштерден, теріжегіштерден, зиянды көбелектерден қорғау керек. Қорғаудың ең тиімді жолы ашық ауада кептіру. Зиянкестерге қарсы улы заттарды қолдану, себу және айлық дәрілеу (дезинфекция). Сонымен қатар: Халық тұрмысында ежелден қолданыс тапқан дәрілік өсімдіктер киікоты, жусан сияқты өсімдіктерді қолдану.

Музей қорын сақтауды ұйымдастыруда қор сақтау орнының жабдықтары – сөрелер, қораптар маңызды орын алады. Заттар көлемдеріне қарай сөрелерге орналастырылып, беттері ысырмалы пердемен жабылады.

Қор сақтау бөлмесіндегі экспонаттарды тақырыбына, материалына қарап топтамаларға бөлу керек. Мысалы: жұмсақ бұйымдар – киіздер, алашалар, бау-басқұрлар, киімдер, бас киімдер, аяқ киімдер, металл бұйымдар, ағаш бұйымдар т.б. Әрбір сөреге, қорапқа немесе топтама жинақтап қойылған

жерге заттың есептік белгісі мен атауы, саны жазылған топографиялық тізім ілінеді.

Әр түрлі топтағы экспонаттарды сақтау ерекшелігіне қарай әртүрлі: қолжазбалар мен баспа материалдары қағазға арналған баулы бумаға (папкіге) ретімен есептік белгілері бойынша 100 параққа дейін салынады.

Егер суреттер құжаттармен бір тақырыпты құрайтын болса бірге сақталады. Әр суреттің арасына қорғаныш ретінде жұмсақ жұқа қағаз салынады.

Қораптың немесе қалташаның сыртына ішіндегі экспонаттың есептік белгісі жазылады. Сурет пен негативтерде ішіне тізімі мен қысқаша мәлімет жазылады. Монета мен медалдар қағаз қалталарда сақталып, сыртынан реттік нөмірімен қорапқа салынады.

Киімдер сырты мақтамен немесе жұмсақ матамен оралған арнайы иықтық ілгішпен ілінеді.

Минералдар, палеонтологиялық және археологиялық топтамалар жылжымалы сөрелерде, қораптарда сақталады. Топографиялық, коллекциялық тізімдері жазылып сақталуы қажет.

Қару-жарақтар мен бағалы металдан жасалған бұйымдар ерекше топтамалар ретінде арнайы шкафтарда сақталуы керектігі музей ережесінде көрсетілген. Музей экспонаттарының тазалығы, қалпына келтіру жұмыстары, экспонаттардың ережеге сай орналасуы қор сақтау секторының басшысының жауапкершілігінде болады.

– Экспонаттардың заңды құжаттары (актілер, тіркеу кітабы, түсімдер кітабы т.б.) жанбайтын металл шкафтарда сақталуға тиісті.

Музейдегі барлық заттардың өзіндік баға жетпес құны бар. Музейдегі әрбір зат, әрбір құжат өз заманының тыныс тіршілігін, сыртқы ортамен байланысынан, өмір сүрген кезеңінен мәліметтер береді. Ол құжат болсын, заттай экспонат болсын өткен уақыттың, кезеңнің аманаты.

Осы аманатқа қиянат жасамай ережесін сақтай отырып, болашақ ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу басты міндетіміз, парызымыз екенін естен шығармайық, адал қызмет жасайық!

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Раймханова К., Катран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. Алматы, 2002 ж.
2. Брюшкова. П. Учет и проверка наличия музейных ценностей. (методические рекомендации). Москва, 2006 г.–36 с.
3. Инструкция о порядке учета и хранения музейных ценностей из драгоценных металлов и драгоценных камней. Москва, 1976. –60 с.
4. Инструкция по учету и хранению музейных ценностей, находящихся в государственных музеях СССР. Москва, 1984 г. 60–64 с.
5. Раймханова К., Катран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. Алматы, 2002 ж.
6. Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығы. 2015 ж. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012822> (қаралған күні: 27.07.2023)

МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІН ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Д.Б.Исабаев

*Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және
өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері*

Түйіндеме: аудан деңгейіндегі музейлердің экспозиция, қор жұмысы, ақпараттық сүйемелдеу және экскурсия қызметтерін дамытудағы жаңа технологияларды қолданудың қажеттілігі қаралады.

Кілт сөздер: қор қызметі, экспозиция, экскурсия қызметі және ұсыныстар.

Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген бүгінгі таңда еліміздің тарихын қайта жаңғыртып, төл мәдениеті мен ғылымын дамытуда Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылдың 31 қаңтар айындағы «Қазақстанды үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауының бірінші және бесінші басымдықтарынан туындаған Қазақстан музей ісі саласын инновациялық дамыту және технологияларды енгізуге байланысты ерекше көңіл бөлінгені белгілі (Әдістемелік нұсқау, 2014, 9 бб).

Ел болашағы халықтың өткен өмірі мен бастан кешкен тарихымен астасып жатыр. Рухани ұлттық құндылықтарымыз – халқымыздың атадан балаға мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұрасы һәм байлығы және оларды одан әрі сақтап, өскелең ұрпаққа өнеге болатындай еткізіп жеткізе білу, жан-жақты дамыту жолында жұмыстар атқару – әр музей қызметкерлеріне жүктелген басты міндет.

33 жыл ішіндегі алуан өзгерістер ел өміріне жүз жылға бергісіз рухани серпілістер мен өскелең ұрпаққа үлгі боларлық белесті кезеңдерді бағындырдық. Осындай игі істермен айналысатын музей – болашақ ұрпақ үшін халқымыздың өсіп-өркендеу шежіресіндегі тарихи кезеңдерді, ұлы тұлғаларды мәңгілік тарих беттеріне қалдыру жолындағы қызмет етуші мәдениет ошағы болып табылады. (Этномәдени мұраларды зерттеу, 2016, 4–9 бб).

Ұлттық құндылықтарымызды сақтап, халыққа таныстыратын да бірден бір орын ол музей. Ғасырлар қойнауымен ұштасып жатқан қазақ мәдениетінің тарихынан сыр шертетін бұл асыл мұралар музей қорында мәңгі сақталады.

Осындай атадан қалған асыл мұраларымызды жеткізуде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы Шығанақ Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейіде өз үлесін қосуда. (1-сурет). Музей ісінің негізгі белгілерінің ең бастысы – музейге жәдігер жинақтау, есепке алу, сақтау болып табылады. Музейді танытудың негізгі нысанасы – бұл музей жәдігері яғни, музей экспонаты.

Музей жәдігері – нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақтауға бейім зат. Ол әлеуметтік, тарихи, қоғамдық өмірдің дерегі ретінде, ұлттық құндылықтың бөлігі ретінде қарастырылады. Музей жәдігері – бүкіл музейдің қызметін, оның бағыттарын, жоспарын жүзеге асыратын негіз болып табылады (Байгунаков).

Музей ісінің негізгі құрамдас бөлігіне музейдің практикалық ісі,

ескерткіштерді қорғау, музей жүйесі, музей саясатын заңдастыру, музей ісіндегі кадрларды дайындау да кіреді. Ғылыми-әдістемелік, көпшілік жұмыс орталықтарының жұмысы, арнайы тақырыптардағы журнал, газеттер шығару да музей ісінің басты бағыттағы шаралары.

Музей қызметкерлері әрдайым осындай игілікті іс-шаралармен бірге екендігі белгілі. Егемендік алған жылдардан бері әлеуметтік-мәдени салаға және музей ісіне байланысты қордаланып қалған мәселелерді түгелге жуық шешімін табу мүмкін емес болғанымен, музей ісі саласын кеңейту мақсатына қол жеткізу үшін инновациялық дамыту экспозицияда, қор қызметінде және экскурсияда жүзеге асыру қажет екендігі анық. Мысалы:

- Қазіргі таңда ұлттық мәдени ескерткіштерді сақтай отырып, қайта қалпына келтіру, туризм саласында кеңінен дамыта отырып насихаттау.
- Заттай тарихи құндылықтарды іздестіре отырып, музей қорын экспозициясын жетілдіру.
- Музей қорындағы археологиялық қазба жұмыстарынан жинақталған жәдігерлер туралы ғылыми-әдістемелік басылым беттеріне және де әлеуметтік желілерге, сайтқа жариялау.
- Ғылыми-қор жұмысында сараптау, сақтау және қорғау, тасымалдауға айрықша көңіл бөліну керек.
- Жылжымалы көрмелерді жарнамалау кезінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып халыққа толыққанды жеткізу.

Музей жәдігерлері экспозициялық кешенді түрде жинақталып, ғылыми қосалқы материалдармен жабдықталады, мәтіннің мазмұнына қарай өте зор коммуникативтік және сыртқы ақпараттық хабарға бай болғанда ғана көрмеге қойылады. Экспозициялық көрмеге шығарылатын музей жәдігерлерін төмендегідей топтауға болады. Олар:

1. Жәдігерлік ескерткіштер – тарихи кезеңдерден дерек беретін, әртүрлі тарихи оқиғалар, фактілер, табиғат пен қоғам қатынастарынан көрініс беретін, тарихи, мәдениет, әдебиет, ғылым саласындағы тұлғалар өмірінің дерек көзі.

2. Құжаттық ескерткіштер: баспа заттары, автограф, фото және кино деректер.

3. Бейнелеу өнерінің ескерткіштері және қылқалам шеберлерінің туындылары.

Экспозицияның информативтік жағын дайындағанда төмендегідей талаптар қойылуы тиіс:

1. Ғылыми экскурсия кезінде берілетін мәлімет өзекті, ғылыми жағынан дәйекті, фактілермен негізделген болуы тиіс.

2. Берілетін мәлімет тақырыпты терең және толық ашуға, келушілерге түсінікті болуы керек. Ақпарат көлемі экскурсияның танымдық және тәрбиелік мақсаттармен сәйкес, психологиялық және қажеттілігі жағынан, қабылдауы жағынан аудиторияны қанағаттандырып, талабынан шығуға сай болуын ескерілуі керек. (2-сурет).

3. Ақпарат экскурсоводтардың білімі мен интеллектуалдық деңгейіне әсер етіп, актерлық шеберлік қабілеті де болуы тиіс. Мүмкіндігінше келушілердің қызығушылығына, талабына орай бағытталуы керек.

4. Аудан музейлерінде келушілердің назарын аудартатындай ерекше, тарихи орындардың фотосуреттерімен бейне жазбаларын көрсететін үлкен көлемді мониторлар ғылыми экспозициялық көрме залдарында орнатылып, қолданысқа енгізілуі – музей қонақтары сол тарихи орындарға барғандай әсер қалдырар еді.

5. Экспозицияға шығарылатын құнды материалдарды көршілес елдерден, облыс, қала деңгейіндегі архивтерден электронды түрде алуда жеңілдіктермен мүмкіндік тудырылса.

6. Музей қорындағы жәдігерлердің құндылығын арттыру мақсатында ауданда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан табылған жәдігерлерді, спутник арқылы түсірілген координаттары, паспортын музей қорына өткізуге және археологиялық қазба кезінде музейдің ғылыми қызметкерлері қатыстырылып, ғылыми әдістемелік ақпараттық көмек берілсе. (3-сурет).

7. Музей экспозициялық көрме залдарын жасақтағанда салыстырмалы, контрасты материалдарды кең қолданғаны дұрыс.

8. Экспозицияны жобалаудың алғашқы кезеңінің мазмұны. Тақырыпты құру, әдебиеттерді және деректерді зерттеу, жобалау кезеңінде ғылыми қызметкерлер жасайтын құжаттар түрлері, ғылыми тұжырымдама жасау, тақырыптық құрылым, кеңейтілген тақырыптық құрылым, экспозициялық материалдарды жинақтауда әдістемелік көмек алатын кітаптар көп шығарылып, таралымы аудан деңгейіне дейін жеткізілсе.

Музейдің ғылыми-ағарту жұмысының негізгі формасы – экскурсия.

«Экскурсия» сөзінің түпкі мәні латын тіліндегі «*ex cursio*» терминінен алынады, ол бүгінгі күні «сапар», «серуендеу» деген мағына береді. Сайып келгенде экскурсия ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық. Д.С.Байғунаков (Әдістемелік көмек құралы, 2016, 17 б).

Қазіргі таңда музейлердің ағарту, білім беру, тәрбиелеу жұмысының түрлері мен әдістері әрқилы. Оның ең кең тараған түрі – музей экспозициялары мен көрмелер бойынша экскурсиялар жүргізу, музейден тыс тарихи-мәдени ескерткіштерге жасалатын экскурсиялар болып табылады. (4-сурет).

Экскурсия түрлері:

1. Мазмұны бойынша;
2. Қатысушылардың құрамына, санына қарай;
3. Өткізген орнына қарай;
4. Жылжу тәсіліне қарай;
5. Экскурсияның ұзақтығына қарай;
6. Өткізу түріне қарай.

Тарихи ескерткіштердің мазмұнына қарай екіге бөліп қарауға болады, бірінші шолу, екіншісі тақырыптық. Ал шолу экскурсиясы жүргізілетін болса көп тақырыпты қамтиды. Оларда тарихи және қазіргі мәліметтерді жеткізуде әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, жарияланған ақпараттар негізінде ғылыми тұрғыда ой қозғау. Қатысушылардың құрамына, санына қарай және әртүрлі ұлт өкілдеріне ұйымдастырылатын экскурсия үш тілді жүргізілу бағытында арнайы курстар өткізілсе. Экскурсия өткізілген орнына

қарай комплексті жүргізілу мен жылжу тәсіліне қарай автобустармен толық жабдықталып, қауіпсіздік ережелері, денсаулық жағдайлары да басты назарда болғандықтан әр адамның электронды және парақшада жеке анкеталық толтырымы болу керек. Қала, облыстан тыс жерлерде маршруттық экскурсияның ұзақтығын жеңілдету мақсатында жарнамалық, музыкалық тұрғыда экскурсия ұйымдастыру үшін қажетті жаңа технологиялармен жабдықтау мәселелері алға қойылуы қажет (Әдістемелік көмек құралы, 2016, 1–11 бб).

Экскурсияның жүргізілу әдістеріне тоқталар болсақ, экскурсия жүргізушілері жұмысының спецификалық құрылысына көңіл бөлу керек. Бұл әдістемелер экскурсияның спецификасынан шығады, яғни көрсетілім мен әңгімелеп берудің ұйқасуы және экскурсия жүргізушілерінің объектіден объектіге орын ауыстыруы. Экскурсияға қатысушылардың алып отырған білімі объективті әлем құбылыстары мен зерттеліп отырған пәнді тікелей қабылдауға негізделеді. Экскурсия өткізуде топтардың жартылай сақина күйінде орналасуы ең икемді болып табылады.

Экскурсияны ұйымдастыру кезінде туындайтын қажетті жабдықтар:

1. Экскурсия барысында қатысушыларға жақсы естілетініне және көріну үшін жарық шамдары мен дыбыс күшейткіш құралдар қолданысқа және геологиялық т.б. ғылыми зерттеу тақырыбында облыс бойынша жарық көрген еңбектердің таралымы кеңейтілсе;

2. Қазақстанның әр облысы бойынша экскурсия жетекшілеріне төс белгі, киім үлгісі белгіленсе;

3. Экскурсия кезінде ақпараттық насихаттау жұмыстары мен келушілер тың тарихи деректерді тез арада көрсету үшін интерактивті тақта музей залында немесе фойесінде орналастыру мүмкіндігі қаралса;

4. Музей әкімшілігі қоғаммен байланыс қызметін жүргізуде (анкета толтыру, жеке әңгімелесу, ақпарат құралдары арқылы байланысу, т.б). Осы жұмыстар негізінде талдау жасап, ұсыныстарды қабылдап, дамытуды жетілдірілсе;

5. 2014 жылы жарияланған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауынан туындаған мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамдық араластыру керектігі жөнінде тапсырма берген болатын. Осыған орай, берілген тапсырмаға сәйкес мүмкіндігі шектеулі және көру, есту қабілеті нашар, зағип жандарға экскурсияны үнемі жүргізілуде, бірақ та, қазіргі таңда арнайы курстан өткен судоаудармашыны қажет етіп отыр. Алдағы болашақта штат бөліну мәселесі қаралса.

Экскурсовод музей экспозициялық көрме залдарын көрсетуде келушілердің жас ерекшелігін ескеру қажет. (5-сурет). Жалпы музей тәжірибесі бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға 25-35 минут, бастауыш класс оқушылары 45-50 минут, 7-класс оқушылары 1 сағат 10 минут, жоғары класс оқушылары 1 сағат 30 минут, ал ересек адамдар тобы 1 сағат 45 минуттан 2 сағатқа дейін экскурсия ұйымдастыруға болады. Ал егер экскурсия музейден тыс жерде, мысалы, қала бойынша болса оқушыларға жаяу 1,5-2 сағат, автобуспен 2-2,5 сағат уақыттан аспауы керек. Ересек адамдардың 3,5 сағатқа дейін қарайтын мүмкіндіктері болуы қажет.

Музей ісінде қызметкерлердің білімін жетілдіруде алдыңғы қатарлы

музейлерден ғылыми-тәжірибесімен алмасу, сондай-ақ ұлттық музейлердің болашағы жөнінен Ұлттық Ғылым академиясымен бірлесе отырып пікір алмасу, ғылыми конференциялар жиі ұйымдастырылған жағдайда ғана біліктілік деңгейі артады. Қазіргі таңда музейлердің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – ХХІ ғасыр талабына, заманның ақпараттық ағымы мен екіпініне сай коллекциялардың компьютерлік базасын құру, ұлттық көркемдік құндылықтарымызды интернет жүйесіне, халықаралық музей кеңістігіне тиісті деңгейде енгізу болып отыр. (Этномәдени мұраларды зерттеу, 2016, 6–9 бб).

2017 жылдың 13 сәуір күні Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамның рухани-мәдени жаңғыруын көздейтін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жария етті. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандары туралы, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинақтап, зерттеп алғаны жөнінде баяндай келе «Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылына, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесінің салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы болғандықтан музей ісінің дамуы келешек ұрпақтың да алға қойған басты мақсаты болу керек (Studopedia, 2017).

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Музей қорындағы экспонаттарды есепке алу, түгендеу, сақтау ережесі бойынша әдістемелік нұсқау. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. Ақтөбе, 2014. – 17 б.
2. Музей ісіндегі бұқаралық-экскурсиялық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек құралы. Ақтөбе: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. Ақтөбе – 2016. – 76 б.
3. Этномәдени мұраларды зерттеудегі музейлердің ролі. Алматы, 2003. – 33 б.
4. Байгунаков Д.С. Экскурсиялық іс: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2013.
5. Studopedia (Электрондық ресурсы). URL: <http://studopedia.org/10-166030.html> (жүгіну күні: 31.01.2017).



1-сурет. Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ғимараты, Ойыл ауылы.



2-сурет. Жапониядан келген шетелдік қонаққа Ш.Берсиевтің ғылыми-экспозициялық көрме залын таныстырудағы сәт, Ойыл ауылы.



3-сурет. «Шөптікөл» қорымындағы археологиялық қазба жұмысында, Көптоғай ауылдық округі.



4-сурет. Музейдің экспозициялық көрмелері бойынша экскурсия.



*5-сурет. Музейге келуші қонақтардың жас ерекшеліктері
экскурсияда ескерілуі қажет.*

БОЛАШАҚ ЕНШІСІНДЕГІ БАЛАЛАР МУЗЕЙІ: ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ

Н.К.Сарсенова

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаушысы*

«Музей» сөзі сонау антикалық дәуірден келе жатқан ұғым. Ежелгі Римде «музей», «музалар ғибадатханасы», «естелікті сақтаушы», «көне құндылықты сақтайтын орын» мағынасын білдіреді. Музейде – ел тарихы, экспозицияға орналасқан әрбір мұраның астарында ғасырлар бойы жүріп өткен халықтың ізі, бабалар аманаты жатыр.

Музей – көнеден қалған жәдігерлерімізді бүгінгі ұрпаққа өнеге етіп, тарихымызды танытатын мәдениет ошағы. Қазіргі заманғы музейді мультимедиялық интерактивті технологияларды пайдаланбай елестету мүмкін емес. Жаңа технологиялар музейді қызықты, есте қаларлық етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда музейдің маңыздылығы тек ұлттық игіліктің қазынасы немесе ғылыми институт ретінде ғана емес, тұлғаның мәдениет арқылы өзіндік сәйкестендіру орны ретінде де ерекше өзекті болып отыр. Әлемде музей құрылысы қарқынды дамуда. Әсіресе интерактивті музейлер саны көбейді.

Интерактивті музей деп, аудиториямен диалог жүргізуге бағытталған, техникалық және технологиялық жабдықталған музейді айтамыз. Технологиялар қатарында: видеошоу, панорамалық проекциялар, виртуалды шындық, интерактивті макеттер, 3D инфографика, видеоқабырғалар және тағы басқалары бар (Нажмеденова В., 2020).

«Қазіргі таңда музей қызметін дамытуда ақпараттық жаңа инновациялық технологияларды қолдану әлемдік стандартқа сай оңтайландыру тиімділігінің маңызы өте зор. Қазіргі қоғамдағы музей жүйесін дамытуда ақпараттық, инновациялық технологиялар оң өзгерістер әкелуде. Соңғы жылдары музей ісінде жаңа инновацияны дамыту және ақпараттандыру ісі көрмелерді, мәдени іс-шараларды насихаттауда, жәдігерлерді қорға жинау, тіркеу, сақтау, экспозиция жасақтауда, қалпына келтіруде кеңінен қолданылып келеді.

Шетелдік музейлерде компьютерлік технология арқылы қорға жәдігерлерді тіркеу, сақтау, баспа жұмыстары автоматтандырылған жүйелік жұмыстары кеңінен қолдану жобалары 1970 жылдан бастау алған. Қазақстандық музейлердің басым көпшілігінде де осы жүйемен жұмыс жасау енгізілді. Бұл аталмыш автоматтандырылған ақпараттық жүйенің енгізіле бастауы музей қызметіне жеңілдіктер әкелді. Музейлік заттарға сипаттама жасауды жүйелендіру мәселесімен көп жылдар бойы шетелдік мамандар айналысып келеді. АҚШ және Канада мамандары 1978 жылдан бастап алғашқы рет халықаралық музейлер кеңесі ICOM-ның құжаттама комитеті мүшелерінің талқылауына 16 ақпараттық категория негізінде затқа сипаттама жазудың ішкі музейлік стандарттық жобасын ұсынған болатын. Кейінірек 1993 жылы «NARCISSE (Net Art Research Computer Image Systems in Europe)» кескіндеме

және жарық саласы бойынша халықаралық ақпараттық-іздеу жүйесі жарыққа шығады. Содан бері бұл жобалар қарқынды даму үстінде (Ақпанбекова Ғ., 2016).

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қоғамды ізгілендіру оның білім, ғылым, мәдениет жүйесін дамыту процесінде ақпаратты технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады.

Музей ісіндегі ақпараттық технологияларды енгізудегі басты мақсат техниканың көмегі арқылы халыққа үздіксіз білім беру, музей коммуникациясын қазіргі заман талабына сай бейімдеу болып табылады.

Бүгінгі басты мәселеміз – Қазақстанда музей ісін дамытудың тиімді жолы – мәдениет жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Музеология саласындағы өзекті мәселелердің бірі – балалар музейі арқылы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру. Біздің елімізде Балалар музейі Оқушылар сарайы ішілік, мектеп ішілік музей ретінде тар шеңберде дамып отырғаны шындық. Балалар музейі – балалар аудиториясына арналған, балалардың 30 сұраныс талабына сай, олардың жас ерекшелігіне сай интерактивті экспозиция құрылған, білім-тәрбие беру функциясын атқаратын, балалардың қоршаған ортаға бейімделу үдерісін, эстетикалық талғамын қамтамасыз ететін, балалардың шығармашылық қабілетін арттыратын, ойлау қабілетін шыңдайтын үйірме, клубтар, курстары жұмыс жасайтын, балалардың ептілігін қалыптастыратын ойын алаңдарымен жабдықталған музейлер жүйесі. Балалар музейі жеке музей ретінде де, «музей ішіндегі музей» түрінде де ашылған филиал, бөлім ретінде де жұмыс жасайды. Балалар музейі идеясы мен термині XIX ғасырдың аяғында қалыптасқан (Қартаева Т.Е., 2013, 29–30 б).

Музей ісі ғылымның, білім берудің маңызды бір саласы. Осы уақытқа дейін Қазақстандағы музейлер көбінесе тарихи-өлкетанулық бағытта жұмыс істеп келеді. Ал, балаларға арналған музейлер жоқтың қасында. Оның ішінде жаңа технологиямен жабдықталған музейді айтпаса да болады. Балаға кішкене кезінен өз елінің, өз өңірінің салт-дәстүрін, табиғатын ұғындыру керек. Балабақшада балаларға музей танымын бере алмайды. «Балаларға музей керек пе? Не үшін керек? Музей арқылы балалар қандай ақпарат ала алады?» деген сауалдарды қояр болсақ, Музей – қандайда бір жас мөлшеріндегі балалар болсын ой-өрісін, ойлау, көру, есте сақтау танымын, қызығушылық өрісін кеңейтеді. Енді балалардың қызығушылығын қалай оята аламыз? Әрине, ол үшін жаңа инновациялық технологияларды пайдалану керек. Музейге балаларды тарту өте қиын. Балаларды ескі әдіспен жасақталған экспозиция мүлдем қызықтырмайды. Өткізілетін іс-шаралар, көрмелер балалар көңілінен шығатындай әдіспен өтпейді.

Тілі шықпаған баланың өзі ұялы телефонға жармасып, сондағы түрлі-түсті бейнені тамашалай отырып, оны тез меңгеріп алатындығын жиі байқаймыз.

Ал, мектеп жасындағы балалардың қызығушылығын тудыру өте қиын. Өйткені, қолдарында бір-бір ұялы телефон не көремін, не естимін десе де өз қолдарында. Кинотеатрлардағы 5D форматымен көрсетілетін мультфильмдер,

кинолар балаларға таңсық емес. Сол себептен де бүгінгі менің алып отырған баяндама балаларға арналып отыр. Болашақтағы музейді балалар көзімен көру.

Баяндама мақсаты – музей экспозициясын жаңа технологиялармен жасақтай отырып, балалардың қызығушылығын арттыру. Музейге деген танымын қалыптастыру. Бұл елу елдің қатарына қосылудың бір мүмкіндігі десем артық болмас.

Балалар болашақтағы музейді түрлі техникамен, жаңаша әдіспен көркемделген бейнелерді көргісі келеді. Яғни, жаңашаланған тірі музей. «Жаңа музеология», «Жалпыға қолжетімді музеология» деген ұғымды қалыптастыру.

Тірі музей – табиғат және тарихи-мәдени ортада өзінің табиғи болмысын сақтап қалған, материалдық және материалдық емес мәдениеттер жиынтығының дәстүрлі түрлерін сақтап отырған, олардың қызметін ылғи жандандырып, өзекті мәселе ретінде көрсетуге бағытталған музейлік тип.

Тірі музейлер – тарихи-мәдени ескерткіштер мен қатар ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды насихаттап, оларды дамытуға бағытталған. Тірі музейлер шетелдік музеологияда «пайдалы музей» деген ұғыммен танымал, оның мақсаты жергілікті тұрғындарды мәдени-тынығу және ағартушылық қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, олардың қоршаған ортамен байланысын арттыру болып табылады. Бұл ұғым «жаңа музеология» ұғымына ұласты (Қартаева Т.Е., 2013, 26 б).

Бүгінгі музей тарихи жәдігерлер сақталатын қойма емес, елдің арғы-бергі тарихын жаңа заман ағымына сай озық технологиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз көрерменін жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз ететін рухани орталық болуға тиіс.

Болашақта Қазақстан жерінде балаларға арналып жаңа технологиямен музейлер салынса, жеріміздің табиғи-тарихи жерлерін, салт-дәстүрін, өңірімізден шыққан атақты тұлғаларымыздың өмірі мен еңбек жолын түрлі шығып жатқан жаңаша әдіспен көрсетсе, кішкентай келушілер саны артар еді. Себебі, өз қалауымен музейге келетін балалар аз.

Балалар музейіне қажетті жаңа инновациялық құралдар:

1. 3D, 5D, 7D форматтары (3D Skin and Bones – кожа да кости)
2. Медиа еден
3. «Тірі» беттері бар интерактивті мультимедиялық кітап (интерактивная мультимедийная книга с «оживающими» страницами)
4. Аудиоинсталляция (аудиогид, аудиоэтикетка-құлаққаптар), электронды гид
5. Видеомэппинг, голографиялық витриналар
6. Мультитач (Multitouch) столы
7. VR мобильді шлемі
8. Сенсорлы дүңгіршек

Қазіргі заман музейлерінің озық тәжірибесіне музей экспозициясының мазмұнын ашатын 3D, 5D, 7D форматтағы киноқондырғыларды, виртуальды тур, виртуальды музейдегі 3D форматтағы экспозиция мен экспонаттарды атауға болады.

Баяндама негізін балаларға ең қажетті Табиғат, Этнография, Космос залдарын алып отырмын.

Табиғат залы. Балалардың қызығушылығын тудыратын ерекше зал. Өйткені жан-жануарлар, құстар, өсімдіктер әлемі балалардың сүйікті ортасы. Табиғат залын орман әлеміне енгендей 3D форматымен және медиа еденмен жасақталып, табиғи ескерткіштер, жан-жануарлар, құстар үнімен дыбысталады. «Тірі» беттері бар (мультимедийная книга с «оживающими» страницами) интерактивті мультимедиялық кітап арқылы табиғат залында көрсетілетін жан-жануарлар түрлері (сүтқоректілер, теңіз жануарлары, бауырмен жорғалаушылар), құстар, сирек кездесетін өсімдіктер туралы ақпарат беріледі (1-2 суреттер).

Ақтөбе өңірінен алғашқы рет 1912 жылы табылған мүйізсіз алып сүтқоректі жануар индрикотерий, сонымен қатар мамонт, Елек өзенінің аңғарынан алып бұғының қаңқаларын 3D форматты *Skin and Bones* (кожа да кости) аталатын әдіспен толық сұлбасын көре алады. Бұл әдіс Вашингтон музейлерінде қолданысқа ие (3-сурет).

Залдың ортаңғы бөлігінде 7D голограммасымен мұхит су асты жануарлары (тасбақа, аюла, дельфин, ақ аю т.б.) көрсету.

Жапония елінің музейлері барлық тіршілік атауын 7D голограммасын қолдану арқылы балалардың ғана емес ересектердің де қызығушылығын арттырып отыр.

Өлкеміздің ең керемет табиғат ескерткіштерінің бірі – Жаманшын қазан шұңқыры. Бұдан миллиондаған жылдар шамасы бұрын ғарыштан салмағы 36-40 млн тонналық, диаметрі 200-400 метрге жететін космостық дене метеорит құлағаннан пайда болған. Соның нәтижесінде ол жерде аумағы 5-6 км, тереңдігі 700 метрдей қазан шұңқыры пайда болып, табылған импактиттерге «жаманшит», тектиттерге «иргизит» деген ғылыми атаулар берілді және ол дүние жүзіне мәлім болды. Мұндай тектиттер бүкіл ТМД елдері аумағында бірінші рет тек Ақтөбе облысында ғана табылып отыр. Осы аталған ескерткіштің құлау сәті мен қазіргі күйі қандай екенін *интерактивті тақта* арқылы көрсетуге болады.

Барлық тіршілік атауын қозғалыс күйінде көрсетсе, балаға қызығы осы.

Этнография залы. Залға енгенде киіз үйдің ішіне кіргендей әсер береді. Қазақтың ән-жыр, әсем күйлері дыбысталып тұрады. *Аудиогид немесе электронды гид* арқылы залға қатысты барлық мәліметті ала алады.

Музейге келушілер кейбір жағдайда «ақпараттық жалғыздыққа» тап болады. Егер ақпаратты беруші адам болмаса олар өздігінен ғаламтордан іздеп табады, не ұмытып кетеді. Сол себепті де белгілі бір затты музей кеңістігінде толық зерттеп білуі үшін ақпаратты беру құралы – *аудиоинсталляция* болуы керек. Яғни, белгілі бір экспозиция не витринадағы жәдігерлер жанында *аудиогид, аудиоэтикетка-құлаққаптар* болуы тиіс.

Аудиогид – музей экспозициясы, көрме және қоршаған өлкемен жеке танысуға арналған фонограммалық құрылғы, яғни экскурсоводсыз саяхат жүргізуші немесе электронды жолсерік (путеводитель).

Аудиогид көмегімен 99 тілде 6500 файл ақпарат сыйдыруға болады екен. Шетелдік қонақтар біздің жеріміз туралы ақпаратты аудиогид көмегімен

өз тілінде ала алады (4-сурет).

Өте кішкентай өлшемді, ескі немесе дара (қорда ғана сақтаулы) жәдігерлерді көпшілікке ұсына алмағандықтан *видеомэптинг, голографиялық витриналар* көмекке келеді.

Голографиялық витрина технологиясы арқылы енгізілген музей экскурсия жүргізушісінің яғни *электронды гид* көмегі балаларға есте қалар ақпарат болар еді (5-сурет).

Интерактивті тақта мен автоматты құрылғыны орнату арқылы асық, садақ ату секілді ойындарды енгізсе, балалар үшін өте қызық әрі ұлттық ойындарымызды жаңаша түрде қолданып көретін болады.

Отбасылық, балаларымен келушілерге музейде мультимедиялық құрылғы, «бала бойымен тен», интерактивті өзара байланыс (ұстап көру, ашу, тарту) экспозициялық зоналары болғаны дұрыс. Солардың бірі – *Мультитач (Multitouch) столы* (6-сурет).

Мысалы, Европан музейінің бір залы кафе түрінде жасалынған. Аталмыш залға мультитач (Multitouch) столы орнатылып, басына өздерінің танымал тұлғаларының макетін отырғызып қояды екен. Мультитач столы арқылы сол танымал тұлға туралы толық мағлұмат ала алады. Мен осы үлгімен жұмыс жасар болсам, балаларға жақсы таныс, әрі ең қызықты Алдар көсе бейнесін алар едім. Бір ескерері мультитач столын баланың бойы жететіндей орнатылуы керек. Сонымен қатар бұл жерде мүмкіндігі шектеулі балаларды да ескерген жөн.

Мультитач (Multitouch) столына ойын түрлерін енгізу арқылы балалардың ой-өрісін дамытуға болады.

Мультимедиялық құралдар ересектер және балаларға деп екі режимге бөлінеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға көтерме механизмді, саусақпен сезіну, Брайль әліппесін қамтыған интерактивті инсталляциялық нұсқалары арналған (7-сурет).

Келесі космос әлеміне саяхат. Космос ғарыш кемесі тәрізді жасақталады. Балалар залға бас сұққанда ғарыш кемесіне енгендей сезінеді. *Доғал экран* арқылы ғарыш әлемін көрсете отырып, космонавтар бейнесін *3D форматты картиналармен* толықтырылады (8-сурет).

VR мобильді шлемі арқылы суретке түсірілген планеталарды қозғалыс күйінде көре алады. VR мобильді шлемі қашықтықтан көрмейтін балалар үшін таптырмайтын құрал (Слабое зрение 4-6 дюм) (9-сурет).

Залға қатысты толық мағлұмат алу үшін *сенсорлық дүңгіршек* көмегіне жүгіне алады.

Қазіргі заманғы музей технологиясында сенсорлы ақпараттық киоскілерді қолданысқа енгізудің музей үшін де, тұтынушы үшін де маңызы зор. Қазіргі жаһандану заманында ақпараттық технологиялардың дамуы, музей саласына цифрлі жүйелерді енгізуге әкеліп, музей өзінің көрермендеріне қажетті ақпаратты осы технологиялар арқылы ұсынады. Жаңа технологиялар экспозициялауды көркемдеп, әрбір жәдігерге қосымша мәтіндік және суреттік түсініктеме беріп, виртуалды көрме ұйымдастыруға және қордағы жәдігерлер жайлы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Қазіргі заман музейлерінде сенсорлы ақпараттық киоскілер экспозиция мазмұнын ашатын электронды

көмекші немесе ақпарат беру жүйесі қызметін атқарады (Алдоңғарова И., 2012, 381 б).

Сенсорлы дүңгіршекті сәтті қолданған музейдің бірі әлемге әйгілі Лувр. Мұнда сенсорлық дүңгіршек арқылы шығыс тарихына арналған экспозицияларға мыңдаған жылдық тарихқа сапар шеге отырып ислам мәдениетінің тарихынан мол мағлұмат алады екенсіз, мұнда қосымша алты мыңға жуық фотосуреттер, 400 ден астам ақпараттық мәтіндер қойылған. Әрине тек музей көрермені болу арқылы ғана осыншама мол ақпаратпен танысу кім-кімнің болмасын қызығушылығын арттырады сөзсіз (Ақпанбекова Ғ., 2016).

Тағы бір айта кететін мәселе жоғары сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысу үшін мектеп оқу бағдарламасын енгізу арқылы кез-келген тақырыпта мол ақпаратты сенсорлық дүңгіршекке енгізуге болады.

Балаларды осындай жаңашаланған әдістерді қолдану арқылы музейге тарта аламыз.

Балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, өз бетінше экскурсия жүргізушісінің айтып өткен ақпаратын толықтай алу үшін сенсорлық дүңгіршек, аудиогид, мультитач столы, «тірі» беттері бар интерактивті мультумедиялық кітап т.б. жаңа технологиялардың көмегіне жүгіне алады. Балалар мұнда көріп қана қоймай өздігінен жұмыс жасай алады.

Қорыта айтқанда, заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Әдебиеттер тізімі мен деректер тізімі

1. Ақпанбекова Ғ. Музей саласында заманауи технологияларды қолданудың тиімділігі. [Электронды ресурc]. URL: <http://kazmuseum.kz/maman-kenesi/item/1326-muzej-salasynda-zamanaui-tehnologiyalaryd-koldanudy-tiimdiligi/> (Берілген күні: 30.06.2016).
2. Алдоңғарова И. «Музей және маркетинг» Қожа Ахмет Яссауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері IV – Халықаралық ғылыми-тәжірибелік материалдары. - Түркістан: 2012. – 381 б.
3. Ибраева А. Музейтану: тарих мамандықтарына арналған оқулық. - Астана: 2013. –251 б.
4. Қартаева Т.Е. «Жаңа қоғамдағы музейлердің рөлі» іс-шара материалдар жинағы. [Электронды ресурc]. URL: <https://e-history.kz/kz/library/show/24820> (Берілген күні: 2013, 26, 29-3066).
5. Мұхажанова Т. «Әлем музейлерінің тарихы» оқу құралы. [Электронды ресурc]. URL: <https://dokumen.pub/9786012472554.html> (Берілген күні: 2011).
6. Нажмеденова В. «Жаһандану заманындағы негізгі тренд – интерактивті музей». [Электронды ресурc]. URL: <https://zhaikpress.kz/kk/news/zahandanu-zamanyndagy-negizgi-trend-interaktivti-muzej/> (Берілген күні: 25.09.2020).



1-сурет. «Тірі» беттері бар (мультимедийная книга с «оживающими» страницами) интерактивті мультимедиялық кітап.



2-сурет. Медиа еден.



3-сурет. 3D форматты *Skin and Bones* (кожа да кости) әдісі арқылы жануар қаңқасының сұлбасын толық көруге болады.



4-сурет. Аудиогид көмегімен 99 тілде 6500 файл ақпарат сыйдыруға болады.



5-сурет. Голографиялық витрина технологиясы арқылы енгізілген экскурсия жүргізушісін электронды гид көмегі балаларға есте қалар ақпарат береді.



6-сурет. Мультитач (Multitouch) столына ойын түрлерін енгізу арқылы балалардың ой-өрісін дамытуға болады.



7-сурет. Мүмкіндігі шектеулі жандарға көтерме механизмді, саусақпен сезіну, Брайль әліппесін қамтыған интерактивті инсталляциялық нұсқа көмекке келеді.



8-сурет. 3D форматты картина балаларға ерекше әсер береді.



9-сурет. VR мобильді шлемі арқылы суретке түсірілген планеталарды қозғалыс күйінде көре алады. VR мобильді шлемі қашықтықтан көрмейтін балалар үшін таптырмайтын құрал (Слабое зрение 4-6 дюм).

МУЗЕЙ САЛАСЫНДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Г.С.Шоққарина

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі,
Қорларды ғылыми зерттеуді қамтамасыз ету бөлімінің
қор сақтаушысы
gulzhana_bs@mail.ru*

Интернет жүйесі мен компьютерлік технологиялар музей саласының одан әрі дамуына көп септігін тигізуде. Оның музей жәдігерлерін тіркеу, сақтау, ғылыми ізденісте тез арада қажетті ақпаратқа қол жеткізу жолында тигізер көмегі мол.

Ақтөбе облыстық тарихи - өлкетану музейінде бүгінгі күнге «SAQTAU» автоматтандырылған ақпараттық бағдарламасы толығымен енгізіліп, музей қорындағы экспонаттарды сандық форматқа көшіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл орайда Орал қаласындағы TORUS.KZ фирмасымен келісімшарт жасалып, музей ғимаратында сервер қондырылып, ақпараттық жүйе іске қосылып, экспонаттарды цифрландыру жүйесіне ауыстыру жұмыстары жүргізілуде (1-сурет).

Жұмыстың негізгі мақсаты – музей жәдігерлері мен музейлік коллекцияларды сандық форматта сақтау және насихаттау. Бұл жүйе болашақта музей қызметкерлерінің жұмыстарын әлдеқайда қолайлы етіп жеңілдетіп, жұмыс уақытын үнемдеп, кез келген экспонатқа бөлек паспорт жасау арқылы, ақпарат толықтыру, жалпы қор туралы барлық ақпаратты атауы білдіріп отырғандай «сақтап», автоматтандыру үшін қажет. Яғни «SAQTAU» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі – есепке алудың қолжетімділік деңгейін сапалы арттыруға, музей заттарының әртүрлі критерийлері бойынша есептілікті ұсыну ыңғайлылығына мүмкіндік беретін музей заттары қорын есепке алуды автоматтандыру және жүйелендіру үшін арналған бағдарлама (ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 13 маусымындағы №176 бұйрығы).

Негізінде, «SAQTAU» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі музей қорын мемлекеттік тіркеу, есепке алу сияқты және түскен жәдігерлерді тіркеудің цифрлық формасының жұмысын атқарады. Сонымен қатар, аталмыш бағдарламадан болашақта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге, көрме мен экспозиция дайындауда, және де сұраныс арқылы жазбаларды іріктеп, ақпаратты лезде таба алатындай мүмкіндік береді деп күтіледі. Жүйенің тағы ең бір ерекшелігі – ғылыми - анықтамалық аппарат бола отырып, мәліметтердің импорт-экспортын жүзеге асырады.

Барлық бүгінгі күнге дейін тіркеліп тұрған ақпараттарды, тіркеу кітабын сандық форматқа көшіріп болған соң, әр түскен экспонаттар мәліметі әрі қарай осы жүйеге тіркеліп отыратын болады.

Ақтөбе облыстық тарихи - өлкетану музейі Орал қаласындағы TORUS.KZ фирмасының программист қызметкерлерімен бірлесе отырып, «SAQTAU» жүйесінің мәзірін толықтай өзгертіп, қосымша ақпараттар енгізді.

Мысалы, Мәзірге «Коллекциялар», «Есептер», «Мұрағат» батырмалары қосылды және барлық мәзір қазақ тіліне толықтай аударылды. Сондай-ақ актілерді енгізу батырмасындағы күні, айы, жылы қажетті күнді таңдап қоя алатындай етіп іске қосылды. «Коллекциялар» мәзіріне музей қорында бар коллекциялар атаулары сақталды.

Мәзірдегі «Құжаттар» бөлімі толықтай өзгертілді. Аталған бөлімге ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсанындағы №372 бұйрығымен бекітілген музей қорында болуы қажет барлық құжаттамалар тізімі төмендегідей енгізілді:

1. Тұрақты сақтауға қабылдау актісі
2. Уақытша сақтауға қабылдау актісі
3. Тұрақты сақтауға беру актісі
4. Уақытша сақтауға беру актісі
5. Уақытша сақтаудан қайтару актісі
6. Тұрақты сақтауға қабылдау актілерін тіркеу кітабы
7. Уақытша сақтауға қабылдау актілерін тіркеу кітабы
8. Тұрақты сақтауға беру актілерін тіркеу кітабы
9. Уақытша сақтауға беру актілерін тіркеу кітабы
10. Уақытша сақтаудан қайтару актілерін тіркеу кітабы
11. Негізгі қордың түсім кітабы
12. Ғылыми-көмекші қордың түсім кітабы
13. Эксперименттік қордың түсім кітабы
14. Уақытша қордың түсім кітабы
15. Музей заттарының коллекциялық мәзірі
16. Кітаптар тізімі
17. Есепке алуды түгендеу кітабы
18. Ғылыми түгендеу карточкасы
19. Түгендеу мен сақталуын тексеру актісі
20. Мониторинг кезіндегі өзгерістер тізімі
21. Есептен шығару туралы акт (ҚР Мәдениет және спорт министрінің

2015 жылғы 7 желтоқсанындағы №372 бұйрығы).

Актілер кітаптарға байланды. Мысалы, экспонатты тұрақты сақтауға қабылдау актілерін «негізгі қордың түсім кітабына» байланыстырып, бүгінгі күні музейдегі негізгі қор кітабын тіркеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. «Есептер» бөлімінде түсім кітаптар бойынша экспонаттарды есептеу, сондай-ақ, коллекциялар бойынша есеп беру жұмыстарын оңтайлы ету мақсатында тіркелген экспонаттарды коллекциялар мен этникалық тиістілігі бойынша кітапқа байланыстыру жұмыстары жүргізілді.

Ал «SAQTAU» жүйесінің мәзіріне «Мұрағат» яғни архив бөлімін қосудағы мақсатымыз – музейдің қандай да маңызы бар құжаттамаларын, жылдық есеп, іс-шаралар, кестелер және де қажеттілік болса – әкімшілік құжаттарды цифрлық форматта сақтау. Бұл мәзірде құжаттардың кез келген форматтарын жүктеп, бөлек-бөлек бума етіп сақтауға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, аталған жүйеде тұтынушылар тізімі нақтыланып, статустары белгіленіп, қол жеткізім шеңбері анықталып, қызметкерлерге логин-пароль берілді.

Ең бастысы – «Паспорттар» мәзірі белгілі бір жүйеге келтірілді. Экспонаттарды тіркеу нөмірлері актілерде ретімен тіркеліп, «Іздеу» батырмасы енгізілді. Жалпы актілерді іздеу «Нөмір» бойынша және «Акт атауы» бойынша іздеу операциясы іске қосылды.

Тіркеу актісі мәзіріне «Көлем немесе салмағы» және «Операциялар» батырмалары енгізілді. «Операциялар» батырмасын енгізудегі мақсатымыз – аталмыш экспонат бойынша кез келген ақпарат, яғни өзгерістер енгізілсе, қай күні, яғни мезгілі және қандай негізде енгізілгендігі жазылып, және де ол өзгерісті кім қызметкер енгізгендігі профиль бойынша автоматты түрде сақталып отырады.

Сондай-ақ жасалған актілерге енгізілген позицияға (әр позиция 1 экспонат) «Редакциялау» яғни түзету және «Жою» енгізу батырмасы қосылды. Өйткені бұл бізге актіні толтыру барысында жіберілген қателіктер болса оларды түзету, болмаса ақпарат аз берілген болса қосымша ақпарат қосып жазуға мүмкіндік береді. Және де паспортта берілген экспонатқа 3D форматтағы фотолар жалғау операциясы іске қосылды.

Профиль бойынша жұмыс жасау – «SAQTAU» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне Ақтөбе облыстық тарихи - өлкетану музейінің тарапынан енгізген жаңалығы мен үлкен жетістігі. Өйткені профиль бойынша әр музей қызметкері өз профилімен кіріп, экспонаттарды енгізіп, болмаса есеп жасап, жүйеге қандай да бір өзгерістер енгізсе, барлық жасаған жұмыстары қадамы бойынша уақытымен сақталып отырады. Бұл бір жағынан қандай да актіге, болмаса паспортқа кім қызметкер өзгеріс енгізіп немесе қосымша ақпарат қосқанын көрсетсе, екінші жағынан әр қызметкердің жасаған жұмыс көлемін айқындайды (2-сурет).

Осылайша болашақта жоғарыда аталғандай үш тілді «SAQTAU» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі музей экспонаттары мен коллекцияларын сандық форматта сақтап, оларға ғылыми сипаттамалар жазып және музей қызметкерлерінің жұмыстарын әлдеқайда қолайлы етіп жеңілдетіп, уақыт үнемдеп, сұраныс арқылы жазбаларды іріктеп, ақпаратты лезде табу, барлық ақпаратты цифрлық форматта сақтау жолында музей қызметкерлері үшін алтын көпір болады.

Алдағы уақытқа жоспарлап отырған мақсатымыз – бүгінгі күні серверге байланысып отырып жұмыс жасасақ, болашақта қашықтықтан жұмыс жасау форматын іске қосу.

Жалпы жұмыс барысында аталған жүйеге жаңашылдықтар енгізіп, қолдануға қолайлы етіп, жаңартып отыруға мүмкіндіктер бар. Өйткені мұндай қажеттіліктер жұмыс барысында пайда болады. Бұл орайда «ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы» директорының орынбасары Күләш Ақтаева «Қазақстан музейі: жаһандану мен ақпараттандыру дәуіріндегі идеялар» сессиясында былай деген: «Бұл – ұзақ уақытты талап ететін процесс, оған бір немесе бес жыл жеткіліксіз. Сондықтан цифрландыру процессін бастап, жүйелі түрде жұмыс істесек тарихи мұраларды цифрлық форматқа ауыстыру бойынша нақты нәтижелерді көреміз» («ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі. URL: https://kaz.inform.kz/amp/2025-zhylga-karay-kazakstandagy-muzeyler-cifrlandyrylady_a3501667/).

«Мемлекет музейлерді елдің мәдени саясатының маңызды кластері ретінде қолдайды. Республикалық және жергілікті деңгейдегі музейлердегі музей қорларын сақтау, жаңарту, толықтыру бойынша жүйелі шаралар қабылдануда. Әрбір музей әртүрлі қызмет түрлерін: ғылыми-қор, экспозициялық-көрме, ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру түрлерін біріктіретін көпфункционалды институт болып табылады... Музей саласын цифрландыру: музей заттарын цифрландыру, бизнес-процестерді оңтайландыру, виртуалды музейлерді құру және онлайн іс-шараларды өткізу тиімді нәтижелі менеджментті қажет етеді» деп ҚР мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы қаулыда көрсетілгендей музейді цифрландыру жұмысын бір жүйеге келтіріп, музей ісінің біртұтас бөлігіне айналдыруымыз қажет [ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №250 қаулысы].

Осылай жаңа ақпараттық технологияларды музей саласында кеңінен қолдану музей жұмысының өнімділігін арттырады. Жалпы компьютерлік технология мен интернет жүйесінің дамуы музей саласының қалыптасқан дәстүрлі бағытына көп өзгерістер енгізуде. Аталмыш жүйенің қызметкерлерге ыңғайлы болуы соншалықты жұмыс барысында уақытты айтарлықтай үнемдейді. «SAQTAU» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі заманауи музейлердің қажетті атрибутына айналатынына сеніміміз мол.

Музей қызметкерлері тарихты жалау етіп, тарихи-мәдени құндылықтарды, көненің көзін, ата-бабаның мұрасын насихаттап келеді. «Өмір қимылды талап етеді» деп Ұлы Аристотель айтқандай адам бір орында тұрмай, әрекет етіп, білуге, тануға ұмтылып, заманауи технологияларды аталған салада кеңінен қолданудың тиімділігін терең түсініп, оны әрі қарай қолданып, халықтың аманатын бүтіндей келесі ұрпаққа жеткізу үшін жұмыстануы керек. Музей саласында интернет жүйесі мен компьютерлік, ақпараттық технологияларды қолдану деңгейі бүгінгі қарқынмен жалғаса берсе үлкен жетістіктерге жетеріміз анық.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі. 2025 жылға қарай Қазақстандағы музейлер цифрландырылады. (Электронды ресурс) URL: https://kaz.inform.kz/amp/2025-zhylga-karay-kazakstandagy-muzeyle-cifrlandyrylady_a3501667/ (18.11.2024)
2. «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсанындағы №372 бұйрығы (Электронды ресурс) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012822> (қаралған күні 15.10.2024)
3. «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 13 маусымындағы №176 бұйрығы URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015326> (қаралған күні 16.10.2024)
4. «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №250 қаулысы URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000250> (қаралған күні 17.11.2024)



1-сурет. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде орналастырылған сервер.



2-сурет. Облыстық музейдің қор сақтаушысы Г.Шоққарина «SAQTAU» бағдарламасымен жұмыс жасауда.

АТ-ӘБЗЕЛДЕРІ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ МУЗЕЙ САБАҒЫ

Қ.А.Талжанов

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
кіші ғылыми қызметкері*

Аңдатпа. Бұл мақалада автор музей сабағы оқушылар мен музей арасында байланыс көпірі бола отырып, келушілердің жас ерекшеліктеріне қарай зерттеушілік, танымдылық және шығармашылық қабілеттерін арттыру болып табылатынын қарастырады.

Кілт сөздер: Ат-әбзелдер, жүген, ер, тоқым, үзеңкі, құйысқан, өмілдірік, тұсау.

Кіріспе. Музей бір ұлт болып қалыптасқан елдің шығу тарихынан, кезең кезеңімен дамыған өмірінен тереңірек мағлұмат беретін мәдени, ғылыми орда.

Музей өткен тарихымызды, мәдениетімізді сақтап қана қоймай, оны өскелең жастарға таныстыратын мәдени ғылыми орын.

Музейдің өткен тарихымызға құрметпен қарап, ертеңгі тарих болып қалары сөзсіз, бүгінгі күнімізді бағалаудағы орны ерекше.

Тарихымызды, мәдениетімізді, ғылымымызды рухани және материалдық тұрғыда болашаққа жеткізудегі музейдің рөлі ұшан теңіз.

Музей ордасында болған келушілер мәдени, ғылыми ақпарат алуымен қатар, демалыс күндерін қолайлы өткізуі үшін де келеді.

Музей қызметкерлері келушілердің қызығушылықтарын арттыру мақсатында неше түрлі бағыттағы музей қызметін ұсынады. Осыған сәйкес демалыс бағдарламалары ретінде музейлер өз келушілеріне әр түрлі мәдени, ғылыми қызмет түрлерін қолданады. Бірақ бұл қызмет түрлері жоғары түрдегі дайындықты және де айтарлықтай қаржыны қажет етеді.

Бұндай қызмет түрлері ретінде келушілерге көрмелер, конкурстар, көшпелі көрмелер, акциялар, клубтар, консультациялар, лекция-көрмелер, фестивальдар, үйірмелер, конференциялар, музей мерекелерінде рөлдік көріністер де ұсынылады (Юхневич М.Ю., 1989, С. 20).

Бұл жерде М.Ю.Юхневичтың музей қызметіндегі мәдени-оқытудың он базалық формасына сәйкес келетінін атап өткен жөн (Огоновская А.С., 2006, с 59).

Лекциялар көрме түрінде музей келушілеріне және оқу орындарының сұраныстары бойынша белгілі бір тақырыпта музей ғимаратында немесе орта оқу орындары қабырғасында өткізіледі. Лекциялардың көрме түрінде өткізілуі оқылатын тақырыптарға байланысты болады. Оқу орындарында оқылатын лекциялардың көрнекілік құралдары ретінде музей экспонаттары және тақырып бойынша слайд түріндегі ақпараттар қолданылады. Осыған сәйкес оқылатын лекцияларды, лекция-көрме деп те атаймыз. Оқу орындарында оқылатын лекция-көрмелердің ерекшелігі оқушылар тақырыптарға қатысты экспонаттарды көріп қана қоймай қолдарыменен ұстап та көреді. Оқушылардың

экспонаттарды ұстап көруі мәдени шығармашылық қабілеттерінің дамуына алып келеді. Мысалы, Американдық музейлері моделі бойынша «қолмен ұстамау» ұранынан бас тарта отырып, оқушылардың экспонаттарды қолменен ұстауға, зерттеуге, эксперименттеуге мүмкіндік береді. Бұның өзі оқушылардың шығармашылық жағынан дамуы үшін өте маңызды екені айтылады (Огоновская А.С., 2006, с 59).

Музей педагогикасының мақсаты – келушілер мен музей арасында байланыс көпірі бола отырып, келушілердің жас ерекшеліктеріне қарай зерттеушілік, танымдылық және шығармашылық қабілеттерін арттыру болып табылады (Юхневич М.Ю., 1989, С. 29).

Оқу орындарының сұраныстары бойынша өткізілетін музей сабағының барысы біріншіден оқу орнының оқушыларымен танысумен басталады. Сабақ тақырыбы және оның мақсаты айтылады. Мысалы, «Ат-әбзелдері» тақырыбындағы музей сабағының мақсаты оқушыларға қазіргі кезде материалдық мәдениетімізге айналған әбзелдердің пайда болуын, құрылысын, жасалуын және қолданылуын таныстыру.

Аталып өткен мақсат аясындағы лекцияның қысқаша мазмұнына тоқталатын болсам, біріншіден жылқы малының алғаш рет қолға үйретудегі жер жүзінде ең басты орталығы Қазақстан жері болғандығы туралы айта отырып, Ботай қонысын 1980 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшесі, археолог В.Ф.Зайберттің жетекшілігімен қазба жұмыстарының жүргізілгендігі туралы түсіндіріледі. Тарихи айналымға «Ботай мәдениеті» деген сенсациялық атпен енгендігімен оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын оята отырып лекциямызды жалғастырамыз.

Ботай қонысындағы қазбадан табылған жылқылардың тістері мүжілген әрі оған іздер түскендігіне қарап, ғалымдар жылқының мініске және шаруашылыққа пайдаланылғанын, жылқыны басқару үшін жүген мен ауыздық салғанын анықталғандығы айтылады. Сонымен қатар қазба жұмыстарынан табылған қыш ыдыстардың қабырғасындағы кепкен май дақтары бие сүті қымыз қалдықтарының ізі болуы мүмкіндігі туралы ақпарат беріледі. Бұның өзі, Ботай тұрғындарының қымыз ашытып сусын ретінде ішкендігі жөнінде айта отырып оқушылардың көкірегінде өз еліне деген сүйіспеншілігін, өз жерінің тарихына деген мақтаныш сезімінің оянуына бірден бір себеп болады (Зайберт В.Ф., 1993, с 10).

Адамдардың жабайы жылқы малын қолға үйреткенімен қатар, бірінші кезекте оны көлік құралы ретінде тұтынғаны тарихи маңызды. Себебі адамдар жылқыны ерттеп мінгеннен бастап адамзат тарихында үлкен сілкініс болды. Өйткені жылқы малы арқылы алыс жерін жақындатты, азығын ауламай, ауласына қамап, тайпалар арасында қақтығыстарда мініске қолданды. Жалпы айтқанда атқа міну мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы табиғи заңдылық болды. Қазіргі техника дәуірі өркендеген заманның өзінде жылқы түлігі тарихи, шаруашылық маңызын жоғалтпағанын немесе Ботай мәдениетінен бастау алған мәдениеттің осы күнге дейінгі жалғасын тауып отырғандығы туралы түсіндіріледі.

Жылқыны қолға үйрету ат-әбзелдерінің пайда болуына алып келді. Қазақ даласындағы археологиялық жұмыстардан сүйектерден жасалған тұсау

мен айуыздықтардың қалдықтары кездеседі. Осымен бірге атқа мінер жак ағаштан жасалған үзеңгілердің табылуының да түсіндірілуі оқушылардың қызығушылығын оятады. (Зайберт В:Ф., 1993, с 12).

Ат-әбзелдері жылқы малын қолға үйретуден бастап өте күрделі кезеңдерден өтті.

Ат-әбзелдері алғашқы кездерде сүйектерден жасалса, кейін ағаштан, қоладан, темірден жасала бастаған.

Ат-әбзелдері – жылқыны мініс пен шаруашылыққа пайдалануда қолданылатын құрал-жабдық түрлері. Қазақтың ат-әбзелдеріне ер, тоқым, өмілдірік, құйысқан, үзеңгі, айыл, пыстан, жүген, нокта, көпшік, шылбыр, камшы және т.б. жатады.

Қорыта айтатын болсақ, оқушыларға ат-әбзелдерін меңгерту арқылы музейдің құнды экспонаттарын қолмен ұстап көруге мүмкіндік беріп, өз беттерінше шығармашылық жұмыспенен шұғылдануға қабілеттерін арттырудағы музей сабағының маңыздылығын атап өтуге болады .

Әдебиеттер және деректер тізімі

1. Огоновская А:С. Музейная педагогика: Сущность, понятийно-категориальный аппарат проблемы // Образование и наука. Приложение – 2006. №1 (1). с 55–59.
2. Юхневич М.Ю. Музейная педагогика – профессия!// Советский музей. – 1989. – №1 (105). – С. 20–29.
3. Зайберт В.Ф. Основные итоги изучения Ботайской культуры и ее роль в древней истории Казахстана//).1993, – С.10-12.



1-сурет. Музейдің кіші ғылыми қызметкері Қ.Талжанов Ақтөбе сервис колледжі оқушыларына ат-әбзелдерін таныстыру сәті, 2023 ж.



2-сурет. Ақтөбе қаласындағы №48 ЖОБМ оқушыларымен музей сабағында, 2023 ж.



3-сурет. Колледждегі музей сабағы, 2023 ж.

ӨЛКЕТАНУ

«АЗАТТЫҚ АҢСАҒАН АЛАШ» ЭКСПОЗИЦИЯСЫ
(Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары бойынша)

А.С. Ертемиров

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ғылыми-зерттеуді қамтамасыз ету (қазіргі заман тарихы)
бөлімінің меңгерушісі*

*Алаш туы астында,
Қолдайтын Алаш бабамыз.
«Туысқандық», «теңдік» деп,
Туын қолға ап шабамыз.
Жасасын, Алаш, жасасын!*

Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Музейдің басты келбеті – музей экспозициясы. Әр экспозиция өзіндік тақырыбымен, құрылымымен ерекшеленеді. Сондай экспозициялардың бірі – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі «Азаттық аңсаған Алаш» экспозициясы.

Экспозиция «XIX-XX ғасырлардағы өлке тарихы» залының бір құрамдас бөлігі. Зал экспозициясы 1991 жылға дейін кеңестік қоғамға арналған болатын. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін облыстық музей құрылымына жаңа бағыттар мен тың серпілістер келді. Нәтижесінде 1998 жылы «XIX-XX ғасырлардағы өлке тарихы» залы жасақталды. 2007 жылы «Алаш» қозғалысының 90 жылдығынан кейін ғана ақтөбелік алашордашылар туралы деректер жинақтала бастады. 2008 жылы Орынбор мемлекеттік архивінде, 2009 жылы облыстық архивте зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ғылыми еңбектерден суреттері табылып, тізімдері жасалып «Азаттық аңсаған Алаш» экспозициясы алғаш рет жасақталды. Бұл экспозиция XX ғасырдың басындағы өлкенің қоғамдық-саяси өмірінде батыс өңірдегі алаш қайраткерлері, соның ішінде, Ақтөбе жерінде туып өскен алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты тың материалдар жинақталған, ғылыми-ізденіс бағыттары айқындалған және Алаш қозғалысына өзіндік дем бере бастаған жұмыс болды (Ғасырлар мұрасының шырақшысы, 2015, 110-б.).

XXI ғасырдың басында музейлердің дамуы мен гүлденуі қарқынды жүрді. Осындай даму барысында облыстық музейдің де экспозициялары заман ағымына сай қайта жаңғыртылып өзгертілді.

2009 жылы «XIX–XX ғасырлардағы өлке тарихы» залы экспозициясы қайта толықтырылып, жасақталды. Зал экспозициясы – XIX ғасырдың соңындағы әкімшілік-саяси реформалар, Ақтөбе әскери бекінісінің салынуы, қоныстандыру саясаты, халық ағарту ісінің дамуы мен XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік өмірге арналады. Бұл жұмысты тарихшы, ұзақ жылдар музейде қызмет жасаған ҚР Мәдениет қайраткері Рысты Досова суретші Вячеслав Шукинмен бірге орындап шықты.

«Азаттық аңсаған Алаш» экспозициясы да қайта жаңғыртылып, Алаш

партиясының құрылу тарихы мен қызметі туралы, Батыс Алашорда, оның ішінде ақтөбеліктер жөнінде жинақтау жұмыстары барысындағы сурет көшірмелері, материалдар, кітаптар қойылды. Жергілікті жазушы Ғалым Ахмедовтың жеке архивінен алынған ақтөбелік алашордашылардың сирек суреттері де қойылды (Ғасырлар мұрасының шырақшысы, 2015, 103-б.).

Экспозицияның құрылымы негізінен Торғай облысына қараған Ақтөбе, Ырғыз уездерінен шыққан Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлеріне арналды.

Ақтөбе жерінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы халық ағарту ісінің дамуы өлкеге қазақ ұлтының білімді әрі зиялы қауым өкілдерін топтастыра бастады. Нәтижесінде 1906-1907 жылдардағы Ресей Мемлекеттік Думасына (I-ші, II-ші) Орал облысынан Алпысбай Қалменов пен Бақытжан Қаратаев депутат болып сайланды.

XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының құрамдас бөлігі ретінде – Батыс Алашорда үкіметі қалыптасты. Халел мен Жанша Досмұхамедовтар және Ақтөбе өлкесінің алашорда қайраткерлері бір жұдырықтай жұмыла қызмет етті.

Экспозицияда Орта Азия университетін бітірген қазақ зиялыларының 1922 жылғы суреті ерекше көз тартады. Арасында қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы жоғары білімді дәрігер, Алаш партиясының мүшесі Аққағаз Досжанова (1893-1932 жж.) бар. А.Досжанованың Орынбор гимназиясын үздік бітіргені жөнінде және 1914 жылы Орынбор оқу округінің берген алғашқы куәлігінің көшірмесі сақтаулы (Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары, 2015, 182-183-б.).

1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген М.Дулатовтың «Оян қазақ!» атты өлеңдер жинағына эпиграф ретінде алынған:

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты,
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қарағым енді жату жарамасты –*

деген шумақтары сол кезеңнің ұранына айналғаны сөзсіз.

Алаш партиясының көсемдері: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов және Батыс Алашорданың жетекшілері: Халел мен Жанша Досмұхамедовтардың бейнесі «Азаттық аңсаған Алаш» экспозициясының өзіндік ерекшелігін суреттейді.

Ақтөбелік алашордашылар да өлкедегі Алаш қозғалысына белсене қатысып, «қараңғылық пен тәуелділіктің түнегінен азаттықтың таңына қол созды» идеясын берік ұстанды.

Алпысбай Қалменов (1860-1939 жж.) – Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, 1906 жылғы I Мемлекеттік Дума депутаты.

Ахметкерей Қосуақов (1857-1924 жж.) – болыс, 1895 жылы Батпақты болысы Қарағаш ауылдық мектебіне Ахмет Байтұрсыновты шақырып, ұстаз еткен. Алаш партиясының мүшесі, Орынбордағы II-ші жалпықазақ съезіне арнайы шақырылған.

Ахмет Тұнғашин (1890-1972 жж.) – Алаш партиясының мүшесі, 1917 жылы Ақтөбедегі II қазақ съезіне қатысқан.

Сейдалы Оразалин (1884-1936 жж.) – тілмаш, Алаш партиясының мүшесі.

Телжан Шонанов (1884-1938 жж.) – ғалым, Алаш партиясының мүшесі.

Тел Жаманмұрынов (1888-1938 жж.) – Алаш партиясының мүшесі.

Сағындық Досжанов (1870-1940 жж.) – Алаш партиясының мүшесі, Торғай облысындағы Алаш қозғалысының көрнекті өкілі.

Ораз Тәтеұлы (1854-1917 жж.) – би, болыс, Алаш партиясының мүшесі.

Мерғали Оспанов (1891-1938 жж.) – Алаш партиясының мүшесі, Алашорда үкіметінің эскадрон командирі.

Сырлыбай Бекбаев (1881-1926 жж.) – Алаш партиясының мүшесі.

Бернияз Күлеев (1899-1923 жж.) – ақын, аудармашы, 1917 жылы Орынбордағы жалпықазақ съезіне арнайы шақырылған.

Әжәйіп Суханов (1882-1934 жж.) – Алаш партиясының мүшесі, 1917 жылы Мәскеудегі бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болған.

Ахмет Мәметов (1895-1938 жж.) – Алашорда қайраткері, Ойылда «Еркін қазақ» газетін шығарған (Азаттық аңсаған Алаш (ақтөбелік алашордашылар) анықтамалық құрал, 2009, 11-12-б.).

1913 жылдан қоғамдық-саяси және әдеби газет «Қазақ» кейін Алаштың органына айналды. Басты шығарушысы А.Байтұрсынов «Азамат» серіктігіне өтеді. Экспозицияда ғылыми қызметкерлердің Орынбор мемлекеттік архивіне іс-сапары кезінде көшірмесі жасалынып әкелген «Азамат» серіктігі шарттары және Алашорданың бағдарламасы көшірмелері ерекше тартымды.

Экспозицияны жасақтауда ғылыми қызметкер мен суретші-безендіруші арасындағы үлкен байланыс пен түсіністік осы «Азаттық аңсаған Алаш» экспозициясынан көрініс тапқаны даусыз. Өйткені музей қорында сақталған азғана мәліметтер мен суреттік құжаттардан облыстың XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси өмірі, «Алаш» қозғалысы мен өлкелік алашордашылар, олардың саяси қызметінің тарихи маңызын аша отырып насихаттап баяндау, музей экспозициясында жасақтау, зал құрылымымен байланыстыра суреттеу күрделі процесс.

Бұл экспозицияның құрылымы 1998 жылдан бері архивтік және жазба әдебиеттердегі деректер негізінде толықтырылып даму үстінде.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Ғасырлар мұрасының шырақшысы. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің тарихы. Ақтөбе: «Хабар-Сервис» ЖШС, 2015 жыл. 110-бет.
2. Сонда. 103-бет.
3. Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары. Ақтөбе: «Хабар-Сервис» ЖШС, 2015 жыл. 182-183-беттер.
4. Азаттық аңсаған Алаш (ақтөбелік алашордашылар) анықтамалық құрал. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, 2009 жыл. 11-12-беттер.
5. Ахмедов Ғ. Алаш Алаш болғанда. Алматы, «Жалын», 1996 жыл.
6. Ілиясова Р. Қазына. Алматы, «Зерде», 2001 жыл.
7. Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. Орал, 2011 жыл.
8. История Актюбинской области. Бас ред. А.Бисембаев. Ақтөбе, 2006 жыл.



1-сурет. «Азаттық аңсаған Алаш» экспозициясы, 2019 жыл



2-сурет. Сандық. Ырғыз уезі, Қабырға болысының болысы, «Алаш» партиясының мүшесі Ораз Тәтеұлы тұтынған



3-сурет. «Халық азарту ісі және Мемлекеттік Дума мүшелері» экспозициясы, 2019 жыл



4-сурет. «1869-1940 жж. өлке тарихы» тақырыптық-экспозициялық залы, 2019 жыл

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ МОДЕРНИЗАЦИЯ КЕЗЕҢІНДЕГІ НЕМІС ҰЛТЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ (1917-1939 жж.)

Р.Ә.Жұбаныш

*Назарбаев Зияткерлік мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі
e-mail: bashen.seksen@mail.ru*

А.Н.Тауман

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану
музейінің кіші ғылыми қызметкері,
тарих магистрі
e-mail: aitan.tauman@mail.ru
Қазақстан, Ақтөбе қ.*

Қазіргі күні көп этносты ел болып саналатын қазақ жерінде 130-дан астам этнос өкілдері, солардың қатарында немістер өмір сүреді. Тарихтың сан қилы толқынының жетегіне ілесіп отанымызға аяқ басқан әр этностың өзіндік тарихы мен талайы жетерлік. Бүгінгідей тәуелсіздік алып, бағыты мен бағдары айқындалған зайырлы қоғамда еліміздің тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз ету басты міндет. Осы тұрғыда белгіленген мақсатқа жету үшін елімізде өмір сүріп жатқан халықтардың тарихи – мәдени мұрасын зерттемей, қол жеткізу мүмкін емес.

Еліміз тәуелсіздік алған тұстан бастап қоғамның әр саласында тың өзгерістер басталып, жаңа есіктер ашылды. Осы үрдіс тарих ғылымында айналып өтпей отандық тарихшылардың алдында ғылыми-зерттеу алаңының ауқымы кеңінен ашыла түсті. Отандық тарихшылар кеңес тарихнамасында зерттелу деңгейі баяу дамыған тақырыптарға қалам тербеп, тың қадамдарға аяқ басты. Солардың қатарында еліміздегі диаспоралардың қалыптасу тарихы мен еліміздің дамуына қосқан үлесін зерттеу өте маңызды. Өйткені жергілікті этностар қатарынан білікті мамандар өсіп жетіліп, олар болса өз кезегінде көп ұлтты республикамыздың өркендеуіне үлес қосты.

Немістердің Ақтөбе өңіріне қарқынды түрде көшіп келуі ХХ ғасырдың басына сәйкес келеді. Оған әр жылдары жүргізілген халық санақтары нақты дәлел бола алады. Кеңес үкіметінде жүргізілген 1920 жылғы халық санағы елдегі өмір сүріп жатқан халықтардың саны мен құрамы, облыстар бойынша қоныстануы туралы нақты көрсеткіштерді айқындап берді. Осы санақ негізінде кеңес үкіметі орнаған тұстағы немістердің демографиялық ахуалының қаншалықты деңгейде екендігін көруге болады. Бұл санақ нәтижесі империя кезеңіндегі немістердің демографиялық көрсеткішімен салыстырғанда біршама өскенін көрсетіп отыр. Қазақстанда немістердің жалпы саны 62760 болса, бұл 1897 жылғы санақпен салыстырғанда 9 есе өскендігін көрсетті (Бургарт Л.А., 1999, 13 б.).

1897 жылғы жалпы Ресей империясындағы бірінші халық санағымен салыстырғанда 1920 жылғы санақ көрсеткендей немістердің таралу аймағында біршама өзгешеліктер орын алды. Бұл кеңес үкіметі жүргізіп жатқан

шекаралық бөліністерге байланысты әкімшілік-аумақтық бөліністер себебінен екендігі белгілі. Санақ бойынша немістер ең көп шоғырланған облыс Ақмола болса, тақырыпқа сәйкес Ақтөбе жерінде айтарлықтай көп қоныстанғаны байқалмайды. Ақтөбе облысында 1920 жылғы санақ бойынша 2233 неміс тіркеліп ол жергілікті халықтың 06%-н, этникалық топтың 3,6%-н құрады (Бургарт Л.А., 1999, 13–17 бб.).

1922 жылғы Кеңес Одағының құрылуы халықтардың көші-қон процесін тежеп, саяси-әлеуметтік жағынан өзгерістер алып келді. Бұл кезеңде бірлі жарым ғана немістердің ел ішінде көшіп-қону жағдайлары орын алғаны болмаса жалпы процес тоқтап тұрды. Өйткені Кеңес үкіметі жүргізіп жатқан түрлі экономикалық жұмыстар: ЖЭС, индустрияландыру, ұжымдастыру салдары тек ғана қазақ жұртына әсер етіп қоймай немістердің де жағдайына тікелей ықпал етті. Елдегі орын алған саяси-экономикалық шаралар немістердің де демографиялық жағдайындағы өзгерістерді туындатып, бір облыстан келесіге қоныс аудару салдарынан көрсеткіш саны ауытқып отырды. Зерттеу барысында бұл процес 1926 жылғы халық санағынан анық көрінді.

1926 жылғы халық санағы бойынша немістердің көп бөлігі 85,75%-ы Қазақ АКСР-ның солтүстік-шығысында шоғырланып өмір сүргені байқалады. 1926 жылғы санақ бойынша Ақтөбе округінде қазақтар мен орыстарды қоспағанда 36 ұлт өкілі мекендеген. Округ бойынша 16584 адам тіркеліп оның 5121 қалада, 11019 ауылдық жерде қоныстанған.

1926 жылғы санақ бойынша немістер қоныстанған селолар тізімі

№	Орналасқан ауданы мен село атауы	Ұлты	Шаруашылық саны	Тұрғындар саны
1	Ново-Алексеевский ауданы, Михайловский селосы	неміс	83	449
2	Ақбұлақ ауданы Ново-Марьевский селосы	неміс	47	240
3	Ново-Алексеевский ауданы, Ново-Петровский селосы	неміс	83	438
4	Ново-Алексеевский ауданы, Надежданский селосы	неміс	38	21

1926 жылғы санақ бойынша Ақтөбе губерниясында Ново-Алексеевка ауданы, Михайловская селосында орналасқан неміс бастауыш мектебі көрсетілген. Мектепте – 3 топ, комплект саны – 3, мұғалім – 1, барлығы 46 оқушы тіркелген. Санақ бойынша Ақтөбе губерниясында қалада тұратын немістердің жалпы саны:

Ақтөбе	47
Темір	20
Шалқар	7
Барлығы	74

(АОМА, қ-63, т-1, іс-20, 6 б)

Көріп отырғанымыздай басқаларға карағанда Ақтөбе губерниясының Темір өңірінде немістер көп шоғырланған. Бұл сол кездегі Темір қаласының батыс аймақтағы ірі сауда нүктесі мен мәдени ошақ болуына тікелей байланысты. Өйткені қазіргі Ақтөбе қаласындағы алдыңғы қатарлы оқу орындары мен сауда нүктелері ХХ ғ. басында Темірде ашылған болатын. Әртүрлі маман иесі атанған неміс азаматтары осы жерге жұмыс бабымен көшіп келіп қоғамның әр саласында қызмет етті.

Елде орын алған 1926 жылғы халық санағы немістердің жыныстық жағында анықтап, болашақ зерттеулер үшін таптырмас мүмкіндіктер сыйлады. Мәселен еркектер қауымы – 49,6%, әйелдер қауымы – 50,4%-ды құрап жыныстық бөлініс жағынан тең дәрежеде болғанын көрсетті. Ақтөбе губерниясы бойынша немістердің жыныстық бөліну ерекшеліктеріне назар салсақ. Мәселен жалпы немістердің саны 1718 болса оның 842 – ер, 876 – әйел адам болды. Қалада – 75, оның 40 – ер, 35 – әйел адам. Ауылда – 1643, оның 802 – ер, 841 – әйел адам болды (Всесоюзная перепись населения, 1926, 256 б.).

Жоғарыда көрсеткендей неміс ұлтының сандық жағынан өсуіне мүмкіндік мол болды. Бұл процес қарқынды жүріп ендігі он жылдықта неміс халқының саны айтарлықтай өсті. Кеңес Одағында орын алған 1937 жылғы санақта 80568-ге артып, жалпы халықтың 1,6%-н құрады (Всесоюзная перепись населения, 1937, 320 б.). Егер бұл санақ асығыс жүргізіліп, халық саны асыра көрсетіліп, мемлекет ыңғайына қарай жасалғанын ескерер болсақ немістердің де сандық көрсеткішінде өзгерістер болуы ықтимал. 1926 жылғы санақтан кейін орын алған ұжымдастыру, ашаршылық жылдарында орын алған келеңсіз жайттардан көрі Сталин жүргізген екі бес жылдық жоспардың дақпыртына баса назар аудару мақсат етілген болатын. Сондықтан халық санына қатысты цифрлар асыра көрсетіліп, нәтижесінде 1939 жылы қайта санақ жүргізуге тура келді.

1939 жылғы санақ бойынша Ақтөбе облысында 1617 неміс тіркеліп, жалпы неміс ұлтының 1,7%-ы, облыс халқының 0,5%-н құрады. Бұл көрсеткішке қарай отырып 1926 жылмен салыстырғанда Ақтөбе облысында аздап болса да неміс халқының саны азайғанын көруге болады. Жалпы немістердің солтүстік және солтүстік-шығыс, оңтүстік аймақтарға көбірек шоғырланып орталық, батыс өңірлерде аз болуының себебі шаруашылық жағдайына байланысты. Өйткені неміс ұлтының көбі егін шаруашылығына қарай икемделіп көрсетілген аймақтарға қоныстануға тырысқан. Дегенмен 1930 жылдардың соңына қарай Қазақ КСР-н өзге де облыстарында неміс ұлтының саны арта бастады. Өйткені батыс аймақтан немістер көшіріліп әкеліне бастаған болатын. Мәселен 1936 жылы батыс облыстардан 15 мың поляк көшірілгенде құрамында неміс отбасылары да қазақ жеріне келген болатын (Козина В.В., 2007, 45 б.). Осы жағдай 1939 жылы халық санағы кезінде немістердің санының күрт өсуіне жағдай жасады.

Ендігі кезекте екінші дүние жүзілік соғыс алдында Қазақ КСР-де қоныстанған немістерге байланысты қабылданған екі шешімді салыстырып қарайық. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінде Қазақ Орталық Атқару Комитеті Президиумының 1930 жылғы 21 наурыздағы «Украин және неміс халқына ана тілінде қызмет көрсетуді реттеу туралы» жарлық сақталған. Төмендегі құжат ақпараты тақырыпқа сай болғанына байланысты оны толық келтіреміз!

1. Ақмола, Петропавл, Павлодар, Қостанай уездік атқару комитеттеріне немістер арасында жұмыс жөніндегі арнайы комиссарды енгізу туралы ұсыныс жасау;

2. Неміс кеңестері бар округтер мен аудандарда орналасқан атқару комитеттерінің штаттарына неміс халқы арасындағы жұмыс жөніндегі нұсқаушыларды енгізуді ұсыну;

3. Барлық округтік атқару комитеттері белгіленген қағидаларға сәйкес округте неміс кеңестерін сақтау және бөлу қажеттілігін ескеру қажет. Ақмола аудандық атқару комитеті жоспарланған неміс ауданын құруды 1 мамырға дейін аяқтау міндеттелсін;

4. Қазіргі уақытта өткізіліп жатқан кеңестердің ішінара қайта сайлауларына байланысты барлық неміс ауылдық кеңестерінің қайта сайлауын оларды кулак элементтерінен үзілді-кесілді тазарту, еңбекшілер мен кедейлердің рөлін күшейту, бұл кеңестерді ауыл шаруашылығын қайта құру мен колхоздар қозғалысының айнасына айналдыру;

5. Болашақта құрылатын неміс аудандары мен ауылдарында іс-жүргізу жұмыстары ана тілінде жүргізілсін;

6. Мәдени бес жылдық жоспарын жасағанда Халық ағарту комиссариаты неміс халқына ана тілінде мәдени қызмет көрсетуді, әсіресе немістер қоныстанған ауылдарда ана тілінде білім беруді қамтамасыз ету;

7. Жергілікті атқару комитеттеріне орыс-неміс т.б аралас тұратын ауылдар мен округтерде кеңестік, ұжымдық колхоздардың басшылығы мен сайланбалы органдарына немістерді көбірек тарту;

8. Неміс халқы бар облыстар мен аудандарда жұмысшыларды даярлау және қайта даярлау курстарына тарту, сондай-ақ немістерге арналған арнайы курстарды ұйымдастыруды ерекше ескеру»; (АОМА, қ-63, т-1, іс-20).

Енді араға төрт жыл салып 1934 жылы 28 желтоқсанда жазылған архив деректеріне назар аударайық.

«БКП (б) Қостанай, Семиозерный, Меңдіқара, Федоровка, Жітіқара, Қобда, Мәртөк, Степной, Темір аудандық комитеттерінің хатшыларына.

«Аса құпия»

Өлкедегі неміс халқы қоныстанған колхоздар мен жұмысшылары арасында жүргізілуі тиіс жұмыстардың партия үшін маңызды екеніне қарамастан осы күнге дейін аудандық атқару комитеті, бастауыш партия ұйымдары мен ауылдық кеңестер өз деңгейінде жұмыстанбаған. Немістерге Партиялық жаппай жүргізілетін жұмыстарды айтпағанда күнделікті жұмыс жүргізілмей, неміс халқының ерекшеліктері іс жүзінде ескерілмеген. Неміс ұлтының арасында партиялық және комсомолдық байланыс шамалы, тіпті бірқатар ауылдық кеңестерде, колхоздарда коммунистер мен комсомолдар мүлде жоқ.

Өлкелік комитеттің қарауындағы материалдар бірқатар неміс ауылдарында діни және әсіресе секталық бағыттың жанданғанын, кулак элементтерінің контрреволюциялық әрекеттері белең алғанын көрсетіп отыр. Таптық-дүшпандық элементтер өздерінің қарсы әрекеттерін күшейтті, әсіресе Германияда фашистердің билік басына келуіне және неміс астыртын құрылымдарының контрреволюциялық яғни антисоветтік әрекетінің жаңа кезеңге аяқ басуымен тікелей байланысты. Қобда, Семиозерный, Қостанай,

Ақбұлақ аудандарына қарасты колхоздарда фашистік ықпалдың етек алуына туыстары арқылы «Германияның қайырымдылық қоры» хат алмасуы себеп болып отыр. НКВД анықтаған фашистік контрреволюциялық ұйымдардың қызметі төмендегі жағдаяттарды дәлелдейді:

1. Олар неміс «қайырымдылық» қоғамына Кеңес Одағының ішкі жағдайы, КСРО-дағы немістердің кедейлік күйін почта жіберу және басқа да байланыс түрлері арқылы хабардар етті.

2. Олар Германияға Кеңес Одағы туралы жала жабылған жалған ақпараттар тарату үшін қайырымдылық қоғамдарының мекенжайларын ұйымдасқан түрде таратқан.

3. Немістер қоныстанған жерлерде фашистік ұлтшылдық идеяларын насихаттады.

4. Кеңес Одағы мен Германия арасындағы шиеленіскен қарым-қатынасқа негізделген антисоветтік және КСРО-ның жеңіліске ұшырайтындығы жөнінде үгіт жүргізді.

Осы жағдайды ескере отырып НКВД облыстық басқармасы фашистік ойдағы элементтердің бұл контрреволюциялық әрекетінің жолын кесу үшін фашистік Германия алдында Кеңес Одағының беделін түсіру мақсатында жалған жала таратқан бірқатар адамдарды тұтқынға алды.

Төменде бірнеше айыпталушылардың жауаптарын келтірдік.

1. Германияға хат жазу арқылы негізінен бұрын бай адам болғанымды, қазір нашар өмір сүріп жатқанымды хабарлауды мақсат еттім. Бұл тілегім Кеңес Одағына деген дұшпандық көзқарасымнан туындап отыр, мен оны үнемі қаралауға тырыстым

2. 1933 жылы желтоқсанда менің қолымда 20-25 пұт ұн бар еді, қаржы қажетсіз болды, соған қарамастан колхоздамын, отбасыммен аштыққа ұшырадым, нанға мұқтаж болдым, киім керектігі жөнінде жалған ақпарат беріп, неміс ұйымдарынан көмек сұрадым.

Өлкелік комитеттің қолында бар материалдар контрреволюциялық-фашистік, кулак элементтері біздің өлкелік ұйымдардың мүлде қанағатсыз жұмысын, әсіресе елді мекендердегі коммунистердің, комсомолдардың шаруашылық-саяси науқандар мен мемлекеттік міндеттемелерді орындаудағы әрекетсіздігі, жеке шаруаларды және колхозшылар арасындағы тұрақсыз элементтерді өз ықпалына алу барысын көрсетеді.

Бұл контрреволюциялық-фашистік элементтер колхоздардағы жұмысты тоқтатуға (еңбек тәртібін бұзу, жұмысқа шықпау, саботаж және т.б ұйымдастыру) күш салуда.

Осы көрсетілген жағдайдың барлығы партия, комсомол ұйымдарының, кеңестер жұмысының мүлде қанағаттанарлықсыз деңгейде жұмыстанғанын көрсетеді.

Облыстық комитет ұсынады:

1. Жағдайды тез реттеу үшін неміс халқының ерекшеліктерін білетін, ыждағатты, сыннан өткен жолдастар таңдап алынып неміс қоныстарындағы партия және кеңес жұмыстарының жай-күйіне дереу шолу жүргізісін. Осы колхоздардағы коммунистер мен комсомолдардың халық арасында қандай нақты жұмыс жүргізетінін тексерсін.

2. Колхоздарда кулак элементтерін анықтау, немістер қоныстанған колхоздарды ұжымдық, экономикалық және саяси тұрғыдан нығайту.

3. Немістер қоныстанған колхоздардағы бастауыш партия ұйымдарының жұмысы туралы есептерді тыңдау, коммунистердің есебін жекелей тыңдап, оларға басшылықты күшейту.

4. Зерттеу барысында бастапқы партия ұйымдарынан өзімізге пікірлес адамдардан топ құру, олардың арасында партиялық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, әрқайсысына күнделікті нақты тапсырма беру.

5. Облыстық комитет неміс газеті жоқ жерлерде міндетті түрде Еділ бойындағы Неміс автономиясы немесе Мәскеу орталық неміс газеттеріне жазылуды ұйымдастыру. Сонымен қатар облыстық комитет тарапынан қызыл бұрыштар мен қабырға газеттерін оқуға баса көңіл бөлу.

6. Неміс колхоздарындағы ауылдық кеңестердің есебін тыңдау, жұмысты жақсартуға бағытталған нақты шаралар қабылдауға, өз шешімдерінің орындалу барысын нақты қадағалауға дағдыландыру.

7. Облыстық комитет неміс қоныстарындағы партиялық жұмыстарға немқұрайлы қарауды тоқтатуға, әрбір колхозда жеке партиялық жұмыстарды енгізуді қадағалау.

Немістер қоныстанған колхоздарда жұмысты аса ыждағаттылықпен жүргізіп, шекарадан тыс байланыстарды тоқтатып, кулак элементтерін жойып, контрреволюциялық жат пиғылды тоқтату қажет. Облыстық комитет жүргізілген жұмыс пен қабылданған шешімдердің есебін 15 қаңтарға дейін тапсыру міндеттеледі» (АОМА, қ-13 т-4, іс-300,151 – 153-бб.).

Архив қорында көрсетілген екі дерекке қарай отырып Кеңес үкіметінің немістерге деген көзқарасының қалай тез өзгергенін нақты көруге болады. Алдымен 1930 жылы Кеңес үкіметі немістерге біршама мүмкіндіктер беріп, ана тілінде іс жүргізу мен мәдени шараларға рұқсат етті. Келесі 1934 жылдан бастап жағдай мүлде басқа арнаға ауысқан. Бұл Германияда фашистердің билік басына келуімен немістерге деген сенімсіздіктің алғашқы оты тұтанып, алдағы уақытта қатаң бақылауға алынды. Міне, Кеңес Одағындағы немістердің үкімет назарына ілігіп, болашақта жүргізілетін күштеп қоныс аудару жұмыстарының алғышарты расымен 1934-1935 жж. тұтанды деп толық айтуға болады. Кейін 1936 жылы поляктар мен бірге немістердің алғашқы толқыны қазақ жеріне күштеп қоныс аударылуы бұған нақты дәлел болады. Украин КСР-нан 1936 жылы қоныс аударылған 15 мың неміс және поляк арнайы қоныстанушыларының 12 мың адамын бұрынғы колхоздарға, қалған 3 мың адамды жаңа ұйымдастырылған жеке колхоздарға орналастыру жоспарланды. Арнайы қоныстанушылар:

№	Облыс атауы	Саны
1	Шығыс Қазақстан	8000 шаруашылық
2	Алматы	3000 шаруашылық
3	Қарағанды	3000 шаруашылық
4	Ақтөбе	1000 шаруашылық

(АОМА, қ-13, т-5, і-2, 278 – 279-бб)

Жалпы кеңестік модернизация жылдарында немістердің саны біршама артты. Оған себеп ретінде төмендегі факторларды келтіруге болады.

- Қазақ АКСР тұсындағы облыстық межелеу кезіндегі халық санындағы өзгерістер;
- Немістердің жыныстық бөлінісіндегі ер мен әйел адамдардың тең жағдайда дамуы;
- Немістердің жергілікті ұлттармен некелеспей еуропалық нәсілдегі ұлттармен некеге тұруы өзіндік ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік туғызды;
- 1930 жылдардың соңына қарай Ресейдің еуропалық аймағынан немістердің көшіріліп әкелінуі.

Қорыта келе қазақ даласындағы неміс халқының тағдырына үлкен әсер еткен модернизация кезеңі ұлттың ұйысып, болашақ тағдырына зор әсер етті. Өйткені елде жүргізілген түрлі экономикалық шаралар немістердің шаруашылық саласына да тікелей әсер етіп, немістердің арасынан түрлі маман иелері шығып, өндірістік қатынастарда жие төбе көрсете бастады.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. қ-63, т-1. іс-20
2. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. қ-13, т-4, іс-300.
3. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві қ-13, т-5, іс-2.
4. Всесоюзная перепись населения 1926 года. – Том VIII. Казахская АССР. Киргизская АССР. Народность. Родной Язык. Возраст. Грамотность.– Москва, издание ЦСУ Союза ССР,1928. –256 с.
5. Всесоюзная перепись населения 1937 года: общие итоги. Сборник документов и материалов. – Москва, РОССПЭН, 2007. – 320 с
6. Немецкое население Казахстана в конце XIX–XX вв. (По материалам всеобщей переписей населения 1897-1999 гг.). Сборник / Сост. БургартЛ.А.–226 с.
7. Козина В.В. Демографическая история Казахстана (конец XIX – нач. XXI вв.). – Караганда: Изд.КарГУ, 2007.–145 с.

ВОЗВРАЩЕНИЕ ПРАВДЫ И ПАМЯТИ

Г.К.Сибгатова

*Экскурсовод Мартукского районного
историко-краеведческого музея*

Память о трагических страницах нашей истории, о жертвах политических репрессий и голода всегда была, есть и будет для нашего народа священной. Расстрелы и аресты ломали судьбы миллионов. Дети оставались без отцов и матерей. Для Казахстана эта дата имеет особый смысл. Так сложилась история, что наша республика стала местом депортации для миллионов советских граждан.

За период 30–50 гг. в Актюбинской области репрессиям подверглись около 7000 человек. На сегодняшний день 5200 из них реабилитированы, по городу Актюбинску арестовано 1104 человек или 21,9%, по Шалкарскому району – 555 или 11%, по Табынскому (Байганинский) – 465 (9,2%), Темирскому – 388 (7,7%), Жарыкскому – 327 (6,5%), Актюбинскому – 320 (6,4%), Хобдинскому – 289 (5,7%), Новороссийскому – 284 (5,6%), Мартукскому – 262 (5,2%), Уилскому – 260 (5,2%), Иргизскому – 236 (4,7%), Карабутацкому – 227 (4,5%), Ключевому – 227 (4,5%), Степному району – 137 (2,7%). Среди них г. Актюбинск, Шалкарский, Иргизский и Табынский районы были представлены в материалах НКВД как центры контрреволюционной, националистической, панисламской деятельности, поэтому большинство арестованных из этих мест были приговорены к расстрелу.

По данным архивов УКНБ РК по Актюбинской области репрессиям были подвергнуты 2366 казахов, или 45% от всех репрессированных, 1339 русских (25%), 638 украинцев (12,9%), 329 немцев (6,2%), 132 еврея (24%), 126 корейцев (2%). Остальными пострадавшими от политических репрессий были представители татарской, азербайджанской, польской и других национальностей. (Жертвы репрессии, 1997, с. 35–37)

Среди них и наши земляки – мартучане бывший летчик, участник Парада Победы 1945 г. в Москве – Козыревский Иван Денисович, Жубатыров Кузен, Умбетов Казтай, Буткевич Никодим Иванович, Камбар Медетов, Печеруш Николай Афанасьевич, Шеингальс Иван Андреевич, Рифель Иоган Теодорович и др.

Рис. 1, 2- Козыревский Иван Денисович

Козыревский Иван Денисович – родился в 1916 году в селе Мартук

Выбытие: 23 февраля 1944 г., лагерь №6, Выборг.

Был призван Мартукским РВК 1 января 1939 г., награжден двумя орденами «Красного Знамени», медаль «За оборону Ленинграда», медаль «За взятие Берлина», орден «Отечественной войны» I степени, медаль «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.».

Его экипаж наносил бомбовые удары по Кенигсбергу, Берлину. Всего он совершил 180 боевых вылетов. О честном выполнении своего долга свидетельствует орден Отечественной войны I степени, два ордена Красного Знамени. Так как он попал в плен в 1944 году, в 1948 году был арестован и

вынесли решение – 15 лет исправительно-трудовых работ. Скитания по лагерям, работал в шахте, после смерти Сталина в 1954 г был амнистирован. И только в конце 1991 года Козыревский Иван Денисович получил долгожданный документ – справку о реабилитации, а в 1995 году получил все свои когда-то отнятые ордена. Тогда Ивану Денисовичу было 79 лет.

Письмо Ивану Денисовичу

16 марта 1992 год

Здравствуй, дорогой Иван Денисович!

Получил твоё радостное письмо от 03.03.1992 года. Я тоже был приятно обрадован и удивлен тем, что главные проблемы заметно сдвинулись с застойных мест, хотя окончательное завершение ещё впереди. Но я вполне разделяю твою оценку в том, что общими усилиями одержана, пожалуй, самая важная победа – это моральное удовлетворение в том, что теперь есть законное юридическое основание считать, наконец, что справедливость восторжествовала. Лично для тебя это было всегда ясно, но окружающие тебя люди и бюрократы, которые лишали тебя законных прав, думали иначе. А это тебя всё это время волновало и ограничивало жизненные потребности и духовные интересы. Дело усугублялось не только преступными действиями КГБ, но и клеветническими наветами объявленных негодяев, одним из которых был И.Федоров. Теперь пришло время дать этому подлому типу объективную оценку, вытекающую из моего боевого прошлого и опыта генерал-лейтенанта авиации Федорова С.Я. – ныне председателя Совета ветеранов АДД, с которым у меня была беседа по личности И.Федорова.

В октябре 1941 года в нашем 53-ем осталось всего 2 самолета – один ДБ-3.Р(ИЛ-4) и другой ДБ-3А. Этот самолет устаревшей конструкции не имел протектированных бензобаков, не было баллона с CO₂, моторы слабые, вооружение только ШКАСа. Словом – «летающий гроб». На этом самолете летал только наш экипаж, а на ИЛ-4 все летчики летали по очереди. Мы с Цетлиным сделали днем 6 боевых вылетов и после 6-го вылета Цетлин сказал «сходи».

Из газеты «Вестник Ясенский» 17 мая 2019 года «В семье Анатолия Козыревского история его отца, военного летчика Ивана Денисовича сродни легенде, где каждая страница жизни достойна безмерного уважения и гордости.

Иван Козыревский – участник советско-финской войны и Великой Отечественной. Уже 23 июня 1941 года он совершил первый боевой вылет на прорвавшиеся под Двинск моточасти врага. Воевал славно, о нем не раз писали фронтовые газеты.

В феврале 1944 года после боевого задания его самолет попал под плотный огонь зениток, из-за повреждения двигателя потерял управление и не смог дотянуть до линии фронта. Экипаж попал в плен к финнам. Долгие и мучительные допросы завершились отправкой на рудник. Лишь в сентябре, когда Финляндия прекратила военные действия против СССР, Ивана вместе с другими военнопленными вернули на Родину.

И снова допросы, проверки, работа на шахте Подмосковского угольного бассейна. В декабре 1944 года отдел кадров 18-й Воздушной армии направил Козыревского в свой 109-й полк. И вновь он громил врага, наносил удары по

Кенигсбергу, Берлину. Уже по возвращении из плена был награжден орденом Отечественной войны второй степени, а ранее удостоен двух орденов Красного Знамени и ордена Отечественной войны первой степени.

24 июня 1945 года Иван Денисович Козыревский принял участие в Параде Победы на Красной площади в составе сводного полка Карельского фронта!

После Победы был направлен на Дальний Восток, где принял под командование эскадрилью 303-го авиаполка. Но утром первого января 1948 года Козыревский был арестован подразделением СМЕРШ. Поводом послужили записи финской разведки. Семью в 24 часа выслали из части.

Военным трибуналом по обвинению в измене Родине Козыревский был приговорен к 15 годам исправительно-трудовых работ в лагерях. Амнистировали Ивана Денисовича лишь после смерти Сталина, в 1954-м, но... не реабилитировали.

Долгие годы он писал в разные инстанции, доказывая свою невиновность. Лишь в конце 1991 года получил долгожданный документ из Главной военной прокуратуры – справку о реабилитации, подтверждающую его невиновность и служащую основанием для восстановления в гражданских правах, возвращения звания, наград и льгот (Рис. 3).

Иван Денисович Козыревский ушел из жизни в 2001 году. Похоронен в Коломне со всеми воинскими почестями. Сын фронтовика Анатолий и внук Сергей Козыревские живут в Ясном. Они бережно хранят правду и память о родном человеке».

Также репрессиям была подвергнута семья Риффель. 2 октября 2023 года с рабочим визитом посетил Актюбинскую область земляк, мультипликатор Баварского культурного центра, представитель переселенцев города Нойштант-Айш-Бад-Виндсхайм, Губерт Владимир Дмитриевич с супругой Анной, который в данный момент проживает в Германии город Ансбах. Предки Владимира были депортированные немцы с Северного Кавказа села Канова в Мартукский район в 1941 году, проживали позже в селе Степь-Коммуна, в настоящее время Карабулак Аккудыкский сельский округ Мартукского района.

По рассказам прабабушки Эльвиры, 20 октября 1941 года депортировали их с Кавказа село Канова, раньше было Альцханна Фриденфельд (там жили семьи Риффель) в Казахстан, почти два месяца были в пути. Сейчас это Северный Кавказ Ставропольский край, река там была Кура в том районе по рассказам бабушки. Высадили в Мартуке в степи, было прохладно, они легко одеты, рыли землянки. Есть было нечего и жили первое время в этих землянках. То, что оставалось на поле картошка они собирали, вылавливали и ели сусликов. За день до депортации, им сказали, чтоб собирали вещи на три дня, но как оказалось покидали родные места навсегда.

Когда они с моря приплыли, сестра прабабушки была маленьким ребенком, она умерла в вагоне, не дали даже похоронить, ее там и оставили. Ехали они долго через Каспийское море, туда – сюда, наверное, не знали куда везти. Прапрабабушку, когда они приплыли, умерла, похоронили уже в Казахстане, был какой-то момент закопали в землю, снег только выпал, там

и похоронили. Со слов Владимира бабушку звали Эльвира, ее мама Вера Риффель. В Мартуке был лагерь, приходили отмечаться.

Семьи Мессерле, Риффель, Далеский все являются родственниками, кто-то проживал в Яйсане, но в основном в Степь-Коммуне. Затем многие переехали в Актюбинск. Владимир Губерт посетил Мартукский музей, где был продемонстрирован видеофильм, который был снят сотрудниками музея – фильм ко дню памяти жертв политических репрессий, где своими воспоминаниями делится Риффель Иоган Теодорович. По его рассказам все детали рассказа совпадают с воспоминаниями бабушки Владимира, а также был очень удивлен, что у нас до их пор проживают семьи Риффель (Рис. 4, 5).

Губерт Владимир Дмитриевич решил посетить эти места Мартукского района уже осознанно по тем воспоминаниям бабушки, убрать могилку, где захоронены родные, районный музей – где собраны материалы о депортированных немцах-переселенцах, узнать историю района в целом, сделать видео и фото архив и показать родным, которым очень интересно, так как многие родные проживают в Германии. Историю семьи была написана бабушкой на немецком языке для своих внуков, которую Владимир знает почти наизусть. Из истории района Степь-Коммуна была создана переселенцами в начале XX века, испытав тяготы первой мировой, гражданской войн 22 семьи в 1920 г. образовали артель «Степь». Имелся собственный устав. В 1921 г. получили трактор «Фордзон», посадили фруктовый сад. В 1924 году на 16 семей приходилось 9 лошадей, 8 быков, 3 верблюда, 16 коров, 50 овец, 6 свиней, 4 арбы, трактор, 700 га посевных площадей. В 1926 г. коммуну возглавил Андрей Михайлович Заваритько. В 1936 г. насчитывалось 6500 саженцев яблони, было собрано 9 ц. клубники, 30 ц. смородины и другой продукции. В 1930–1957 гг. коммуна была преобразована в колхоз. В 1957–1990 гг. второе отделение совхоза «Первомайский». В колхозе работали Герой Социалистического Труда Мария Чипигина, депутат Верховного Совета КазССР Андрей Заваритько. (Ділмагамбетов Р.Ж., Қаракеев С.О., 2009, с. 635) (Рис. 6).

Список литературы и источников

1. Газета «Вестник Ясненский» 17 мая 2019 год. Статья о Козыревском Иване Денисовиче Оренбургская газета, Россия [https://vk.com/wall519035519_383\](https://vk.com/wall519035519_383)
1. Книга 1. «Қуғын- сүргін құрбандары. Жертвы репрессий» қаралы тізім, Ақтөбе, 1997 ж. – 35 стр, 37 стр.
2. Газета «Мәртөк тынысы» №40, 07.10.2023, статья «Забытая трагедия. Приезд Владимира Губерта» 4 стр., Сибгатова Г.К. <https3://martok-tynysy.kz/rus/zabytaya-tragediya-priezd-vladimira-guberta>
3. Сибгатова Г.К. Газета «Мәртөк тынысы», 25.05.2020 статья «Горе и страх» 5 стр.
4. Фонд Мартукского районного историко-краеведческого музея



Рис.1 Козыревский Иван Денисович (1916-2001) – военный летчик авиации дальнего действия, участник Парада Победы 1945 года в Москве



Рис.2 Фото – Козыревский Иван Денисович с однополчанином во время Великой Отечественной войны



Рис.3 Награждение Ивана Денисовича Козыревского. Награждает начальник Автобазы Анатолий Шек



Рис.4 Губерт Владимир в Мартукском районном историко-краеведческом музее 2 октября 2023 год



Рис.5 Экскурсия в Мартукском районном музее (Сибгатова Г.К.) – Губерт Владимир Дмитриевич – земляк, мультипликатор Баварского культурного центра, представитель переселенцев города Нойштандт-Айш-Бад- Виндсхайм

„Es ist mir alles fremd“

Vladimir Hubert ist nach Kasachstan gereist. Er suchte nach Spuren seiner Vorfahren

VON NINA DAMBEL

BAD WINDSHEIM/KASACHSTAN – Landkreisleitender Vladimir Hubert ist zu seinen Wurzeln gereist. Dort, wo seine Vorfahren gelebt und trotz aller Widrigkeiten versucht haben, sich ein neues Leben aufzubauen, nach Almaty in Kasachstan, wo auch er gelebt wurde. Noch einmal will er nicht dorthin zurück. Das Land ist ihm fremd, nicht mehr wie Heimat – nie wirklich gewesen.

„Denn seine Familie war nicht Öst-Östlich in diesem ‚Niemandsland aus Sande und Wasser‘ geblieben. Sie war verschleppt worden: Am 20. Oktober 1941 hatte man sie ins Nordkasachstan in Verlegung genommen und zum Kaspien Meer gebracht. Anschließend war es mit einem Schiff weitergegangen. Huberts Ur-Ur-Gma Ella Käpfer war eine der Vertriebenen. Während der Fahrt über Kaspiische Meer erkrankte ihr Kind in ihren Armen. Es war ein Mädchen, Helena. Die Pfleger waren das lebende Kleinkind nachts über Bord.“

Im Exil in Kasachstan angekommen, sorgte sich niemand um sie. Doch es ging weiter. Argentinien. Es



Vladimir Hubert im Gespräch mit Gulmira Sagotova, der Leiterin des Museums in Matka.



Vladimir Hubert legt am Grab seines Ur-Ur-Großvaters in Kasachstan einen Kranz nieder.



Svetlana Viktorovna, Leiterin der deutschen Vereinigung „Widerstand“ in Badonoch, hat Vladimir Hubert zur Gedenkstätte geführt. Foto: Anja Böhm

wurde gelebt, geliebt, geheiratet, gelitten, gestorben und neues Leben begonnen. Vladimir Hubert war eines dieser Lebewesen.

Als er 18 Monate alt ist, wird er gemeinsam mit seinen Eltern nach Bayern, um fernam dort zu leben – am 23. September 1952 kommt er an. Damit gebietet die kleine Familie nun den „Auslandswandern“. Also zu den Russen/Deutschen, die aus der zerschlagenen UdSSR zurück nach Deutschland gekommen sind.

Familienbuch dem Museum übergeben

30 Jahre später nun hat Hubert das mitgenommen, sich mit der Geschichte seiner Familie zu beschäftigen und sie aufzuschreiben. Im Frühjahr dieses Jahres ist sein 40. Seiten umfassendes „Familienbuch“ über seine russlanddeutschen Vorfahren fertig geworden. Darin berichtet er in Wort und Bild, wofür sie kamen, wo ihnen widerfahren ist und wie sie schließlich in ihre deutsche Heimat zurückkehren konnten. Einige weni ge Anekdoten des Buches hat Hubert drucken lassen, um sie an seine Verwandten zu verschicken.

Ein Exemplar hat er auch Gulmira Sagotova übergeben, der Leiterin des Museums in Matka. Sie hat es während seiner siebenstägigen Reise durch Kasachstan besucht. Im Gepäck hatte er neben dem Buch auch Fotos aus dem Familienalbum. „Was ich von meiner Familie erzählt habe, ist von der Museumsmitarbeiterin dokumentiert worden“, erzählt Hu-

bert. Denn sie wolle in Matka das Schicksal der Russlanddeutschen thematisieren und zeigen, wie sich die Vertriebenen in der Periode eines neuen Existenz aufbaut haben. Dieses dunkle Kapitel der Geschichte soll nicht vergessen werden.

Die Gräber werden nicht mehr gepflegt.

Hubert war bereits vor rund 20 Jahren auf den Spuren seiner Vorfahren in Kasachstan unterwegs – damals gemeinsam mit seiner Großmutter. Damals hatte er seine Lebensgefährtin Anja mit dabei. „Mir war wichtig, dass sie das alles auch einmal sieht“, sagt Hubert. Die sei bestaunt gewesen, inwieweit verschuldet, verwirrt und traurig. Er sei eine emotionale Reise gewesen.

Viele Friedhöfe haben sie besucht, jeden Tag. Dazu Gedenkstätten. Sie haben Kränze gelegt und die Toten in Erinnerung. So hat Hubert das Grab seines Ur-Ur-Großvaters Karl Meserle besucht und ihm ein Blumengesteck mit Schokolade gegeben. Die Gräber

wurden nicht mehr gepflegt, stattdessen hoch war die Gras geschneitten“, erzählt Hubert, dessen Ur-Ur-Großvater im Jahr 1929 gestorben war, nachdem er zuvor als angelegter deutscher Spion ins Arbeitslager gesteckt worden war.

Dort sei er schwer krank geworden und drei Monate nach seiner Entlassung gestorben. „In ewigen Gedächtnis, Deine Familie“, steht auf der Schinde, die Hubert in Deutschland hatte aufhängen lassen. Die Kreuzsiederlegung war ihm ein Bedürfnis. Genauso wie der Besuch des Hauses, das seine Familie einst aufgegeben und bewohnt hatte. Viel ist ihm nicht übrig geblieben. Die Erde, die er im Garten seines Hauses verstreuen, das er in Saganbeim baut.

Viel erzählt, viel erzählt. Informiert hat er sich gemeinsam mit seiner Lebensgefährtin während dieser Reise auch darüber, wie es der noch immer in Kasachstan lebenden deutschen Minderheit ergeht. Die

Dachorganisation ist die gesellschaftliche Stiftung „Vereinigung der Deutschen Kasachstans „Widerstand“. Die geborene 21-jährige Tochter der Minderheiten mit mehr als 50 Begegnungspunkten ist die deutsche Leiterin der deutschen Vereinigung „Widerstand“ in Badonoch und hat dem Paar aus Deutschland viel gezeigt und erzählt.

Mit den Händen Nickel abgebaut

Beispielweise vom Arbeitslager in Badonoch. Die Deportierten mussten dort Nickel abbauen. Nur mit ihren bloßen Händen. Heute sind aus den Abhangen idyllische Seen geworden, in denen die Einzelinseln trotz der immer noch massiven Strahlenbelastung baden“, sagt Hubert und erzählt von den Erfahrungen, in denen die Insassen nach einem schweren Arbeitstag im Schatten schlafen mussten. Von dem Leid und der Hoffnungslosigkeit ist nichts mehr sichtbar. Nur ein weißer, wackeliger nachts, wird

die Ursache der früheren Blauherz in mitten der Kette erzählen können.

Diese Reise sei wichtig für ihn gewesen, um seine Spurensuche abschließen zu können, betont Hubert. Wiederholen will er sie nicht. „Für mich war das alles fremd. Das ist nicht unsere Heimat – und das war sie auch nie.“ Er sei froh gewesen, wieder zurück nach Deutschland fliegen zu dürfen.

Beerdigt sei er von der Landschaft gewesen, von den zwei lebenden Wildpferden. Seine Gespräche mit den Kasachen hätten immer wieder einen gezeigt. Das Land kommt nicht vorwärts und ist abhängig von Russland. Dort wird die deutsche Minderheit weiterhin ungeduldet. „Die Leute leben arm, und viel verarmen. Ich bin hier in den vergangenen Jahrzehnten nicht.“

Für Hubert gebietet Kasachstan zur Familiengeschichte. Aber seine Zukunft liegt in Deutschland. Mittlerweile hat er sich von Bad Windsheim nach Saganbeim orientiert, wo er sich mit seiner Anja ein Zuhause aufbauen will. „Wir sind angekommen.“

Рис.6 Франковская районная газета, Германия от 5 января 2024 года, статья о посещении Мартукского районного музея

МУЗЕЙ – Өңір тарихы мен ұлт руханияты

Ұ.Т.Осанова

*Мәртөк аудандық тарихи-өлкетану
музейінің директоры*

Музей – ғылыми-зерттеу арқылы тарихи-мәдени құндылықтарды тиімді сақтап, насихаттауды жолға қояды. Зерттеулер музейдің ғылыми жұмыстарының шектелген құрамдас бөлігі болып табылады. Музей қорына келіп түскен тарихи құжаттар, музейлік мәні бар заттар, фотосуреттер, қолжазбалар арқылы зерттеуді тереңдетуге бағытталған. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бірнеше жылдарға созылып, еңбектің жемісі нәтиже бергенде тамтұмдап жиналған мәліметтің бекерге кетпегеніне қанағат тұтасың.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында: «Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмтыламыз. Бұл – айрықша маңызды жыл болмақ. Өйткені осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады», деп айрықша атап өтті. Осы орайда ел мәдениеті мен білім жүйесінің ең маңызды буындарының бірі саналатын музей маманы ретінде бүгінгі жаһандану заманында отандық музейлерге де өзінің қызметін қайта қарастырудың қажеттігі туындап отырғандығын тілге тиек еткім келеді. Ұзақ жылдар бойы музейлер коллекцияларды жинақтап, сақтайтын ағартушылық мекеме ретінде қарастырылып келді. Ендігі уақытта тұтас бір елдің, қала мен аймақтың дамуында мәдени, әлеуметтік феномен ретінде, сондай-ақ өскелең ұрпаққа ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттау және оларды рухани-танымдық тәрбиелеуде маңызды рөлге ие құрылым ретінде музей жұмысына жаңаша көзқарас қалыптастыру қажет. Музейлер бір-бірімен келушілер санымен бәсекелесіп, жеке-дара қызметін көрсетпей, керісінше бір-бірімен әріптестікті дамытып, жұмыстың бірыңғай моделі мен механизмін жасап шығуға тиіс.

Жалпы, музей тарихтың жады болғандықтан, даңғара музыкадан гөрі, ғылыми ортасы қалыптасқан, мәдени-білім беру және ғылыми зерттеу жұмыстарын қатар атқаратын іргелі мекеме болғаны жөн. Музей мамандары – түрлі идеяның бастамашысы және оны жүзеге асырушы ретінде саланың мәртебесі мен басымдықтарына тың өзгерістер енгізіп, отандық кәсіби қызметке жан бітіріп, жаңа сатыға көтеруі қажет («Егемен Қазақстан» газеті, 13.02.2024, 4 б.).

Кез келген музей жәдігерін зерттеу ғылымға негізделеді. Қазіргі кезде музей ісі адам қызметінің ғасырлар бойы қол жеткізген нәтижесі ретінде, табиғаттың сыйы мен ерекшелігін көрсетіп (табиғи музей, қорықтар), ғылыми құжаттармен негізделіп, түрлі профильді салада жұмыс істейтін жұмыс ретінде қарастырылады. Музейлердің зерттеу объектісіне айналдыру немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жайлы мәселелер ХХ ғасырдың соңғы онжылдықтарында айтыла бастады. 1968 жылы И.Неуступный «Музей және зерттеу» деген ғылыми еңбегін жазды. Сонымен қатар музейлерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу деген бағытта И.Бенеш, З.Странский, Д.И.Тверская шұғылданды. 1978 жылы халықаралық музей жөніндегі комитет,

музейлердегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы және мүмкіншілігі жайлы мәселелер қозғады (Қазақ энциклопедиясы, 2005).

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің қатарында музейдің өз ерекшелігі бар. Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми жаңалықтарды толықтыра түсетін, басқа ғылыми салалар жүйесінде кең қолданылатын ғылыми орталық. Әсіресе, ғылыми негізделген, жоспарлы түрде қорларды жасау, музей заттарын сипаттау, өңдеу, зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмысының негізі болып табылады. Ғылыми-зерттеу нәтижелері консервация, қайта қалпына келтіру, коллекцияларды қорғау мен сақтау, экспозиция, келушілермен жұмыс т.б. Музей жұмыстарының деңгейін, дәрежесін анықтайды. Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстары кешенді және көп қырлы болып табылады. Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттарын, біріншіден музейдің қай профиліне жататына байланысты, екіншіден музейдің әлеуметтік институттар жүйесіндегі орнына қарай анықтайды. Профильдік бағыттан басқа, ғылыми-зерттеу ісі музейтану ауқымында да үнемі зерттеу жүргізіп отырады.

«Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Мәртөк аудандық тарихи – өлкетану музейі» КММ 1979 жылы қорында небәрі 120 экспонаттан тұрған мекеме тарихынан бастау алады. Мәртөк ауданын 14 жыл басқарған аудандық компартияның бірінші хатшысы Алексей Маркеевич Трофимовичтің бастамасымен Мәдениет үйінен еңбек даңқы және соғыс ардагерлеріне арналған бөлмедегі алғашқы қоғамдық жұмыстан басталады. Биыл алғашқы қоғамдық жұмысын бастағанына 45 жыл.

1985 жылы Ұлы Отан соғысының 40 жылдығы және Мәртөк ауылының 80 жылдығына орай Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры, Қазақ КСР-нің еңбек сіңген мәдениет қызметкері, Н. Құлжанова атындағы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері Р. Ильясованың басшылығымен, қолдау көрсетіліп облыстық музей филиалы ретінде қоғамдық қызметін жалғастырған. Ақтөбе облысы әкімінің қаулысының негізінде 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мәртөк аудандық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік мекемесі құрылды, музей профилі «тарихи-өлкетану» болып табылады. (музей паспорты журналы). 2025 жылы Облыстық музейдің филиалы қызметін атқарғанына 40 жыл толмақшы.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев бастауымен құрылған. 2003 жылы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде гуманитарлы білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жасауды бұйырды. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін жүргізілді. Осы бағытта қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстар бағытында Тәуелсіздік жылдары ортамызға оралған өлкенің танымал тұлғаларының есімдері атала бастады. Мәртөк аудандық музейінде Тәңірберлі Молдабай, Медетов Қамбар өлең, ән-сөздері, күйлері ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеле бастады.

Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Дәнекер» ордендерінің иегері, жазушы, композитор, көсемсөзші, суретші, этнограф, музыкатанушы, аудармашы Илья Жақановпен 2009 жылы Мәртөк музейінде ғылыми қызметкер болып жұмыс жасап жүргенімде арнайы сапармен Атырау қаласында кездесуге бардым. «Тәңірберлі Молдабай» туралы эссе – элегия жазып кеңірек толғаған өнер зерттеушісі біраз мәліметтердің әлі де жиналу қажет екенін айтқан. Илья Жақановтың 1965 жылдан көкейінде жатқан «Молдабай» әні туралы тереңірек білуді жоспарлайды. Сол жылы Евгений Григорьевич Брусиловскийдің 60 жасқа толуына орай «Қыз Жібек» операсын жазылу тарихын қағазға түсіреді. Сол кезде Е.Брусиловскийден Молдабай әнін 1935 жылы зерттеуге сол кездегі нарком Темірбек Жүргенов Ақтөбеге іс-сапарға жібергенін айтады. Сол сапарында Ахмет Жұбановпен кездесіп, әнші Әли Құрмановтан жазып алады.

Бірақ, «Алтын қалпақ, жез телпек,

Хандар киген көзіне» – хандарды ардақтағаны үшін айтылмай келген әнді жарыққа шығару мүмкін болмаған. 1992 жылы Ақтөбе облысында тұңғыш рет Тама Есет батырға кесене тұрғызылып, ас беріледі. Осы кезде мәртөктік өлкетанушы Сейтқали Жанғалиевпен дидарласып қалады.

2000 жылы Илья Жақанов Атырауға қоныс аударып, «Молдабай» тарихын терең толғау бағытында Ақтөбе қаласына сапар шегеді. 1995 жылы Сейтқали атамыз дүниеден озып, тек жазба деректері арқылы қоныстарды аралап бейнежазбаға түсіреді. Бұл ғылыми ізденіс жұмыстарын әрі қарай музей қызметкерлері жалғастырды.

«Қазына» – Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты ректорының әдеби мұра жобасы негізінде «Молдабай» жинағы баспаға 2012 жылы жарыққа шықты. Жинақты баспаға дайындаған филология ғылымының докторы Жұбаназар Асанов. Пікір білдірген профессор Абат Пангеерев. Ақтөбе өңірінде өмір сүрген қазақтың алашқа аты мәлім ақындарының бірі Тәңірберлі Молдабай (1858- 1923) туралы көлемді туынды, кітап тұңғыш рет оқырманға жол тартты (**Молдабай, 2012, 71 б.**).

Еңбектің жариялануы алдында Мәртөктен шыққан өлкетанушы, шайыр Сейтқали Жанғалиев қолжазбалары музей қорына түсіп, зерделенді. Ауыз әдебиеті арқылы жеткен туынды, дастанда жырланып жер-су атаулары арқылы ақынның туған жері нақтыланды. Кітап жинағына еніп, аталған аумақтарға экспедиция жасалынып, семинар ұйымдастырылды. 2017 жылы бірнеше зерттеулер, жинақтар, мәліметтерді толықтырып «Молдабай тілге шешен, әнге бай» кітабы жарыққа шықты. 2017 жыл 6 желтоқсан, Мәртөк аудандық Мәдениет Үйі алдында «Молдабай» ескерткіші салтанатты ашылып, кітап тұсаукесері жасалынды. Музей қорына ғылыми жұмыстың еңбегі кітап және атақты суретші, КСРО Суретшілер одағының мүшесі, 1999 жылдан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің доценті, 2001 жылдан бері Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі, 2009 жылдан ҚР Көркемөнер академиясының академигі, 2013 жылы «Мәдениет саласының үздігі» Қамбарбек Амановтың «Молдабай» картинасы алынды. Молдабай бейнесінің сипатталуы, өлкетанушы Сейтқали Жанғалиевтің дастанында жырланған ерекшелігі бойынша салынған. Музей экспозициясына ақын,

әнші, сазгер сал-сері Тәңірберлі Молдабай бұрышы жасақталып, кеңірек насихатталуына материалдар жинақталды (Молдабай, 2017 ж.5 б.).

2001 жылы күйші Қамбар Медетовтің 100 жылдығына арналған халықаралық конференция өткізілді (**Замана сазы, 2001 ж. 3 б**). Қ.Медетовтің өмірі мен шығармашылығын, саз өнерінің қазіргі замандағы түрлі мәселелерін қамтыған ғылыми жинақ «Замана сазы» кітабы жарыққа шықты. Кітап «Сорос-Қазақстан» қоры грантына басылған. «Мәдениет және өнер» бағдарламасының үйлестірушісі Ә.Сәбитов. Құрастырушы редакторлар ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Бердібай. Өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент А.Қ. Омарова, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы А.Р.Бердібай. Ғылыми жинаққа енген материалдар және фотосуреттер, құжаттар, ғалымдардың пікірі пайдалана отырып, Мәртөк аудандық музейінде атақты күйші экспозициясы жасақталды. Әр құжат, фотосуреттер тарихи кезеңдерден сыр шертеді. Осындай зерттеу жұмыстарының бас-қасында жүрген Ақтөбе облыстық музейінің сол кездегі қор сақтаушысы, қазірде зейнеткер Шайзада Мұқашеваны атап өту керек. Алматы қаласындағы «Үш Қиян» баспасынан 2019 жылы шыққан «Тарих талайы түгелімес тұлғалар» жинақ кітабында «Құжаттар куәлігі» мақаласы деректерді айқындай түседі (**Тарих талайы түгелімес тұлғалар, 2019, 19 б**).

Шайзада Тілегенқызы былай деп еске алған: «Қамбар Ерқожаұлының өміріне, қызмет жолдарына қатысты бірсыпыра материалдар жинақталды. Қамбар Медетов 1925 – 1929 жылдары әуелі Ақтөбе қалалық прокуратурасында қызмет істеп, кейіннен губерниялық сот мүшесі болып тағайындалған. Бұл жағдай сол жылдарда түскен фотосуреттерден көрінеді. Қ.Медетовке қатысты тағы бір суретте бір топ мәдениет, музыка, сахна адамдары бейнеленген. 1934 жылы халық таланттарының Бүкіл Қазақстандық 1-ші слеті өткен кезде еліміздің түкпір-түкпірінен өнер сайысына келген өнерпаздар барын ортаға салып, білгір сарапшылар алдында сайысқа түседі. Өнер байқауы екі жұмаға созылып, дарынды домбырашы, қобызшы, сыбызғышылар Каз ЦИК атындағы Қазақ ұлттық оркестріне топталады, оркестрді ұйымдастыру және оған басшылық жасау Ахмет Жұбановқа, оркестрдің дирижерлік қызметі Қамбар Медетовке жүктеледі. Осы он күндік аясындағы өнер майталмандарының топтық суреті сақталған» – деп естелік жазған. «Ақсақ құланды асқақтатқан күйші» мақаласында: «Кіші жүз ханы Әбілқайырдан тараған ұрпақтың көбісі Бақытжан Қаратаев, Қамбар Медетов (әкесі Қаратаев Ерқожа), Әсима Медетова, Арон Қаратаев сот жүйесінде қызмет еткен» – деп атап өтеді. Музей қорына келіп түскен әр құжат, фотосуреттер зерттеушілер мен туыстарынан мәліметтер ала отырып толықтырылып отырады.

2019 жылы музей ғылыми қызметкері ретінде жер аумақтарына шолу жасап жүріп, Шаруа ауылындағы ерекше тәу ету орнына айналған Мәулім ата зиратын көріп, біршама зерттеу, зерделеу жұмыстары жүргізіліп, «Беймәлім – Мәулім әулие» тақырыбында мақала жарияланды. Осы мақала түрткі болып Ақтау, Маңғыстау, Шымкент, Түркістаннан келген 30-ға жуық ұрпақтары және Мәртөк ауданы аумағында тұратын естіп, білген, туыс-ағайын жиналып ата жолының қалай өрбігенінің және емшілік, көріпкелдік қасиеті көпшілікке

көмегі тигенін баян етті. «Әлі күнге дейін жазғытұрым Шаруа ауылының жанындағы бейітке соғып, аруақтарға бет сипап тұрамын. Сол қорымда ұзын құрық белгі есебінде 1937 жылы қадалыпты. Әлгі құрық қадалған жерге Есен Жеменей Мәулім Нұрмағаметұлы деген атамыздың сүйегі қойылыпты. Көзі тірісінде бес мезгіл намазын қаза қылмаған аса діндар адам екен. Қыстың ұзақ түндерінде атамыздың басына шаншылған әлгі құрықтың басынан от шашып тұратын. Құдайдың көзі тура екен, осыдан үш жыл бұрын Ақтау қаласында тұратын Мәулім атаның ұрпақтары келіп, әулиенің басына ақ кірпіштен көтерді» деп еске алған Аяған Ақжалауов. 2003 жылы атаның құлыптасы үстіне зиратын қарайтқан (Сағыныш, 2007, 84 б).

Араға 21 жыл 2024 жылы ұрпақтары қауым жанынан темірден түнек үй қойып түнеп келушілерге жайлы жағдай жасаған. Мәулім атаның басына түнеген, тілеген адамдардың әңгімелері аңыз дерсің...

Мәулім молда «Сармолда» атанған молда әрі емші Нұрмағанбеттің үлкен ұлы. Жастайынан «әке көрген оқ жонар» дегендей, әке жолын таңдап емшілікпен айналысты. Ол бала кезден әкесінен ескіше хат танып, артынша әйгілі Хиуадағы жоғары діни медреседе білім алып елге оралған.

Маңғыстау облысында тұратын немере туысы Ұлжан Шайхы Назар «Жебе таңбалы тайпа» кітабы авторлық құқық ала отырып «Астана» баспасынан шығарғанын атап өтті. Осы 424 беттік кітапта «Мәулім әулие» туралы деректер жетерлік және бізге жеткен жәдігерлері көрік, балға, төс және құран кітабы бар» – екенін атап өтті. Музей ісіндегі жинақтау, зерттеудің нәтижесі өлке тарихындағы тағы бір жалғасын тапқан игілікті іс.

2024 жылы қасиетті Рамазан айында «Қазақ молда» атымен Орынбор, Қобда аумақтарында танымал болған әкесі туралы мәліметтер бере отырып қызы Рәбиға Жусанқызы музей қорына тектінің ұрпағы, діндар, көріпкел, Ешнияз ишанның немересі Жусан Үбниязұлы Ермеков (1910–1998 жж., Ғұбайдолла Ешнияз – шын тегі, есімі) 60 жылдан аса сақталған шапандарын музей қорына тапсырды. Аласапыран қуғынға түскен заманда ата-тегін өзгертіп жазуға мәжбүр болған. Ата-бабасының киелі, текті тұқымнан тарағаны жөнінде «Руханият» патриоттық-танымдық клуб төрағасы, ақын, өлкетанушы Жібек Османғалиқызы Абдуллина Ешнияз ишан туралы құнды мәліметтер жинақтап, бейнедерек түсірген.

Музейлер ғылыми-жұмыстармен, музей жұмыстарының қажеттіліктері үшін айналысады. Мысалы, білім беру және тәрбиелік жұмыстарда музейлерді араластыру музейлік педагогиканың пайда болуына алып келеді. Барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі назары музей заттарына аударылады. Оларды зерттеу музейтанулық зерттеудің арнайы кезеңі болып табылады. Қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер бүкіл музей ісіне жаңа серпілістер мен бетбұрыстар алып келді.

Әдебиеттер мен деректердің тізімі

1. Дандығараева Б. Музей жүйесін жаңа деңгейге көтеру маңызды. // «Егемен Қазақстан» газеті (13.02.2024) URL: <https://egemen.kz/article/358015-muzey-dguyesin-dganha-denhgeyge-koteru-manhyzdy?ysclid=m41815qes1583352391>

2. Замана сазы. Күйші Қ. Медетовтің 100 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары / құраст. А.Қ. Омарова, А.Р. Бердібай . Алматы, Дайк-Пресс, 2002. –328 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. Бас ред. Б. Аяған. Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2005.
4. Молдабай. Өлең, ән сөздері, зерттеулер /Құраст. Асанов Ж. Құрманбеков Е. – Ақтөбе: «Литер-А», 2012.–110 б.
5. Молдабай тілге шешен, әнге бай. Ақтөбе, 2017.
6. Сағыныш. Естелік кітабы. Алматы, 2003.
7. Тарих талайы түгелімес тұлғалар. Алматы, 2019.



1-сурет. Музейдің алғашқы қоғамдық жұмысының экспозициясы



2-сурет. Молда Ғұбайдолла Үбниязұлы Ешнияздың (1910–1998 жж., халық арасында «Қазақ молда», аты-жөні Кеңестік кезеңде Жусан Ермеков болып өзгертілген) шапанын қызы Рәбиға Жусанқызы аудандық музей қорына тапсыру сәті



3-сурет. Тәңірберлі Молдабайдың 165 жылдығына орай ұйымдастырылған конференция қонағы Қазақстанның Еңбек Ері, жазушы, өнер зерттеушісі И.Жақанов Мәртөк жерінде. 26 қыркүйек, 2023 жыл



4-сурет. Мәулім Нұрмағанбетұлының (1869–1937 жж., халық арасында «Әулие Мәулім ата») қабірі басында. Жайсаң а.о., Шаруа ауылы

ТҰЛҒАЛАР

ВСЯ ЖИЗНЬ – СЛУЖЕНИЕ НАРОДУ И ГОСУДАРСТВУ

А.Т.Кызылбаева

*Заведующая отделом научно-исследовательского обеспечения
общей истории, археологии и этнографии
Актюбинского областного историко-краеведческого музея*

Во все времена в человеке ценят силу и доброту, честность и верность, храбрость и трудолюбие. Все эти и другие положительные качества взаимосвязаны, они воспитывают и помогают человеку гармонично вписываться в общество и составляют его положительную сторону. Начинают развиваться те чувства, те черты характера, которые незримо уже связывают его со своим народом, своей страной. Регулярное проявление этих черт характера формируют чувство патриотизма. Но все же патриотом всегда называли лишь того, в ком все эти прекрасные качества освящены любовью к своей стране, готовностью посвятить свою жизнь служению ей и ее защите.

Героизм военачальника, участника Великой Отечественной Войны, писателя, героически проявившего себя при обороне Москвы и полководческий талант Бауыржана Момышулы, его облик служили примером для подражания многим молодым людям, решившим встать на военную стезю, одним из них является полковник Ким Серикбаевич Серикбаев, чья судьба неразрывна связана с биографией своего кумира.

Ким Серикбаевич Серикбаев родился 14 января 1934 года. Известный в Казахстане и в странах СНГ военный ученый, заслуженный деятель Республики Казахстан, профессор, член-корреспондент Российской Военной Академии, доктор военных наук. Является одним из разработчиков первой казахстанской военной доктрины под названием «Военная безопасность страны. Проблемы и перспективы военной реформы». Автор 180 книг и научных работ.

«Наше детское сознание было озарено словами «массовый героизм», «гвардейцы-панфиловцы», «смертельная опасность»» вспоминает Ким Серикбаев. Вероятно, поэтому то поколение взрослело быстрее, чем нынешнее. Именно в те тревожные холодные декабрьские дни 1941-го года впервые молодые юноши услышали имя Бауыржана Момышулы. Восхищались храбростью и бесстрашием молодого комбата и его бойцов. С тех пор его яркий образ, светлый облик для молодого Ким Серикбаева стал символом для подражания на всю жизнь. Ученый впоследствии станет ведущим бауыржановедом (Серикбаев К.С., 2009, с. 293).

Ким Серикбаев родился в Актюбинской области в местности Коптогай, совхоза Магаджан Хромтауского района в семье рабочего совхоза. По национальности казах. Из рода «Әлім» (подрода Жақайым, а именно Торжымбай-Быламык). Его отец Джанглишбаев Серикбай участник первой мировой войны, заведовал мясо-молочной фермой и был очень грамотным человеком. Мать Джанглишбаева Зияда работала дояркой. Отец семейства мечтал о сыне – продолжателе рода, но из 14 детей, появившихся в семье, в живых остались две дочери. И только в 1934 году на свет появился долгожданный наследник. Мальчика назвали в честь Коммунистического

Интернационала Молодежи, что сокращенно пишется как КИМ. Подобные имена были популярны в то время. Отец хотел, чтобы Ким вырос патриотом своей страны, честно служил своему народу, и воспитывал его в этом духе. Но судьба была не так благосклонна к будущему военному ученому. Жизнь готовила для молодого мальчика тяжелейшие испытания, проверки стойкости и силы характера. Но он безропотно переносил все тяготы и лишения.

После окончания Великой Отечественной войны ушел из жизни его отец, а вскоре и мать. После смерти родителей Ким вначале воспитывался в сельском детском доме, а в дальнейшем, когда перешел в 5-ый класс, был отправлен в Актюбинскую школу-интернат.

В 1952 году после окончания казахской средней школы №6 будущий военный деятель поступил в Алма-Атинский юридический институт. В мае 1953-го после окончания первого курса из-за тяжелых материальных условий вынужден был оставить учебу. В том же году поступил в Уфимское военное училище, которое окончил с отличием и присвоением ему первого офицерского звания «лейтенант». (Серикбаев К.С., 2009, с. 403).

Заслуженный педагог Владимир Караковский однажды сказал: «Дети не всегда тянутся к знаниям, но всегда тянутся к личности». Говоря о выборе профессии, Ким Серикбаевич отмечал особую роль школьного физрука, ветерана войны, который был для юного Кима кумиром и самой значимой в то время фигурой. Он вспоминал: «в первый класс я пошел в 1941-м. А год спустя в нашей школе появился физрук по имени Темир, что в переводе с казахского означает «железо», тут само имя говорит за себя. Он пришел с фронта, после тяжелого ранения, без ноги. Ему еще не было тридцати. Мы, мальчишки, смотрели на него с восторгом. Фронтовик, человек воинского долга, был с детства для меня самой значимой фигурой».

Еще одним кумиром всей жизни для военного и общественного деятеля был Бауыржан Момышулы, который подчеркивал: «Я полковник в запасе, но как гражданин я всегда в строю». Этот принцип стал жизненным кредо Кима Серикбаева.

После окончания учебы Ким Серикбаев поехал на Крайний Север (Чукотку), где и начал свою офицерскую карьеру в должности командира взвода мотострелкового полка. Потом была служба в разных точках СССР.

Офицера К.Серикбаева всегда тянуло к знаниям, короткие минуты отдыха от службы он посвящал чтению книг. В 1966 году он поступает, а в 1970-ом году заканчивает Московскую военную академию имени М.В.Фрунзе, после чего ему как одному из лучших слушателей предлагают продолжение учебы в адъюнктуре при академии. В академии он начинает и свою преподавательскую работу на факультете для иностранных студентов (офицеров из Кубы и Монголии), он преподает общую тактику.

В 1973 году осенью Ким Серикбаевич возвращается на родину, в Казахстан, получив назначение начальником кафедры тактики в Алма-Атинское высшее общевойсковое командное училище имени Дважды Героя Советского Союза И.С.Конева. А уже в марте 1974 года он вновь побывал в Москве, в родной академии, где блестяще защитил кандидатскую диссертацию по своей военной специализации. Получив ученую степень, Ким Серикбаев

становится первым представителем казахского народа – дипломированным военным ученым. (Серикбаев К.С., 2009, с. 404).

Вспоминая самые яркие моменты в своей трудовой жизни Ким Серикбаевич сказал: «Каждому офицеру дороги дни получения очередных воинских званий, повышения по должности. Конечно же, мне особо запомнились 26 июня 1956 и 21 февраля 1977 года. В первом случае на мои плечи легли золотые лейтенантские погоны, а во втором – мне было присвоено звание полковника. Замечу, в то время получение этого звания было делом непростым. Никогда не забыть мне день – 14 марта 1974 года, когда в конце заседания диссертационного совета ко мне подошел начальник Военной академии имени Фрунзе, генерал армии, профессор Алексей Радзиевский и сказал: «В этом зале академии защищали диссертации представители многих народов и национальностей Союза. Сегодня первый представитель героического казахского народа успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата военных наук». После этих слов он обнял меня по-отечески. Разве можно это забыть?!».

С 1975 года была работа в высшей военной школе ЦК КПК, где он создал и возглавил военную кафедру. В 1988 году полковник Ким Серикбаев выходит в запас Вооруженных Сил, но свою военно-научную деятельность не прекращает – занимается военно-патриотическим воспитанием молодежи, пишет книги. Из-под его пера вышли монографии и очерки «Сыновний долг», «Бауыржан Момышулы в моей жизни», «На кафедре тактики», «Доброму делу – долгая жизнь», «Обретенной независимости – надежную защиту».

Осенью 1988 года полковнику запаса К. Серикбаеву предлагают возглавить Алма-Атинскую республиканскую военную школу-интернат. Вместе со своими сослуживцами и учениками Ким Серикбаев ведет работу по увековечиванию имени славного героя казахского народа полковника Бауыржана Момышулы. Весть о том, что указом Президента СССР Б.Момышулы присвоено звание Героя Советского Союза, стала достойной наградой за проделанную работу.

После первой победы энтузиасты загорелись новой идеей ходатайствовать о присвоении имени Героя их учебному заведению. После долгой переписки с разными инстанциями, в марте 1991 года Постановлением Кабинета Министров Республиканская военная школа-интернат была удостоена имени прославленного казахского полководца. На плацу школы торжественно открывается бюст Б.Момышулы – работы скульптора Павла Шорохова. Воспитанники школы почувствовали гордость, что они – Бауыржановцы. Надежда К.Серикбаева оправдалась, цель достигнута.

Изучая пройденный путь Кима Серикбаева, можно с уверенностью сказать, что этот человек, настоящий патриот своего народа. Обладая такими незаменимыми качествами для военного как ответственность, честность, отважность, уверенность в себе, устойчивость к стрессам, он прошел трудный, но достойный путь. Он обрел огромный опыт и знания в военной науке, лучшие качества офицера и наставника. Применяя свои научные знания, передавая огромный опыт научной деятельности молодому поколению, он заслуженно стал доктором военных наук.

Будучи в отставке, профессор Ким Серикбаев не терял связи с армией, продолжая дело, которому посвятил свою жизнь Бауыржан Момышулы. (Серикбаев К.С., 2002, с. 4) Проводил активную работу совместно с ветеранами войны и труда по военно-патриотическому воспитанию казахстанской молодежи. В сентябре 2007 года был избран председателем Совета ветеранов Медеуского района Алматы.

Ким Серикбаев воспитал 17 генералов, 5 докторов военных наук, более 20-ти его учеников стали кандидатами.

Образец для подражания, Наставник с большой буквы, мудрый, человечный, принципиальный, до конца преданный армии и обществу. Его любили, уважали, им восхищались. Это был очень собранный, очень ответственный человек, твердый в своих убеждениях и поступках, подходящий к любому делу с глубоко научным подходом. Полковника Серикбаева все знают как отлично подготовленного, опытного офицера и прекрасного человека, который был не только теоретиком, но и блестящим практиком. В рядах Вооруженных Сил Ким Серикбаевич прослужил более 35 лет. Он стоял у истоков создания Вооруженных Сил Республики Казахстан, других войск и воинских формирований. Под его руководством были разработаны первые правовые документы, обеспечившие формирование военного строительства молодой суверенной республики. Неоценим его вклад в подготовку офицерских кадров. И то как на примере боевого опыта легендарного военачальника воспитывал молодежь, вложил много сил, энергии в становление и развитие школы его имени. Насколько грамотно и насыщено произносил свою речь и четко излагал свои мысли, а владение родным казахским, и также русским языками было совершенным. Как в отношении и общении с людьми он руководствовался принципами справедливости, честности. Его характеру была присуща прямота, но не без доброты. Именно Ким Серикбаев в далеком 1992–1993 годах будучи заведующим отделом Обороны Аппарата Президента настоял на переименовании Актюбинского Высшего Летного Училища Гражданской Авиации (АВЛУГА) и сделать его военным учебным заведением. И не просто. А Военным Институтом Сил Воздушной Обороны имени Дважды Героя Советского Союза Талгата Бигельдинова. – «Было много споров, нашлись и те, кто был категорически не согласен с моим предложением, утверждая, что Т.Бигельдинов еще жив. Тогда я сказал: почести человеку должны оказываться еще при жизни, если он этого достоин. Талгат Бигельдинов – единственный сын своего казахского народа, удостоенный двух золотых звезд Героя Советского Союза. Если герой станет свидетелем этого события при жизни, он ощутит вновь силу, учебное заведение обретет статус, а молодые курсанты ощутят какая им выпала честь» – вспоминал Ким Серикбаевич.

Полковник Ким Серикбаев подготовил целую плеяду генералов и офицеров, которые считают его своим учителем, наставником. Его ученики – ныне полковники, генералы – служат в армиях стран Содружества. Как профессор и наставник он передал всем, кто у него учился и знал его лично, бесценные знания, военный опыт, методы и формы воспитания, стал примером воинской чести, дисциплины, патриотизма. Еще при жизни люди называли К.С.Серикбаева «народным генералом». Он не просто достиг высот, но и помог

своей стране развиться, стать лучше.

«Без труда и отдых тюрьма» – говорил Бауыржан Момышулы в молодые годы, а когда был уволен в запас, он сказал: «Да, я не имею права находиться в запасе». Он остался в строю, и находясь в первой шеренге писателей-фронтовиков. И здесь в запасе Б.Момышулы служил для него примером. Оставаясь в армейском строю, он взялся руководить военной школой-интернатом, где воспитывались более трехсот мальчишек от 14 до 17 лет. Эти годы работы в школе Ким Серикбаев считал годами творческого удовлетворения. (Серикбаев К.С., 1995, с. 65).

Сегодня, пожалуй, нет более важной идеи, чем патриотизм. Ведь он *является* движущей силой развития *любого государства*. Увековечить память полковника не просто нужно, а необходимо. Жизненный путь полковника К.С.Серикбаева пример молодому поколению в целеустремленности, силе воли и беззаветной преданности своему народу. И очень отраднo, что сегодня в новом здании Актюбинского областного историко-краеведческого музея, распахнувшего свои двери для всех в 2018 году, в зале «История края в 1869–1940 гг.», почетное место в экспозиции, посвященной К.Серикбаеву, занимает военный китель полковника со множеством медалей, которые по его словам очень дороги для него, но он доверил их музею, как надежному хранителю исторической памяти.

Список литературы и источников

1. Серикбаев К.С. Бауржан Момыш-улы в моей жизни. Алматы: Казахстан, 1995. – с. 80
2. Серикбаев К.С. Доброму делу – долгая жизнь. Астана: Балалар Әдебиеті, 2002. – 246 с.
3. Серикбаев К.С. Обретенной независимости – надёжную защиту. Алматы: издательство «СаГа», 2009. – 448 с.
4. Майсеитова А., Дюсенов Н. «Светлой памяти Ким аға», Республиканская военно-патриотическая газета «SARBAZ» Астана (1975), №16, 23.04.2021 (04)

ҰРПАҚҚА ҮЛГІ БОЛҒАН ҚАРТ ЖАУЫНГЕР немесе Рахметулла Ыбырайымұлының шерткен сыры

Г.С.Молдағұлова

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Табиғат және экология ғылыми-зерттеуді
қамтамасыз ету бөлімінің кіші ғылыми қызметкері*

Міне, биыл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыстың аяқталғанына сексенге жуық жыл болды. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары шегіне түсіп, тарихқа кеткен сайын жаумен бұрын көрмеген қатал шайқаста өз мемлекетінің бостандығы мен тәуелсіздігін, дүниені фашистік езгіден қорғап қалған біздің халқымыздың ұлылығы айқындала түседі. Соғыс бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының ерлігі мен төзімділігіне қатал да жан-жақты сын болып, ол сыннан рухының ұлылығын көрсете отырып, абыроймен шықты (Шыңбаев А., 1995, 4-б.).

Қазақ жері 1941–1945 жылдары Кеңестер Одағының фашизммен күресінде барын аяған жоқ; басты ресурсы ер азаматтары кетті, азық қорларымен бүкіл майданды асырады, қару-жарақ өндірді, әскери техникаларды жабдықтайтын мұнайын берді. Елде қалған жас балалар мен ақ жаулықты аналар ашұрсақ жүріп, ет-сүт, бидай астығын, жылы киімдерін майданға жөнелтті, күндіз-түні тыным көрмей еңбектенді. Соғыс жылдары қазақ даласынан 3 млн. тонна астық, 3 240 мың тонна сүт, 240 мың тонна ет, 17 мың тонна жүн майданға жөнелтілді.

Фашизммен соғыстың ауыр азаптары мен бейнеттерін бастан өткерген өңірлердің бірі – Ақтөбе облысы. 1941 жылдың 1 қаңтарындағы санақ бойынша, Ақтөбе облысы тұрғындарының саны – 335 900 адам. Майданға аттанғандар саны 122 423 адам. Олардың 36 192-сі майдан даласында мерт болса, 86 231-і елге аман-есен жеткен. 17 368 адам із-түссіз кеткендердің санатында (Байдербес Ғ., 2015, 4-5 бб.).

Ржев түбіндегі шайқасқа қазақстандық – 100-ші және 101-ші атқыштар бригадалары қатысты. Қос бригада Калинин майданының соққы беруші негізгі күштерінің бірі 29-армия құрамында 1942 жылдың 25 қарашасы-желтоқсанындағы «Марс» операциясында үлкен ерлік үлгісін көрсетті. Ржев қанды көпбұрышының ақырғы нүктесі Оленин ауданы аумағында орын алды.

1941 жылдың 13 қарашасында КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитеті Ақтөбе қаласында 101-ші дербес атқыштар бригадасын жасақтап, резерв құру туралы №894 Қаулы қабылдады. КСРО Қорғаныс халық комиссариатының бұйрығымен осы бригада командирі болып соғыстың алғашқы күндерінен майданда болған полковник Севастьян Яковлевич Яковленко, комиссарлығына Нұри Летфуллаұлы Әлиев бекітілді. Бригада штабы Ақтөбе облыстық қазақ-орыс мектеп-интернатына орналасып, осы оқу орнында 1941 жылдың қарашасы мен 1942 жылдың 1 қаңтар аралығында құрылым жасакталды. Бригадаға Ақтөбе, Орал, Гурьев, Қызылорда, Қостанай облыстарынан 18-20 жас аралығындағы жастар шақыртыла бастады (Байдербес Ғ., 2015, 8-9 бб.).

Ақтөбе облыстық-тарихи өлкетану музейінің «Ерлік пен Даңқ» залында

қасіретті соғыс жылдарынан мәлімет беретін 101-ші атқыштар бригадасының командирі, полковник С.Я. Яковленко және бригада комиссары подполковник Н.Л. Әлиевтің, саяси бөлімінің жұмысшылары, саяси қызметкерлерінің, соғыстан аман қалған Алматы қаласында тұратын санаулы ардагерлердің және ардагерлердің Ақтөбе облыстық музейде кездесуінде түскен суреттері қойылған (Асанбаева Р., 1995, 125-б). Сарғайған үшбұрышталған хаттар да соғыстың қасіретінен сыр шерткендей сақтаулы (АОТӨМ қоры. НҚТ–№04-01. 2601-4055, 1-2 суреттер).

Осы ретте мен Ұлы Отан соғысының ардагері, өзімнің атам Рахметулла Ыбырайымұлы туралы айтсам деймін. Ол 1922 жылы Мұғалжар ауданы Қожасай елді мекенінде дүниеге келген. Отбасында Маулияр, Маржан есімді бауырлары болған. 11 жасында ата-анасынан жетім қалып, Қонжардағы балалар үйінде тәрбиеленіпті. Қарындасы Маржан балалар үйінде қайтыс болған.

Рахметулла Ыбырайымұлы Темір педагогикалық училищесін тарих, география мамандығы бойынша бітірген. 1941 жылдың қараша айында Одессадан Астрахань арқылы жау қолына түсірмей алып қалған малды әкелуге жастары 70-ке таяп қалған төрт қария мен сол кезде жасы 19-дан асқан менің атамды жібереді. Осы тапсырманы орындап келгеннен кейін әскерге шақырылған Рахметулла Ыбырайымұлын Ақтөбе қаласында жасақталып жатқан 101-дербес атқыштар бригадасының байланысшылар тобына қосқан (3-сурет, Х.Н.Бекішевтің «Батальон, алға!» еңбегінен алынды, 75-б). Бригада жауынгерлерінің 90 пайызы қазақтар екен. Бригада командирі полковник С.Я. Яковленко, орынбасары майор Нұри Әлиев болған. Жаңа жылдың басында Ақтөбеге жазушы А.Н. Толстой келіп, теміржол клубында облыс басшылары қатысқан кездесу өтеді. Оған атақты ақын Н. Байғанин да қатысыпты. Жазушы неміс басқыншыларының Балтық бойын, Украина мен Белоруссияны басып алып, Ленинградты қоршағанын, Мәскеуге де қауіп төндіргенін айтып, майданға аттанғалы отырған жауынгерлерге жауды талқандауға тілек білдірген. Нұрпейіс бабамыз жауынгерлерге бабалар аруағы қолдасын деп бата берген. Майор Н. Әлиев пен капитан Х. Бекішовке ат мінгізген. Сабына «Байғанин» деп жазылған қамшыны Бекішовке тапсырған екен (Рахметулла Ыбырайымұлының ауызша деректерінен).

Рахметулла Ыбырайымұлы маусым айының соңында туған жерімен қоштасып майданға аттанды. Мәскеуден өтіп, Ногинск қаласына келеді. Қаладан 10-15 шақырым жердегі орманға бекіпті. Орманға таяу Горский-Мәскеу тасжолы өтеді екен. 1942 жылдың 3 қазанында генерал-майор Рябов келіп, 101-ұлттық дербес атқыштар бригадасына ту тапсырған. Бригада Калинин майданына жіберіледі. Атамның естелігі бойынша, Тверь облысының Старица қаласына жеткенде, қалада жүрген адам, үрген ит кезікпеген. Бойларын ыза-кек буған жауынгерлер «Катюша» әнін шырқауға көшіпті. Олар қараша айының 18-інде ұрысқа кірген. Алғашында қолға түскен неміс офицерлерінің мәліметінен жаудың Ржевке баратын жолдарды Мәскеу мен Ленинград аралығынан қиып өтіп, Астрахань-Баку бағытында шабуыл жасауға дайындалғанын біліпті. Калинин майданында 39-армияның құрамында бірнеше елді мекенді жаудан босатуға қатысқан. Әсіресе Мишуково деревнясы үшін болған шайқас ауыр өтіп, өздерінен бұрын барып, жау қоршауында қалған бөлімшелерді босатып

алған. Осы шайқаста жауынгерлер – И. Баратов, А. Құлниязов, Қ. Ақшолақов, мерген А. Тоғайбаев көзге түскен. Жауды ығыстыра отырып, Витебскіге келгенде, жерлестері, кейіннен Кеңес Одағының Батыры атанған Ф. Озмитель кездесіп, елге жеңіспен оралуларына тілектестігін білдіріп, «Дударай» әнінің бір шумағын орындап берген екен (Рахметулла Ыбырайымұлының ауызша деректерінен).

Расында, Рахметулла Ыбырайымұлы 1946 жылы қаңтар айында елге аман-есен оралған. «Отан соғысы» ордені мен бірнеше медальдармен наградталған. Соғыстан кейін де 1946 жылы «Ерлігі үшін» медалімен, 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталыпты. Сан мәрте ажал аузынан аман қалған жан елге оралған соң бейбіт еңбекке құлшына кірісіпті. Темір ауданындағы Тасбұлақ ауылдық кеңесінің хатшысы, пошта бөлімшесінің бастығы қызметтерін атқарған. Одан соң «Қызылжар құдық», Калинин атындағы ұжымшарларда еңбек еткен. 1963 жылы «Кеңес ту» кеңшары құрылғанда Рахметулла Ыбырайымұлы пошта бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған (4-сурет). Ол еңбекте де абыройлы болып, 1978, 1979 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен наградталып, үздік атанған. 1985 жылы облыстық халықтық депутаттары кеңесінің шешімімен «Еңбек ардагері» медаліне ие болды. Сонымен қатар, 1985 жылы «II дәрежелі Отан соғысының орденімен» марапатталған (5,6-суреттер). Осы Орденмен марапатталғандығын «Память народа» сайтынан көре аламыз (https://pamyat-naroda.ru/heroes/podvigchelovek_yubileinaya_kartoteka). Зейнет демалысына 1982 жылы шықса да, 1995 жылға дейін осы қызметін жалғастырды (7-сурет).

Біз, ұрпақтары, атамның тиянақтылығы, тазайындылығы, бірсөзділігі мен сауаттылығы сынды қасиеттерін мақтан тұтып өстік. Айтқан ұлағатты сөздері де әлі күнге дейін жадымда тұр. Атамның жазуы тайға таңба басқандай анық, әдемі еді. Жоғарыда айтқанымдай, зейнеткерлікке шыққанға дейін Қопа елді мекенінде пошта бөлімінің басшысы қызметін атқарған. Ауыл тұрғындарының жыл сайын газет-журналға жазылуын қадағалап отыратын. Есеп-қисапқа өте мұқият болғандықтан, қариялардың зейнетақыларын тиын-тебеніне дейін түгел есептеп беретін. Өз қызметін адал атқаруды парыз санайтын.

Атамның қонақжайлығы да ерекше еді. Үйге қонақ шақырғанды ұнататын. Келіндерінің атын атамай, «балам» деп шақыратын. Ал немерелерінің есімін өзі қойып, сонымен бірге «қара бала», «қиқарым», «патшам», «ақботам» деп еркелетіп отырушы еді. Атам он саусағынан өнер тамған шебер де болды. Ескірген, жыртылған аяқкиімдерді тігіп, майлап, су жаңа етіп қоятын. Әжем Бакиза Қартжановамен екеуі 3 ұл, 1 қызды тәрбиелеп өсірді. Інісі Маулиядан тараған 3 ұл, 2 қызды да оқытып, тәрбиеледі. Ата мен әжем дүниеден өтсе де, ұрпақтары оларды ұмытқан емес, мақтан етіп келеді.

Бүгінгі бейбіт күндерді өзімнің атам секілді мыңдаған қазақ жауынгерінің қанымен, ерлігімен келген өмір деп білемін. Өкінішке қарай, қазір біздің ауылда соғыс ардагерлері жоқ. Соғысқа қатысып, тарихта жазылған оқиғаларды көзімен көрген аталарымыздың ортасында жоқтығы көңілге қаяу түсіреді. Енді олардың ерлігін, өнегесін, тәлім-тәрбиесін ұмытпай, кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің борышымыз.

«Өшпес ерлікке – мың тағзым» дегендей, сұрапыл соғыста от пен оқ кешіп, ел қорғау үшін жан аямай арпалысқан ардагерлер рухына қанша бас исек те, оларды қалай ұлықтасақ та жарасымды.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. АОТӨМ қоры. 101-ші ұлттық атқыштар бригадасына қатысты материалдар папкасы. НҚТ №04-01. 2601–4055.
2. Асанбаева Р. «Боздақтар» Книга памяти Казахстана. Алматы, «Қазақстан», 1995. –480 б.
3. Байдербес Ғ. Ржев шайқасының қаһармандары Ақтөбе, 2015. – 260 б.
4. Бекішев Х.Н. Батальон, алға! Алматы, Қазақстан, 1985. –152 б.
5. Шыңбаев А. Жеңіске 50 жыл. Ақтөбе, «Полиграфия», 1995.




Сурет 1. Өлкетану музейінің «Ерлік пен Даңқ» залындағы 101-ші жеке ұлттық атқыштар бригадасына арналған экспозиция.



Сурет 2. Майданнан келген жауынгерлердің хаттары, «Ерлік пен Даңқ» залы.



Сурет 3. Ұлы Отан соғысының ардагері, 101-дербес ұлттық атқыштар бригадасының жауынгері, байланышы Рахметулла Ыбырайымов (сол жақта).



Сурет 4. Қона пошта бөлімінің меңгерушісі Рахметулла Ыбырайымовқа берілген анықтама.



Сурет 5. «II дәрежелі Отан соғысы» ордені кітапшасы.



Сурет 6. «II дәрежелі Отан соғысы» ордені.



Сурет 7. 1-ші қатарда оң жақта тұрған Темір ауданы Қона пошта бөлімінің меңгерушісі – Ыбырайымов Рахметулла.

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН – ҚАРАҒҰЛ ҰСТА

А.А. Достанова

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Алга аудандық бөлімінің меңгерушісі

Ата-бабаларымыздан қалған құнды мұраларды жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп жеткізіп келе жатқан музей ісінде болашақ ұрпаққа айтары мол тарихи маңызы бар деректер жинақталған. Өткеніміздің өнегелі жәдігерлерін жоғалтпай, ата-бабалардың өмірін және еңбегін, ел мен жер тарихын халыққа таныту-музей қызметкерлерінің басты парызы деп айтсақ қате болмайды.

Ұлы дала төсінде соңғы үш мың жыл бойы салтанат құрған көшпелі өмір салттың ең соңғы мұрагері қазақ халқы. Содан болар, көшпелі қазақтың материалдық және рухани мәдениеті тікелей байырғы салтпен шендесіп жатыр. Осыдан мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыз жер қойнауының құпиясын ашып, оның бар асылын пайдалана білген. Тұрмысқа қажетті тұтыну бұйымдарын, сан-алуан әсемдік әшекейлерді, қару-жарақтарды жасаған. Бұл кәсіп атадан балаға мұра боп қалып, бізге дейін үзілмей жалғасып келе жатқан ұсталық және зергерлік кәсіпті қалыптастырған. Ұсталық, зергерлік кәсіп орта ғасырға қарай қазақтар арасында айрықша қарқын алған. Мұның өзі көшпелілерді мұздай қару-жарақ, ер-тұрман, үй мүліктерінің алуан түрлерінің дүниеге келуіне себепші болды. Жалпы ұсталық кәсіпті түркі тектес халықтар «киелі өнер» деп, санаған.

Түркілер арасында қара темірді қамырша илеп, болат балқытқан ұстаны киелі санау байырғы заманнан қалыптасқан. «Ұсталы ел озар, ұстасыз ел тозар» деген халқымыз темірден түйін түйіп, ағаш жонған ісмерді «темірші», «дарқан», «ұста» деп төбесіне тұтып қадірлеген. Қазақ жерінде он саусағынан өнер тамған небір ұсталар мен ғажайып ұстаханалардың болғаны белгілі. Археологиялық қазбалар барысында көне шаһарлар мен қорғандардан ұсталыққа қатысты құрал-бұйымдар кездесіп жатады. Бұл деректер там-тұмдап болса да көне дәуірдегі теміршілер мен олардың қызметі туралы зерттеулерге өз септігін тигізері анық. Көне фольклорлық деректерге сүйенсек, теміршілік сақ, ғұн, түрк дәуіріндегі кен қазу, металл өндіру ісімен содай-ақ тәңірлік сенімдегі бақсылық культімен байланысты пайда болған және алғаш ұсталық кәсіппен бақсылар айналысқан

Ұстаның теміршілік пен бақсылық қатар дарыған тұлға болғандығы кейінгі түрк халықтарында да сақталған. Халық танымында ұста мен оның құралдары да киелі саналып, түрлі жамандықтан сақтайды деген сенім пайда болған. Яғни, ұстамен бірге оның жұмыс істейтін ұстаханасы немесе дүкенінде арнайы культтік рәсімдер өткізген. Бұл рәсім әдетте көктем мезгілінде орындалатын. Яғни наурыз айында ұстаның саймандары майланып, «төс майлар» деп мал сойылып, ақ бүркілеп ас берілген. Осындай жоралғыларды жасап отырып, рухани тазалыққа мән берген. Қазақ қоғамындағы ұсталыққа қатысты «дүкен майлау» «төс майлар» рәсімдері көктемнің наурызда атқарылуы байырғы түрк дәуіріндегі «Ергенекон» дастанымен байланысты болса керек. Дастанда Ергенеконды мекендеген түркітер ұзақ жылдардан соң тау қапталын ерітіп, жазыққа шыққандығы баяндалады. Міне сол күннен бастап әр жылы наурыз айында ұсталықты, теміршілікті ырымдап

балғамен төс соғу дәстүрге айналыпты. Түркі халықтары темірден түйін түйетін шеберлердің атын атамай «Ұста» деп атаған. Ұста-шебер, ісмер адам. Ұстахана – соғу жабдықтары орналасқан ғимарат. Ұсталық әбзел – ұсталық қалыптау өндірісінде қолданатын құрал-сайман. Ұсталық көрік – көмір отынына арналған дайындама қыздыру жүретін, көмір салатын, ұя тәрізді шұңқыр ошақ-шойын қорапша орнатылған, қаланған кірпіштен тұрады. Түрлі материалдардан тұрмысқа, күнделікті өмірге қажетті заттар, бұйымдар жасаған. Ұстаның негізгі құралдары көрік, төс, ерітетін ожау, балғалар, көсеу, бұрғы қашау, егеу, шеге, сым, үскі, түрпі, қысқаш, шымшуыр, біз, пышақ, қалыптар. Ұста қалыпта құю, соғу, зер жүргізу, алтынмен аптау, күміспен күптеу, булау, егеу, ұру, шыңдау, тесу, қосу, ерту, созу сияқты тәсілдерді қолданған. Қазақстан аумағындағы ұсталық өнер қола дәуірінен бастап кеңінен дамыған. Жасайтын материалына не бұйымына қарай дәстүрлі қазақ қоғамында ұсталар мыскер, балғашы, таспашы, темірші т.б. болып бөлінген. Көпшілік ұсталар ұсталықтың бірнеше түрін меңгерген. «Тәңірдің өзі жіберген іс істеуші адамдар» деп оларға халық аса құрметпен қараған. Ұсталар темірді төске басар кезде «менің қолым емес, Тәңірдің қолы» деп табынған. Жаугершілік заманда темірші ұста мен берен ұста өнері батырлықпен бірдей бағаланған. Себебі олар әрбір жауынгерге ең кемі бес қаруын, сауыт-дулығасын, т.б қажетті заттарын тез арада дайындап беріп отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұсталық киелі кәсіп ретінде бағаланған.

Ұста – әр түрлі металдан, темірден тұрмыста тұтынатын түрлі бұйымдар мен шаруашылыққа қажет құрал-саймандар, қару-жарақтар, т.б. жасайтын адам. Ертректе ұсталарды қара ұста, ақ ұста деп екі топқа бөлген. Қара ұста деп темір, мыс, жез, т.б. металдарды өңдейтін он саусағынан өнер тамған адамдарды айтқан. Отқа қызған темірді ұста сол қолындағы қысқышпен қысып ұстайды да, төстің бетіне төсеп, қолындағы орта салмақты балғамен темірді ұрып, балғашыға жөн сілтеп отырады. Балғашы ұстаның соққан жеріне шой балғаны дәлдеп ұрады. Ұстаның қолындағы балғаны қол балға деп атайды. Оның салмағы соғатын бұйымдарына қарай әр түрлі болады. Егер ұста қол балғаны төстің бетіне жантайта жатқызса, балғашы соғуды тоқтату керек. Шой балғаның сабы кепкен қайың, қарағаш, емен, жалпы алғанда қатты ағаштан сапталады. Сабының ұзындығы созылған қолының алақаны мен қолының арасына сәйкес келуі керек. Темірдің белгілі бір жерін жуандатуды сомдау дейді. Ол үшін темірдің сомдайтын тұсын жақсылап көрікке қыздырып алып, төстің бетіне тігінен қойып, балғамен төбесінен ұру керек. Қақтау дегеніміз – металды төске салып, балғамен ұрыптау арқылы жұқарту. Отқа оқтын-оқтын салып, көп ұрғандықтан темір жұқара созылып, қаңылтақ қалпына келеді. Отқа әр салған сайын темірдің қағы ұшып түсіп отырады. Сол сияқты отқа бір нәрсені қыздыруды да қақтау деп атайды. «Қақтау» сөзінің түп төркіні сонда жатса керек. Шалғы, орақ, күрек, кетпен, тесе сияқты саймандардың жүзін төске салып, балғаның сүйір қырлы жүзімен ұрып, таптауды шыңдау деп атайды. Аталған саймандарды отқа қыздырмай-ақ құрғақ күйінде шыңдайды. Шалғы, орақтарды шыңдау кезде жүзін 2–3 мм-ден асырмай ұру керек. Егер одан көбірек жер ұрылып кетсе, оны «қарпытып» қойыпты дейді ұсталар. Қарпыта шыңдаған шалғының жүзі толқып, иір-иір болып тұрады. Ұсталардың тілімен айтқанда «қалталанып» қалады. Ондай шалғы өтпейді. Жүзі жанығанда жұқарып, жарылып кетеді. Пышақ, балта, шот, т.с.с. өткір құралдарды суғарардың алдында құрғақтай

шыңдап алады. Шыңдау кезінде металл қатайды. Өткірлігі арта түседі. Құрамында көміртегі көп темірді отта қызарта қыздырып алып, дереу суға батырса, ол дереу қатайды. Міне, осыны болатты суғару деп атайды. Суы бабымен табылса, ондай құрал-сайман өткір болады. Сондықтан кесетін, шабатын, қыратын, жонатын құрал-саймандардың барлығын әзірлеп болған соң міндетті түрде суғару керек. Кез келген кескіш құрал-сайманның өткір болуы еңбек өнімділігін арттырады. Жасыту дегеніміз – металды отқа қызарғанша қыздырып, өз еркімен салқындату. Жасыған металл жұмсақ әрі өңдеуге жеңіл болады. Негізінен, темірді көріктің оттығында қалдырып, көмірмен бірге суытады. Ал мыс, жез, қола, т.б. түсті металдарды қызарта қыздырып алған соң суға батырып суыта беруге болады. Жасыған темір балғамен ұрып, шұңғылдап қобылауға, дөңес кейіпке келтіруге оңай көнеді. Балғамен көп ұрғандықтан темір қатай түседі. Сол кезде қайтадан жасытып алып, қобылау жұмысын әрі қарай жалғастыруға болады. Қазақтар қолөнерін бірнеше бағытта жүргізіп, кеңінен дамытты, ғасырлар бойы ұрпақтарға үйретті, ілгері оздырды. Солардың ең негізгілері ағаш ұқсату, темір өңдеу, тас өңдеу т.б. Бұлардың өздері бірнеше саладан тұрады. Мысалы, ағаш ұқсатудың – үйшілік өнері, ершілік өнері, ал темір өңдеудің – ұсталық өнер мен зергерлік өнер секілді түрлері болады. Шебердің қолынан шыққан қолөнер туындылары халықтың өмірінен, тұрмысынан бөліп қарау мүмкін емес. Өйткені бұл заттар, ел тұрмысына мән беріп, адамдарға рухани ләззат әкелген. Ғасырдан ғасырға жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа баға жетпес таусылмас қазына болып келе жатқан, халқымыздың өз қолымен жасайтын, ұлттық мәдениет пен өнер туындысы – бұл қолөнер. Халқымыздың ежелден бастау алған ұсталық кәсібі қолөнермен тамаша туындыларды дүниеге әкеліп, ұрпағына асыл мұра етіп қалдырған құндылықтарды қайта жаңғырту арқылы да өз мәдениетімізді өркендетеріміз анық. Қазақ ұсталары көбіне жасырын жұмыс істеп, өз өнерлерінің сырларын өз ұрпағына ғана үйретіп отырған.

Осындай ұсталық кәсібін халық игілігіне жұмсап, артына мұра етіп қалдырған, өлкемізден шыққан шебер, ұста Қарағұл Сапаров. Ол 1892 жылы дүниеге келіп, 1967 жылы қайтыс болғандығы туралы дерек сақталған. Ключевой ауданы (қазіргі Алға ауданы) Көсем ауылында Шолақ-тамды елді мекенінде Сапар деген қарапайым, зергер-ұста, шебер шаруаның отбасында дүниеге келген. Руы – Қаракетенің Кенжалысы. Сапардан – Құрманалы, Жиеналы, Нұралы, Қарақұл туады. Құрманалыдан – Қобыланды, Нұрмұханбет, Жиеналыдан – Әділжан, Жамал, Нұралыдан – Қырым, ал Қарағұл ұста үлкен ағасы Құрманалының баласы Қобыландыны өз тәрбиесіне алып, жұбайы Әлбибі өз бауырына басады. (1909–1985 жылдары өмір сүрген). Қобыландыдан – Жалмұқан туады. Ақтөбе қаласында Қарағұл шеберге 1937–1942 жылдары «Актюбинск профессиональный союз МТС Востока», «Ұста» мамандығы бойынша 1940 жылы 24 ақпан айында №230 692 мүшелік куәлігі берілген.

1940 жылы өз қолынан шыққан бұйымдарын Мәскеуде өткен бүкілодақтық (ВДНХ) көрмесіне қойылды. Ол 1940 жылы «Бүкіл одақтық ауылшаруашылығы көрмесіне» қатысқаны үшін медалімен, 13 сәуір 1945 жылы №15306 куәлігі «Ауыл шаруашылығының социалистік жарыстар үздігі» төсбелгісімен марапатталған. 14.11.1940 жылы Актюбинская область РВК Ключевой «Перечетным пунктом №9», Ключевой ауданынан әскери куәлік берілген. Осы куәлігінің ішінде

қосымша парағы бар. Бұл парақта «Строевой 1943 – 1944 г. забронирован 2 июля 1947 г.» деген жазуы бар. 1941 жылы С.М.Киров атындағы Алға химия зауыттың көптеген жұмысшыларын соғысқа аттандырды. Ал Қарағұл ағамызды жергілікті билік бұйрығына сәйкес броньмен қалдырылған. Себебі, зауытқа тас өңдеу, темір балқыту шеберлер өте қажет болды. Ол 1937–1946 жылдар аралығында Алға химия зауытында халыққа қызмет етіп, ат-шана, арба, және темірден жасалатын басқа да қажетті бұйымдарды өз қолымен дайындап, соғысқа жіберіп отырған.

2013 жылы шілде айында Алға музейінің қорын көне жәдігерлермен толықтыру мақсатында Есет батыр ауылына жолым түсті. Сол ауылдың тұрғыны зейнеткер, шебер Қарағұл ұстаның келіні Жаңыл Сапарова апамызбен кездестім. Ол атасы туралы өзінің естеліктерінде: «Атам өз өмірінде ұста болып жұмыс жасаған. Шолақ колхозында тұрып, ауыл тұрғындарына, шаруашылыққа күнделікті керек-жарақ құралдарды орақ, ер, ат шана, қамыт, қайшы, доға т.б. заттарды халыққа жасап берген. Ал ауыл әйелдеріне самаурынға мұржа, шоқ салатын ыдыс, шелек, қазан қырғыш, тістеуік, жәмке көсеу, табақ т.б. үй тұрмысына пайдаланатын қажетті бұйымдарын жасап беріп отырған. Халыққа аянбай еңбек еткен шебер, елге сыйлы, қадірлі жандардың бірі болатын. Шеберлігін ел сыйлап, халық сүйсінетін. 1940 жылы Тамды ауылына көшіп келіп, МТС-ке жұмысқа кіреді. Соғыс басталған жылы үкімет атамды соғысқа жібермей броньмен қалдырды. Соғыс аяқталған жылы Куйбышев, Богдановка колхоздарында еңбек етті. 1952 жылы үкімет бес колхозды қосып, сол жылдары М.Горький совхозының басқармасы Е.Димитренко ағамызды ұсталыққа шақырып, баласы Жалмұқанды қасына жәрдемші етіп жұмысқа алады. Баласы Жалмұқан Қарағұлұлы Сапаров (05.08.1935–2012 жж.) Ключевой ауданы (қазіргі Алға ауданы) Шолақ-Тамды жерінде дүниеге келді. Ұлы Отан соғысы кезінде «Дети войны» жеңілдік беру куәлігі берілген. 1954 жылы әскери борышын Ленинград қаласында өтеді. Сол жылы атам көз жанарынан айырылып кәріп болды. Мен осы әулетке 1958 жылы қыркүйек айында келін болып түстім. Жолдасым Жалмұқан 1959 жылы Тамды колхозында шоферлық мамандығы бойынша алты айлық курсты оқып бітірген. Ол М.Горький (қазіргі Есет батыр) ауылында қырық жыл бойы трактор жүргізуші болып еңбек етті. 1961 жылы М.Горький совхозының ірге тасын қаласуға сіңірген еңбегі үшін алғыс хатпен, «Коммунистік еңбектің екпіндісі» төсбелгісімен, «Ерекше еңбек үшін», медалімен, Алға аудандық «Ең үздік жүргізушісі» дипломымен, «ҰОС Жеңіске 65 жыл» медалімен, «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Менің білетінім атам халыққа қадірлі, сыйлы кісі болған. Себебі ауыл еңбекшілері немесе келген қонақтар міндетті түрде таңертең үйімізге келіп, ағамыздың батасын алып сәлем беріп кететін. Атам I-топ мүгедегі. Білмеймін неге сол уақытта бұл кісі зейнетақы алмаған екен, себебі ешқандай құжаттары жиналмаған. 1962 жылы мен атамның құжаттарын жинап, Алға аудандық жұмыспен қамту бөліміне (райсобес) барып тапсырғанымда, зейнетке (48 рубльмен,) 1949 жылдың 20 желтоқсанында шыққанын естідім. Ағамыз 1967 жылы қазан айында дүние салды».

Жаңыл Сапарова апамыз осы күнге дейін көзінің қарашығындай сақтап келген шебер Қарағұл атасының өз қолынан шыққан туындыларын, төс белгілерімен құжаттарын, киген ши мақпал жидесін, сонымен қатар, жұбайы Әлбибінің 1940 жылдардағы тұтынған шәлі орамалын және жолдасы Жалмұқанның 1952–1954 жылдар аралығында киген әскери киімін музей қорына тапсырды. Бүгінгі күні

Жаңыл апамыз 84 жасқа келіп отыр. Қазіргі кезде Алға ауданының Есет батыр ауылында тұрады.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі Алға аудандық бөлімінің негізгі қорында Қарағұл ұстаның бірнеше заттары сақтаулы. Музейге келген әрбір көрермен жинақталған мәлімет арқылы елі мен жеріне қызмет еткен тұлғаларға арналған экспозициясында Қарағұл ұста туралы толық мәлімет біле алады. Ежелгі дәуірлерден ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасын тауып келе жатқан темір ұсталығы өнерінің киесін бүгінде көп адам түсіне бермейді. Бұл өнер иелері рухани тазалыққа аса мән берген. Осындай ұлттық рухты көтеретін байырғы ұсталық өнерінің ерекшеліктерін халыққа жеткізіп, насихаттау, сол арқылы мәдени жаңғыру керек. Қазақ этнографиясының тарихында қара темірді қамырша илеп, қару-жарақ, ер-тұрман жасаған, алтын-күмістен әшекей бұйымдар зерленген небір хас шеберлер болғаны белгілі. Сөздік қорымыздағы «темір», «темірші», «зергер», «ұста», «көрік», «дүкен», «төс» және тағы да басқа мыңдаған атаулардың ежелгі дәуірлерде қалыптасып, қазақтың төл сөзіне айналғаны анық. Қазіргі күнде де ұсталық кәсібі ұлттың жадында сақталып, дәстүрлі түрде сабақтасып келеді. Айталық ұстаның дүкеніне, көрігіне балға төсіне сыйыну – осы кәсіп иелеріне деген халық көзқарасын танытады. Бұрын әр шаңырақта ер-тұрманмен төс, қайрақ тұратын. Қазірде осы игі үрдіс жалғасып, әр шаңырақта ер-тұрман тұрса деп ойлаймыз. Бұл, күнделікті өмірде қолданбаса да, шаңырақтың киесі, әрі жастар арасында металлургияның ата кәсіп ретінде қабылдануына оң септігін тигізер асыл мұрамыз болар еді деген пікірдеміз.

Міне, осындай тарих жанашырларының қолдау көрсету нәтижесінде музей қоры күнбе-күн толығу үстінде. Экспозицияға орналасқан әрбір мұраның астарында ғасырлар бойы жүріп өткен халықтың ізі, бабалар аманаты бар. Халықтың қолында әлі де сақталып келе жатқан, ғылыми айналымға түспеген небір құнды мәліметтер мен жәдігерлер бар. Сондықтан кез-келген мұра музейде сақтаулы керек. Қорыта келгенде, халқымыздың қасиетті біртуар тұлғаларымыздың есімдерін қастерлеп, олардың өз қолдарынан шыққан туындыларын кейінгі ұрпаққа насихаттау біздің ортақ парызымыз. Сондықтан да, қорда сақталған жәдігерлер негізінде облыстық тарихи-өлкетану музейі Алға бөлімінің қызметкерлері аудан жерінде халық жадында сақталған Қарағұл ұстаның өміріне қатысты деректерді келушілерге насихаттауды жалғастыра бермек.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Ақтөбе облысының қолөнер шеберлері. Құрастырғандар Р. Ильясова, Б. Қалиева, Р. Досова, Ә. Өтегенова
1. Қыдырәлі Дархан. Темірден түйін түйгендер. <https://baribar.kz>.
2. Сейткереев Ж.Т. Ұсталық – көнеден қалған құнды мұра. URL <https://qazaquni.kz/tarikh/47600-ustalyk-koneden-kalghan-kundy-mura?ysclid=lwqrad8msc729553349> (Қаралған күні 26.11.2016 ж.)
5. Бөгенбаев Н. Ұсталық – киелі кәсіп URL <https://Egemen.kz./30.03/2020/>



1-сурет. Ұста Қарағұл Сапаров (1892–1967 жж.).



2-сурет. Тістеуік. НҚТ-48. Акт №48. Көлемі ұз. 18 см., d 5,2x4 см.



3-сурет. Ши мақпал жидесі. НҚТ-359. Көлемі 50 р.



4-сурет. Қарағұл ұста мен жұбайы Әлбибі (1909–1985 жж.).

ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛДАРЫ НАҒЫЗ АҢЫЗ

Т.Т.Жаңабергенова

Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінің бас қор сақтаушысы

Алдағы жылы Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толғалы отыр. Осыған орай, желілерде батыр қызымыздың нақ бейнесіне фотолардағы, туған жеріне қатысты нақты емес деректер көптеп жариялануда. Осының ақ-қарасын ажыратып, нақты дереккөздерге сүйене отырып, музейіміз қайсар қызымызға қатысты деректерді цикл қылып беріп отыруды жөн көрдік.

Мақаланы жазудағы мақсатымыз халық арасында жүрген дұрыс емес ақпараттарды нақтылау. Әлияға қатысты нақ фотоларды көрсету, анықталған тың деректерді жариялау.

Материалды дайындағанда музей қорындағы кітаптар мен газет-журналдарға шыққан мақалалар зерделеніп, ескі аудиотаспалардағы жазбалар тыңдалып, кейіпкеріміздің көзін көрген туыстары, достары, майдандастары мен командирлерінің естеліктері сараланды.

Жас буынға елін сүйген патриоттардың өмірлері мен ерліктерін баяндау арқылы үгіт жүргізу. Өңірімізде іздері қалған Ботагөз, Ақбота, Сапура секілді батыр қыздарымыздың үрдісін жалғастырып, Әлия сияқты ержүрек қызымыз кең байтақ жерін сақтауға жанын құрбан етсе, біздің міндетіміз осы үлгі негізінде ендігі жастардың елді көркейтіп, дамытуға, өз үлесін қосуға тәрбиелеу.

Әлия Молдағұлова майданға кірген шақ жау аптығы басылмаған, азу тісі сынбаған кезі еді. Дегенмен, Әлия секілді шын патриоттардың арқасында ел-жер қорғалып, жеңіске жетті. Оның тағдыры ұлтының тағдырының кішірейтілген нұсқасы іспетті. Әрбір кісінің мағыналы күндерін 18 жылға сығымдап кірістіріп қойғандай. Айналырған 18 жылдық ғұмырды 99 жыл бойы дастан етіп айтсақ та тауысар емеспіз.

Бұл мақала батыр Әлияны тек қатал жауынгер емес, адами қасиеттерді бәрінен жоғары қоятын рухты ару етіп көрсету (1-сурет).

Сөз басын азан шақырылып қойылған есімінен бастасақ. Әлия Молдағұлованың шын есімі Ылия Нұрмұхамбетқызы Сарқұлова. Ылия деп үлкен нағашы әжесінің есіміне ұқсаттырып, ырымдап қойылған көрінеді (Әлия-80. Әбубәкір естелігі. Ақтөбе газеті. 22 қыркүйек 2005 жыл). Бірақ Ресейде оны Лия деп атаса, кейіннен ол Әлия деп аталып кеткен. Кей жерлерде оның есімін Ілия деп те келтіреді. Дұрысы – Ылия. Себебі, Әлия ғұмырын 40 жыл зерттеген әлиятанушы Ғалымжан Бәйдербестің кітабында және нағашы ағасы Әбубәкір Молдағұловтың естеліктерінде шын есімі Ылия деп жазылған. (Бәйдербес, Қауыс, Әлия ғұмыр: ерлік пен өнеге, 2006, 22 б.)

Негізгі тегі Сарқұлова болғанымен, анасынан ерте айрылған Әлия нағашы ағасының тәрбиесінде болып, соның тегін алған. Кейіннен оның тегі Магдагулова да болады. Ленинградтағы балалар үйінде оның куәлігін қайта жасатқанда қате кеткен (Асқаров, Әлия, 1985: 13). Ол жөнінде Әлия соғыста жүріп Сапураға жазған (15 мамыр 1943 жылғы) хатында өзі мәлімдеген болатын

(2-сурет).

Дегенмен, оның есімі тарих сахнасында Әлия Молдағұлова болып есте қалды.

Әлия Молдағұлованың туған күніне келсек, 1925 жылы 15 маусымда деп ресми тойланып келеді. Дегенмен, бұл тұста да әртүрлі пікірлер кездеседі. Бір мәліметтерде – «Кеңес Одағының Батырлары» атты 2 томдық жинақта және әлеуметтік желілерде 25 қазанда туылды делінеді (Краткий биографический словарь, 105 б). Бірақ оны дәлелдейтін нақты құжаттың жоқтығынан қазірде 15 маусымда тойланып келеді.

Ал туған жеріне қатысты нақты деректер бар. Ол Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, сол кездегі Көксай колхозы Бұлақ ауылында Нұрмұхамбет Молдабекұлы мен Маржан Молдағұлқызының отбасында туған. Бұл ақпаратты дәлелдейтін мынадай деректер бар. Әлияның апасы Әймішева Балапаш Кедейғұлқызы: «Әлия дүниеге келгенде мен 15–16 жасар қыз едім. Оның кіндігін кескен – менің жеңешем Ұлкесер Мұханғалиева», – деп еске алады. 1980 жылы Әлия жөнінде кино түсіруге келген Сағын Тойтанбаевтың сұрағына, ол кісі: «1925 жылы Әлия дүниеге келгенде, кем-тар уақыт еді, арамызда үй жоқ көрші болғанбыз (Бұлақ ауылында). Әлия туғанда, оны етегіме орап алып, жаулығымнан ит көйлек тігіп, бір тостаған тарымен кіндік шеше болып, қырқынан шығарғанмын» деп еске алған (Байдербес, 2016, 22 б). Ал оның дүниеге келген ескі там қазірде сақталмаған, орнына 2021 жылы Музей-үйі ашылды. Салып берген жеке кәсіпкер Сүйін Жолдас. Қазірде ол Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінің бөлімшесі ретінде қызмет көрсетуде (3-сурет).

Әлия анасынан ерте айрылып, әкесі інісі Бағдат екеуін Темір ауданы, Шығырлы ауылында тұратын қарындасы Қанышаның үйіне апарды. Баға алмайтынына көзі жеткен Нұрмұхамбет Әлияны нағашы әжесі Тәжіккеннің тәрбиесіне береді.

Ақтөбе қаласында тұрғанда Әлия құрбысы, әрі туысы Мақпалмен ерте тұрып нан кезегіне баратын. Басқаларға қарағанда нанды бірінші болып алып келетін. Ақтөбенің Красноармейская (қазіргі Мир (Бейбітшілік) даңғылында шағын базар болатын. Әлия сол базарда жүріп, төбелесіп жатқан екі адамды көреді. Бір жас жігіт қарт адамды сабап, оның бетін жаралайды. Әлия дереу жүгіріп барып жас жігітті итеріп жібереді де қартты тұрғызып алады. 7–8 жасар Әлияның батылдығы үшін сол жердегі адамдар риза болған. Сол кезде өжет қыз еш шімірікпестен, үлкен адамдардан қорықпастан, араша түсіп, кішкентай кезінен жүрек жұтқан қайсар бала болғанын көреміз.

Әлия нағашы ағасы Әбубәкір үйіне 1932 жылы олар Алма-Ата қаласында тұрғанда келеді. Үйі қазіргі ҚазМУ-дың алаңы қасындағы Шевченко (Интернациональная қиылысы) көшесі 112 үй, 3 пәтерде болған. Бірақ қазіргі таңда ол ғимарат сақталмаған. Одан кейін ағасы Әбубәкір отбасымен Әулие-Ата (қазіргі Жамбыл) қаласына Түрксіб темір жолы 3-ші эксплуатациялық саяси бөлімінің инструкторы болып ауыстырылады. Ол жерде Әлия Ленин көшесіндегі 2 қабатты үйде тұрады. Әулие-Атада тұрғанда Әлия мен Сапура далада ойнап жүріп, балалармен келіспей қалып жылап келетін болған. Әуелгі кезде нағашы ағасы Әбубәкір соларға жақтасып сөзін сөйлесе, кейіннен үйге жылап келуге тыйым салған. Өздерін қорғап, ренжіткендерге өздері жауап

қайтару керектігін түсіндірген. Сол күннен бастап олар өздеріне мығым болып, қайсарлана түскен. Тіпті кейіннен таяқ жеп қалған балаларды Әлия: «үйлеріне арыз айтып барушы болмаңдар», – деп ескертетін көрінеді. Ағасының осындай тәрбиесінің арқасында Әлия өзін қорғай алатын өжет болып өскен.

Әлия 1-ші класты 1934 жылы Әулие-Атадағы темір жол бойындағы «Железнодорожный» деп аталатын мектепте бастайды. Алғашқы ұстазы Вера Ивановна (тегі Сапураның есінде қалмаған).

1935 жылы нағашы ағасы Әбубәкір Молдағұловтың Әскери Транспорт Академиясына оқуға түсуіне байланысты Мәскеуге көшеді. Әлиямен ұялас болған нағашы апасы Сапураның аудиотаспадағы естеліктері бойынша олар 2-ші класқа Мәскеудегі №48 бастауыш мектебіне қазан айында барған. Әлияның алғашқы жаттаған өлеңі «Во поле березка стояла» болыпты. 3-ші класта оларды №45 үш қабатты жаңалау мектепке ауыстырған. Ол мектеп қазірде сақталмаған. Бірақ кезінде Әлия оқыған Орталық Әйелдер мергендер мектебі орналасқан көшеге 1970 жылы батыр есімі беріледі. Көше қазіргі Мәскеу қаласы Вешняки ауданының Шығыс әкімшілік округінде орналасқан.

Сол көшенің бойынан 1971 жылы бой көтерген №891 мектеп жанынан 1975 жылы Әлияның ерлігіне арналған «Даңқ» музейі ашылып, 1998 жылы Әлия Молдағұлова есімі беріледі. Қазірде бұл мектеп Әлия Молдағұлова атындағы №1512 жалпы білім беретін орта мектеп деп аталады. Аталмыш мектеп кешенінің құрамында 6 мектеп пен 11 мектепке дейінгі мекемелер топтасқан.

Сапура екеуін нағашы ағасы Мавзолей, Планетарий сияқты жерлерге жиі қыдыртып отырған. Бос уақыттарында шаңғы, коньки тебуге де баулыған (Ақдәулетұлы, 2005, 111 б) Әлия осындай спорттық ойындарға бейім болыпты. Ол жасынан мінезі бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын, үйренемін деген ісін үйренбей тынбайтын жан көрінеді.

Батыр қызымыз 1937 жылы ант беріп, от жағып, «Веселый ветер», «Пионерская зорька» секілді әндерді шырқап, галстук тағып, пионер қатарына өткен. Ол кітап оқығанды жақсы көрген. Орыс тілін меңгеру қиын болғандықтан ағасы 1 жыл бойы өзі қыздармен жұмыстанып, орысша үйреткен, Академия жанындағы кітапханадан қарындастарына «Братья Гримм», «Ребята и зверята», «Мамин-Сибиряк» секілді ертегілерді әкеліп беретін болған.

Олар сол кезеңдегі ірі тарихи шаралардың куәсі болған. Мәскеудегі Қазақстан елінің 10 күндігі, Папанемцев пен Члюсниковті қарсы алу, Чкаловтың Америкаға ұшуы. Полина Осипенко, Марина Расковалар мен Валентина Гризодубовалардың жетістіктері сол кездері Әлия жүрегінде ұшқыш болсам деген ұшқын тұтатқан.

1936–1938 жылдардың жаз айларында Сапура мен Әлия демалуға әжесі Тәжікенге (Әбубәкір Мәскеуге көшкенде Тәжікен елде қалам деп ермей қалған) Қарағай-құдыққа және Ақтөбеде тұратын немере нағашы ағасы Бисембайға келетін. Бисембай мен оның жұбайы Манар Әлияны ерекше жақсы көретін болған. Кей кездері Құрайлыға өздері баратын, кейде оларды колхоздан күтіп алатын, екеуінің арасы 4–5 шақырымдық жер. Бірде оларды нағашы Бақытжан ағасы күтіп алып, жолда кездескен «овчарка» тұқымдас итті «қасқыр» деп жиендерін сынамақ болыпты. Бірақ Әлия оған «қайдағы қасқыр, бұл ит қой», – деп өте шыққан. Елек өзенінің жағасында досы, әрі туысы Нұрғалиқызы Рашпен талай

суға түсіп, оның жатқа айтқан «Қыз Жібек пен Төлеген», «Ер Тарғын» секілді эпостарын батыр қызымыз сүйіп тыңдаған. Әлияның бойына осы дастандар ержүректіктің дәнін еккен. Ауыл балаларымен егіс алқабына көмектесуге барып, қол диірменмен бидай тартып, қазан жаппай жегендегі естеліктері қиынқыстау кезеңдерде Әлияның еліне деген сағынышын басқан болар. (Сапураның аудиотаспадағы естеліктерінен).

1938 жылы көктемде Әубәкірдің оқуының Ленинградқа ауыстырылуына байланысты Молдағұловтар отбасы Ленин қаласына көшеді. Ол жерде пәтерлері Слуцкая №2 үй, 72 пәтерде орналасқан болатын. Үйлерінің алдында Суворов музейі бар еді. 4–5 үйден кейін «Таврический» саябағы орналасқан, Әлия сол баққа қарсы тұрған №9 мектепке 28 наурыз күні 4-ші кластың 4-ші тоқсанында барады (Әубәкір Молдағұлов естелігі).

Ақтөбе облыстық мұрағаттағы мәлімет бойынша №9 мектеп 1898 жылы Нева өзенінен өтетін көпір маңында салынған. 1948 жылы мектепке Әлия есімі беріліп (Асқаров, 1985, 14 б). Кейін ол мектеп ысырып тасталынып, 1963 жылы орнына жаңа №140 мектеп салынады. Мектептегі батыр қызымызға арналған музей 1965 жылы жасақталған. 2003 жылы Ресейдегі Қазақстан жылына байланысты аталған мектепке Әлия есімі беріліп, кейіннен Әлия атауы алынып тасталыныпты.

Егде жастағы класс жетекші Евгений Тимофеевич Садовский балаларды құшақ жая қарсы алады. Ленинград та Әлияны Эрмитаж, Нева өзені, Сарай алаңымен өзіне баурады. 5-ші класта мектепке күрделі жөндеу өткізілетін болып, оларды Смольныйдағы мектепке ауыстырады. Ол кезде мектептің жартысында орыс мектебі болса, келесі жартысында испан балалары оқыған. Сол кезеңдерде Әлия мен Сапура испан қыздарымен де дос болған екен.

Ол ұстаздардың кластағы бірінші көмекшісі еді. Үлгерімі нашарлап жүрген оқушыларды алдыға сүйреп, бағаларын түзетпейінше тыным бермейтін. Өзі де орыс тілінен қиналатын, бірақ сабақтан кейін қалып, жұмыстанатын. Оны кластастары «біздің мазасыз старостамыз» деп атайтын. Оның тәртіптілігі мен тазалығы, талапшылығы үшін тек кластастары емес, ұстаздары да сыйлайтын (4-сурет).

Бір стипендияға тұратын нағашы ағасының отбасы өсіп, үй-жай тарлық еткесін, Әубәкір Әлия мен Сапураны Гурдина көшесі №16 үйдегі №46 мектеп интернатына орналастырады. Жеңелері аурыңқырап жүргендіктен, қол қабыс ететін адам керек болып, Сапураны қайта алып келеді. Әлия жексенбі сайын үйге келіп тұрған. Ағасының балаларын балабақшадан алып кетіп, жануарлар бағына қыдыртады екен.

1980 жылы 29 желтоқсанда Ленинград атқарушы комитетінің шешімімен батырымыз тәрбиеленген №46 балалар үйі орналасқан Красногвардейская ауданындағы Гурдина көшесіне Әлия Молдағұлова аты берілді. 1828 жылы пайда болған көше батыр атағы берілгенше, сол көшеде тұрған Гурдин атында болған.

Ленинградта Әлия көптеген дос табады: Валя Соколова, ағайынды Оля және Ляля Ваткевичтер, Мара Вольфсон, Зина Денисова, Нина Никитина, Нора Корчагина, Валя Карасева, Зоя Кузьминалар. Әлия сабақты жақсы оқығаны үшін оны балалар үйінің пионер жетекшісі қылып тандап, газеттің редколлегия

мүшесі етіп сайлап, алғыс хатпен марапаттап, чемодан да сыйлапты.

Балалар жаз мезгілінде Сивирский лагерінде дем алса, қыста Толмачево селосындағы пионер лагеріне баратын болған. Балалар үйінде Әлия кесте тігу үйірмесіне қатысып, жеңгесіне кестелерін қуанып көрсететін. Балалар үйінің балаларымен Ленинградтық Жас көрермендер театрына (ТЮЗ), киноларға барып тұрған. Бұлардың барлығын 1940 жылы балалар үйіне директор болып келген Борис Красник ұйымдастырған еді (5-сурет).

1940 жылы 7 қыркүйек күні Бүкілодақтық «Артек» лагеріне жолдама алған болатын. Ол жерде Гурзуф, Ялта, Никитинск ботаникалық бақтарға саяхаттар ұйымдастырылып, бос уақыттарында жүзім терген. Әлиямен бірге барған Александра Иванова мен Иван Плюватин артектік әндер жаттап, түрлі ойындарға қатысып, соғыс алдындағы демалыстарын осылайша өткізеді (Асқаров, 1985, 18 б). Ол жерде қазіргі таңда белгі тас пен бюст орнатылған. Бұл лагерьде батыр қызымыздан басқа Тимур Фрунзе, Рубен Ибаррури, Гуля Королева сияқты Кеңес Одағының батырлары да болған.

Ленинград қоршауда қалғанда Әлия жеңгесі мен балаларды жұмыс бабымен кеткен Әбубәкір ағасының қасына 10 шілдеде Ташкентке эвакуациялауға көмектеседі. Бірақ өзі ермей қалады. Жеңгесі Сән қанша жерден жалынса да, орта білім алмай, елге оралмайтынын, Ленинград қаласына күн туғанда оны тастап кете алмайтынын айтып, ағасына сәлемдеме жазып, шығарып салады.

Ол балалар үйінде өзінің үлкендігін сезініп, науқастанып қалған кішкентай балаларды жылы сумен жуындырып, өзі аштықтан бұратылып, әлсіреп тұрса да, соларды бағысып, көмектесетін. Су құбырлары қыстың кезінде жұмыс жасамай қалғанда, Нева өзенінен мұз ойып, оларды бөшкемен әкеліп, «буржуйка» пешінде ерітіп ішетін. Бір күні суға кеткен Әлия балалар үйіне келмей қояды. Уайымдап іздеп шықса, ол балалар үйінің есігінің алдында ес-түссіз талып жатыр екен. Сөйтсе, бір тәулікке берілетін шырпының қорабының көлеміндей 125 грамм нанның жартысын (бір күндік азықтары), балалар үйіне келген, үнемі аш жүретін 5 жасар Катя деген қызға бөліп береді екен. Сол қалжырағаннан көше бойында есінен танып қалған көрінеді. (Телеуова З., 1992, 12 б) Аштық пен суықты, осыншама қиындықтарды көре тұра, оның жүрегі қатаймаған, керісінше мейірімділік шуағын шашып тұратын қыздан қалай таңданбасқа.

Сонымен бірге қаршадай қыз үйлердің төбесінде күзетке тұрып, немістер тастаған бомба-жандырғыштарды сөндіретін, госпитальге айналған мектеп ғимараттарын жуып, тазалауға, үй-үйді жағалап, жаралыларға кітаптар тасуға, оларға хат жазысуға, окоптар қазуға, бомбалар тастағанда кішкентайларды жасырын орындарға көшірісуге көмектесетін еді. Сондай бомбадан жасырынатын жерде 1941 жылы 4 қарашада Красногвардейск аудан комитетінің комсомол бюросында Әлия комсомол қатарына өткен.

Әлияның соғысқа аттануына Володя деген баланың оқиғасы итермелеген. Ленинградта жаппай бомбылау басталғанда Әлия ағасының үйіне келіп, орнында үйіндіні көріп, мектебі мен балалар үйінің де күлге айналғанын көргенде, не істерге білмей абдырап қалады. Өргеніп жатырған үйлердің бірінен 9–10 жасар бала жүгіріп шығып, не істерін білмей әрлі-берлі сандалып жүрген баланы аяп кетіп, білегінен ұстап, жетектей жөнелген. Есімі Володя екен. Ата-

аналары осындай жағдай болған күнде паналайтын үйдің мекен-жайын үйретіп қойған. Сол жерге жеткізбекші болып, жүгіріп келе жатқандарында, аспан гүрілге толып, бомбалар жан-жақтан жарыла бастағанда, бұндайға үйренген Әлия баланы құшақтай жерге жата қалады. Барлығын жайпап бара жатырған бомбалар толастаған кезде Әлия орнынан тұрса, әлгі бала қозғалар емес. Көтеріп қараса, бала маңдайына қара бомба жарқыншағы қадаулы тұр екен. Бала жылап, бақырған да шығар, бірақ толассыз жарылған снарядтардың гуілінен естімей қалған. Өлі денені көтеріп, ата-анасына табыстағаннан кейін Әлия өртеніп жатқан көшелерді кезіп жүріп, «военкомат» атаулының бірін тауып, жауды көбірек өлтіретін жерге өзі сұраныпты (Жұмақанов. 2009, 24 б) Өлім дегенде шошына қарайтын, адам түгілі шыбынды өлтіруге қимайтын жас қыздың жүрегінде жауды құртуым керек деген өшпенділік осылайша пайда болған.

942 жылдың 24 наурызында балалар үйінің балаларын «Үлкен жерге» эвакуациялай бастайды. Финлянд вокзалынан Борис Грив станциясына келіп, сол жерден Ладога көліндегі «Өмір жолы» арқылы көліктермен өткізіп, поезға отырғызады. Балалар Ярослав облысы «Красный Профинтерн» қаласынан түсіп, Некрасов ауданындағы Вятск ауылына жіберіледі (Асқаров С, 1985, 33 б). Ол жерге балалар 13 сәуір күні табан тірейді. Әлсіреген балалар тез қатарға қосылып, мектептеп бағдарламасын игеріп кетеді. 7 класты бітірген қыздар «Красный Перекоп» фабрикасына жіберіліп, жақсы оқыған Әлияны қосқандағы 3 қыз, Рыбинскідегі авиация техникумына оқуға түседі.

Ұшқыш болса немістерді көптеп құрта алатынын білген Әлия Рыбинскідегі авиация техникумына түскенімен, ол жердегі 3 жыл оқу оған тым ұзақ көрінді. Ол өз еркімен оқудан шығуға арыз беріп, Орталық әйелдер мергендер курсына ауысады.

Мергендер мектебінде оқығанда да Әлия өз-өзіне деген талапшылдығымен көзге түсті. Мектептің саяси бөлімінің бастығы Екатерина Никифорова Әлия туралы естелігінде 1943 жылдың қаңтарында роталар техникалық жаттығулардан қайтып келе жатқанда біреудің қатардан қалып келе жатырған қарасын байқап, жақындай жүргенде, оның Әлия екенін көреді. Ол өз кезегінде аяғының әбден қажалғанынан, рота командирінің рұқсатымен саптан шығып келе жатырғанын айтады. Санитарлық бөлімге келіп, етігін шешкенде, аяғының қанжоса болғанын көрген командир мынадай жарақатпен қалай жүргенін сұрағанда, ол еш қиналмастан аяқтың жазалып кететінін, фашисттерді мүлт жіберместен қырып үйрену үшін уақыт жоғалтпауы керектігін айтқан (Никифорова, 1985, 19 б)

Үздік мерген болғаны үшін БЛКЖО Орталық комитеті 956 номерлі атаулы Мосин үлгісіндегі мылтық береді. Бұл қару да тек үздіктердің үздіктеріне ғана берілген. Мергендер мектебін 2000 астам мерген қыз бітіргенімен, солардың ішінен тек 45 ғана атаулы мылтыққа ие болған (Асқаров С, 1985, 35 б).

Мергендер мектебінен кейін соғысқа келгенде 54-ші атқыштар бригадасының командирі Николай Уральский Әлияның түріне, бойына қарап, кіп-кішкентай қыз қалайша соғысады деп, асханаға тамақ пісіруге барсын деген жерінде де Әлия, өзінің майданға картоп тазалау үшін емес, соғысу үшін келгенін айтқанда, дәл осы мылтығы арқылы дәлелдеген. Командир өзіне қарсы шыққан адамды орнына қоймақшы болып, қолындағы қаруын алып, кінәрат тапқысы

келеді. Бірақ мұнтаздай тазартылып тұрған мылтықтан мін таба алмай, тек үздік мергенге берілген мылтық деген жазуды көріп, көндігуден басқа шарасы қалмағанын түсінеді (6-сурет).

Әлия Молдағұлова соғыста тек мерген болып қана қойған жоқ, ол барлаушы да болды. Ловати өзенінің жағалауында, Холм қаласының түбінде шешуші ұрыс жоспарлануда еді. Сол үшін тек бригадаға, 22-ші Армияға ғана емес, бүкіл 2-ші Балтық флотына тіл қажет еді. Сол мақсатта майор Моисеевке тылға барлаушыларды жіберу тапсырылады. Түнгі барлауға шыққан 12 жауынгердің 1-ші күні текке кетеді. Кешке таман Гусев басқарған барлаушылар Холмның батысынан 15 шақырым қашықтықта орналасқан Новички ауылына келгенде, Әлия басшысына бір жоспарының бар екенін айтып, тіл әкелуге рұқсат беруін өтінеді. Ол өзімен бірге ауыл қызының киімін алып шыққан екен. Лезде киініп алып, «тіл» алуға кетеді. Ауыл қызы ұқсап ауыл шетіндегі бір үйдің жанына барып тың тындаса, жайланып отырған немістердің дауысын естиді. Үйге кіріп, екі немістің қарсыласқанын атып, екіншісін тірідей алып шығады. Тұтқындалған тіл анау-мынау емес ауыр атқыштар батареясының командирі бас лейтенант Тиман екен. Гусев жақсы «тіл» әкелгенімен құттықтап, генералдың ырза болатындығын жеткізеді. Қуғыншылармен болған 1 сағаттық атыстан кейін «тіл» аман-есен штабқа жеткізіледі. Осылайша Әлияның тапқырлығы мен өжеттілігінің арқасында көп мәліметтер алынады (7-сурет).

Октябрь мерекесінен кейін Әлия үш мерген-қызды алып, бейтарап зонадан өтіп немістер бекінген жерге таяп барады. Немістер оларды байқап қалып, тосқауылға шықты. Олар қыздарды ұрыссыз алмақ болды. Мергендер таяп қалғанда, немістер «Хенде хох!» деп айқайлап қалады. Қыздар сасып қалады. Ең қиын минутта Әлия тез қимылдап, «Отан үшін!» деп фашистерді атып үлгереді. Осы арада естерін жиған достары да көмекке ұмтылады. Екі еңгезердей немісті қыздар тұтқынға алып, олар команда орналасқан пунктке жеткізілді. Бәрі де Әлияның ерлігіне таң қалды. Командир өз қызындай бетінен сүйеді. Сол кездегі Әлияның батылдығы тек қана батальон, бригада ғана емес бүкіл Кеңес Армиясына тарайды.

1943 жылы қарашаның аяғында Холм қаласының түбінде батальон қанды ұрыспен барлау жасады. Немістен тіл алу өте қажет еді. Барлауға мерген қыздар түгел қатысты. Олар алғашқылардың ішінде фашист траншеясына ұмтылды. Нәтижесінде біреу емес, бес «тіл» ұстады.

Фашистерді құртқан және асқан ерлік үлгісін көрсеткені үшін әскери әкімшілік Әлия Молдағұлованы жоғары солдат наградасы «Даңқ» орденіне ұсынады, бірақ ол орден Әлияға берілмеді.

1943 жылы 12 қаңтарда Әлия қатарында болған 54-ші жеке атқыштар бригадасына Шенайлово, Волгино, Насва станциясы мен Казачиха елді мекенін алуға бұйрық түседі. Осы елді мекендерді азат етуде батальон құрамының 50 пайызынан өлідей және жаралыдай айрылады. Бұл бекіністе немістер ыңғайлы жерге орналасқандығы қиындық туғызды (Төлеуова, 1992. 26 б).

Әуелі батальон Федорухново деревнясының қорғанысын бұзуға күш салды. Жау арт-пулеметтен оқ жаудырғанда, жажүрек қыздың ұраны жауынгерлерге дем беріп, неміс қорғанысы бұзылып, Әлия 10 неміс солдаты мен 1 офицерді жер қаптырады. Воево үшін болған шайқаста да Әлия жол бастап,

12 солдат пен офицердің көзін құртып, тартылып алынған жер қайтарылды (Төлеуова. 1992, 28 б)

Ал Насва теміржол стансасын азат етуде Молдағұлова батальон барлаушыларымен бірге қимылдап, жаяу әскерлерге оқ жаудырып тұрған минометті байқап, оны граната лақтырып жойып, өзін нысанаға алған солдатты тұтқынға алады. Жауынгерлер үздіксіз атыстан шаршап, ұйқы мен тамақтан қалды. Осы кезде мерген-қыздардың көмегі зор болған. 4-ші батальон командирі Моисеев 1-ші ротада, майор Салаев пен Зинаида Попова 2-ші ротада, ал Әлия Молдағұлова 3-ші ротада үгіт жүргізеді. Өйткені ауа-райы бұзылып, боран улеп, жауынгерлер қалжырады.

Таң алдында шабуыл басталып, рота бірнеше рет шабуылға шықты. Әлияның винтовкасынан талайы баудай түсті, бірақ ол винтовкасының көздеу орталығы ұшып кеткенде де, қолы жарақаттанғанда да атуын тоқтатпай винтовканы автоматқа ауыстырып шайқасын тоқтатпады. Жау тірегін шабуылмен алуға бұйрық келеді. Жараланған командирді көрген жауынгерлер шегіншектен кететінін білетін Әлия, сын сағатта жауынгерлерді саңқылдаған үніменен жауға қарсы көтерді. Оның үні алдағы оқ төндірген ажал, арттағы қорғаныс күтіп отырған ел мен жер бар екенін жауынгерлердің есіне түсіргендей болды. Олар өре көтерілді.

Алдыға қарай асыңқырап кеткен жаужүрек қызды неміс офицері байқап қалып, жағадан ала түседі. Ол бұлқынып шығып, автоматын кезінгенімен, жау оғы диттеген жеріне жетеді. Дегенмен, жараланса да Әлия қарсыласын атып үлгереді. Бұл оның ажал құштырған соңғы немісі еді.

Әлия 1944 жылдың 14 қаңтарында көз жұмады. Оны Казачиха ауылы маңында сол деревняның байырғы тұрғыны Петр Бойков ауласындағы алма бағына жерлейді. Кейін Әлия сүйегі Насва ауыл советіне қарасты Монаково биігіндегі бауырластар зиратына көшіріледі. 54-ші жеке атқыштар бригадасының 4 батальон командирі Федор Моисеев Әлияны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынады. Осылайша 1944 жылдың 4 маусымындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы негізінде 5790 номерлі Грамота 1950 жылы 19-шы шілдеде беріледі (8-сурет).

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Аскаров С. Алия. Алматы, 1985. – 13, 14, 35 б.
2. Қауыс Ү., Байдербес Ғ. Әлия ғұмыр: ерлік пен өнеге. Ақтөбе, 2006.–22 б.
3. Жұмақанов Ж. Әлия (майдан дәптерінен) Алматы, 1958. -27 б.
4. Төлеуова З. Әлия жүрегі. Ақтөбе, 1992.-12б., 26б, 28б.
5. Жұмақанов Ж. Әлия әні. Алматы, 2009. -24б.
6. Никифорова Е. Рожденная войной. Москва, 1985.–19 б.
7. Герои Советского Союза. Краткий биографический словарь. Т 2, Москва,–105 б.
8. Ақдәулетұлы М. Әлия. // Ә.Молдағұлованың 80 жыл толуына арналып шығарылған жинақ, Т I, Алматы, 2005.–111 б
9. Сапура Молдағұлованың аудиотаспадағы естелігі.
10. Әбубәкір Молдағұловтың өз қолымен жазған естелігі.



1-сурет. Әлия 7 жаста

Мой адрес:
Моско-вская обл.
А-ская ме / д.
ст Вешняки
У. Ш. У. С. Д.
Литер. № 10
Манцугуповой А.

P.S.
Сапура в дет. доме мне при
восстановлении лотерей
сделали ошибку в фамилии:
вместо Манцугупова напи-
сали Манцугупова.

Мне тебе карточку, но на ней
я гораздо серьезнее, чем на само
Лин

2-сурет. Әлияның Сапураға жазган хаты (15.05.1943 ж.)



3-сурет. Әлияның туған үйі



4-сурет. Әлияның балалар үйіндегі құрбысы Нина Быстровамен 1940 жыл (1942 жылы қоршауда қайтыс болған).



5-сурет. №46 балалар үйінің медбикесі Августа Кампернауспен бірге



6-сурет. 1943 жылы Мергендер мектебін аяқтап, соғысқа аттанар алдында түскен суреті.



7-сурет. 1943 жылы майданда жүріп, немере нағашы ағасы
Бисембай Хабиевке жолдаған суреті



8-сурет. Әлия Молдағұлованың Кеңес Одағының Батыры атағы берілгендігі
туралы грамота

ӨНЕРЛІ ЖАННЫҢ ЗЕРДЕЛІ БЕЛЕСТЕРІ

Ұ.К.Мұхамбетова

Ағайынды Жұбановтар

мемориалдық музейінің директоры

Қазақстанның музыка мәдениетінің әлемінде Әліби Әзербайжанұлы Мамбетовтың есімі 80-ші жылдар басында айтыла бастаған. Жас композитор ретінде консерватория қабырғасында жүріп флейта мен фортепианоға жазған «Миниатюрасы» Ереван қаласында өткен жас композиторлар фестивалінде орындалып, еңбегі жоғары бағаланса, ал шекті квартетке жазған «Ноғайлы» шығармасы қазақ радиосының «Алтын қорына» енген.

Жиырмасыншы ғасырда одақ көлемінде саусақпен санардай әйгілі Р.Шедрин-М.Плисецкая, М.Магамаев-Т.Синьявская, Н.Добронравов-А.Пахмутова сынды шығармашылық жұптардың қатарында қазақ елінің мақтанышы Әзербайжан Мамбетов пен Ғазиза Жұбанова болғаны айтылады. Өнегелі жұп шығармашылықпен отбасылық одақтың жолында ұлтымыздың өнеріне ізгілікті сара жолын сала білді. Шығармашылық жетістіктерімен қатар отбасында Дина, Әліби, Әлия және Адай атты ұл-қыздарын дүниеге әкеліп оларға тәлім-тәрбиенің нұрын шаша білді. Әзербайжан Мәдиұлы: «балдарым әдепті, тәрбиелі, таланты жандар болып өсті» деп айтқан сөзінде үлкен мән бар. Олай дейтініміз өнерлі жұптардың бүгінде қай ұрпағын сөз етсек те мақтан тұтарлық жандар. Ендеше бүгінгі сөз шығармашылық отбасының өнерінің өрелі жалғасы Ғазиза, Ахмет Жұбановтардың композиторлық дарын тұтқасын қысқа өмірінде ұстай білген Әліби Әзербайжанұлы жайлы сөз өрбиді.

Әліби Мамбетов музыкант, композитор өнертану ғылымының кандидаты. Ол 1961 жылдың 3 ақпанында Алматы қаласында дүниеге келіп, 2018 жылдың 15 желтоқсанында дүниеге келіп, асқарлы 60 жасқада да жете алмай өмірден өткен. Оның бала кезінен өнерге деген құштарлығының қалыптасуына ең алдымен өскен ортасы ықпал еткені сөзсіз. Әліби Мамбетовтің өз кезінде журналистерге берген бір сұқбатында: «Шығармашылық атмосфера – рухани өмірдің, адам жанының тірегі, азығы екенін жастайымнан сезініп-көріп өстім. Нағашы атам қазақ музыка өнерінің ірі тұлғасы Ахмет Жұбановты айтпағанның өзінде әкем Әзербайжан Мамбетов сахна өнерінің, шешем Ғазиза Жұбанова музыка өнерінің үлкен қайраткерлері екені белгілі. Жездеміз белгілі суретші, қазақтың тұңғыш кәсіби бишісі, әдебиетпен өнердің білгірі Әубәкір Исмайловтың тағылымы да текке кетпеді...» деген екен.

Болашақ композитор алғашқыда Күләш Байсеитова атындағы республикалық арнайы орта музыка мектебінің «скрипка» және «музыкалық теория» бөлімін, Алматы мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясында профессор Тмат Мерғалиевтан домбыра класын және профессор Ғазиза Ахметқызынан музыкалық композиция класы бойынша профессионалды білім алды. Кейін Мәскеу қаласындағы П.И.Чайковский атындағы консерваторияның аспирантурасының композиторлық класы бойынша кәсіби білімін жетілдірді. Мәскеуден білім алып келгеннен кейін, алғашқы еңбек жолын Құрманғазы консерваториясының «Қазақ тарихының музыкасы және фольклор» кафедрасынан бастау алып, кейін Т.Жүргенов атындағы академияда, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында, Алматы Ахмет, Ғазиза Жұбановтардың ғылыми орталығы музейде қызметтерін жалғастырған. Музыка мәдениетінің әлемінде Әліби Мамбетовтың есімі 80-ші жылдар басында айтыла бастағаны жоғарыда сөз етілді ғой. Жас композитор ретінде жазған фортепианомен флейтаға арналған миниатюралары, «Әукеме», «Ақмама» атты күйлері, шекті квартетке

арналған «Ноғайлы» шығармасы, виолончель мен камералық оркестрге арналған поэмалары тыңдаушылардың жүрегінен орын ала білді. Композитор шығармаларында европалық және ұлттық жанрлардың тарихы мен лирикалық мәнін ашып көрсете білді. «Виолончель және камералық оркестрге арналған «Поэма» Алматы, Мәскеу консерваторияларында, КСРО Композиторлар одағының пленумында, Фрунзе қалаларының үлкен сахналарында орындалғаны туралы мақтаншыпен айтылады. Ақтөбе облысы бойынша студенттердің фольклорлық экспедициясын жетекшілік етіп, өлкенің музыкалық мұрасына байланысты көптеген құнды материалдар жинақтап, қазақ эпостарының тарихи мазмұны бойынша ғылыми еңбектер жазғаны туралы да деректерде қорда сақталған. Өмірінің соңынан дейін қажырлы еңбек етіп, тамаша шығармаларды дүниеге әкеліп, қаламын шыңдай білді.

Домбыра, скрипка, фортепиано, флейта, виолончель аспаптарына жазған шығармалары, ұлттық және симфониялық оркестрге және шекті, үрмелі аспаптарға арналған квартеттер, романстар, поэмалар, дауысқа арналған әндер, хорға арналған шығармаларымен қатар спектакльдердің қойылымдарына жазған музыкалары, теледидар бағдарламаларына арналған тамаша шығармалары шоқтығы биік туындылар. Әліби Мамбетовтың әр жанрда жазған шығармаларының философиялық және эстетикалық мазмұны терең, алға ұмтылудағы идеологиялық мағыналары бар екенін музыка зерттеушілері де ерекше бағасын берген де еді.

Осындай нәтижелі еңбегінің арқасында бірнеше дүркін халықаралық фестивальдар мен конференцияларға қатысып, әр түрлі тақырыпта баяндамалар оқып, құдіретті домбыра аспабында тамаша шығармаларын ойнап ұлтымыздың өнерін ұлықтай білді. Өз кезінде домбыраны шебер ойнау барысында «Қазақстан- Болгария» үгіт насихаттау тобының құрамында болып үкілі домбырамызды асқақтатса, ал замануи музыкалық бояуында жазылған «Ночной полет», «Әйелдерге арналған 3 хоры» атты шығармаларын Самарқанд, Хорватия, Германияның халықаралық композиторлар фестивалінде қазылар алқасының қауымдастығымен мақұлдаған және конкурстарда шығармалары орындалып, жүлделерге ие болып, диплом, сертификаттармен марапатталған. Әліби Әзербайжанұлының еңбек жолындағы жаңаша жемісінің бірі, ол алғашқы рет жұмысында музыканы сандық технологияға енгізіп, синтезатор бойынша оркестрдің партитураларын өндеп, нота жазу жұмыстарын жеңілдеті білген.

Халықаралық мәдениет байланыстарын жүзеге асыру және оны дамыту жұмыстарына да белсене араласып, шет елдерде болып, ғылыми және шығармашылық жобаларға қатысып өнеріміздің серпілуіне ықпалын тигізді. Композиторлық жұмысымен қатар ол от басында жақсы жар, балдарына асқар тау әке болды. Жары Ләззат Елемесқызы Сағынаева Алматы қаласындағы Ахмет, Ғазиза Жұбановтардың ғылыми мұрасын зерттеу пәтер музейінде ғылыми қызметкер болып, ұзақ жылдар бойы қызмет атқарды, бүгінде зейнеткер.

Атылмыш музейде қазіргі таңда ағайынды Құдайберген, Ахмет Жұбановтардың және олардан тараған өнегелі ұрпақтардың ғылыми мұраларын зерделеп шығармашылықтарын насихаттап жүрген жандардың бірі Адай Әзербайжанұлы Мамбетов. Жиырма сегіз жыл оттасқан жары Ләззат сөзінде: «ол өте қарапайым, жүрегі нәзік жан еді, әсіресе ішкі жан-дүниесінің дүниетанымы кең оны сөзбен жеткізу мүмкін емес» деп еске алады. Әліби Мамбетов қысқа, әрі саналы өмірінде көзінің қарашығындай екі баласына жақсы тәрбие берді. Ұлы Әлихан менеджер және ағылшын тілі маманы болса, ал қызы Айғаным өнерлі жан сурет салуды ұнатады және режиссерлық жұмыстарды айналысып жүрген талантты жастардың бірі. Өнегелі шығаршылық жұптан тектіліктің қасиеті дарыған Әліби Мамбетовтың әр жанрда шеберлікпен жазған шығармалары екінші өмірінде әлі талай айтылып, жыры төгілері сөсіз.

ИМАНДЫЛЫҚ ЕСІГІ, ӘУЛИЕЛЕР БЕСІГІ

Ж.Абдуллина

*Ақтөбе облыстық тарихи өлкетану музейі жанындағы
«Руханият» танымдық-патриоттық клубының төрағасы,
өлкетанушы*

*Қара жерге не ексең сол өнеді,
Негі берсең қайтар соның төлемі.
Ж.Баласағұн*

Ислам ағартушылығы дәстүрі Құран Кәріммен Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыздың хадистерімен жазылып, сахабалар ілімдерімен толыға түскендігі аян. Исламды дүние жүзіне тарату мақсатында дін жолындағы бабалар ұрпақтарын ислам хадистерімен тәрбиелеп, қазақ даласында елдің рухани азып тозуына жол берген жоқ. Мұсылмандық ағартушылық қызмет атқарған халық арасындағы құрметті ақылгөй абыздар мұсылман дінінің имандылық тәрбиелік бағытына үндеді. Мешіттер ашты. Медреселер салды. Олар тек өздері ғана емес, ұрпақтарына да өсиет еткендей. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің жаңа Қазақстанның жасампаз жарқын ұрпақтары, ұрпақтар сабақтастығына лайықты дін мен дәстүр сабақтастығына үндейтін, игілікті істерімен бабалар рухын қастерлеу басты мұраты болып қала бермек. Халықтың өзіндік діни ерекшеліктері ескеріле отырып, діни қауымдар өздерінің діни жоралғылары мен дәстүрлерін (ораза, қажылық, зекет, садақа, рамазан, айт, т.б. рәсімдер.) жүргізу. Ғасырлар бойы діни ғылым мен ілім халықпен бірге жасасып келеді. Оған тосқауыл қою немесе санадан алып тастау мүмкін емес. Жалпыға бірдей ортақ қазына. Басқаша айтқанда Тәңірдің бар екендігі, зина мен пәлеқорлықты, маскүнемдік пен ысырапшылдықты күнә екендігін, мейірімділікпен тазалықтың, қайырымдылық пен сабырлылықтың сауапты істер екендігі барлық діндерге ортақ ұғым екендігін мойындау, келер ұрпаққа тарату парызымыз болып қала бермек.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Қазақстанның батыс өлкесінде, Ақтөбе облысының жерінде діни қайраткерлердің күшімен діни ағарту орталықтары мен мешіт-медреселер әр жерден көрініс тапқан. Ол мешіт медреселерде халыққа діни тұрғыда қызмет еткен имамдар Досжан ишан, Шәймарден (Шәкен) ишан, Нұрфайыс хазірет, Жұмағали ишан, Бекпан хазірет, Бисен хазірет т.б. Олар ұстаған мешіттердің салыну тәртібі, сол кезеңде өмір сүрген шеберлер туралы деректер аз да болса халық аузында сақталып қалған.

Темір ауданындағы, Шұбарқұдық елді мекеніндегі Досжан Қашақұлы хазіреттің мешіт-медресесінен бастап, Қобда ауданында Терісаққан өзені бойы Қараталдағы Бекпан хазіреттің, Жарық елді мекеніне жақын тұрған Жаманкөлдегі Бисен Абдоллаұлы хазіреттің, Ақыраптағы Құсайын Нәкешұлы хазіреттің, Сарытоғайдағы Шәймарден (Шәкен) Әбжанұлы ишанның, Кіндіксай жеріндегі Ізтілеу Бекенұлы хазіреттің және Бөрте бойында салынған 4 мешіттердің бәрінің құрылысы Бірман шебермен тығыз байланысты. Аталған мешіттердің құрылысында тақташа тас пен саз балшық қолданылған.

Досжан хазірет және Шәкен ишан мешіттері үлкен мешіттер болып саналады. Ал Бисен хазірет, Құсайын хазірет, Бекпан хазірет мешіттері шағын мешіттер. Бірмән шебер мешіт құрылысын түнделегіп жалғыз жасайтын болған. Халық оны әулие деп атаған, себебі мешіт құрылысында пірлерді жұмсаған туралы әңгімелер жергілікті халық аузында сақталып қалған [2].

Бірман Көшімқұлұлының қолымен салынған мешіт 1868 жылы тұрғызылған ең ірі (үлкен) Досжан ишан мешіті болып саналады. Мешіт құрылысының негізгі жұмысына халық көмектеседі. Мешіттің бөлмелері алтау, терезелері адам бойынан ұзын, бөлме ішінде бірде-бір тіреу болмаған. Төбесінде бір де бір қиық жоқ, күмбезі бұрандатылып жасалыпты. Мешіт іші ою-өрнекпен және қызыл бояумен боялған хадистер жазумен әшекейленген [2]. Бүгінге дейін жеткен Әбубәкір жырлаған деректерге қарағанда, мешіт жанында 150 орындық балаларға білім беретін медресесі, қонақ қабылдайтын да орны болған. Бұдан басқа монша, жатақхана, шаруашылық бөлмелері болған. Жалпы мешіттің архитектуралық үлгісі Қазандағы 1844 жылы сәулетші А.Пескенің басшылығымен Юнусов мешітінің үлгісімен жасалған деген деректер де бар. Әбубәкір Кердерінің жырларында «Досжан ишанның мешітінде мындаған шәкірт білім алды» деп көрсетеді. Белгілі діни қайраткер Досжан хазірет Табын руының Қоңыр тармағынан. Өзінің діндарлығымен, ағартушылығымен елді дінге негіздеп, халықты бір орталыққа біріктірумен, далалық сәулет өнерін дамытумен және қазақ шежіресінің негізін жинақтаумен қазақ тарихында із қалдырған. Атақ-даңқы алты алашқа, тіпті ақ патшаның өзіне дейін жеткен. Көптеген мешіттердің бой түзеуіне мұрындық болған. Оның тікелей басшылығымен салынған Доңызтаулық Қарашындағы Қайнар мешітінің, Ойыл аңғарындағы Шилісулық Ишан ата мешіті мен медресенің маңызы зор болған.

Досжан (Досмұхамбет) ишан Қашақұлы Кіші жүздегі Табын руының Шөмішті тармағы, Қоңыр бөлімінен. 1815 жылы қазіргі Ақтөбе облысының Доңызтау аумағында туған. Әкесі – Қашақ аса дәулетті адам ескіше сауатты молда болған. Солтүстік үстірт жазығы мен оған көршілес жатқан Сам құмын, Ембі шөлін қоныстанған. Досжан алғашқы діни сауатын әкесінің көмегімен ашады. Әкесі Қашақ Орынбордан 18 ш. жердегі Қарғалыда 10 жыл оқыған. Алғашқы қажылыққа 16 жасында аттанып, сол сапарда Түркі дін ғұламаларына дәріс алып, білімін тереңдеткен. Досжан Құран Кәрімді, Мұқтасарды жатқа оқып, Меккеде 17 жасында жас хазірет деген атпен елге оралады. Белгілі діни қайраткер Досжан хазіреттің ел аузындағы есімі – Досеке, Дошеке. Азан шақырып қойған аты – Досмұхамбет. Оның есімі дін тарихында қалған ардақты тұлғалардың бірі.

Өзінің діндарлығымен, ағартушылығын дінге негіздеп, халықтың басын бір орталыққа біріктірумен, далалық сәулет өнерін дамытумен және қазақ шежіресінің негізін жинақтаумен қазақ тарихында із қалдырды. Атақ-даңқы алты алашқа, тіпті ақ патшаның өзіне дейін жеткен адам. Ол көптеген мешіттердің бой түзеуіне мұрындық болды. Оның тікелей басшылығымен салынған доңызтаулық Қарашындағы Қайнар мешітінің, Ойыл аңғарындағы шилісулық Ишан ата мешіттерінің маңызы зор. Досжан ишан Меккеге Нұрпейіс ишан және Жұмағали ишанмен (кей дерек бойынша 1874 жылы Құнанбай тобымен) қажылық сапарға барған деседі. Аса білімді діни ағартушылықтың

қайнар бұлағы. Жеті серкенің терісін илеп торсық жасап, Меккенің көшелерінде су сатып, күнбе-күнгі тапқан ақшасын 50% швейцар банксіне салып, Құнанбай қажымен Тәкия үйінің салынуына үлесін қосады. Хиуа, Үргеніш, Бұқара қалаларында білімін жетілдірген. Доңызтау, Тасастау Қайнар алқабына өзінің бірінші 500 адам оқитын мешіт-медресе тұрғызып, табан аудармай 18 жыл бала оқытқан. Ол туралы ақын Кердері Әубәкір:

- *Досеке пірі болды Кіші жүздің,
Раушан нұры болды түсіміздің.* – деп, жазған.

Қашақұлы Досжан ишан өмір бойы аттың жалы мен түйенің қомында жүрген қазақ байғампаз, ат сүрінгенше ақыл табатын сұңғыла болды. Көз ұшында көрінген жолаушының атқа отырысына, тымағы мен шапанына, жер тырманына, қамшылау мәнеріне қарап ақ оның қай өңірдің және қай рудың адамы екенін айтқызыбай біліп отырған. «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деп аңқылдаған мінездің арқасында алыс-жақынның хабарын түгел естіп, ұзын құлақ, ақ бұра желден озып кете берген. Сондай жөн сұрасудың бір түрі төрт жақсыны сұрау, төрт жақсының қатарында әр бір ру-тайпаның жүгінетін пірі, ел қорғайтын ері, етек-жені кең қайырымды бай мырзасы, тура сөзді биі айтылады екен. XIX ғасырда Табын би досы төрт жақсы туралы былай өрнектепті:

- *«Бірінші жақсы піріміз – Асан Қожа хазірет,
Екінші жақсы – Ер Барақ.
Үшінші жақсы көңілі даладай кең, Құдай Сүгір мырза,
Төртінші жақсы халқы – кімді қаласа, сол биі болады»* – деген екен. Жұрт бір ауыздан мақұлдап, Досы бидің өзін төрт жақсыға қосыпты деседі. Ал, XIX ғасырдың аяғында ақын Кердері Әбу Бәкір:

- *«Досеке пірі болды Кіші жүздің,
Раушан нұры болды түсіміздің.
Барына уағыз айтып, басшы болды,
Дін үшін талап еткен кісіміздің.
Ойылдың көшіп келді Шилісіне,
Асыл зат тәбәріктің Милысына.
Келген соң мешіт ашып, ғылым ашты,
Құдайым жолықтырды игі ісіне».* – деп жазған.

Досжан Қашақұлы ел-жағдайын толық меңгеріп, туған жеріне деген сүйіспеншілігі зор, еліне қамқорлығы мол болған. Шилі өзені мен Үшқарағанды бұлағын біріктіріп, сулы, нулы өлкеге айналдырмаққа Өзбекстан жерінен 90-ға жуық тал-теректер мен жеміс ағаштары, жидек түбірлерін әкелдіріп отырғызып, елдің иен жатқан ащы Ойыл бойына дейін бұл аймақта сирек кездесетін жеміс-жидектерге толтырған. Алма бағын егіп, жасыл желекке бөлеген. Досжан ишан 1890 жылы 75 жасында өмірден өткен. Әубәкір Кердерінің 1903 жылы Қазанда басылған кітабында Досжан ишан қайтыс болғанда жазған жоқтау өлеңі бар. Онда ишан алғашқы мешітін Үстірттің Арал бетіндегі Қарашыңында салдырғанын айтады:

- *«...Мұнан соң мешіт салды Қарашыңға,
Мың сегіз жүз елуінші жылдың шамасында.
Тасастау-Қайнар деген бір терең сай,*

*Мағұлым Қарашыңның арасында.
Құба жон мешіт салған өзі бұлақ,
Жамағат намаз оқып, етті тұрақ.
Халфе ұстап, бала оқытып, көп жыл тұрды,
«Азаматтан із.»-деген, шәкірт құрап.
Ойылдың көшіп келді Шилісіне,
Асыл зат тәбәріктің миысына.
Келген соң, мешіт ашып, ғылым ашты,
Құдайым жолықтырды игі ісіне».*

Досжан ишан 1868 жылға дейін Қарашыңда ұзақ жыл отырып, мың шәкірт оқытып шығарған. 1868 жылдың қазанында Ресей патшасы бекіткен «Даланы басқару ережесі» бойынша қазақ даласы облыс пен уездерге, болыстарға, ауылдарға бөлініп, бірінғай сұлтандардың ел басқару лауазымы тоқтатылған. Қазақ даласын басқарудың жаңа ережесі бойынша, әр үш жылда ауылнай, болыс сайлауы өткізілетін болып, осы кезден бастап ел іші болыстыққа таласқандардың әрекеттерінен қатты зардап шеккен. 1868 жылы елдегі осындай қолайсыз жағдайлардан ел ауаланып көшкенде, Досжан ишан Ойылдың Шилісу жеріне қоныстанып, Бірмұхамбет (Бірман) шебер Көшімқұлұлының басшылығымен таңғажайып мешіт бастайды. Ол жер Темір ауданының орталығы, қазіргі Шұбарқұдық кентінен 4 шақырым жердегі Шилі өзенінің бойы. Мешітті Бірмұхамбет Көшімқұлұлы салған екен.

Кеңес өкіметі орнағанға дейін мешіт үйі үлкен білім ордасына айналып, дін өкілдері қызмет атқарды. Шәкірттерінің қолдауымен көптеген кезде бұл «Кеңес Туы» ұжымшары ұйымдастырылды. Сол кезеңдерде діннен қадір кетіп, мешіт, медреселер жабылған кезде мешіт алғаш дүкен болды. Кейін атқора ретінде пайдаланған. ҚР Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993–1994 жылдары Шұбарқұдықта тұратын ұрпақтары мен ағайын-туыстары бірігіп мешіттің қасынан Тілеухана үйін салдырды. Хазірет аруағын құрмет тұтып, басына садақа беріп, келген түнеушілер бүгінде үзілмейді.

Өткен ғасырдың 20–50 жж. дін өкілдерін қудалауы Досжан ишан ұрпақтарына да көп қиындық әкелген. Үлкен баласы Хабиболла 1936 жылы «Халық жауы» деп ұсталып Темір түрмесінде азаппен өлтірілген. Ортаншы баласы Абдолла ишанды түрмеге қамап, мал-мүлкін тартып алған. Абдолла ишан 1931 жылы қайтыс болған. Кіші баласы Аққұбаш Ақтөбе қаласы маңындағы Түйетөбеде атылған. Немересі Зайыт ишан әуелі 10 жыл Сібірге айдалып, содан кейінгі өмірі қуғыннан көз ашпаған. Жазықсыз жапа шеккен Досжан Қашақұлы ұрпақтары өмірден шейіт кеткен. «Орнында бар оңалар» деген Досжан баба ұрпақтары атамекеніне жиі ат басын бұрып, шөпшегі Асқар Дауысұлы Ақтөбе қаламызға демеушілік жасап, интернет портал сыйлап, баба жатырған жерге мешіт орындарын жаңарту мақсатта зор үлестерін қосып отыр.

Биылғы жылы Досжан ишан мешіті қайтадан жаңғыртылып, заманауи тұрғыда мешіт медресе көнелікті мешіт орнынан бой көтерді. Досжан Қашақұлы мешітінің ашылу салтанатына республикамыздың түкпір-түкпірлерінен, өзге бауырлас елдерден қонақтар келді. Бас мүфти Наурызбай қажы, жазушы Смағұл Елубай, ғалым Өмірзақ Озғанбай т.б. елге танымал азаматтар қатысып, ашылу салтанатының куәгері болды.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Қазағым (Кердері Әубәкір жырлар, толғаулар топтамасы). Алматы, Жазушы, 1993 ж. – 144–145 бб.
2. Діни-тарихи мұраны зерттеу ұрпаққа аманат. 2013 жыл
3. Ақтөбе облыстық «Руханият» музейі ғылыми-зерттеу жұмыстары негізі.
4. Ілиясова Р. Ел иесі, жер киесі... Ақтөбе, Полиграфия, 2016 жыл. 79, 80, 81 бб.



1-сурет. Шилі өзені бойындағы Досжан хазірет кесенесі мен өзі салдырған мешіті. Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті

ӘЙТЕКЕ БИ
БӘЙБЕКҰЛЫНЫҢ
ТУҒАНЫНА 380 ЖЫЛ

ДОСТОВЕРНОЕ ИЗОБРАЖЕНИЕ АЙТЕКЕ БИ (АНТРОПОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ)

О.И.Исмагулов

*д.и.н., профессор, академик
Национальной академии наук РК
E-mail: orazak.ismagulov@mail.ru*

А.О.Исмагулова

*старший научный сотрудник
лаборатории физической антропологии
Научно-исследовательского центра
археологии и антропологических
исследований Южно-Казахстанского
университета им. М.Ауезова
E-mail: ainagul.ismagulova@bk.ru*

В настоящее время авторы доклада находятся на стадии написания монографии «Айтеке би (историко-антропологическое исследование)», которую планируется издать объемом 20 печатных листов на двух языках – казахском и русском. Написание книги завершится к лету 2025 г., а к концу того же года она будет издана.

Данной тематикой мы начали заниматься в 2005 г., когда была проведена антропологическая экспедиция в г. Нурата Навоинской области Узбекистана по изучению костных останков Айтеке би, захороненного там в городской зератхане. Эта экспедиция была финансирована Институтом истории и этнологии МОН РК, а выполнение антропологической реконструкции было осуществлено при спонсорской помощи И.Тасмагамбетова и М.Кул-Мухаммеда. Однако с тех пор никакой финансовой помощи проведению и публикации полученных результатов антропологических исследований не было оказано. Еще предстоит найти средства для издания указанной книги.

В первую очередь следует отметить, что в 2005 г. была организована специальная комиссия Министерством культуры Узбекистана, по поручению которой в мае того же года были проведены археологические раскопки погребения Айтеке би, расположенного с восточной стороны от стен разрушенного мазара Сейткул аулие на территории зератханы г. Нурата. Из погребения был извлечен только череп и отправлен в Институт археологии в г. Самарканде. Однако по дороге машина попала в дорожную аварию, в которой несколько пострадали 2-3 человека, а также череп был поломан (впоследствии он был отреставрирован нами). Узнав об этих событиях мы с письмом от Института истории и этнологии МОН РК обратились в Министерство культуры Узбекистана с просьбой разрешить нам провести раскопки погребения Айтеке би для антропологического изучения. После получения разрешения мы осуществили повторные археологические раскопки, однако нам не позволили вывозить костные останки из Узбекистана. Поэтому антропологические изыскания, включая основные остеологические измерения и фотофиксацию нам пришлось осуществлять в полевых условиях рядом

с местом погребения Айтеке би. Таким образом, нами были получены основные антропологические параметры для последующего определения индивидуальных и типологических пропорций и длины тела, и кости посткраниального скелета были сразу возвращены на место погребения. Для полного антропологического анализа очень важна была также скульптурная реконструкция внешнего облика Айтеке би на основе его черепа. Поскольку археологические раскопки осуществлялись при непосредственном участии представителя Узбекистана, то нам удалось с его разрешения отправить на два месяца череп в лабораторию М.М.Герасимова в г. Москве для выполнения на его основе антропологической реконструкции внешнего облика Айтеке би. Таким образом, нами был получен его достоверный скульптурный прижизненный портрет с помощью широко известного научного метода. Эта реконструкция была опубликована нами в 2005-2007 г. [1], а также в последующих наших монографиях по антропологии казахского народа [2].

На начальном этапе историко-антропологических исследований нами проводились поиски сведений об Айтеке би в архивах Узбекистана и собиралась информация среди местных жителей г. Нурата.

Далее неожиданно для нас выяснился примечательный факт, касающийся внешнего облика Айтеке би. Под авторством Отегена Койшиева была опубликована статья «Каков истинный образ Айтеке би?» на казахском языке в документальном сборнике известного поэта Сардарбека Кожагула «Бахадур Жалантос», а также других изданиях [3, с-5]. Хотя впервые он публиковал ее в 1998 году в газете «Дат» [6]. Но в последующих публикациях после нее О.Койшиев не только привел прижизненный рисунок Айтеке би, написанный испанским художником XVII в. Хуаном Харрисом, но и фото нашей антропологической реконструкции. О.Койшиев писал, что оба изображения – рисунок Хуана Харриса и реконструкция, полученная антропологом О.Исмагуловым, очень похожи между собой. Об этих публикациях мы ничего не знали. А когда ознакомились с ними в 2020 г., то хотели встретиться с их автором. Но, к сожалению, О.Койшиев скончался в 2019 г. в Кызылорде. Пусть ему будет светлая память. Жаль, что он не попытался лично обратиться к нам. Для нас было большим удивлением, как портрет Айтеке би, нарисованный почти 300 лет тому назад, сохранился до наших дней. Этого мы не смогли узнать из публикаций О.Койшиева.

В статье О.Койшиева выражено некоторое разочарование тем, что за 20 лет никто не обратил внимания на портрет Айтеке би. Мы считаем, что беспокойство, выраженное им, вполне уместно. Увы, по словам О. Койшиева, у некоторых авторов была привычка публиковать это изображение Айтеке без каких-либо сведений об авторе и истории рисунка.

В своей статье автор пишет, что первое изображение Айтеке би было выполнено в 1698 году испанским художником Хуаном Харрисом. Этому можно поверить. Хотя с тех пор прошло более 300 лет, автор не написал, как именно эта картина попала к нам, сохранилась ли она в Испании или до сих пор в Казахстане. Собственно, поводом для прихода в Среднюю Азию этого художника со слугами короля Испании в XVII веке стали события, связанные со свержением османского царя Баязита Амиром Темиром и его подчинением своей власти. Потому что во время правления царь Баязит предпринимал большие попытки завоевать Европу и предпочел бы начать с Испании. Это заставило короля Испании сильно

переживать. Но когда, Османское государство было уничтожено Амир-Темиром, то тогда опасные дни для короля Испании полностью миновали. После этого, достигнув мира, король Испании выразил Амиру Темиру огромную благодарность и возложил ему особые почести и дары от имени короля. Итак, известно, что посол Дон Руи Гонсалес де Киавихон и художник Хуан Харрис от имени короля Испании Генриха III совершили официальный визит в Бухару и Самарканд со своими слугами. Поэтому не вызывает сомнений, что испанцы были в Средней Азии в XVII веке. В основном эти события описаны в исторических трудах Узбекистана, Турции и Испании.

Главным вопросом теперь является соответствие между портретом Айтеке би 1698 года и его скульптурным бюстом, выполненным на основе черепа, извлеченного казахскими антропологами из его могилы на Нурагинском кладбище в Узбекистане в 2005 году. При этом следует учитывать одну вещь. Когда художник рисует человека, он создает определенный художественный образ. Метод антропологического восстановления облика человека по черепу использует другой принцип, а именно учет закономерностей анатомо-морфологических связей между рельефом костей лица и слоями мягких тканей над ними. Поэтому в антропологической реконструкции лицо изображается только в его нейтральном выражении и представляет собой достоверный, т.е. документальный прижизненный скульптурный портрет на момент смерти. Это считается общепринятой методикой.

Теперь, принимая во внимание упомянутые выше требования, мы предпочитаем давать сравнительные определения для двух рассматриваемых изображений, т. е. цветного портрета и однотонного бюста (рис. 1 и 2). Для этого были взяты изображения примерно одинакового масштаба и направленных лицом в одну сторону. Одно из общих различий между ними заключается в том, что между возрастом Айтеке би, когда писался его портрет, и датой его смерти существует значительный разрыв во времени. Основное сходство двух картин заключается в сходстве их антропологических особенностей и общего типажа, характерного для антропологического облика современных казахов.

Никто не может отрицать их принадлежность к характерному казахстанскому варианту тураноидной расы. Разницы в высоте и ширине лица на двух снимках почти нет. Строение носовых костей похоже друг на друга. Выступание скуловых костей тоже близко на обоих изображениях и находится на одном уровне в горизонтальной плоскости лица. В целом преобладает не столько различия между двумя лицами, сколько их взаимная близость. Таким образом, вполне можно констатировать, что реконструированный бюст по черепу с помощью антропологического метода и написанный художником портрет являются изображением лица одного человека, а именно лица Айтеке би. Описание внешних черт Айтеке би является правильным определением, поскольку основан на научных морфологических сравнительных значениях. Свое мнение о взаимном сходстве этих двух изображений писал и О. Койшиев.

Наш главный вывод заключается в том, что отныне путь продвижения образа Айтеке би должен опираться только на эти портреты. Пора положить конец другим его надуманным изображениям.

Пусть в вечной памяти будущих потомков сохранится реальный образ Айтеке би. Этот образ нашего замечательного прадеда принесет нашей суверенной

стране удачу и процветание.

Наконец, хотелось бы выразить надежду, что вышеупомянутая монография вовремя выйдет в свет, тогда эта публикация станет значимой научной новостью для казахского народа.

Напоследок несколько слов о наших других знаменитых двух биях – Толе би и Казыбек би. К сожалению, научных историко-антропологических исследований по ним провести мы не можем. Дело в том, что на месте погребения Толе би еще в царское время был построен мазар и его вскрывать на территории Узбекистана (старое кладбище Шайхантаур в пределах г. Ташкента) не позволено. Что касается Казыбек би, то он скончался в Центральном Казахстане, но его тогда решили похоронить в Туркестане рядом со святым местом – мавзолеем Ходжа Ахмеда Иассауи. Советское правительство поручило двум республикам вести надзор над этим мавзолеем. А в 1956–1957 гг. археологи Узбекистана без научных изысканий решили почистить фронтальную часть мавзолея Ходжа Ахмеда Иассауи, где располагалась большая земляная насыпь, в которой без надгробного знака был похоронен Казыбек би в числе других султанов. Насыпь полностью снесли экскаваторами и на самосвалах грунт свезли за пределы казахского кладбища.

Таким образом из трех известных казахских биев только по Айтеке би удалось провести историко-антропологические исследования. Поэтому в наши дни необходимо внести изменения в практику изображения известных исторических лиц казахского народа, большинство из которых – это всего лишь их фантазии художников.

Список литературы и источников

1. Исмагулов О., Исмагулова А., Косанбаев С. Историко-антропологическое исследование Айтеке би // Қазақ өркениеті. Университет «Кайнар». – 2005, №3 (19). - С.10–18.
2. Смағұлов О., Смағұлова А. Қазақ халқы және ата тегі. – Алматы: Арна, 2020. - 472 б.; Исмагулов О. Исмагулова А. Очерки по антропологии казахского народа и его предков. – Нур-Султан: Международная Тюркская академия, 2021. - 128 с.; Смағұлов О., Смағұлова А. Қазақ халқын мен оның ата тегіне орай антропологиялық очерктер. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы, 2021. - 128 б.; Ismagulov O., Ismagulova A. Essays on the anthropology of Kazakh people and their ancestors. – Nur-Sultan: International Turkic Academy, 2021. - 128 p.; İsmagulov O., İsmagulova A. Kazak Halkinin ve Atalarinin Antropolojisi ile İlgili Yazilar. – Nur-Sultan: Uluslararisi Türk Akademisi, 2021. - 128 b.
3. Қожағұл С.О. Баһадүр Жалаңтөс. – Алматы: «Мұсылман» баспа үйі. - 2016. - Б.150.
4. Қойшиев Ө. Жалаңтөс баһадүр // «Мұсылман». – 2013. –№ 3–4 (105). – 2–15 бб.
5. Жалаңтөс баһадүр – тарихи тұлға: Деректі танымды жинақ. – Алматы: «Зерде», 2018. –1851–89 бб.
6. Қойшиев Ө. Әйтеке бидің шын бейнесі қандай? // Газете «Дат». – 1998. – №18 от 3 сентября.



Рис.1. Прижизненный портрет Айтеке би, нарисованный испанским художником Хуаном Харрисом в 1698 г. Впервые был опубликован в казахских изданиях О. Койшиевым в 1998-2018 гг.



Рис.2. Скульптурный бюст Айтеке би на основе антропологической реконструкции по черепу из погребения на Центральном кладбище г. Нурата (Узбекистан), изученного казахстанскими антропологами в 2005 г.

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН ӘДІЛДІК
Билер институті тарихынан алынған бір үзік сыр.
Ә. Кекілбаев зерттеулеріндегі Билер институті.

С.Өтениязов
Мадрид және Қазақ
Американ университетінің
профессоры, т.ғ.к.

Билер институті – қазақ елінің жаны, жүрегі мен басы, ақыл-есі, арнамысы, елдігі, абыройы, мемлекеттігі және мақтанышы.
(С.Утениязов. Вестник Мин.Юст.РК. 1996, № 5.49-54 беттер)

Қазақ билері тарихымызда әділ билігімен ерекшеленеді. Сол қара қылды қақ жарған әділдік осы заманда болса екен деп армандаймыз...

Осы уақытқа дейін қазақтың үш биі Төле, Қазыбек, Әйтеке ерекше дараланып марапатталып келгендіктен Қазақтың билер институті тарихындағы басқа билер мен тарихи тұлғаларға орын қалмаған сияқты болып көрінеді [1].

Төле биге қатысты бір қате мәліметті алғаш Ш.Ш.Уәлиханов жазғандықтан сол оқиға осы уақытқа дейін талай зерттеуші ғалымдардың басын қатырған еді. Ол қазақ елін Ресей шапқыншыларынан өмір бойы қорғаған батыр, қолбасшы Әбілхайыр ханды қастандықпен өлтірген Барақ сұлтанды Төле мен Әйтеке билердің ақтағаны еді. Қалай болғанда да ол осылай Ш.Ш.Уәлиханов еңбегінде жазылып кеткендіктен соңғы уақытқа дейін талай тарихи мәліметтерді шатастырған еді [2, 88-б]. Әрине Шоқан бұл мәліметті халықтан алды. Сондықтан ол өзінің билер сотын зерттеуіне пайдаланған. Қазақ елінің алдындағы осынша еңбегі бар хан Әбілхайырды Неплюевтің тапсырмасымен өлтірген Барақ сұлтанның бандиттік әрекетін қазақ билері ақтады дегенге зерделі зерттеуші сене қоюы мүмкін емес. Дегенмен осы жалған, шындыққа қисыны келмейтін мәлімет талай зерттеушінің санын соқтырып келген еді.

Ә.Кекілбаевтың қазақ тарихына қатысты зерттеулерінде ерекше орын алатын тарихи тұлғаның бірі Әйтеке би. Жалпы қазақ еліндегі билер институтінің тарихын соңғы екі ғасырда көптеген ғалымдар зерттеді. Солардың ішіндегі ең ірілерін айтсақ, XIX ғасырда Ш.Ш.Уәлиханов, XX ғасырда С.З.Зиманов болатын. Ал, Әбіш ағамыз Қазақ билеріне (Әйтеке, Төле, Қазыбек билерге) қатысты барлық деректі жан-жақты зерттегенін қазір біз мақтанышпен айтамыз... Төле биге қатысты көптеген шындықты ашқан оның осы көлемді зерттеуі «Егемен Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 23-қазандағы санында «Әйтеке би» деген тақырыппен жарық көрді.

Әйтеке бидің ХҮІІІ ғасырда өмір сүргендігі туралы Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерінде қате жазылып кеткендіктен соңғы жылдарға дейін көптеген зерттеушілерді жаңылыстырды. Әбекең осы тақырыпқа қатысты материалдарды мұқият зерттеген себепті, Әйтеке бидің ХҮІІІ ғасырда емес, тек ХҮІІ ғасырда ғана өмір сүргенін дәлелдеді.

«Жеті жарғыны» жасақтаған әйгілі үш бидің тарихтағы орны аса үлкен екенін айта келіп Әйтеке би туралы: «...алаш ішінде алшыннан. Алшын ішінде Әлімнен. Әлім ішінде Төртқарадан. Төртқараның Қарашы. Қараштың Сейітқұлы.

Сейітқұл болғанда, кәдімгі Өз Тәукенің төртінші атасы, атақты Қасымхан өлген соң біраз уақ қазақ билігін қолына алған Шығай Жәдікұлы 1581 жылы күллі ұлысымен Сырдарияның сағасындағы қонысын тастап, Самарқанның теріскейіндегі Нұрата тауына көшкенде, қасына төртқара Сейітқұл дегенді ерте кетпейтін бе еді, – сол Сейітқұлдың дәл өзі. Сейітқұлдың сегіз баласының аты жер жарған. Ең атақтысы Жалаңтөс, сол кезде бар болғаны бес жаста екен. Сол Жалаңтөс Нұратада жүріп, Бұқар мен Тамды маңындағы қазақ ұлыстарын билеп Ақназар ұлы Дінмұхамедтің көзіне түседі. Ол – кәдімгі Хафиз Таныштың «Абдулла-нәмесіндегі» Дінмұхамед. Қасым өлгесін, шырқы бұзылған қазақ хандығының еңсесін тіктеп берген әкесі Ақназардың саясатын одан әрі жалғастырып, Абдолла әулетінен өрбитін билеушілермен батыл тайталасқа шығып, қазіргі Орта Азияның кейбір шаһар мемлекеттерінің тізгінін өз қолына ала білген қазақ ханы Жалаңтөс те Дінмұхамедтің сол күресі үстінде көзге түссе керек.» [7, VIII-том.52-б], – деп оның туып өскен ортасы мен айналасындағы тарихи тұлғалар туралы нақты мәліметтерді келтіреді.

1748 жылы Әбілхайыр ханды Неплюевтің тапсырмасымен өлтірген Барақ сұлтанды ақтап шыққан атақты билер ішінде Төле би мен Әйтеке би болғандығы туралы жалған мәлімет Ш.Ш.Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазбалар» [2, I-том, 506-б.] атты еңбегінде жазылып кеткен болатын. Шынында бұл оқиғаға Төле би де, Қазыбек би де, Әйтеке би де қатысудан аман болатын. Біріншіден Төле би мен Қазыбек би Барақты ақтау түгілі ешқашан жақтаған емес. Екіншіден Әйтеке ол кезде дүниеде жоқ болатын...

Әбекең сол оқиғалардың шындығын алғаш рет анықтағандардың бірі еді. Барақ туралы: «төрт биге, атап айтқанда, Кіші Орданың Алшын Төртқарасының Қаратоқасына, Қаракесегінің Қожанабы мен Мәмбет аталығына, Орта жүздің бағаналы Найманының Өтебайына өз атынан сәлем жолдап, егер солар Әбілхайырды өлтіргенін теріс болды десе, басымның еркін соларға беремін», – депті. Көріп тұрмыз бұлардың арасында Төленің де, Әйтекенің де аты жоқ. Ю.Гуляевтің күнделігінде келтірген бұл деректі С.Абдрезяков қуаттайды. Оның айтуынша Барақ наймандағы Өтебай Шүрек би, Қабанбай батырға, Қаракесектегі Қазыбек биге үш кісі жіберіп, «Әбілхайырды өлтірдім. Қазақтар оның орнына мені хан қояйын деп жатыр» – деп хабарлаған. Оған жоғарыда аты аталған игі жақсылар қатты наразы болған... Барақ жаушыларын олар құр қол қайтарыпты. Сұлтан (Барақ) жаушыларын Төле биге де хабаршы жіберген екен. Одан да сондай жауап алыпты. Амалсыз Сарысудың Жоңғар жағын көшіп қоныпты. Қасында 500 шаңырақтай ғана ел қалыпты... [7, VIII-том, 54-б], – деп нақты мәліметтермен дәлелдеген болатын.

Барақ сұлтанның 1735 жылы Ресей патшасына хат жазып бодан болуға өтініш жасағанын да, және оның 1742 жылдың күзінде Орынбор генерал губернаторы Неплюевке барып ант бергені, патшаға елшілікке батыр Сырымбет Бекбасұлын жібергені туралы да алғаш Әбекең жазған еді.

Бұл жерде біздің айтпағымыз осынау Әбекең алғаш айтқан тарихи аса

құнды мәліметтерді И.В.Ерофеева зерттеулерінде түгелдей қолдау тапты және кеңейтілгенін айтуға міндеттіміз.

Патша өкіметі, Орынбор басшылары көп жылдан бері бағынбай жүрген Әбілхайыр ханның қаза болғанын тойлап жатты. Ең басты мәселе ол қазақ сұлтанның қолынан қаза тапты. Демек осы оқиға нәтижесінде қазақ елін және оның сұлтандарын қырылыстырып қызығына батамыз деп есептеді. Алайда, олай болмады. Қазақ елі Әбілхайыр сынды кеудесін оққа төсеп 48 жыл бойы Ресей империясынан және оның итаршыларынан қорғаған батыр қолбасшыны өзінің қадірлі адамдары аса құрметтейді екен. Олар Барақты өлтіріп қана қоймады, жанында болған Сырымбет сияқты адамдарды да және оның балаларын да аямады. Осы қатаң жазалауды әрине Әбілхайырдың балалары басқарды.

1750 жылы апрель айының басында жазған хатында адай Мырзатай батыр (Әбілхайырдың бәйбішесі Бопайдың ағасы) Ю.Гуляевке Барақтың өлтірілгенін хабарлады. Мырзатай батыр сол хатта Барақтың жанында болып, Әбілхайырды өлтіруге қатысқан Сырымбет батырды және оның бала шағасын Әбілхайыр балалары Ералы мен Нұралының жазалап өлтіргенін жазған еді [5, 341-б].

1753 жылдың 3-январында Нұралы ханның Тевкеловке жазған хатында осы оқиғаларды толық баяндайды. Барақ өлтірілген соң інісі Ералының Сыр бойындағы ауылына адам жіберіп, әкесін өлтірген Барақтың өлтірілгенін, алайда басқа қаскүнемдердің әлі тірі екенін және олардың ауылының қазір қай жерде отырғанын дәл хабарлайды. Осы хабарды есіткен Ералы асығыс өз жасағымен аттанып Барақтың ауылына жетіп талқандайды. Сонда Сырымбет батырды және әйелімен қоса үй-ішін түгелдей қырып тастаған. Бұл тарихи мәліметті алғаш рет Б.С.Сүлейменов пен В.Я.Басин жариялаған болатын: «... семью его, также и семью Баракову и все имение, служителей, служанок и верблюдов их... в добычу получил...», « чрез одна ночь... всех трех злодеев разорил...» [6, 189-б]- деп жазылған мәліметтерге қарағанда Барақ семьясынан тек бір ғана әйел аман қалған екен [3, 304-б].

Ералы Барақ пен Сырымбет батырдың үй ішіндегі адамдарды түгел қырғанын оның ағайындары құн сұрап билер сотына шағым жасайды. Міне осынау үлкен, әрі қиын, әйгілі сот процесін Ұлы жүздегі атақты Төле би басқарады. Себебі бұған туыстық жағынан да, жерлестік жағынан да қатысы жоқ нейтрал адам, яғни Ұлы жүздің биі басқаруға тиісті болады. Міне осынау тарихи оқиғада қазақ биінің әділ соты жарқырап көрінеді.

Сырымбет батырдың туыстары, Сырымбетті кінәлі деп есептегенге келіседі, алайда оның жазықсыз балалары мен әйелдерін қырып тастағаны үшін Ералыға құн төлетуді сұрайды. Алайда, Төле би Ералының екі қылмысын да кешіреді. Кешіріп қана қоймайды, одан бетер тағы жаза қолданады. Қорыта айтқанда Сырымбеттің туыстарын Ералыға құн төлеуге мойындатады [8, 204-б].

Осы аса құнды материалдарды біздің заманымызда қайта қарап алғаш жариялаған И.В.Ерофеева: «...Төле-бий не только оправдал сына Абулхаира, но и присудил сородичам Сырымбета уплатить в его пользу два куна, а остальные четыре куна султан им простил.» [3, 304-б] – деп жазған еді.

Қара қылды қақ жарған әділдік деген осы. Қазақ билерінің әділдігі соншалық, ақты ақ деп қараны қара деп әділ төрелік еткен. Бұл жерде аса құнды тарихи мәліметпен Төле би түгелдей Барақты ақтады деген жаманаттан құтылады. Жоғарыда көрсеткеніміздей оның өзі Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінде үстіртін жазылып кеткендіктен, Кеңес заманындағы зерттеушілердің негізге алуына себеп болды. Алайда, осынау Әбілхайыр ханды өлтірген Барақты ақтаған Төле би мен Әйтеке биге жабылған жала сол ХІХ ғасырдың өзінде-ақ анықталған еді. Себебі ол Л.Ф.Баллюзектің 1871 жылғы жарық көрген зерттеуінде анықтап жазылған еді. Одан соң Добросмысловтың 1900 жылғы еңбегінде жазылған еді. Осы тарихи мәліметтер қазақстандық кеңес ғалымдарының назарынан тыс қалмаған болатын. 1948 жылы Алматыда жарық көрген «Материалы по казахскому обычному праву» атты жинақтың 1-бөлімінде берілген болатын. Алайда осы аса құнды мәліметтер көп ұзамай ескерусіз қалды. Оған негізгі себептердің бірі 50-ші жылдардың ақыры, 60-шы жылдардың басында қазақ ғалымы Ш. Ш. Уәлихановтың еңбектерінің жарық көруі болған сияқты. Сонда әлгі айтқан жалған мәліметтің жарық көруі Әбілхайыр тарихына да, Төле би тарихына да нұқсан келтірді. Осы кемшілікті қайтадан зерттеген Ә.Кекілбаев еңбектері 1984–87, 1997 жылы, ал, И.В.Ерофееваның зерттеулері 1999 жылы жарыққа шыққанын мақтанышпен айтамыз...

Біз бұл жерде Ә.Кекілбаевтың тек тарих зерттеушісі ғана емес деректанушы екенін де қуанышпен мойындайтынымызды айтпақшымыз.

Қысқасын айтқанда жоғарыда көрсетілген Әбекеңнің зерттеулері Төле би тарихын зерттеушілерге үлкен сый болды...

Бұл жерде біздің айтпағымыз Барақ сұлтанды кейбір жазушылар Әбілхайырды Ресейге бодан болған үшін өлтірді деген қауесетті қолдап, оны нағыз патриот есебінде көрсетуге тырысты. Ал, Ә.Кекілбаев Барақ сұлтанның 1735 жылы Ресей қоластында болуға ниет білдіріп хат жазғандығы, 1742 жылдан бастап ресми бодан болып Ресей бұйрықтарын орындағанын, яғни патша өкіметінің нағыз шынжыр балақ, шұбар төс қолшоқпары болғандығын көрсетіп, тарихымыздың ақтаңдақ беттерін жапты...

Барақ сұлтанның Ресей қолшоқпары болғандығы туралы өз заманында Ш.Ш.Уәлиханов мына мәліметті жариялаған еді.

Башқұрттармен достық қатынасты Әбілхайыр өмір бойы жалғастырды.. 1736 жылы башқұрттардың кезекті көтерілісі бұрқ еткен кезде, патша өкіметі башқұрттар мен қазақтарды және бір рет жауластырмақшы болып көп ақша бөлді. 1738 жылдың ақпан айында Татищев «Әрбір башқұрттың басын әкелген қазаққа 60 рубльден ақша беріледі. Кек алатын және байып қалатын жағдайыңыз бар» (Олкотт Б.) – деп қазақ еліне жар салды. Кейбір қылмыс істерді башқұрттан көріп жүрген қазақтар осыны пайдаланып кек алмақшы және ақша таппақшы болды, бірақ олардың бірде бірін Әбілхайыр жібермеді, керісінше ол бұрынғыдай башқұрт халқына көмектесті.

1740 жылы Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан Ресейге ант берген салтанатында олардың башқұрт көтерілісін басқарған Шона батырды ұстап береміз деп уәде бергеніне ашуланған Әбілхайыр балалары Нұралы мен Ералы кетіп қалады. Олардың ашуланатын себебі әкесі Әбілхайыр өмір бойы башқұрт елін қызғыштай қорғады.. Әбілхайырдың мұнысын қазақ

елінің игі жақсылары түгелдей қолдаған. Сол Шона батырды Әбілхайыр алдымен қауіпсіз болуы үшін Қабанбай батырдың қол астындағы Найманның Қаракерей ауылына жіберіп паналатады. Осы мәселе туралы Ш.Ш.Уәлиханов: «Поселившись в степи, он сделался опасен как для России, так и для Джунгарии: первая боялась, чтобы он снова не возмутил башкирского народа, вторая была напугана его самозванством: какой-то Шуна, погибший претендент на джунгарский престол, был так любим джунгарским народом, что последний готов был во имя его восстать против тогдашнего хана Галдан Серена» – деп жазғаны тарихи шындық.

Ал, Ресей басшылары башқұрт көтерілісінің басшысын қолға түсіру үшін Барақ сұлтанды жалдайды. (Себебі Барақ қоластындағы азғантай елмен 1742 жылдың күзінде Ресейге бодан болуға ант берген еді. Ал, өтінішті Ресей патшасына 1735 жылы жазған болатын. Ант беру кезінде оған көрсетілген сый-құрмет Әбілмәмбет пен Абылайға көрсетілген құрметтен әлдеқайда асып түсті.). Әрине Ресеймен одақтас Жоңғар басшысы да осы істі Бараққа жүктейді...

Бараққа тез арада Шона батырды ұстау әлде өлтірудің сәті түспейді. Ол нөкерлерімен Қабанбай ауылын аңдуға кіріседі. Ал, Қабанбай болса қауіп шындап төнген кезде Шона батырды Қарқаралыдағы Қазыбек бидің ауылына жөнелтеді... Бараққа деген Ресей мен Жоңғар басшыларының қысымы күшейеді. Барақтың Жоңғар мен қатынасының күшті болғаны соншалық, бір баласын аманатқа беріп қойған еді. Ш.Ш.Уәлиханов осы оқиға туралы: «Когда Барақ султан посылал к Галдан-Серену в замену прежнего аманата своего сына Шигая, то Галдан-Серен обещал ему отпустить его сына Шигая, если он поймает мнимого Шуну», – деп жазған (1-436).

Қазақ елі қызғыштай қорғап жүрген Шона батырды күшпен ала алмайтынын түсінген Барақ, амалы таусылып басқа айла қарастырады. «Мен Шона батырға қарындасымды беремін, құдандалы боламыз! – деп кісі жібереді. Ол тіпті қарындасын көндіріп те қояды. Ұзатылатын күні мен ырым-жырымы келісіліп, Шона батыр қызды алып кетпекші болады. Барақ оны осылай тұтқындау үшін жентеттерін сайлап тағатсыз күтеді. Қазақ батырлары мен Қазыбек би Барақтың арам пиғылын бұрыннан біліп жүрген себепті Шонаны белгіленген күні жібермей қояды. Сөйтіп Ресей қоластына қара басының қамы үшін кірген (1742 ж.), қолшоқпар және итаршы болып жүрген Барақ осылай Ресей алдында қарыздар болып қалады.

Ал, Шона батырды қазақ елінің құрметтегені соншалық, Барақ сияқты итаршылардың қолына түспей-ақ жасы жетіп қартайғанша өмір сүріп, қазақ арасында дүниеден өтеді. Мұның бәрі Орта жүз батырлары мен билерінің башқұрт халқына Әбілхайыр сияқты әскери жәрдем бермесе де, осындай туысқандық көмек көрсеткенін айғақтайды. Қорыта айтқанда қазақ елінің басшылары Әбілхайыр саясатын яғни оның Ресейге қарсы күресін әрқашанда қолдағанын көрсетеді.

Ә.Кекілбаев Әйтеке бидің жерленген жері туралы дақпырт жасап жүргендердің жорамалдары туралы: «...Тәуке тұсындағы Кіші жүздің ұлыс бегі Әйтеке, міне осындай ықпалды әулеттен шыққан. Ол Жалаңтөстің әкесі бір, анасы бөлек бауыры Ақшаның үшінші баласы Бәйбектен туады. Бір

ғажабы, осындай атақты тұқымнан өрбіген атақты бидің қай жерде жерленгені беймағлұм.» [9, 280-б], – деп олардың әртүрлі жорамалдарын жоққа шығарып нақты деректермен жазған болатын.

Қысқасын айтқанда осы бір қазақ билерінің әділдігіне күмән келтіретін оқиғаның шындығы Ә.Кекілбаевтан соң орыс тілінде И.В.Ерофееваның Әбілхайыр атты зерттеуінде жарық көрді. (1999 ж.) Қысқасын айтқанда осы И.В.Ерофееваның кітабы жарық көрген соң барып көптеген зерттеушілердің күдігі сейіліп шындыққа көзі жетті [3].

Қазақ елінде аса қадірлі батыр қолбасшы Әбілхайырды өлтірген соң, оның туыстарының кек алмай тынбайтынын білген Барақ ел алдында ақталғысы келіп өзін үш жүздің билері ақтағанын тілге тиек етеді. Алайда сол мәлімет ел аузында өзгеріп Шоқанға жеткенше Төле би мен Әйтекені қатыстырады. Оның шындыққа келмейтіні біріншіден сол заманда Әйтеке би дүниеде жоқ еді. Екіншіден Төле би сияқты қазақ биінің Барақ сынды атаққұмар, таққұмар кісі өлтірушіні қолдай қоюы билер тәжірибесінің тарихында болмаған жәйіт...

Сол кездегі нақты тарихи документтерде ол былай баяндалыпты. Барақ сұлтан өз айыбын жуып шаю үшін өзінің беделі жүретін үш бидің сотын ұйымдастырады. Оларды атап айтсақ біріншісі төртқара Қаратоқа (Қараток) би, екіншісі де Кіші жүз Әлімұлының бірі, Батыр сұлтанның ауылынан Қозанай мен Мамет-Аталық билер еді. Ал Орта жүзден бағаналы найман Олжабай би болатын. Соңғысы Барақтың өз қоластындағы адам болатын. Сонымен осынау сот процесіне үш емес төрт би қатысқан болып шығады. Шыққан елдеріне қарағанда үшеуі Кіші жүз руларынан, тек біреуі Орта жүз руы бағаналыдан [4]. Ал, Ұлы жүзден Төле би түгілі ешкім қатыспаған екен. Осы сот процесінің қаншалықты нақты екені белгісіз, алайда Барақ сұлтан – Мені осындай билер ақтады – деп елге таратқаны белгілі.

Бұл әрине асығыс жасалған сот процесі болу керек. Себебі Барақ Төле би сияқты ұлы адамдарға баруға біріншіден бет жоқ болса, екіншіден уақыты да, мұршасы да жоқ болатын. Себебі ол өзі өлімнен қорқып қашып пысып жүрді. Әрине, аталған сот Барақ сияқты қылмыс жасаған адамды ақтағаны рас. Егер осы оқиғаны Барақ жалған таратпай ақиқат іс болса қазақ елінің билер сотына, яғни ғасырлар бойы келе жатқан әділ сотқа көлеңке түсіретіні рас... Қалай болғанда да осы сот мені ақтады деп Барақ елге таратқан...

Әбілхайыр балалары кек алмай қоймайтыны айдан анық. Сондықтан Барақ жанталасып неше түрлі әрекет жасады. Оны Әбілхайыр өліміне айдап салған Ресей басшылары және бұндай арам істе оған тікелей басшылық еткен Орынбор басшысы Неплюевтен ешқандай жәрдем болмай қалғаны, Бараққа алданып, арандап қалғаны туралы шындыққа көзін жеткізген еді... Жан сақтап жанталасуға тура келді...

Қалай болғанда да Барақ Әбілхайыр балаларының қолына түспеді, алайда ел адамдарының қолынан ойламаған жерде қаза болды. Осы жәйіт Барақты ел адамдарының өзі қолдамағанын көрсетеді.

Патша өкіметі, Орынбор басшылары, көп жылдан бері бағынбай жүрген Әбілхайыр ханның қаза болғанын тойлап жатты. Ең басты мәселе ол қазақ сұлтанның қолынан қаза тапты. Демек осы оқиға нәтижесінде қазақ елін және оның сұлтандарын қырылыстырып қызығына батамыз деп есептеді.

Алайда олай болмады. Қазақ елі Әбілхайыр сынды кеудесін оққа төсеп 48 жыл бойы Ресей империясынан және оның итаршыларынан қорғаған батыр қолбасшыны өзінің қадірлі адамдары аса құрметтейді екен. Олар Барақты өлтіріп қана қоймады, жанында болған Сырымбет сияқты адамдарды да және оның балаларын да аямады. Осы қатаң жазалауды әрине Әбілхайырдың балалары басқарды.

Қысқасын айтқанда бұл шындықтың ашылуы Төле би тарихын зерттеушілерге және шоқантанушы ғалымдарға үлкен сый еді. Алайда олар осы құнды материалдарды елемейтін сияқты. Осы уақытқа дейін қазақтың әйгілі биі Төле туралы қаншама кітаптар мен мақалалар жарық көрді. Солардың көбі өтірікті-шынды Төле биді орынды орынсыз мақтаса да, дәл оның Ералыны ақтаған ерлігі сияқты тарихи ерлігіне тең келе алмайды. Бұл қазақтың билер институті тарихындағы аса елеулі және халқымыздың жат жұрттық басқыншыларға, соның ішінде Ресей экспансиясына қарсы тұрған Әбілхайыр сынды мемлекет қайраткерлерінің тарихындағы ақтандақтарды анықтауға үлкен маңызы болды.

Маймақов Ғаппар деген тарих ғылымының кандидаты Төле бидің 350 жылдығына арналған жинақтағы мақаласында неше түрлі сорақыларды жазыпты. Мысалы:

Бас сауғалап қашып жүрген Барақ сұлтан Төле биге өзі келіп, жасаған ісі үшін сотқа тартуды сұрайды. Төле би билер сотына қазақ билерінің ішінен Барақ сұлтанның ұсынуы бойынша төрт белгілі биді (Жалған би, Сырлыбай би, Даба би, Қабек мырза) қатыстырады, өз тарапынан бірнеше биді шақырады. Билер алқасында Төле би Барақ сұлтанды ақтап алады. Билер алқасында Төле бидің ханды өлтірген Барақ сұлтанды ақтап жіберуі оның беделінің және билігінің ең жоғары дәрежеде екендігін көрсетілген факт... [10. 38 б].

Келесі бетте: - Абылайды мақтап Төле би оны өкіл бала етіп тәрбиелеген – деп көсіліпті...

Жалғыз Төле би тарихы емес, жалпы ХУІІІ ғасыр тарихының проблемасы әлі шешілген жоқ. Аталған ғасырдағы қазақ тарихында негізінен 4 проблема ақырына дейін анықталған жоқ. Осының бәрі Қойшы көп болса қойлар арам өледі деген халық мақалына дәл келеді. Қазір шынында тарихшылардың көп екені рас, алайда тарихымыздың аса маңызды мәселелері шешілген жоқ. Сол ХУІІІ ғасыр тарихындағы негізгі проблемалардың біріншісі Ақтабан шұбырынды оқиғасы... Осынау Қазақ елінің басындағы үлкен трагедияның авторы жоңғар емес Ресей еді. Ол тіпті Ресейдің атақты патшасы Бірінші Петрдің қолымен жасалған іс болатын... Сондай-ақ Қазақ елінің Ресей құрамына кіруі де бұрынғы көзқарастан алыстай қойған жоқ. Шын мәнінде бұрынғы жалған айтылған мәліметтер бұл күнде 180 градусқа бұрылғаны рас. Ал, Әбілхайыр мен Абылай туралы қазіргі кезде шындықты екінің бірі білсе де халық игілігіне жаратылған жоқ. Тек ғалымдардың ғана үлесі болып қалып жатыр. Әбілхайыр Қазақ елін Ресейге қосып, сол арқылы хан болған емес, керісінше қазақ елін Ресей басқыншыларынан өмір бойы қорғаған ұлы тұлға болып шықты. Ал, оның Ресейге бодан болу үшін жазған хатының да мазмұны басқа екені 1999 жылы түпнұсқасы оқылғанда ғана белгілі болды... Біз осы уақытқа дейін оның орысша, яғни жалған аудармасын пайдаланып келіптіз...

Ал Абылай туралы 1830 жылғы Левшиннің еңбегінен бастап жазылып келе жатқан мақтаулар мен марапаттаулар да шындыққа он қайнаса сорпасы қосылмайтын болып шықты. Қысқасын айтқанда тарихымыздың көптеген ақтаңдақтарын жапсақ та, көптеген ақтаңдақтарды әдейі жаппай отырған жағдайымыз бар...

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Өтенияз С.К. Шоқан өскен орта. А. 1995. 154-55 беттер.
2. Валиханов Ч.Ч. Записки о судебной реформе. ССВ в пяти томах.а. 1985. т. 4. стр.88.
3. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир-полководец, политик. А.1999.
4. Казахско-русские отношения. Т.1.426-27, 433,438 беттер.; МИК ССР т.2.ч.2 319,322 беттер.;
5. Материалы по истории КазССР. Т.2. ч.2. стр.341./
6. Сулейменов Б.С. Басин В.Я. Казахстан в составе России. /Приложение/ 189 – бет.
7. Кекілбаев Ә. 12 томдық шығармалар жинағы. Т. 8. Алматы «Өлке» баспасы. 1999.
8. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и имеющие в Малой киргизской орде силу закона.//Записки ИРГО. 1871. Вып.7//; Добросмыслов А.И. Тургайская область. Оренбург. 1900. Стр. 84.; Материалы по казахскому обычному праву. А.1948. Сб.1. Стр. 204;
9. Ерофеева И.В. Көрсетілген шығарма, 304-бет.
10. Өз Төле би. 2013 жылдың 25–26 қазақ күндері Төле би Әлібекұлының туғанына 350 жыл толуына орай Тараз қаласында өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы 2013.

МӨҢКЕ БИ БОЛЖАУЛАРЫНЫҢ ШЫНДЫҒЫ

Ж.Асан

филология ғылымының докторы

М.Абдуллина

№38 мектептің мұғалімі

Ғалымдар арасында Мөңкеге алғаш назар аударған Ахмет Байтұрсынов еді, ғұлама 1926 жылы өзінің әйгілі «Сауат ашқыш» дейтін кітабында Мөңкенің бір билігін үлгі есебінде ұсынады, әрі ол билікті басқа емес, Шекті Мөңке айтқанына куәлік береді. Мәтіні: «Шекті ұлы Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген екен» деп басталады да, «сол бала үш жүзге белгілі Мөңке би атанып, аты аспанға шығады» деп аяқталады [1, 100-б].

Мөңке айтты делінетін сөздердің Шекті Мөңкенің өзінікі екендігіне тек Ахмет Байтұрсынов ғана емес, қазақтың өткен ғасырларда өмір сүрген ғұламалары Нұржан Наушабаев пен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтер де куәлік берген. Әуелі ауыл молласынан, одан соң Троицкідегі З.Расулов медресесінен дұрыс білім алған, оны әрі қарата өз бетімен жетілдірген білімпаз ақын Нұржан Наушабаев өзінің «Шекті Мөңке би сөзі» атты толғауында Мөңке хақында:

Садақа-қайыр байлардан,
Қол тартылар деп еді.
Дүниенің жүзіне
Өре менен темірден
Жол тартылар деп еді.
Осы айтқанның бәрін де
Мөңке би айтқан деп еді, – дейді [2].

Біз бұл жерде екі нәрсені аңдаймыз, біріншісі – көп оқыған білімдар ақын Н.Наушабаевтың Мөңкені жетік білгенін, екіншісі – Мөңкенің көріпкел болжампаздығын. Шынында да, баяғының құт дарыған байлары өз руының қамқоршысы болатын, жақсылық-жамандығына жауап беретін, жетім-жесірін, жалғыз басты қарттарын далаға тастамайтын, қарасатын. Қазір «қолы тартылған» байлар көп. Екіншіден, Мөңкенің өз толғауында: «Өре менен темірден жол тартылар, Қоныс болса алдыңнан орыс шығар» деген жолдар бар екені де рас. Би ғұмыр кешкен 1675-1756 жыл аралығында теміржол салынбақ түгілі, әлі паровоз шықпаған еді. Алғашқы темір жол Великобританияда 1825 жылы 25 қыркүйекте Стоктон мен Дарлингтон аралығына тартылды. Ықтималдық теориясына сүйенсеңіз, Мөңке мұны кемі 100 жыл бұрын болжаған.

Әулие:

«Түрлі-түрлі халық болады,
Күндіз-түні жарық болады», – депті.

Электр шамы Еуропа көшелерінде XIX ғасырдың аяғында пайда болды. Сонда мұны Мөңке кемі 150 жыл бұрын болжап отыр!

Тағы бір тұста:
Өзім аттас балық шығар,

Бармақтай зат тауды жығар.
Усыл Жадит деген кітап шығады,
Бай құрып, бақсы азады,
Кен көбейіп, бейшара озады, – дейді Мөңке [3,14-б.].

Мұнда «Бармақтай зат тауды жығар» деген сөз тұр. Бұл басқа ештеңе де емес, атом бомбасы! Тұтас бір тауды бір мезетте құртып жіберу үшін атом бомбасы керек. Алғашқы атом бомбасы 1945 жылы 16 шілдеде АҚШ-та сынақтан өтті. Тамызда Жапонияның екі қаласына тасталды. Ал Мөңкенің 1756 жылы өмірден озғаны белгілі, сонда мұны көріпкелдің екі ғасыр бұрын болжағаны.

Көп білетін Мәшһүр Жүсіп Көпеев Мөңке хақында:

Ауылдарын шу қылған,
Жаулықтарын ту қылған,
Зайып шығар деп еді.
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығар деп еді,
Жүгініс жоқ, малдас жоқ,
Көлбеу шығар деп еді, – дейді [4,55-58-б.].

Негізінде, онтоғызыншы ғасыр перзенті Жүсіп ағамыз Мөңкенің сөзін айтуға аузы бармай, жоғарыдағы үш жолды сыпайылап беріп отыр. Мөңке бүгінгі күнгі әйелдердің сырт бейнесін қалай білсе, олай білсін, дәл берген. Былай дейді:

Әйел жағы ден болар,
Жаман-жақсы айтса да,
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастарын,
Желпілдетіп шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салпылдап,
Ұят жағы кем болар.

Омырауы ойық көйлекті, немесе тақымы жалтыраған миниюбкалы қыз-келіншекке келсек, бұл біздің теледидардан, интернет желілерінен ғана емес, күнбе-күнгі өмірде кеңінен кездестіріп отырған бейнеміз.

Қазіргі түнгі клуб жөнінде:

Атасының асы емес, келін түсірген той емес,
Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болады,
Мұның өзі жасы ұлғайған адамға қиын болады, –
депті әулие ағамыз.

Оның есімі орыс-қазақ қатынастарына байланысты құжаттарда таңбаланған, «Орта жүз және Кіші жүз билері мен батырларының Нұралы сұлтанды Кіші жүз және Орта жүз қазақтарына хан етіп тағайындау туралы император Елизавета ханымға хатына» Шақшақ Жәнібек тархан, Керей Наурыз билермен қатар қол қойған адамның бірі Шекті руының Мөңке биі.

Демек, Мөңке – ірі саясаткер. Көрші отырған патшалық Ресейдің даму тарихын, жүргізіп отырған аяр саясатын, ондағы өндірістік күштің деңгейін, өндірістік қатынастар сыпатын зерттеген адам. Сондықтан да ол келешекте Қырым, Қазан, Сібір, Ноғай т.б. хандықтар сияқты Қазақ Ордасының да

патшалық Ресей отаршылдарының табанына түсетінін анық біледі.

Өре менен темірден жол тартылар,
Қоныс болса алдыңнан орыс шығар...

...Орыс, қазақ қосылып,
Бір-біріне үйір болар,
Сөйткен заман кез болса,
Түзелуі қиын болар, – дейді ойшыл.

Отарлық езгіге түскен соң қазақ халқының қоғамдық болмысы,
қоғамдық санасы да өзгермек:

Көлдiң суы кетiп, табаны қалар,
Жылқының жүйрiгi кетiп, шабаны қалар.
Жiгiттiң ақылы кетiп, амалы қалар,
Әйелдiң ұяты кетiп, ажары қалар.
Сөздiң мағызы кетiп, самалы қалар,
Әулиенiң әруағы кетiп, мазары қалар.
Адамның жақсысы кетiп, жаманы қалар,
Ақылы жоқ, санасыздың заманы болар.

Расында да, отарлық езгі кезінде көл түгiлi Арал теңiзi тартылды. Баяғы қазақы қазан ат, суын жылқының тұқымы құрып кеттi. Жiгiт ақылынан гөрi амал-айлаға, қулық-сұмдыққа жүгiнетiн болды. Отарлаушылар ұлт мұраты, жер мен ел тағдырының не екенiн бiлмейтiн, тек өз құлқынын ойлайтын ақылы жоқ санасыздан басшы қойды. Заман солардiкi болды. Мұның зардабын әлi шегiп отырмыз.

«Тапқанын олжа дейдi,
Алхам бiлгенiн молда дейдi»,
«Дұдамалдау дiнiң болар,
Алашұбар тiлiң болар».

Бұның бәрi сол отар кезде тапқан «олжамыз». Әлi малтығып шыға алмай отырмыз.

«Құрамалы, қорғанды үйiң болады,
Айнымалы, төкпелi биiң болады».

«Құрамалы» деп отырғаны осы күнгi биiк қабатты панель үйлер де,
«қорғанды» деп отырғаны коттеждер болса керек.

Әулие қыл аяғы осы заманда жер жүзiне кең тарап отырған сусын
«Кококола», «Пепсиколаға» шейiн болжап кеткен.

«Туған балаң қу болар,
Тамағы сары су болар,
Итке құйсаң, ит iшпес,
Бiрақ адам оған құмар болар».

«Кола» мен «пепсидi» итке құйып көрдiк, расында да, ит iшпейдi екен.

XVII ғасырда туып, XVIII ғасырда өмiрден озған Шектi Мөңке бидiң есiмi бұл күнде көзi ашық қазаққа тегiс мағұлым. Алайда оың мұралары жерiне жеткiзiле зерттелдi, сарқып айтылды деуге келмейдi.

Сондай бiр қыры Мөңкенiң ғұлама жырау екендiгi. «Шектi Мөңке би Шеркеш Түрке би, Тана Нүрке билермен кенесiп отырып айтты» деген философиялық толғау Мөңкенiң жыраулығын бiзге түбегейлi айқындап бередi.

Өмір тәжірибелерін ойлы түйіндермен ұштастыра, дәл баламалар тауып суреттеуі жыраулық өнердің үздік үлгісін аңдатады.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бір тоғайға қоныңыз.
Қарындаспен, туғанмен,
Бір туғандай болыңыз.
Өзіңе кеңес салғанның,
Өрісі кең болмас па?
Жатқа кеңес салғанның,
Жазымға басы кетпес пе?
Жаманнан жесең бір қамшы,
Ол сүйегіңе жетпес пе?
Сом, сом жүйрік, сом жүйрік,
Шұбаланды шаба алмас,
Мойнынан жалы кетіп арыса.
Жаксылар жаман болады
Күнінде жасы жетіп қарыса.
Жамандар жаксы болады,
Дәулеті асып байыса... [5,31-33-б.].

Бұл үзіндіден ескі жыраулық поэзия үлгісін анық көреміз Басқы рифманың болуынан толғау мінсіз көрініп тұр. Екіншіден, көне жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктерінің бірі – өлең жолдарындағы алғашқы сөздердің қайталануы. XV ғасырдағы әйгілі жырау Қазтуған: «Алаң да алаң, алаң жұрт, Ағала ордам қонған жұрт», – десе, XVI ғасырдағы Доспамбет: «Тоғай, тоғай, тоғай су, Тоғай қондым, өкінбен», – дейді, ал Шалкиіздің бір толғауы: «Ор, ор қоян, ор қоян, Ор қоян атылы бір қоян», – деп басталады. Мөңке толғауында: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Сом, сом жүйрік, сом жүйрік», деген қайталауларды қолданған. Мұндай сөз қайталаулар Мөңкенің замандасы Бұқарда да бар: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұрылып ұшар жаз күні», – деп бастайды даңқты жырау өзінің философиялық астарға толы бір толғауын. Айтайық дегеніміз, Мөңкенің бүгінгі күнге жеткен 109 жолдан тұратын екі толғау аз дүние емес. Марғасқа жырау 13 жолдық жалғыз толғауымен ЖОО-ның оқулығында тұр. Мектепте де оқытылады. Жыраулығы ешкімнен кем емес, 109 жол құрайтын ғибратқа толы екі толғауы бүгінгі күнге жетіп отырған Мөңкені неге оқу бағдарламасына енгізбейміз? 17-18 ғасырлардағы Үмбетей, Бұқар, Көтештердің қасында неге тұрмайды?

Және бір айтатын мәселе, Мөңкенің өзінен кейінгі мықты ақындарға өнеге болғаны.

Әулиенің жоғарыдағы толғауында:
...Қырға боран бораса,
Нуға боран борар ма?
Ел шетіне жау келсе,
Халық үстіне дау келсе,
Жамандайын жалтаңдап,
Ер жігіт қарап тұрар ма?
Арғымақтың алдына,

Найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтаңдап,
Түсер жерін қарар ма?
Арғымақтың аяғы,
Айдай таға қағылса,
Кілегей мұздан таяр ма?
Жақсы алдына сөз айтсаң
Жабығып сөзге тояр ма?
Күндердің күні болғанда;
Басыңа қиын іс түссе,
Жалғасып өскен жақыннан,
Жақсылар басын аяр ма? – деген жолдар бар [5,31-33-б.]

Бұл жолдар Махамбеттің бәрімізге етене таныс: «Орай да борай қар жауса, Қалыңға қар борар ма?» деп басталатын толғауын еске салады. Сондай-ақ «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқанында»:

Арғымақ дейтін жығылар,
Найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтаңдап,
Түсер жерін қарай ма?
Арғымаққа айдай таға қақтырса,
Кілегей қатқан Еділдің

Көкше мұзынан таяр ма? – деген жолдар бар екені қазақ тілінде сауат ашқандарға тегіс мәлім. Бұл жолдар жыраулық толғаумен ұштасып жатыр. Махамбет Мөңкені үлгі тұтып отыр.

Мөңке профессор Серік Негимовтың «Шешендік өнер» атты оқу құралына енді. «Алдымен, Мөңке бидің бұл тақпақтап айтылған толғамы келер заман кейпін кемел көрегендікпен сипаттаумен ерекшеленеді, – дейді ғалым. – Кесек ойлар кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялық-экспрессивтік қуат бар»

Мөңкеде қайыра еске алатын, үніле қарап зерттейтін нәрсе көп. Шешендік өнерді жіті зерделеген ғалым Балтабай Адамбаевтың кітаптарында Мөңкенге қатысты «Баланың тапқырлығы», «Құда мың жылдық», «Түлкім жоғары шық» «Мөңке мен Сырым бала», «Мөңкенің сұрағына Сырымның жауабы» дейтін әңгімелер бар. Архив құжатында Сырым Датұлы сексен жастағы Мөңкеден бата алыпты деген дерек ұшырасады [2].

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Білім және ғылым министрлігінің Орталық Ғылыми кітапханасы, 137-бума, 6-дәптер.
3. Пангереев А. Асанов Ж. Шекті Мөңке бидің гибраттары. Кітап. – Ақтөбе, 1998 ж.
4. Көпеев М.Ж. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1992.
5. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы: Отау, 1992

ХҮІІ-ХҮІІІ ҒҒ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ МЕН ҰЛТ БІРЕГЕЙЛІГІН САҚТАУДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ РӨЛІ

М.С.Түстікбай

*Қарағанды облыстық
тарихи-өлкетану музейі*

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ мемлекетінің тұтастығы мен ұлт бірегейлігін сақтаудағы тарихи тұлғалар қаншама. Солардың бірі Жәңгір хан. Қазақ елінің тұтастығы мен ұлт бірлігінің сақталуына, аянбай күресе білді. Қазақ даласына көзін алартқан жоңғарларға қарсы ұрысқа шығып, асқан ерлікпен, айла-тәсілмен жауларды ойсырата жеңе білген.

1643 жылы Батур қонтайшы бастаған жоңғарлардың қалың қолы қазақ даласына бет алды. Хабар кеш жеткендіктен, көп жасақ жинай алмай қалған Жәңгір хан Самарқаннан көмек келіп жеткенше жауды бөгей тұру мақсатында бар болғаны 600 жауынгерімен жоңғарларға қарсы аттанды. Жәңгір ұрыс жүргізуге ыңғайлы орын ретінде Ордың бұлағы деп аталатын тау арасын таңдап алады да 3 шақырымдай жерге созылған қырканың қырын қуалай сарбаздары жасырынатын ор қаздырады. Ол келе жатқан жау алақандағыдай көрініп тұратын, алдыңғы жағы биік, артқы жағы терең сай еді. Сөйтіп, азғана қолын екіге топтаған Жәңгір жау қолын тау шатқалында күтеді. Жар астында қауіп бар деп ойламаған жаудың тар шатқалға келіп кіруі мұң екен ордағы сарбаздар әуелі үстінен тасыр-тұсыр тас жаудырып, содан кейін ту сыртынан садақ оғын жаңбырша жаудырғанда, әрбір оқ бір-бір жаудан жұлып түсіп жатты. Алғашқы шайқаста ойраттар жағынан 10 мыңдай адам өледі, қалған 40 мыңдай қолмен екінші рет келіп тиіскенде, ұрыс жүріп жатқан жерге Самарқаннан 20 мың қолмен Жалаңтөс батыр көмекке келіп үлгереді. Нәтижесінде жоңғарлар жеңіліп, кері қуып тасталды.

Қазақ жасағын он орап аларлықтай қарақұрым өскермен жеңіліске ұшырауы Батур қонтайшының абырой-беделін түсірді. Осы соғыстан кейін жоңғарлар өз ішінде бір-бірімен қырқысып кетті де, қазақ-жоңғар арасында шамалы уақытқа болса да тыныштық орнады. Осылайша Орбұлақ шайқасы ұлттық тарихтың жауынгерлік даңқ шежіресінде ерлік пен қаһармандықтың жарқын өнегесі ретінде айшықталып қалды.

1993 жылы Орбұлақ шайқасының 350 жылдығы мемлекет көлемінде аталып өтті. Шайқас болған жерге — қазіргі Алматы облысы, Жаркент Панфилов ауданы ауданындағы Орбұлақ қыркасына Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімімен ескерткіш белгі орнатылды.

Жәңгірұлы Тәуке хан 1635 жылы туып 1715 жылы қайтыс болған. Қазақ хандығының ханы, Салқам Жәңгір ханның баласы. Шешесі – қалмақтың хошоуыт тайпасының билеушісі Күнделен-тайшының қызы. Мұрагерлік жолмен Қазақ хандығының билік тізгінін қолға алған кезде 1680 жылы 45 жаста еді. Тәуке ел ағасы жасына келіп ақыл тоқтатқан, мемлекет ісіне араласып, мол тәжірибе жинақтаған білікті жан болатын. Сондықтан да ол таққа отырып, әке ісін алға жалғап, оның саясатын жүргізгенімен, оны жүзеге асыруға келгенде бұрынғы сұрлеумен кетпей, өзіндік жаңа жолмен жүрді. Тәукені өзге қазақ

хандарынан ерекшелеп, оның шын мәнінде көреген басшы, ақылды реформатор екенін танытанын қасиеті де осы өзіндік жолмен жүруінде. Бұл ретте ол ұлы бабасы Қасым ханға қарай бейімделеді [1, 287-290-б].

Тәуке ханның елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі – елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған көп дұшпанға бел аудармағаны. Екіншісі – елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол төңірегіне топтан торай шалдырмайтын, сыртқа сынар сабақ жіп алдырмайтын, бір ауыз сөзімен жұртты жатқызып - өргізетін, беделімен елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты. Тарих дерегі сол кезде Тәукенің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбек, Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашораұлы Көкім, қарақалпақ Сасық би, қатаған Жайма секілді халықтың ішінен уақыттың өзі екшеп шығарған, даналық сөзімен, әділетті ісімен, қара қылды қақ жарған тура билігімен аттары бұл күнде аңызға айналған атақты билердің болғанын айтады. Осындай алыптардың замана тынысын тамыршыдай тап басып танып, халықтың басын қосып, елдің бірлік-берекесін кетіретін ішкі дау-жанжалды, барымта тыйып, елді ынтымақта ұстау мақсатында ой тоғыстырып, бір бағытта игілікті іс-қимыл жасау арқасында Қазақ хандығының жағдайы күрт жақсарып, сыртқа айбарын асырды. Жұрт ерді ел қолдаса – береке, ханды ел қолдаса мереке екенін көрді. Сол себепті де Тәуке хан ел билеген кез – халық есінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныш берекелі заман болып қалды.

Бұл, әрине ол кезде ешқандай шапқыншылық болған жоқ, бірыңғай бейбіт күн туып, қазақ халқы сыртқы жаудан қаймықпай алаңсыз ғұмыр кешті дегенді білдірмесе керек. Керісінше, Тәукенің кезінде қалмақтармен қақтығыс жиілей түспесе, кеміген жоқ. Сонау 1681 жылғы қалмақтың қонтайшысы Галдан Бошоктудың қалың қолмен Шу өзенінің бойына жетіп, Сайрам қаласын қоршағаннан басталған шабуылдар легі кейін оның немересі Цеван Рабтан билік басына келген кезде де толастаған емес. Ұсақ қақтығыстарды есептемегеннің өзінде 1711–1712, 1714, 1717 жылдары қазақ пен қалмақ арасында ірі соғыстардың болғаны белгілі. Бұл арада мәселе елдің өз ішінде тыныштық орнауында, халық арасында ырыс қазығы – ынтымақтың берік қағылып, ағайынаралық алауыздықтың жойылуында, осыған ұйытқы болған ел басшысының төңірегіне халықтың ақыл-ойының жоғары көтеруінде. Сондықтан тарихшылар Тәукені «Қазақ ордасының Ликургі» деп бағалайды.

XVII–XVIII ғасырдағы қазақ мемлекетінің тұтастығы мен ұлт бірегейлігін сақтаудағы тарихи тұлғалардың ішінде Тәуке ханның рөлі ерекше болды. Тәуке – қазақ ханы. Жәңгір ханның баласы. Тәуке хандық өкіметті жақтады, билерге арқа сүйеп, феодал ақсүйектер – сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Тәуке бас билермен кеңесе отырып, «Жеті жарғы» әдет заңдарын шығарды. «Жеті жарғы» орыс тарихында «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі. Онда негізінен қазақтардың әдеттегі заңдарының бірқатар ережелері бекітілгенімен, жинақ феодалдық құрылыстық күшейтуге бағытталды. Тәукенің хандық өкіметті нығайту әрекетінен нәтиже шықпады, қазақ хандықтары бытырыңқы күйінде қалды. Тәуке енді сыртқы саясатында Россиямен

дипломатиялық және сауда байланыстарын орната бастады. 1716 жылы Тәуке жоңғарларға қарсы шығу үшін Россиядан әскери көмек сұрады. Өйткені, 1698 жылдан бастап ойрат және қазақ феодалдары арасында қарулы қақтығыстар басталған еді. Жоңғар ханы Севан Рабдан билік құрған кезде мұндай соғыстар үздіксіз болып тұрды. Әкесі Жәңгір ханнан соң қырық жыл уақыт хандық құрған Әз-Тәуке Қазақ мемлекетінің күш-қуатын нығайтып, халық тұрмысын көтерді, сыртқы елдермен байланыс күшейді, басқарудың неғұрлым демократиялық жолдары қолданысқа енді. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді көсем тілді, көреген ойлы данагөй шешендермен бірге құрастырған «Жеті жарғыда» атақты Қасым хан мен Есім хан тұсында жасалған қазақтың әдет-ғұрып, заң қағидаларына жаңа толықтырулар енгізіліп, бір жүйеге түсірілді [2].

Жеті жарғы – Тәуке хан 1678–1718 жылдары тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы. XVII ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің тууына байланысты Тәуке хан елдің ауызбіршілігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Күлтөбенің басында «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды. Жеті жарғыдан кейін арнайы атаулы заң жүйесі жасалмағандықтан және Жеті жарғының өзі талап, тілекті қанағаттандырарлық деңгейде болғандықтан, оның көптеген жол-жобалары мен қағидалары 20-ғасырдың басына дейін қолданылып келді. «Қазақтардың күрсініп еске алып, аңсап жүрген заманы сонау әйгілі Тәуке ханның патшалық құрған алтын дәуірі болатын». Расында да, аңыздарға сүйенсек Әз Тәуке Данышпан болған екен. Қазақ жылнамасында оның алатын орны Солон, Ликургтармен теңдес, қатар тұруы тиіс. Ол талайдан бері дүрбелеңге түсіп келген елдерді тыныштандырып, тәртіп орнатты. «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» жетілдіріп, «Жеті жарғы» заңдар жинағын жарыққа шығарды.

Онда жер дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдеп-ғұрып заңдары көрініс тапқан. «Жарғы» сөзі қазақша әділдік, шешім деген ұғымды білдірген. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл де әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық: «Қара қылды қақ жарған» деп мадақтайды. Ол заманда бас кетсе де әділ сөйлеген.

Тәуке ханның тұсында тұрақты мемлекеттік органдар: хан кеңесі, билер кеңесі жұмыс істеп, жыл сайын үш жүздің шонжарларының съезін

өткізу қалыптасты. Тарихқа «Жеті жарғы» деген атпен енген Тәуке ханның заңдарын зерттеушілер қазақтардың бұған дейінгі қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп қабылдайды. Тәуке хан билік басында өте ұзақ, әбден қартайып, қаусаған шал болғанша отырып, 1718 жылы өз ажалынан қайтыс болды [3, 172-б].

XVIII ғасырдың басында жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылы күшейе түсті. Осыған байланысты қазақ жүздері өкілдерінің бас қосуы қажет болды. Жауға соққы беруді ұйымдастыру жөнінде бастама көтерген Кіші жүздің ханы Әбілқайыр болды. Ол 1723 жылы 20 мың жауынгері бар жасақты бастап, жоңғарлардың қандас одақтасы Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы бірнеше жеңісті жорық жасады. Өз тылын осылайша қауіпсіз еткен ол қалың қолын бастап, Сырдария бойына қарай бет алды. 1724 жылдың көктемінде Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласына жетіп, оны тікелей шабуылмен азат етті. Қаланы бір жыл бойы өз қолында ұстап тұрды. Бірақ жаудың еселенген көп күшінің тегеурінді қысымымен Түркістанды және сол аймақтағы басқа да қалаларды тастап шықты.

1725 жылы құрамында 50 мың жауынгері бар бірлескен қазақ-карақалпақ әскерінің қолбасшысы болды. Сөйтіп жоңғарларға қарсы бірнеше сәтті жорық жасады. Осы кезде оның ұйымдастырушылық таланты, ірі әскери қолбасшы ретіндегі қабілеті, жеке өз басының қаһарман ерлігі айқын танылды. Жауға неғұрлым жылдам әрі күйрете соққы беруді ұйымдастыру қажеттігі бүкіл қазақтың күш-жігерін біріктіруді талап етті. Осы мақсатпен 1726 жылдың күзінде Ордабасы тауында қазіргі Шымкент қаласының батыс жағында Бүкілқазақтық Құрылтай болып өтті. Оған қазақтың хандары, үш жүздің сұлтандары, билері, батырлары келді. Қазақ халқының ең таңдаулы өкілдерінің бас қосқан бұл жиынында жауға күйрете соққы беруді, орталықтандырылған күшті басшылықты қалай ұйымдастыруды шешу керек болды.

Қазақтар бір-біріне барынша берілген, адал болуға осы Ордабасыда ант берісті. Құрылтайға қатысушылардың бірауыздан ұйғаруымен Әбілқайыр хан бүкіл қазақтық әскери жасақтың бас қолбасшысы болып сайланды. Бүкілхалықтық әскери жасақтың бас сардарбегі болып батырлар арасынан Қанжығалы Бөгенбай бекітілді. Ордабасыдағы осы Құрылтай жиналысының шешімдері қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күресінде өте маңызды рөл атқарды. Қазақ қоғамының бүкіл күш-жігерін нақты іс жүзінде біріктіру қолға алынды. Әрбір ру өзінің жауынгерлік жасақтарын құрып, бүкілқазақтық үлкен жасаққа алып келіп қосуды қасиетті міндетіміз деп білді.

1723 жылғы қасіретті оқиға салдарынан сол кездегі қазақ халқының тең жартысына жуығының қырылуы халықты есеңгіретіп қана қойған жоқ, қатты ойландырды да. Жұртшылық елдің елдігін сақтау үшін бірігу қажет екенін түсінді. Ел билеген хандар да, оларға ақылшы бола білген билер де осындай түйінге келді. Қиын-қыстау заманда халық өз арасынан елі мен жерін қорғайтын батырларын шығарды. Бұл туралы Бұқар жырау өзінің толғауында: «Өңкей батыр жиысты, Абылай салды жарлықты», – деп көрсетеді.

XVIII ғасырдың батырлары Малайсары, Баян, Байқозы, Оразымбет, Баянбай, Елшібек, Есет, Жаулыбай, Томаша, Үсен, Алтай сияқты батырлар елі үшін күресті. Қазақ халқының басқыншыларға қарсы бірігуі «Ақтабан

шұбырындыдан» кейін-ақ басталған. Бұған 1725 жылы Әбілқайыр ханның Түркістан қаласын жоңғарлардан күшпен қайтарып алғаны дәлел. Халық ел қорғау ісін өз қолына алып, әрі батыр, әрі ұйымдастырушылық қабілеті бар ерлердің соңынан ерді [4, 14-6].

Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің интернационалдық сипаты болды. Онда ортақ жауға қарсы қазақтарға тілі, діні, ділі жағынан да дәстүрлі мәдениеті жағынан да туыс қарақалпақтар мен қырғыздар аянбай соғысты. Сұрапыл шайқастың алғашқы кезеңіндегі қатыгез қырғындардағы жеңіліс қазақ халқының ұнжырғасын түсірген жоқ. Олар жеңіске жетеміз деген рухы мен ерік-жігерін сақтай білді. Халықтың жаппай ерлік көрсетіп, қаһармандық танытуы, өздерін ар-намыс жолында құрбан етуге дейін баруы арқасында қатыгез жаудың ойранды әрекеттеріне өзе біліп, төтеп беріп қана қойған жоқ, жоңғар басқыншыларын тас-талқан етіп жеңіп шықты. Ол кезеңнің «Қазақ батырлығының алтын ғасыры» деп аталуы тіпті де тегін емес. Айрықша атап айтуға тұрарлық нәрсе — қазақ батырлары басқыншыларға қарсы кең-байтақ Қазақстан аумағының барлық жерінде бірдей шайқасты. Бұл соғыстың барысында қазақ халқы жүзге, тайпаға және ру-руға бөліну дегенді ұмытты, жауға қарсы жұмылған жұдырықтай ауызбіршілік танытты. Қазақтың халық жырауы Тәті-қара үш жүздің өкілдері бір кісідей ұйымшылдықпен ерлік көрсеткенін былай деп суреттейді:

«Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы болат найза.
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.
Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік ерлікті айтсаң, Бөгенбайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт».

Қазақ батырларының ерен ерлігін біздің заманымызға дейін өз шығармалары арқылы жеткізген жырау-ақындар Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Қожаберген, Бұқар, Көтеш және басқалары болды. Олардың көпшілігі сұрапыл соғысты өз көздерімен көрген куәлар ғана емес, сонымен қатар ерлікпен шайқасқа түскен жалынды жау жүрек жауынгерлер де болды [5].

XVIII ғасырдың басында жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылы күшейе түсті. Осыған байланысты қазақ жүздері өкілдерінің бас қосуы қажет болды. Сөйтіп, 1710 жылы Қарақұмдағы қаракесек руы жайлаған аймақта қазақ сұлтандарының, билерінің, рубасыларының құрылтайы шақырылады. Онда, негізінен, Жоңғар хандығымен қарым-қатынас мәселесі қаралды. Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, тама Есет бастаған атақты батырлар жеке ру, тайпаның ғана емес, бүкіл үш жүздің қолын жасақтау қажеттігін алға тартты. Пікір екіге бөлінді. Жоңғар мемлекетінің күшті әрі соғыс тәжірибесінің мол

екенін ескере келе, жоңғарларға бағынған дұрыс, халқымыз шапқыншылықтан әбден қалжырады дегендер де болды. Мұндай пікірді қолдаушылар көбейе бастады. Шешуші кезеңде ортаға шыққан Бөгенбай батыр қылышын қынабынан суырып алып, ақсақалдардың алдына тастап: «Біз жаудан кек алуымыз керек, жеңеміз немесе қолға қару ұстап, шайқаста ақ өліммен өлеміз, қарттарымыздың, әйелдеріміздің, балаларымыздың зар-мұңы мен көз жасын көріп тірі жүре алмаймыз...», – деді. Бұл сөздер жоңғар мәселесіне қойылған нүкте болды. Ақырында, шапқыншылармен қасық қанымыз қалғанша шайқасамыз деген шешім қабылданды. Шайқастың жаңа жоспары жасалды. Бөгенбай бүкіл қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланды.

1723 жыл қазақ халқының есінде қасіретті кайғыға толы ең ауыр жыл есебінде қалды. Ел қонысынан, мал-мүлкінен айырылды. Ұлан-байтақ қазақ жерінің күншығысы мен оңтүстігінен Сыр бойына қарай шұбырған сан мыңдаған халықтың көбі жол-жөнекей ит пен құсқа жем болды. Осылайша қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталған жойқын апат басталды. Шұбырған елдің қанды жасынан туған әйгілі «Елім-ай» әні дүниеге келді. Дәл осы тарихи кезеңде қазақ халқына құрып кету қаупі төнді. Ел басына ауыр күн туды. Бейбіт халық егілді. Жазықсыз жандардың қаны төгілді. Халық дағдарды. Қазақ халқы бірліктің керегін түсінді. Сол кездің өзінде қазақ ішінде суырыла сөйлейтін шешендер, топты бастар көсемдер, ту ұстайтын батырлар, елді ерлікке шақыратын жыршылар көп болды. Бірақ осылардың бәрін біріктіріп, басшылық ететін қайраткер - көсем керек еді.

1723 жылғы қасіретті оқиға салдарынан сол кездегі қазақ халқының тең жартысына жуығының қырылуы халықты есеңгіретіп қана қойған жоқ, қатты ойландырды да. Жұртшылық елдің елдігін сақтау үшін бірігу қажет екенін түсінді. Ел билеген хандар да, оларға ақылшы бола білген билер де осындай түйінге келді. Қиын-қыстау заманда халық өз арасынан елі мен жерін қорғайтын батырларын шығарды.

Тарихи деректерге карағанда, қазақ халқының басқыншыларға қарсы бірігуі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін-ақ басталған. Бұған 1725 жылы Әбілқайыр ханның Түркістан қаласын жоңғарлардан күшпен қайтарып алғаны дәлел. Халық ел қорғау ісін өз қолына алып, әрі батыр, әрі ұйымдастырушылық қабілеті бар ерлердің соңынан ерді. 1726 жылы Ордабасы мекенінде қазақ рулары мен тайпаларының жиыны болды. Онда біртұтас халықтық қарсыласу жасағы құрылып, бүкіл қазақ әскеріне қолбасшылық ету Кіші жүз ханы Әбілқайырға жүктелді. Сөйтіп, жұдырықтай жұмылған қазақ қолы жоңғарларға жойқын соққы беруге даярланды.

Ұрыс 1727 жылы Бұланты өзені маңындағы Қарасиыр деген жерде өтті. Қазақ жасақтары жауды өзінің кең-байтақ даласына тереңірек сұғындыра еліктіріп кіргізіп алып, кенеттен жалт бұрылып, оң қанаттан да, сол қанаттан да ойсырата соққы берді. Сосын ту сыртынан енді қайтып тұрмастай тіке шабуылдың астына алды. Бұл ұрыс болған жер тарихта «Қалмаққырылған» деген атпен калды. Жеңіс халықтың рухын көтеріп, өз күшіне сенуге жігерлендірді. Осыдан бастап қазақтар ұрыс барысын өз қолдарына алып, қарсы шабуылға шықты [6, 78-б].

Қазақ қолын жеңіске жеткізген тағы бір жағдай – Жоңғарияның ішінде

өзара тартыстың күшеюі болды. Себан Рабдан балаларының хан тағына таласуы, одан соң үшінші Жоңғар-Цин соғысының басталуы сол тартыстардың көрінісі. Жоңғарларға Цин империясынан өзінің батыс шекарасын қорғауға тура келді.

XVIII ғасырдың 20-жылдарының соңындағы қазақтардың жоңғарларды талқандаған тамаша жеңістеріне жау елінің өз ішіндегі күрделі жағдайлары да себепші болды. Сонымен бірге 1727 жылы Жоңғарияның өз ішінде бұрқ ете қалған қырқыстар мен Жоңғар – Цин соғысының басталуы да әсер етті. 1729 жылы хан тағынан үміткерлер мемлекет мүддесін естен шығарып, жоғары өкімет билігін мұралану үшін жанжалдасты. Жоңғар хандығы Цин империясы тарапынан жасалған шабуылға ұшырады да, ойрат нояндарына өз жасақтарын тез арада батысқа жеткізуге тура келді. Баяғыдан атысып-шабысып жүрген ата жауына тағы бір күйрете сокқы беруді кездеген қазақтар Жоңғарияда басталып кеткен өзара талас-тартысты пайдаланып қалуға тырысты. 1729 жылы Балқаштың оңтүстік жағынан Аңырақай деген жерде ең ірі және соңғы шайқас болды. Қазақ жасақтарын ұрысқа Бөгенбай, Қабанбай және Райымбек батырлар бастап кірді. Алдыңғы шайқастардағы сияқты, қазақтар бұл жолы да ұрыс қимылдарын жүргізудің дәстүрлі далалық тактикасын қолданды. Жауынгерлердің шағын тобы жоңғарлардың қарсы алдынан шыға келіп, қазақ қолының қатарын аз сияқты көрсетуге тырысты. Сонан соң кейін қарай қаша ұрысып, дұшпанды еліктіре ішке сұғындырып жіберді, сол кезде қазақ жасақтарының басты бөлімшелері қос қанаттан лап қойып, қансырата соқты. Аңырақай шайқасы жоңғарлар үшін шешуші соғыс болды.

Осылайша ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ мемлекетінің тұтастығы мен ұлт бірегейлігін сақтаудағы тарихи тұлғалар Жәңгір хан, Әбілқайыр хан, Әз-Тәуке хандар, Орбұлақ шайқасында Жәңгір ханға көмекке келген Жалаңтөс батырдың арқасы. Тәукенің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбек, Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашораұлы Көкім, қарақалпақ Сасық би, қатаған Жайма секілді қара қылды қақ жарған тура билігімен аттары аңызға айналған атақты билердің қазақ мемлекетінің тұтастығы мен ұлт бірегейлігін сақтауда тарихи тұлғалардың рөлі ерекше болған [7].

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Менің алғашқы энциклопедиям. Алматы кітап баспасы 2013 жыл. Авторы Сужикова А.Ү, Лекерова ФС, Солтанғазина М.Қ. 287 – 290 бет.
2. Жамбыл Омарұлы Артықбаев. Жеті Жарғы.
3. Ұлы дала мемлекеттері. Алматы. Адамдар баспасы 2006 жыл
4. Алматы: Жалын, 1986, –14-бет).
5. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы қараша айында жариялаған «Рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы «Ұлы даланың жеті қыры»
6. Қазақ энциклопедиясы. 2007 жыл. 1 том, 78 б.
7. «Әлем әдебиеті баспасы».

ӘЙТЕКЕ БИ: ПАРАСАТ БИІГІ МЕН СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

А.Н.Мамбеталинова

тарих магистрі,

«Абылай хан резиденциясы»

музей кешенінің тарихи ғылыми-

зерттеу бөлімінің меңгерушісі

Петропавл қ.

Аннотация. Әз Тәуке хан дәуіріндегі қазақ хандығының саяси ахуалын жеңілдету мақсатында Төле, Қазыбек, Әйтеке билер мәмлегерлік қырынан танылған. XVII ғасырдың 80-90 жылдарындағы Орта Азия хандықтарымен бейтараптық орнатуда Ұлы және Орта жүздің Төбе билері Төле, Қазыбек бидің Башқұрттар мен Еділ қалмақтарының жаугершілігін тоқтатуда Кіші жүздің әйгілі биі Әйтекенің мәмлегерлік қызметінің рөлі ерекше болды. Ұлы тұлғаның мәмлегерлігі жайында белгілі профессор С.Толыбеков мынадай пікір білдірген: «Әйтеке би ел тәуелсіздігін, бірлігін сақтай отырып, қазақ хандығының Ресей үкіметімен, жұртымен, саяси-экономикалық қатынаста болуын жөн деп санаған. Бұқараның ақылды білгірі, қара тілдің дүлдүлі атанған Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Халық айыр тілді атаған Әйтеке бидің өмірі, елге сіңірген еңбегі, айтқан әділ билігі, шешендік сөздері жас ұрпаққа әрқашан үлгі-өнеге. Халық аузындағы аңыздарда кемеңгер бабамыз дау-дамайды шешкенде сөзін дария түбінен тергендей қылып айтады екен. Содан болса керек «Әйтеке би айтыпты» деген оның жиырма жеті ғақлия сөздері ел аузында сақталып қалған. Әйтеке би қазақ бірлігін қызғыштай қорғаған. Ел бірлігін береке бастауы деп білген тұлға. Ел аузында, халық әдебиетінде аузы дуалы бидің шешендік сөздері мен билік шешімдері кеңінен таралған. Әйтеке бидің сөз құдіретінің иесі, жаңжақты білмар өз заманының дарынды тұлғасы жайлы сөз қозғалған.

Кілтті сөздер: Әйтеке би, өнеге, шешендік өнері, нақыл сөздер.

Әйтеке бидің шешендік қасиетінің ашылуына әкесі мен Қосуақ бидің ықпалдары тиеді. Жеті жасынан бастап Әйтеке Жалаңтөс батыр мен атасы Ақша ханның тәрбиесінде болады. Ол алғаш Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс салдырған әйгілі «Тіллә-қари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде білім алады. Нәтижесінде дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шыққан. Ақша бабасынан елшілік, ел басқару жолдарын үйренеді. Ал Жалаңтөс әскери қолбасшылық дағдыларына үйреткен.

Медресені тамамдаған Әйтеке туған ауылына оралып, әкесімен ел басқару істеріне араласа бастайды. 21 жасында Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болады. Ал жиырма бес жасында Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды. 1680 жылы Салқам Жәңгірдің ұлы Тәукені хан етіп сайлауға айрықша ат салысады. Кейін Тәуке хан құқықты «Хан кеңесін» сайлап, Әйтеке Кіші жүз атынан осы кеңестің мүшесі болып сайланған. Осы тұста елге жаңа заң үлгілерін жасау керек болды. Тәуке хан,

Әнет баба, Соқыр Абыз, Майлы, Төле, Қазыбек т.б. билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» қабылданды. Бұл заңдар жинағы қазақ қоғамындағы феодализмді нығайту бағытында маңызды рөл атқарды [1. I -Т, 26-6].

Әйтеке ресми түрде хан кеңесшісі болды. Ол орталықтандырылған біртұтас қазақ хандығын құру жолында белсене ат салысты. Қазақ елінің үш жүзінің бірлікте, тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршы болды. Өзін дана, әділ би, аузы дуалы шешен, ішкі және халықаралық күрделі мәселелерді шешуде төреші, жоңғар басқыншыларына табанды қарсылық көрсетуді ұйымдастыру жолында үлкен үлес қосқан озық ойлы қайраткер ретінде таныта білді.

Әйтеке би 25 жасынан бастап Кіші жүздің бас биі ретінде алғашында Ордабасыда, сонан кейін Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып тұрады. Тәуке ханнан бастап дәстүр тапқан бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланып, жүздер мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Қызу айтыс-тартыстар ушығып кетер тұста тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспетті жұрт тоқтасар бәтуаны Әйтеке би айтады екен [2, 15-6].

«Жеті жарғыда» Әйтеке ұсынған баптардың ішінде — «сүйек құны», «өнер құны» белгілі. 1685 жылы Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы үлкен жанжал дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның тентек ұлы бір кедейдің сұлу, ақын, әнші-домбырашы қызына дегеніме көнбеді деп өшігіп, бір күні қыз қызыл орамал тартып, үйден ұзай бергенде, бүркітін шүйітіп, қастандық жасайды. Бүркіт қыздың басын мылжалап өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден құн сұрайды. Әлі сұлтан оларды маңына жолатпай, барған билерді ит қосып қуып жібереді. Ақыры ел арасы екіге жарыла бастайды. Ең соңында құн сұраушылар жағы Әйтеке биге келіп өтініш жасайды. Ол қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады. Әйтекенің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз құн төлеуге келіседі. Әйтеке қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, «өнер құнын» және қыздың жоқтаушыларын келеке қылып, сүйек сындырғаны үшін «сүйек құнын» төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен. Сөйтіп, Әйтекенің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі құн төлеуге мәжбүр болады. Бұл оның ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді [5, 78-6].

Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Әдебиет, өнер тарихында таза болмысымен, турашылдығымен, даналығымен, күйлі-қуатты әрі сымбатты сөздерімен аты аңызға айналған ақыл алыптарының бірі – Әйтеке би.

Дала шешендік өнерінде қазақ елінің әлеуметтік өмірінің біртұтастығын нығайтып, дамудың ұйытқысы болатын рухани ұстанымдар молынан жатыр. Би-шешендердің нақыл сөздерінде адам тек әлеуметтік ортада дүниеге келеді және тек сол ортада ғана қозғалысқа түсіп, өмір сүреді әрі осы ортада өмірден өтеді. Мұнда адам болмысы әлеуметтік орта үшін негізгі мән ретінде қарастырылады. Әлеуметтік орта әлеуметтік субъектісіз болуы мүмкін емес,

яғни адамның өзінде әлеуметтік ортада қалыптасатын әлеуметтік қасиет болады дейтін идея жатыр.

Би-шешендер адамзаттың дүниеге келуі мен дүниеден кету жолының бір екендігін мойындай отырып, адам мен әлеуметтік ортаның байланысын анықтаған. Осы арқылы адамзат баласын әлеуметтік бірлікке, азаматтық ынтымақ пен татулыққа шақырады. «Хан – қазық, би – арқан». Асылы, осы мәтел сұлтандардың беделі түсіп, бидің қадірі артқан Тәуке заманын нұсқаса керек. Бірақ бидің де биі бар. Алдынан тоқтылы қой дау бітпейтін тайғанақ би бар, әр сөзіне бір мысал іздеп, әр үкімге бір мақал айтқан жай әншейін көп-ауыз би бар. Көтеріп айта беретін ел ішінің әңгімесі ме, әлде шынымен болған оқиға ма, кім білсін, әйтеуір Әйтекеден қалған сара сөздің басы деп ұсынылатын хикаяның бірі мынадай.

Әйтекенің бес-алты жастағы кезі екен. Көрші Қосуақ бидің үйінде бір топ даугер жиылып, өтті-кетті ұсақ даудың шетіне шыға алмай ырғасып жатады. Сөйтсе іргесі түрүлі киіз үйдің жанында «хан талапай» иіріп отырған топ баланың біреуі «Би біреу болуы керек, қалғаны тіреу болуы керек» деп қоймайды. Үйде отырғандар:

– Әй, бала, мұны кімге айтып отырсың? – деп сұраса, бала:

– Керекті кісісіне айтып отырмын, – деп, асығын тастап, тұрып жүре беріпті.

– Үлкейгенде алдына екі даугер келіпті. Соғып алған түлкіге таласулы.

Біреуі:

– Түлкінің жүні жетілсін деп, алты ай жаз сыртынан бағып жүр едім, – дейді.

Екіншісі:

– Мен кешегі қансонарда ізімен келіп індеттім, – дейді. Сонда Әйтеке іркілместен:

– Түлкі арлан болса – ізімен келгендікі, ұрғашы болса – жүні жетілсін деп ін баққандікі. Өйткені, ұрғашы түлкі ін сақтайды, еркек түлкі түз сақтайды, – депті [5, 93-б].

Бұл екі тәмсілдің алғашқысы орталықтанған билік тармағын (төбе би) жасақтау жайлы мемлекетшіл арман-аңсарды нұсқайды, екіншісі не нәрсенің де себебін қазып, салдарын түптейтін белгілі тәуил тәжірибесін көрсетіп тұр. Екеуін қосқанда, Әз Тәуке заманының қазақты баяғы кереге биліктен заңмен басқаруға көшіру хақындағы толғақты дәбін аңғартады.

Заңмен басқарудың басы – соңыра атақты Жеті жарғыны қабылдайтын Тәуке тұсындағы Хан кеңесі. Хан кеңесінің құрамына енгізілгеннен кейін билер халықтың шын сынына түсті. Іріктеле, сұрыптала келіп, бұрынғы жалтақтары мен тайғанақтары шетке қағылды, қара басы кетсе де халықтың қамын жейтін нағыз ата билер қалды. Билер кеңесіне неше кісінің мүше болғаны жөнінде басы ашық дерек жоқ. Төле, Қазыбек, Әйтекеден басқа Қаражігіт, Қу дауысты Құттыбай, Шаппа, Тиес, Сасық, Әнет тәрізді билердің аттары аталады. Би саны жетеу болсын, тоғыз болсын, Кеңестің төбе биі қарақалпақ Сасық болсын, басқа болсын, алдыңғы үшеуі қазақтың үш жүзінің төбе биі болып отырсын, осы орайда өзге екі ұлыс бектен жасы үлкен Әйтеке жолы үлкен деп бас болып билік айтудан шегіне тұрсын, әйтеуір, осы үш би мен Тәуке тізе қосып өрбіткен

екен дейтін әңгіменің соқпа-соқпасында ханның Кіші жүздің ұлыс бегіне деген айрықша құрметі аңғарылып қалатынын сезінгендей боласың. Мына бір сөз.

Өз Тәуке:

– Дауда билік айтқан кезде сөзді жасы үлкен бастауы, жасы кішінің қоштауы жөн бе, әлде жасы кіші бастап, жасы үлкен қоштаса бола бере ме?

Төле би:

– Төбеде тұрған кісі төрт жағын түгел көреді. Төменде тұрған екі жағын және беткейде тұрған төменгі жағын ғана көреді. Сондықтан жасы үлкеннің – оңы мен солын, алды мен артын болжаған ағаның алдымен билік айтқаны дұрыс қой.

Қазыбек:

– Жасы үлкен аға әділ төреші бола алмайды. Себебі, артында қайрылары жоқ. Сондықтан алдында айбынды ағасы бар, артында именерлік інісі бар, алды-артына қарайлар, билігін абайлап жүргізетін органшы бидің төрелік айтуы орынды ғой.

Әйтеке:

– Ағасы келсе, ардақты атын байлайтындай, қонағы келсе, құрметтеп жайлайтындай тындырымды інісі болса, қанат-құйрығы сай болып, көңілі жай болып, ағаның алар тынысы болса, інінің міндеті басқару, ағаның реті бас бағу емес пе?! [6, 89-б.]

Сонда Тәуке хан билердің, әсіресе, Әйтекенің тақияға тас тастағандай жауабына риза болып ықыластаныпты, дейді шежіре.

Әйтеке бидің нақыл сөздерінде қазақ халқының әлеуметтік тұрмысы, әхуалын айқындайтын дәйектерінде қоғамды қамтитын өзекті мәселелері мен оның айқын шешу жолы берілген. Адамның таңдау жолы мен таразыдан өтетін мінез-құлығын сипаты жеткізілген. Мысалға адам бойындағы қасиетінің, оның әлеуметтік дәрежесімен қоғамдағы орнын былайша айқындаған:

Батыр боп жауға найзаң тимесе,

Батырлықтан не пайда.

Бай болып халқыңа пайдаң тимесе,

Байлығыңнан не пайда...

Қара қылды қақ жарған – жақсылардың белгісі.

Тексіздің тегі – құл.

Нағыз тұлпар дауысын қоңыраудай сыңғырлатып, үзілдіріп, әсерлі қайырып кісінейді.

Ағаң келсе – ардақтап атын байлағандай, қонағың келсе – құрметтеп, көңілін жайлағандай тындырымды ісің болғанға не жетсін [7,546].

Өмірім халқымдікі, өлімім ғана өзімдікі.

Інінің реті – тас қару,

Ағаның реті – басқару.

Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай;
Қонағы келсе, құрметтеп жайлағандай;
Тындырымды інісі болса;
Қанат-құйрығы сай болып,
Көңілі жай болып,
Ағаның алар тынысы болса;
Інінің міндеті – басқару,
Ағаның реті – бас бағу емес пе?

Асқар тау сенде бір мін бар –
Асу бермейсің;
Тасқын су, сенде бір мін бар –
өткел бермейсің;
Билер, сендерде бір мін бар –
Басқаға сөз бермейсің!

Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.
Ашу деген – ағын су,
Алдын ашсаң, арқырар.
Ақыл деген – дария,
Алдын тоссаң, тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады.
Жол қуған олжаға жолығады.

Ораздының кәрісі қартайғанда қазына болады,
Шиырлының кәрісі қартайғанда қазба болады.

Бай болсаң, халыққа пайдаң тисін;
Батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін.
Бай болып пайдаң тимесе,
Батыр болып найзаң тимесе,
Жұрттан алабөтен үйің күйсін!

Сарқылмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Құйрығы суда тұрса да,
Уақтысы жеткенде,
Қурамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген пәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ,
Бәрінен қиын сол екен,
Артында жанған шырақ жоқ...

Жігіттің жақсысы:

Дұрыс сөзге тоқтай білген,
Басқаны сөзіне тоқтата білген [7,73-б].

Әйтеке бидің нақыл сөздері адам болмысының философиялық айғағы болып табылады және оның шығармашылығының негізгі түйіні: адам болмысы мен әрекеті оның ақылын сараптауда жатыр.

Әйтеке бидің үлкендігі турасындағы мына бір жәйтті Мәшһүр Жүсіп «Даналар» атты өлеңінде келтірілген:

Қазыбек, Әйтекедей көсем өткен;
Әлдибек, Айтпай, Майлы шешен өткен.
Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің
Әйтеке, Қаздауысты Қазыбектен [12, 306-б].

Ел аузында «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады, Төле тауып айтады» ұлағатты сөздер бар. Әділ сөйлеу, ойды шегелеп, нақты, жарып айту батырлық пен батылдықтың, даналық пен білімпаздықтан туады.

Халық жырауы Қазанғап Байболұлының Төле биге арнаған дастанында Төле биге, Қаз дауысты Қазыбекке мінездеме береді де, Әйтеке биге келгенде былай термелейді.

Онан да өткен Әйтеке,
Қудан үшкір, құланнан.
Мұндай шешен болмайды,
Бір сөзін жүз мақалдап,
Сипаттап қандай тіркейді.
Түршіктіріп денеңді,
Барған сайын өрлейді.
Таудай сөзге тарыдай,
Қию тауып сөйлейді.
Ерегіссе біреумен
Қара жерге жерлейді
Қанша ділмәр дегендер,
Ширегіне келмейді [12, 384-б].

Әйтеке бидің шешендік сөздерін қастерлей жинап, ол жөнінде зерттеу мақала жазған білгір ғалым Балтабай Адамбаев былай жазады: «Қазақ руларының басын біріктіріп бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып, жоңғар- қалмақ шапқыншылығына қарсы бірыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке болған. Сайып келгенде, Әйтеке – шешендігімен бірге кезінде ел басқарған, заң жасасқан, феодалдық қазақ мемлекетін құрысып, нығайтуға үлес қосқан қоғам қайраткері» деп әділ баға берген [12, 394-б.].

Барлығы ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен заманда өмір сүріп, халқын ішкі-сыртқы жаулардан қорғап, азаттық үшін аянбай тер төгіп, еліне пайдасы тиген арыстар. Елім деп еңіреп өткен асыл сүйекті азаматтардың есімін, еңбегін көк байрағымызды көкке көтеріп, егемендігімізді еншілеген уақытта келер ұрпаққа қастерлей жеткізу басты борышымыз екені анық.

Қазақ халқының шоқтығы биік билерінің бірі Әйтеке Бәйбекұлының есімі ел есінде мәңгі сақталады. Қазақ халқының бірлігі мен тәуелсіздігі би

бабамыздың бізге қалдырған аманаты. Әйтеке бидің мақсаты – қазақты үш жүзге бөлмей, басын біріктіріп, алып мемлекетке айналдыру еді. Кіші жүздің ғана емес, алты Алаштың айбынды биі болған Әйтеке би бар саналы ғұмырын ел бірлігі мен болашағына арнаған ұлы тұлға.

«Ғалымның аты өлсе де хаты өлмейді» демекші, сан ғасыр бұрын айтып кеткен нақыл сөздері азаттықтың ақ таңы атқан жаңа Қазақстан үшін өте өзекті. Біздің де ұлы мақсатымыз – баянды бейбітшілік, жеріміздің тұтастығы, халқымыздың татулығы. Егер біздің үш даңқты билеріміз Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің өз заманындағы ең асқақ мұраты барлық қазақтардың бірлігі болған болса, сол мұрат біздің заманымызда да ең басты мүдде болып қала береді. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болғаны бәріміздің ортақ мақсатымыз.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Айтеке Байбекулы//Қазақстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004.– Т. I.
2. Толыбеков С. Әйтеке би // Қазақ шежіресі. – Алматы, 1992.
3. Толыбеков С. Үш пайғамбар. – Алматы, 1992.
4. Досмухамедұлы Х., Аламан. – Алматы, 1993.
5. Досмухамедұлы Х. Әйтеке би. – Алматы, 1998.
6. Есламғалиұлы М. Әйтеке би. – Алматы, 1998.
7. Торекулов Н., Казбеков М. Казахские бии-ораторы. – Алматы, 1993.
8. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 бет.
9. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы, 1995.
10. Н. Әбутәлиев «Халық кеңесі» Алматы, 1993.
11. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.
12. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2001, – 592 бет.

АТАҒЫ АСПАНДАҒАН МӘМБЕТ АТАЛЫҚ

Т.Дайрабай

зейнеткер, зерттеуші,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

«Құрмет» орденінің иегері, профессор

Мәмбет аталық, Мамбет би – XVIII ғасырда өмір сүрген, өз ортасында шоктығы биік билердің бірі. Ол – кезінде қазақ даласындағы оқиғаларға белсенді түрде қатысқан қайраткер тұлға. Қазақ хандығының одан әрі дамуына аянбай үлес қосқан, өзінен бұрынғы билер мен батырлардың ісін жалғастырушы. XVIII ғасырдағы қазақ билері мен батырларының көбі теңдессіз тұлғалар еді. Ресей патшалығы қазақ даласына еніп, үстемдік құра бастаған сол тұста олардың біразы Әбілқайыр ханның қасынан табылды.

Мәмбет бидің ханға қарсы шыққан би мен батырлардың алдына шыққаны жайлы: «... Уа ағайын! – крикнул он. – Я облил грязью хана Абулхаира и его русского друга досточтимого Кутлумахмета. Теперь вы знаете, кто убил наших родственников. Эти враги совершили свое черное дело, чтобы навсегда поссорить нас с орысами... Его слова мудрые, и мы решили сделать как он говорит – А если согласны, будем присягу принимать! – Крикнул Маймбет [1].

Присяга была принята, а обряд прощания с погибшими продолжался», – деп жазыпты жазушы Александр Сергеев «Петербургский посол» кітабында. Бұлғақтан туған балалардың үлкені Бәйімбет бастап, қалғандары қостап Мәмбеттің билікке араласуына ықпал етті. Ел ішінде «Бес Бұлғақ» аталған олар ауызбірлікте бола білді. Сөйтіп, Мәмбет жастайынан билікке араласып, оның есімі Кіші жүз қазақтары арасында белгілі болды. Бірінде батыр есебінде қол бастаса, енді бірде би аталып, Әбілқайыр хан отбасына қамқоршы, тәрбиеші ретінде Аталық деген атқа ие болған тұлға.

Аңыз-әңгіменің артында шындық оқиғалар тізбесі жатады. Ол өткен тарихымыздың ауыздан-ауызға тарап жеткен шежіресі – жазба тарихтың негізі. Сондықтан да ел аузындағы әңгімелерді ой елегінен, тарихи деректер сүзгісінен өткізіп барып пайдаланғанда ғана мол қазына, рухани байлық болмақ. Ел ішінде есімі аса құрметпен аталатын тұлғаның бірі – шөмекей Мәмбет аталық. Мәмбет аталық есімі Сыр мен қыр арасында жиі айтылып жүрсе де, бүгінде баба айтқан ұлағатты сөздері мен тәрбиеге байланысты кеңестері, атқарған қызметтері туралы үзіліп жеткен сөздер ғана бар. Мәмбеттің адамгершілігі мен ақылдылығына тәнті болған халық оның есіміне аталықты қосып атайды. Аталық Шығыс елдерінде, жалпы, қазақ елінде де қамқоршы, ақылшы деген мағынаны береді. Нақты айтсақ, бұл атақ ханның ұлдарын тәрбиелеуші дегенді білдіреді. Кейіннен хан сарайындағы шендік атаққа айналған. Ел басшысының отбасына аталық кеңес беру екінің бірінің қолынан келе бермейтіндігін ескерсек, Мәмбет бабаның ірі тұлға болғанын пайымдауға болады. Мәмбет әрдайым Әбілқайыр ханның қасынан табылып, көрші орыс патшалығымен

дұрыс қарым-қатынаста болуына атсалысты.

Мәмбет аталық жөнінде Қазақстанның Халық жазушысы, белгілі қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» атты тарихи кітабында:

«...Төртінші күн дегенде тойдың тарағанын паш еткендей тай-тұяқ бастаған тоғызды жетелеген Кедей, Жайылған, Бақа, Киікбай бастаған шөмекейлер тобы Ырғыз бетке жылыстап шыға берді» делінсе, «Хан басын көтеріп, жан-жағына қарады. Қасындағы Мырзатайды шынтағымен қағып былай ығыстырып, ар жағындағы Айбастың Арыстанбайын иек қағып, қасына шақырды:

...Жиырма бес Алшынның жанға-малға кенделігі жоқ, ең нуының бірі шөмен еді. Олар нағып тап мұндай жүдеу келгендеріне түсінбедім. Рас, ұсақ үш шөмекейдің қамшысы түгелге жуық. Бірақ, ол үшеуі қосылып, бір Бозғұлдың қарасын толтыра алмай тұр ғой. Сіздің сол көп ауылдан Келдібайдың екі төлі Киікбай екеуіңнен басқа ешкім көзге түспеді. Не ойлағандарың бар еді? Жалтырдың төрт бұйда ұстары – Жәдік, Алман, Шыбынтай, Кенже, Қаратамыр Мәмбет, Балқы Бәйбек шөмен атамның көшін арқар ұрандының қай ауылының күлінің басына апарып шөгереің деп жүр?.. Әйтпесе, іргедегі Ырғызда тұрып, аттарына жем түсе қояды дейсің бе? Әлде, көкіректері көлдеудегі көп жылқының пысқырғанына күпті ме?», – дейді Әбілқайыр [2, 171-б]. Міне, осылайша Әбілқайыр хан көп шөмекейге емес, ел тұтқасын ұстанған азаматтарға өкпесін айтқан.

1738 жылдың 3 тамызында Орынбор шекаралық комиссиясының бастығы В.Н.Татищевтің қабылдауында болған Әбілқайырдың 12 биінің бірі – Мәмбет аталық. Яғни, ант берген ру ақсақалдарының билерінің ішінде (56 адам) Мәмбет аталық Бұлғақ баласы да болған. Оның есімі №4 тізімде тұр. Кіші ордадан: Алшын шөмекей руынан Мәмбет аталық Бұлғақов (Қазалы және Ырғыз уездері атынан) ант беруге қалай қатысқаны жазылған. Ант қабылдау құжатына Әбілқайыр хан мен баласы Ералы сұлтанның мөрлері қойылып, билер таңбаларын басқан. Бұл туралы М.Сералиннің «Айқап» (1913 жылғы – Т.Д.) журналындағы «Қазақ қай заманда Россияға қосылған?» [3] атты мақаласынан оқып-танысуға болады. Жазба деректерде осылай жазылып қалған болса, ауызша деректер де бұдан алшақ емес.

Мәмбет аталық шамамен 1690–1759 жылдарда өмір сүрді деп топшылауға болады. Мәмбет туралы айтқанда, жазғанда оның шығу тегі мен жасы ғана емес, қазақ халқы үшін атқарған еңбектерін, халық ісіне араласқан саясаткер, қайраткер болғанын қалың қауымға жеткізу абзал. Біріншіден, Еділ бойындағы қалмақтар мен башқұрттар, түркімендер, Жоңғар Алатауындағы қоңтайшылар елді бүліншілікке ұшыратқан тар кезеңде Әбілқайыр көршілес, іргелі ел Ресейдің қамқорлығына жүгінбек болғанда, сол тұстағы хан саясатын қолдаған адам. Екіншіден, ханның кейбір саясатына келіспеушілігін де білдіріп отырған. Бұдан Мәмбет аталықтың хан мен халықтың арасында ықпалды адам екенін тани түсеміз.

Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін оның орнына Нұралы сұлтанды

хан етіп сайлауға генерал-губернаторға арнайы хат жазып, үндеуге қол қойғандардың басы Жәнібек тархан еді. Ал сол үндеуге қол қойғандардың бірі де Мәмбет аталық. Осының алдында (1748 жылдың 21 қыркүйегінде) Бопай ханшаға көңіл айтуға Нұралы сұлтанмен бірге келген жүз адамның арасында қаратамыр Мәмбет аталық та болған. Және ол Әбілқайыр ханның өлімін анықтаған төрт бидің бірі болатын. Ханды өлтіргеннен кейін Барақ сұлтан елден көшеді. Бұлай қашып-пысып жүруді ар санаған Барақ өзінің ісін қарауды ұсынады. Істі қараған төрт бидің біріншісі Бағаналы найман руының бас биі Олжабай (кейде Өтебай деп те жазылады), Әлімнің төртқарасынан Қартоқа, Қозанай билер, шөмекей биі Мәмбет аталық. Олар құн төлетумен шектеліп, істі Барақ сұлтанның пайдасына шешеді. Бұл деректер Орынбор экспедициясының бастығы В.Н.Татищевтің «Экстракт ис полученных известиев о киргис-кайсацких и башкирских обрассеннах» деген жазбасында жазылған. Жалпы, орыс-қазақ қатынастары және де басқа да жазбаларда Мәмет Бұлғақұлының (архивте Булгаков) есімі 1730-1731 жылдардан бастап-ақ көрініс береді [4].

Әбілқайыр хан орыс елшісі, полковник Тевкелевті қабылдаған тұста басқа да би, батырлармен бірге Мәмбет те болған. 1736 жылы ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің Орынбор экспедиция мүшелерімен бірге Әбілқайыр хан ордасында болған жазбалары 1741 жылы Санкт-Петербурда жарияланған. Толық нұсқасы 1784 жылы неміс тілінде Ригада басылған. Бұл еңбек 1996 жылы қазақшаға аударылды. Осы кітаптың 32-бетінде 1736 жылдың 22 шілдесіндегі жағдай жазылыпты: «... Содан төрт-бес сағат бойы киіз үйлі ауылдар арқылы жүріп отырдық. Қасыма еріп келе жатқан елшілер саны он төрт кісі болатын. Олардың есімдері Байбек батыр, Шағырбай батыр, Жандәулет, Құрманбай, Ақмолай, Лақа, Мамыт (Мәмбет), Алтай, Әбілқайыр ханның жасауылы Қалыбек, Жәнібек батырдың елшісі Лепес және басқалар». Осы кітаптың 47-бетінде «Осы айдың алтысы күні (тамыз айы) Байбек пен Мамет Әбілқайыр ханның маған жіберген сыйлығын алып келді, ішінде барқытпен тысталған бір малақай (тымақ), бір пар ақ сисадан тігілген шалбар бар, тағы бір пар кара шегрен етік, бір қылыш және ұзындығы үш жарым аршын цилиндрлі түтік, бір оқшантай жіберіпті... Сол күні кешке қырғыздың (қазақтың) барлық елшілерін, ханның ұлын, Ташкенттің елшілерін (бәрі қырық кісі болды) қонақ еттім, сыйладым», – деп жазады Джон Кэстль [5].

Ағылшын суретшісі қазақ ханының отбасын, айналасындағыларды және қазақтың салт-дәстүрлерін жаза отырып, хан қасындағы би-батырларды да естен шығармаған. Соның бірі – Мәмбет аталық. Тіпті, Мәмбет Бұлғақұлы Джон Кэстльді Самарға дейін шығарып салып, обер-секретарь Кирилловпен кездесіпті.

1738 жылғы В.Н.Татищевтің жазбаларында: «...10-го число явился посыланной по указу тайного советника в Киргиз-кайсацкую орду башкирской старшина Таймас-тархан с ним присланные от Абулгаир-хана Средней орды Женыбеков родственник, Букенбай-батырь да Малой орды Байрак-бий с товарысчи 9 человек». Осындағы 9 адамның бірі – Мәмбет аталық [6, 23-б].

... «Спрашивали у него Таймаса Жанбек, Сенкул, Кунай, Букей батыри, Байшав, Байрак, Сюрюк-бий, Маметь-аталык да Кара палван что де генерал и мурза отдадут ли нам ханского сына [6, 25-6].

1748 жылдың 5 қазанында патшайым Елизаветаның атына ұсыныс жолдағандар туралы «Сношения России с киргиз-кайсаками» атты істе сақталынған, осы құжаттың №1 тізімінде Тұлақ би, екіншісінде Кедей би, үшінші болып Мәмбет аталық таңбасын басқан. 1748 жылдың қазан айында қазақ елінің хан-сұлтандары, би-батырлары бас қосып, жоңғарларға қарсы ұрысты аяқтау туралы кеңес өткізеді. Осы жиынға Мәмбет батыр да қатысқан. Мәмбет би 1748 жылдың қараша айында Батыр сұлтанды ақ киізге көтеріп, хан сайлағандардың қатарында болады. Бұл деректі Смайыл молда Әбдіразақов жазып қалдырған. Демек, Мәмбет аталық кейде екіұшты бағыт ұстағанын байқаймыз. Мұның алдында ғана ол Кіші жүздің көптеген билерімен бірге Әбілқайырдың үлкен ұлы Нұралы сұлтанды хан етуге ұсыныс жасағаны белгілі.

Сонымен қатар, Мәмбет аталық Бұлғақовтың есімі Ресей құжаттарында 1730-1748 жылдар аралығында жиі кездеседі. Демек, ширек ғасырға жуық қазақ жұртшылығының өркендеп, өсуіне белсенді қызмет еткен тұлға. Кейде Мәмбетті батыр деп те атайды. Оның Әбілқайыр бастаған жасақта «Бұланты», «Білеуті» Аңырақайдағы ұрыстарға қатысқаны жайлы аңыз-әңгімелер бар. Аққете Алтай батыр Ибескіұлымен бірге, әрқайсысы бес жүз, мың кісілік жасақты басқарғандары айтылып, жазылып та жүр. Орынбор архивін ақтарған жазушы Жұбатқан Мұратбаев «Мәмбет батыр» (2000) мақаласында 500 жасақты басқарып, жоңғарларды жеңуге үлес қосқанын жазады. Тағы бір ел аузындағы әңгімелердің бірінде Мәмбет аталықтың 1692 жылы туып, 103 жасқа келгенде өмірден өткендігі айтылады. Тіпті, Мәмбет бидің 80 жасында Садыр найманның қызына үйленіп, одан Жанқара, Алғара деген ұлдардың туғандығы айтылып жүр [6].

Ал, Жұбатқан Мұратбаев Мәмбет аталықтың 1759 жылы 70 жасында өмірден өтіп, ораза айында Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінде жерленгенін жазады. Қарт ұстаз Нариман Майқанов (1920–2001) бидің қыс айында қайтыс болып (сүйегін аманатқа қалдырып), кейіннен сүйегін Түркістандағы кесенеге әкеліп қойылғанын сөз еткені тағы бар.

Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» мавзолейінде жатқан Мәмбет бабамызға құран бағыштау, оның рухын еске алу мақсатында 2004 жылдың 4 желтоқсанында Түркістанға барып құран оқыттық.

Кесенені аралап, суретке, видеоға түстік. Мавзолейдің кіреберіс қабырғасына осында жерленген хан, сұлтан билер тізімінің арасынан бабамыз Мәмбет аталықтың есімін көріп, марқайып қайттық.

Мәмбет аталыққа (би) Сыр ақын-жыраулары көптеген өлеңдер арнаған. Соның бірі Дүр Оңғар (1859–1902):

...Туыпты Құттығайдан үш арыстан,
Қайраты кем болмапты жолбарыстан.
Ағасы батыр Мәмбет, би Тәтімбет,

Інісі палуан Өтей мен бір туысқан, [7] – деп жырлаған.

Шындығында архив құжаттарында Мәмбетті батыр демей, «Аталық», болмаса «би» деп, ал Тәтімбетті «батыр» деп жазған деректер сақтаулы.

Сонымен қатар, Мәмбет Бұлғақұлының соңында билік шешімдерімен қатар қанатты сөздері қалған.

«...Алғашқы тәрбие – анадан, ел билеуі әкеден», «Сапасы бардың санасы болар», «Бүгінгі бала бүркіт, ертеңгі қыран бүркіт» деген тағылымды сөздерінде үлкен мән жатыр. Ширек ғасырдай билікте болған Мәмбет Бұлғақұлы жайлы жоғарыда аты аталған сирек кітаптарда жазылғаны бекер емес. Өйткені Мәмбет Бұлғақұлы, біріншіден, қазақ хандығының берік болуына, екіншіден, сыртқы жаудан қорғаудағы басшылығы, үшіншіден, Әбілқайыр ханның аталығы болуы, төртіншіден, шетелдік А.Тевкелеев, И.К.Кириллов, В.Н.Татищев, ағылшын суретшісі Джон Кэстльдермен сөйлесуі, бесіншіден, Әбілқайыр хан, Бопай ханым, Нұралы, Ералы, Барақ, Батыр сұлтандармен аралас-құралас болуы және хан өліміне әкеліп соққан үлкен дауды бейбіт жолмен шешудегі билік істері оның қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілуіне жол ашты.

Демек, Мәмбет – осындай атақ-дәрежеге сай, қазақ елінің бүтіндігіне үлес қосқан XVIII ғасырдағы басты тұлғалардың бірі. Сондықтан оның есімін ұлықтау, еске алу, түрлі игі-шараларды өткізуге Сыр елі түгел атсалысуы қажет. Бүгінгі ұрпақты бүгінгі жаймашуақ заманға жеткізген осындай бабалар [8].

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Сергеев А. «Петербургский посол» 1983 г. Стр.255-256
2. Кекілбаев Ә. «Елең-алаң» 1984 ж. 171 бет.
3. Сералин М. «Айқап» 1913 ж. 50-51 бет.
4. «Казахско-русские отношение в 16-17 веках. 1961 г. Стр.410, 427, 433.
5. Кестель Д. 1736 жылғы естелігінен, 47 бет.
6. Татищев В. «Экстрак не полученные известиев о киргиз-кайсацких и башкирских обрасенных. 1738 г. стр. 23-28.
7. Дүр Оңғар, 2004 жыл, 41 бет.
8. Дайрабай Т. «Түркістан» газеті, 2016 ж.

ТӘТІМБЕТ – БИ ӘРІ ЕЛШІ

Ясин Ұзақов

*Алматы технология университетінің профессоры,
академик, т.ғ.д.*

XVIII–XIX ғасырда қазақ даласында алуан түрлі ұрыстар мен соғыстар орын алған-ды. Әсіресе, Кіші жүз қазақтарын бір жағынан Еділ бойындағы қалмақтар мен башқұрттар, екінші жағынан Жоңғар қалмақтары, тіпті ара-тұра түрікмендер де шабуылдап отырған. Осынау кезеңде мұндай қиындықтан шығудың бірден-бір жолын Әбілқайыр хан көрші Ресей патшалығынан іздеді. Ол Тәуке ханның жолымен Ресейге елші жіберуге тоқталады. Бұл тұста ол Қараұлы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібектерге сенім артқан еді.

1710 жылы Кіші Қарақұмда үш жүздің басын қосқан үлкен жиын өтіп, оны Тәуке хан басқарған. Қарақұмда өткендіктен, «Қарақұм съезі» деп аталған. Осында Тәуке хан оған серіктес ретінде Қайып пен Әбілқайыр сұлтандар сайланады. Осы съезден кейін Әбілқайыр аға хан болып тағайындалып ел тізгінін қолға алады. Аса маңызды жиынға Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Табын Бөкенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет батырлармен қатар, Шөмекей Тәтімбет Бұлғақұлы да қатысыпты. Бұлғақ дегеніміз еркін, еркіндік дегенді білдіреді.

Бұлғақ бабамыздың атын ата-анасы еркін өссін деп қойған болар.

1827 жылы Бұланты мен Білеуті өзені маңында (бұл жер Қызылорда облысы мен Жезқазған өңірінің шекарасында) жоңғарлар мен кес кілескен, жан алып, жан беріскен ұрысқа Әбілқайыр бас қолбасшылық жасаған. Осы ұрысқа Сәмеке, Әбілмамбет, Көкжал Барақ, Саңырық, Бөгенбай, Бөкенбай, Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Тайлақ, Олжайбай, Баймұрат, Бақтыбай, Тама Есет, Шөмекей Арыстанбай, Мәмбет, Тәтімбет, тағы басқа батырлар мен билер қатысып, ауызбірліктің арқасында жоңғарларға күйрете соққы береді. Бұл жер тарихи жазбаларда «Қалмақ қырылған» деп аталған, қазір де солай аталады. 1977 жылы осы «Қалмақ қырылғанда» болған едім.

1729 жылғы Аңырақай шайқасында Қойгелді, Райымбек, Бөгенбай, Қабанбай, Табын Бөкенбай, Өтеген, Ақша, Тайлақ, т.б. батырлар ерекше көзге түскен. Кейінгі жазбаларда есімдері көрсетілмеген Әлім-Шөмен, Байсары руларының батырлары да белсенді түрде қатысқан. Оны ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен өлең-жырлардан біле аламыз.

1731 жылы хан ордасына А.И.Тевкелев келіп, майда сөзбен, тарту-таралғысымен хан мен сұлтандарды, би мен батырларды ант беруге Әбілқайыр хан бас болып көндіргені тарихтан белгілі. Ант берген 27 бидің ішінде Тәтімбет Бұлғақұлы да болғандығы анық. Өйткені Тәтімбеттің Әбілқайыр хан және Ералы сұлтанмен сыйластығы түрлі құжаттарда көрініс береді.

Тәтімбет Бұлғақұлы шамамен 1698–1700 жылдарда Қорқыт Ата мен Қарақ тауы өңірінде туған. Қыстауы Жаңадария, Қуаңдария өзендерінің бойы болса, жаз жайлауы – Бірғыз, Кішіқарақұм, Торғай өңірі.

Жалпы, ағалы-інілі Мәмбет аталық пен Тәтімбеттің есімдері қатар аталады. Демек, олар билікке де қатар келген. 1731 жылдың қыс айының бірінде патша елшісі Тевкелевпен табын Бөкенбай батыр жол үстіндегі қосқа

келіп тоқтап, ондағы жылқышы-бақташылармен әңгімелеседі. Жылқышылар өздерінің Тәтімбет батырдың малшылары екенін, өткен жұтта көп шығынға ұшырап, өлген малдарының орнын өздеріне толтырғызғанын айтады. Бұл әңгіме жайлы жазушы Александр Сергеев «Петербургский посол» атты кітабында жазған. Ел аузында «Тәтімбеттің тілі тәтті, тәртібі қатал» деген сөздер орынды айтылған сияқты [1].

Тәтімбеттің ел жадында, жазба деректерде есімінің қалуының басты себебі – оның 1732 жылғы Ресейге елшілікке баруы. Осы елшілікке қатысты құжаттардың басым көпшілігінде Тәтімбет батыр деп жазылған. Демек, Т.Бұлғақұлы 1727, 1729 жылдардағы қанды шайқасқа қатысқан деуге толық негіз бар. Архив құжаттарында Тәтімбет би (старшина) батыр, елші деп аталған. Олай болса, Тәтімбет бабамыздың сол атақтарға сай қызмет еткендігі аңғарылып-ақ тұр емес пе?

Әбілқайыр хан 1732 жылдың желтоқсан айында патшайым Анна Иоановнаға екінші мәрте елші аттандырады. Басшысы Ералы сұлтан, елшілікте Кіші жүздің батыры Тәтімбетті, Баубек Төлеңгітті, Нияз сұлтанды және үш башқұрт билері, үлкен ордадан Аралбай мен Ырыскелді батырлар болады. Елшілік 1733 жылдың қаңтар айында Уфаға келеді. Патшайымнан ұлықсат болғасын елшілерді А.И.Тевкелев бастап Петерборға алып жүреді. Олар 1734 жылдың қаңтарында Петерборға келіп, ақпан айында патшайым (императрица) Анна Иоановна қабылдаған. Сонда келген мақсатын, басқа да мәселелер бойынша Ералы сұлтан сөз сөйлейді. Елшілердің көп жатып қалуы мүмкіндігін ескеріп, патшайым осы жылдың 20 сәуірінде Әбілқайырға арнайы грамота жазып жібереді.

«... Осы грамотамызды беріп Тәтімбет батыр мен Баубек төлеңгітті, олармен бірге ұлты башқұрт үш атақты адамды – Қариаш Рахманқұловты, Сейіт Баратқұловты, Бекшіраны аттандырып отырмыз», [2] – дей келе берген анттарына берік болуын тағы да еске салған. Осындағы Тәтімбет батыр – біз айтып, жазып жүрген Бұлғақтың бес баласының бірі.

Өзінің өмір жолында Тәтімбет батыр Әбілқайыр ханмен, балаларымен етене араласып, патшайым Анна Иоановна, сонымен қатар А.И.Тевкелев, вице-канцлер Остерман, обер-секретарь Иван Кирилловпен, Орынбор экспедициясының бастығы Татищев, В.В.Урусов, Давыдов, Неплюев, сұлтан Сейдалинмен кездесіп пікірлескен.

1738 жылдың 23 тамызында құпия советник Татищев хан мен сұлтандардан бастап 83 адамға сый-сияпат жасап, 1740 жылы В.Урусовтың қабылдауында 74 рубасы болған. Осылардың арасында Тәтімбет те болғаны анық. 1742 жылы Неплюев Байсаубиге – 10 сом, Тәтімбет биге қызыл түсті гүлді мақпалды сыйға береді. Ал, 1748 жылы 20 қарашада Бопай ханымға көңіл айтушылар ішінде Тәтімбеттің болғандығы жазылған.

Тәтімбет ауылының жігіттері бидің өте әділ де қатаң екенін айтады. Бес Бұлғақтан туған бес баланың үлкені Бәйімбет інілеріне ақыл-кеңесін айта отырып, барлық шаруашылықтарына басшылық та жасапты. Жалпы, ел аузында «Бес Бұлғақ» аталған бес ағайынды жігіт ауызбіршілікте өмір сүріп, күні бүгінге дейін қыз алыспай келеді.

Тәтімбет үнемі: «...Тетігін тауып іс істе, жұмысында жалқауланбай, шаруанды бітір», – деп айтып отырады екен. Жалпы, архивтік құжаттарда

Тәтімбеттің есімі бірде Татымбет, Татимбет деп жазылған.

Сыр сұлейлерінің атақтысы Балқы Базар, Дүр Онғар, Тұрмағамбет Ізтілеуовтер Тәтімбет-Ерназарға өлең-жырларын арнаған. Балқы Базар (1841- 1911):

... Арғы атам Тәтімбет пен Ерназардың,
Дабылы желдей гулеген.
Қанары келіп кектенсе,
Жебесін тасқа түйреген,— десе,
Тұрмағамбет ақын (1882-1939):
... Арғы атам Тәтімбет пен Ерназардың,
Озат өскен бәйтерек.
Қаратамыр Күнтуар!
Енді ондай кім туар, – деп жазған [1].

Осындағы Күнтуар би – Тәтімбеттің немересі. Жалпы, Тәтімбет пен Ерназардан тараған ұрпақтар күні бүгінге дейін билік басында. Бұлғак биден Тәтімбет, одан Ерназар. Ерназардан – Күнтуар – одан Мұрат, Тұяқ, Темір. Мұраттан – Пішан мен Ағыбай билер. Пішаннан атақты Төребай би, Ағыбайдан Өмірзақ, Ұзақ болып жалғасса, Ерназардың бір баласынан тараған Қонысбек Қазантаев – отыз жыл бойы кеңестік кезеңнің қайраткері болған кісі. Үш рет Ленин орденімен наградталған. Қазақстан Орталық партия комитетінің делегаты, депутаты сияқты атақтарды иеленді. Демек, билік те, көсемдік те текке тартады деген ұлағатты сөздер бекер айтылмаса керек.

Тәтімбет Бұлғакұлының есімі А.И.Тевкелевтің, В.Н.Татищевтің, Ю.Гуляевтің жазбалары мен Джон Кэстль, П.И.Рычков, т.б. кітаптарында көрініс берсе, «Материалы Казахской ССР (1940)», Казахско-русские отношения в XVI-XIX веках» (1961-1964), Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» (1978, 1983) кітаптары мен осы жолдардың авторларының бірнеше кітаптарында, «Хан Абулхайр» «Қаракесек бірлестігі» атты тағы басқа жинақтарда Тәтімбеттің есімі кездесіп отырады.

Қорытындылай келгенде, Тәтімбет Бұлғакұлының қазақ хандығы тарихында елеулі еңбек еткендігі мәлім болып тұр. Тәтімбет бабамыз – қоғам қайраткері болған тұлға. Осындай биік тұлғаның есімін жаңғыртып, еске алып, ізгілікті шаралар жасалса ол оған лайықты деп есептейміз.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Сергеев А. Петербургский посол. Алма-Ата, 1983 г. Стр, 196.
2. «Казахско-русские отношения в 16-17 веках», Алматы, 1961. Стр. 106, 116-118, 121-122.
3. Балқы Базар, Алматы, 2008. 114 бет.

ДӘСТҮРЛІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ
ТРАДИЦИОННОЕ ИСКУССТВО
ОБРАБОТКИ КОЖИ

КАРВИНГ (РУЧНАЯ ГРАВИРОВКА) ПО КОЖЕ. ИСТОРИЯ И ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ В ИЗДЕЛИЯХ С НАЦИОНАЛЬНЫМ КОЛОРИТОМ

Р.М.Яковлев

ИП «Bruce leathercraft»

Изготовление и художественная обработка кожаных изделий относятся к числу старейших ремесел. Это ремесло всегда привлекало к себе внимание, как имеющее практическое значение в повседневной жизни людей и одновременно отвечающее их художественным запросам. (Крис Гронеман, 1961, с.3).

Кожа, как один из древнейших природных ресурсов – это главный подарок, который преподнесла природа человеку. Без нее человек мог бы и не выжить. Живые примеры ее важности можно найти на протяжении всей истории цивилизации. Современная археология находила кожаные изделия и артефакты, относящиеся к временам 33 столетия назад, но до сих пор сохранившиеся в прекрасном состоянии. Они были произведены в 1300–1400 гг. до нашей эры. Зависимость от кожи и благодарность человека за ее существование, наравне с его инстинктивным желанием улучшить то, что создано природой, привело его к практике использования кожи в измененном или первичном виде. Начиная с грубых защищающих ноги обуви и заканчивая созданием невероятно красивых и полезных вещей, человек собрал богатый урожай полезностей и удовольствия от работы с кожей.

История кожи близко связана с прогрессом человечества. Древние пещерные люди считали кожу самой дорогой вещью. Из кожи животных они выделывали грубую обувь, которая позволяла им передвигаться дальше и дольше в поисках пищи. С кожаными сосудами для воды они более не были изолированы, и не было нужды оставаться у озера или потока.

Кожа давала одежду, защиту и даже прибежище для ранних цивилизаций. Археологи находили остатки кожаной одежды во всех местах, где был древний человек. (Al Stohlman 1984, с.5).

Производство и обработка кожи – одно из древнейших занятий человека. Об этом свидетельствуют первобытные орудия скобления и распарывания, изготовленные из камня и кости. Вначале кожи, снятые с животных, использовали в сыром виде, но такая кожа быстро портилась от влаги, чему очень способствовало образование разлагающих белков.

В скором времени наши предки стали использовать средства, которые препятствовали порче, делали кожу мягче и тем самым повышали ее пригодность к применению.

Этой цели прежде всего служил жир или мозг убитых животных, которым пробовали смягчить высушенные на солнце кожи. Так около 8000 лет до н.э. образовался древнейший процесс дубления, так называемое жировое дубление, которое благодаря простоте и скорости используется и по сей день кочевыми народами. После дубления кожу мяли зубчатым ножом, который сначала изготавливали из конского черепа, а позднее – из дерева.

Использование огня привело древнего человека к обнаружению консервирующих свойств дыма. (Илона Луковски, 1991, с3.)

Что касается технических приёмов художественной обработки кожи, то их великое множество. Среди основных – тиснение, перфорация, плетение, пирография,

аппликация, интарсия, гравировка (карвинг).

1. Тиснение. В промышленном производстве применяются различные способы штамповки, когда рисунок на коже выдавливается при помощи пресс-форм. При изготовлении художественных изделий также применяют штамповку, но используют наборные штампы и чеканы. Другой способ – тиснение с наполнением – вырезание из картона (лигнина) или кусочков шоры элементов будущего рельефа и подкладывание под слой предварительно увлажненной юфти, которую затем «обжимают» по контуру рельефа. Термотиснение – выдавливание декора на поверхности кожи при помощи разогретых металлических штампов.

2. Перфорация. Перфорация или высечка – один из древнейших приемов. Собственно, он сводится к тому, что при помощи пробойников различной формы в коже высекаются отверстия, расположенные в виде орнамента.

3. Плетение. Кто не знает, что такое «косичка», сплетенная из трех кожаных шнурков? Такой «косичкой» украшают одежду, шкатулки, её используют в качестве завязок, шнурка для подвесок и т.д. А если это «косичка» из четырех или шести шнурков? Это уже браслет. А если из двенадцати? Да плюс изящная пряжка? Да плюс узорные накладки? Замечательный получается ремень! А если использовать особое «круглое» плетение (т.е. когда коса имеет круглое сечение и не имеет оборотной стороны), то получится классическая ногайка.

4. Пирография. Пирография (выжигание) – прием новый, но с древней родословной. При помощи пирографии можно наносить на кожу очень тонкие и сложные рисунки. Часто применяется в сочетании с гравировкой, росписью, тиснением при создании панно, украшений, изготовлении сувениров.

6. Аппликация. В зависимости от того, какое изделие декорируется, несколько различаются способы аппликации. Так, при отделке предметов одежды элементы декора выполняют из тонких кож (опоек, шевро, велюр) и пришивают к основе. При создании панно, изготовлении бутылей или сувениров фрагменты аппликации могут быть выполнены из любых видов кож и наклеены на основу. В отличие от интарсии при аппликации допустимо соединение элементов «внахлест».

7. Интарсия. По сути, тоже, что инкрустация или мозаика: фрагменты изображения монтируются «стык-в-стык». Прием очень древний. Для достижения надлежащего качества, по предварительному эскизу выполняют точные лекала всех фрагментов композиции. Затем по этим лекалам, из предварительно окрашенных кож вырезают элементы и наклеивают на основу при помощи костного клея или эмульсии ПВА.

5. Гравировка (Карвинг). Гравировку (резьбу) применяют при работе с тяжелыми, плотными кожами (шора, чепрак, реже – юфть). Делается это так – на лицевую поверхность размоченной кожи, с помощью резака наносят рисунок. Затем дорожником или штихелем (или любым металлическим предметом продолговатой формы) прорези расширяют. При высыхании контурный рисунок сохраняет свою четкость, а линии – толщину. ([©https://www.livemaster.ru/topic/413151-7-sposobov-hudozhestvennoj-obrabotki-kozhi](https://www.livemaster.ru/topic/413151-7-sposobov-hudozhestvennoj-obrabotki-kozhi)).

Перейдем непосредственно к рассмотрению техники карвинга (ручной гравировки) по коже.

Начнем с кожи для тиснения, с которой работают мастера кожевенного дела. Для тиснения применяется только кожа растительного дубления. Эффект тиснения на такой коже наиболее выразителен. На коже растительного дубления со временем объём рисунка не пропадает, как это происходит на коже смешанного дубления или

дублёной с применением солей хрома (т.н. «хромового» дубления).

Вообще, термин карвинг (carving) переводится как «резьба» и применяется при работе с бумагой, овощами, деревом, а в нашем случае в работе с кожей. Основа техники заключается в прорезании рисунка поворотным ножом, и только потом работа со штампами.

В «карвинге» используется натуральная кожа растительного дубления.

В свою очередь дубление (анг. tanning, фр. tannage) в кожевенном производстве — обработка голья дубящими веществами для придания ему пластичности, прочности, износоустойчивости и других свойств, необходимых при выработке кожаных и меховых изделий; взаимодействие дубящих веществ с функциональными группами линейных аминокислотных полимеров с образованием устойчивых поперечных межмолекулярных связей молекул коллагена между собой. Основные виды дубления – минеральное (хромовое, циркониевое, титановое и др.), жировое, формальдегидное, танидное, комбинированное.

Наша тема – это альдегидное (растительное) дубление. Альдегидное дубление является одним из самых старых видов дубления. Оно являлось основой, так называемого дымного дубления, упоминание о котором относится к III веку до н. э. Дымное дубление представляет собой копчение голья в дыму, получавшемся от сжигания некоторых трав и камыша. В дыму имеется формальдегид, который поглощается гольем, и производит дубление.

А более простым языком. В процессе выделки кожи используется дубовая кора (отсюда «дубление») и другие ингредиенты, получаемые из растений, коры деревьев и подобных источников. В результате получается эластичный материал коричневого цвета. Нужного оттенка добиваются, варьируя количество и качество применяемых ингредиентов и подбирая цвет сырья.

В технике карвинга по коже существует множество стилей рисунка. Один из самых популярных стилей – шеридан, назван в честь города Sheridan, штат Вайоминг (фото №1).

Его автор – Дон Кинг. Он был рожден в ковбойской семье, в детстве много переезжал с отцом, который перегонял стада по всей Америке. Во время этих странствий Дон встречал многих людей с ковбойской амуницией и постепенно научился ремеслу изготовления седел. Он изобрёл свой стиль и обучил искусству работы с кожей множество мастеров во всём мире. Сёдла его работы есть даже у таких знаменитостей, как королева Елизавета.

Чем отличается sheridan от других? Флористический рисунок – sheridan – это взаимосвязанные круги из стеблей и листьев с цветами дикого шиповника внутри.

Рисунок имеет большое количество мелких деталей резьбы и достаточно сложен в исполнении, что требует определенной усидчивости. Sheridan бескрайне популярен во всём мире. Безоговорочно любят этот стиль в Японии, видимо в силу национальных качеств.

Современные мастера помимо классического стиля шеридан используют свои изображения в художественном тиснении. Для этого необходимо перенести контуры на кожу с помощью кардины или тупого конусного шила с рисунка на бумаге.

Далее контур подрезается поворотным ножом (фото №2). Прорезать необходимо только верхний слой кожи. Если появились сквозные порезы, это уже брак.

После контурной прорезки изображения, приступают к работе штампами (фото №3).

До начала работы со штампом кожу необходимо увлажнить. Штамп

прикладывают к необходимому участку рисунка и ударяют по нему киянкой. При ударе о кожу штамп склеивает коллаген внутри кожи, фон при этом несколько запрессовывается и сжимается по принципу чеканки. Достигается эффект выпуклости и объёма рисунка. Края рисунка обычно продавливают штампом бежелером (Beveler). Следующим этапом работы является покраска и финиш заготовки. (© <https://www.livemaster.ru/topic/1863959-karving-i-chto-eto-takoe-malenkie-zametki-lichnogo-haraktera>)

При изготовлении изделий с национальным колоритом (ручная гравировка орнамента) данная техника обработки кожи дает массу возможностей для самовыражения автора-мастера кожевенника. Красота, плавность казахского орнамента, умение построения композиции дает возможность создания гармонически единого с изделием декора.

Появляется возможность локальной окраски элементов (цветовое выделение орнамента), достижение более рельефного, с «резкими, жесткими» краями объемного узора, в сравнении с тем же тиснением матричными прессами. Также при «локализации» национального орнамента под данную технику художественной обработки кожи появляется возможность нанесения узора как объемным (выше основного фона), так и «негативным» способом (узор находится ниже основного фона).

Опять же при выполнении ручной окраски, существует возможность неравномерности прокраса заготовки будущего изделия, выявление возможных пороков, прижизненных шрамов, укусов, что опять же придает изделию некий шарм неповторимости, натуральности.

Преимуществом данной техники (как возможно и недостатком, зависит от поставленных задач) является стопроцентная невозможность, точного, «шаблонного» повторения, так как каждый штрих, рез, наносится вручную, что при учете человеческого фактора придает изделию статус вещи, выполненной в единственном экземпляре. При повсеместном наполнении рынка изделиями поточного характера (масс-маркет), данная особенность выгодно отличает изделия из кожи, выполненные в технике карвинг. Опять же это дает большую возможность для самовыражения мастера-кожевенника, а также открывает более индивидуальный подход к решению задач, поставленных непосредственно заказчиком, в отличие от штампованных изделий, ограниченных наличием только определенных матриц. Несмотря на «молодость» данной техники (в частности для нашего региона), и небольшое число мастеров, развивающих данное направление, хочется верить, что карвинг имеет большой потенциал и перспективы в развитии, при изготовлении изделий с национальным колоритом.

Список литературы и источников

1. Луковски И. «Изделия из кожи» Перевод с венгерского Капитоновой Л.Е. Москва: «Легпромбытиздат», 1991.
2. Гронеман К. «Изготовление и художественная обработка изделий из кожи». Перевод с английского Земмера А.Г. Государственное издательство местной промышленности и художественных промыслов РСФСР. Москва 1961.
3. Al Stohlman. «ABCS of Leatherwork» Copyright 1984 Tandy Leather Co.
4. © <https://www.livemaster.ru/topic/1863959-karving-i-chto-eto-takoe-malenkie-zametki-lichnogo-haraktera>
5. © <https://www.livemaster.ru/topic/413151-7-sposobov-hudozhestvennoj-obrabotki-kozhi>



Рис 1. Пример стиля Шеридан.



Рис 2. Поворотный нож.



Рис 3. Штампы для карвинга



Рис 4. Примеры работ с национальным колоритом.



Рис 5. Примеры работ с национальным колоритом.

ТРАДИЦИИ И НОВАТОРСТВО В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ОБРАБОТКЕ КОЖИ В КАЗАХСТАНЕ

М.Т. Жумагулова
Искусствовед

Для раскрытия названной темы придётся сделать экскурс в историю, поскольку традиционное художественное кожевенное ремесло появилось не на пустом месте. В настоящее время, благодаря активным археологическим изысканиям отечественных археологов, а также созданию уникальной школы по реставрации собранных древних артефактов (лаборатории «Остров Крым») Алтынбекова, складывается стройная целостная картина кочевой культуры. Давние научные споры о ее несостоятельности ушли в прошлое, уступив место всемирному признанию. Совершенно очевидно, что европейская и кочевая культура – это два типа цивилизации, практически мало в чем совпадающих друг с другом, что и предопределило глубокие различия, как в мировосприятии, так и в ментальности, и, соответственно, в характере и особенностях духовного и экономического развития. «Здесь речь идёт о влиянии культур древних и средневековых кочевников на мировые цивилизации, о их решающей роли в расцвете цивилизаций», – считает Мурат Ауэзов в своём труде на эту тему. Репрезентативный тип цивилизации Европы кардинально отличен от эмпирического видения кочевников, основанного на тесной связи с природой, с ее естественными проявлениями

Материальная культура кочевников гораздо сложнее, чем нам представляется. Об этом свидетельствует громадное число артефактов, найденных в культурных слоях территории Казахстана только за последние десятилетия. Они занимались скотоводством, классической охотой и охотой с ловчими птицами, торговлей и сопутствующим земледелием. Большое количество раскопанных курганов-погребальных сооружений с достаточно сложной инфраструктурой, инженерные идеи, позволившие обеспечить их сохранность на многие века, говорят о довольно высоком их интеллектуальном уровне. Кочевники не оставили нам памятников городского типа. Все их сокровища оказались глубоко под землей, обнаружив совершенно иную специфику цивилизации. Благодаря развитию собственной металлургии, процессам обогащения руды, находящихся в зоне доступа, им удалось создать памятники материальной культуры высочайшего уровня, в больших количествах, отличающихся как самобытностью собственного, так называемого звериного стиля, так и произведения, в которых прослеживаются следы ассимиляции – влияния культур Древней Греции, Персии и других, с которыми кочевников связывали бартер и торговые отношения.

«... кочевая культура - это особый тип конно-кочевой цивилизации».
(Мурат Ауэзов).

Сам кочевой образ жизни, зависящий напрямую от природно-климатических условий с охватом огромного ареала евразийских степей, во

многим predeterminedил специфические черты сако-савроматского искусства. Для преодоления громадных расстояний требовалось разрешение проблем передвижения. Идеальным решением оказалось одомашнение лошади, ставшей, как незаменимым видом транспорта; необходимым подспорьем в боевой стратегии и тактике при бесконечных военных столкновениях; источником пищи, одежды, а также предметом культа. Роскошные царские погребения, как свидетельство сложных важных церемоний, говорят о характере их религиозных верований, где не последнее место уделялось образу коня, сопровождавшего хозяина или хозяйку и после смерти. В элитных курганах обнаружено парадное облачение вождей племени, а также не менее роскошное снаряжение принесённых в жертву коней, состоящее из кожи и бронзовых деталей, золотых накладок. Это и богатая кожаная, тканая попона, седло (изобретение сако-савроматов в отличие от греков и Римской империи, где всадники обходились без этой важной детали конского снаряжения). Помимо известных нам деталей убранства лошади, древние кочевники использовали нарядные налобники, нащечники, нагрудники, надхвостники с золотыми бляшками. Прикладное искусство сако-савроматов отличает идеальная приспособленность к кочевому образу жизни, максимальная рациональность в использовании материала, функциональность изделий, их долговечность и сохранность; оптимальность форм. Древние мастера отличались высоким эстетическим вкусом, наученные окружающей природой, с которой они находились практически в круглосуточном контакте. Неслучайно космогонические элементы в их искусстве занимают заметное место наряду с зооморфным.

Предпочтение отдавали естественным доступным материалам, как металл, камень, дерево, кожа (сырьё – продукт скотоводства), войлок. Ткани, цветные стекла и многое другое получали в результате импорта или обмена. Найденные и восстановленные артефакты свидетельствуют о глубокой связи их духовной и материальной культуры с верованиями и особенностями народного прикладного искусства казахов. К сожалению, менее всего сохранились произведения из кожи, войлока, ткани в силу недолговечности материала. По счастью, сокровища из Пазырыкских курганов сокровищ Эрмитажа позволяют нам ознакомиться с образцами изделий из кожи. Невзирая на их немногочисленность, имеется возможность проведения анализа их художественных особенностей и сравнения с образцами традиционного кожевенного ремесла казахов. И здесь обнаруживаются точки совпадения в характере декора, использования технологии тиснения; сами формы их кожаных сосудов близки к нашим, хотя вместо классического торсыка они имеют форму правильного овала в виде фляжки или бутылочной формы (что у нас тоже встречается, но не так часто) без привычных нашему глазу изысканных изгибов изделия.

В собрании музея представлены также отдельные образцы кожаной одежды широкого распашного кроя, так характерного для казахского национального костюма. Остальные предметы из кожи скорее результат импорта из Ближнего Востока, совершенно отличающиеся по своему стилю.

Невзирая на прерванные исторические связи сако-савроматской

культуры и традиционного казахского ремесла, очень много совпадений, что вполне логично в силу общности занимаемых территорий, общности ведения кочевого хозяйства и, отсюда, совпадений мировоззренческого порядка. Обработка кожи у казахов занимает одно из ведущих мест в прикладном искусстве. Ее оптимальные свойства чрезвычайно удобны при перекочевке во всех отношениях: транспортабельны, не бьются, не деформируются, занимают мало места, сохраняют качество продуктов при высокой температуре; одежда же согревает при низкой температуре... Достоинства материала можно перечислять и перечислять. При этом – довольно трудоёмкое, грязное ремесло, но при всех этих издержках получаются долгосрочные, долгоносие изделия, которые со временем не только не теряют своего вида, а приобретают особое благородство, сохраняя драгоценную патину времени!

Кожа – универсальный материал. Границы ее использования чрезвычайно обширны. Это и посуда, одежда, обувь, конское снаряжение, музыкальные инструменты, чехлы для лука и стрел; сундуков; для посуды... Казахские шеберлер – признанные мастера по кожевенному ремеслу. Нынче Турция занимает лидирующее место в мире по обработке кожи, а секретам этого ремесла они учились у казахов (как, впрочем и войлока). Наши мастера обладают глубоким, наследственным чутьем, знанием материала, ее непостижимых тонкостей и нюансов. Ведь от этого зависит качество изделия и его эстетические свойства. Их отличает настоящий художественный вкус, переданный им из глубины веков. Неслучайно, это династийное искусство. Все известные мне на сегодня мастера – продолжатели дела своих прадедов, дедов, отцов. Поскольку это ещё и сакральное искусство, хранящее философию, воззрения и верования своих далеких и недалёких предков. Ценность этих изделий заключается во-первых, в органичности их происхождения, естественности материала; практичности использования; эстетической выразительности их оформления. Архаичный дизайн не потерял своей актуальности и сегодня, ибо изделия столь совершенны, что к ним нечего добавить или убавить. И это прекрасно видно на образцах посуды и национальной одежды.

Сосуды громадных размеров – саба, мес, суйретпе, торсык, шелек, конек – для перевозки и хранения больших и малых объемов кумыса, шубата, айрана и других молочных продуктов имеют простые формы с расширением внизу и сужением в верхней части. Торсык, сопровождающий всадника на небольшие расстояния, при пастьбе скота имеет причудливые формы, напоминая по своему силуэту девичью грацию. Многочисленные чехлы – кесекап – для хранения фарфоровой, фаянсовой, стеклянной посуды – круглой куполовидной формы, в центре декорированные изящным кожаным ремешком, напоминают линии женской груди. И это неслучайно, а элемент, символизирующий изобилие домашнего очага, как обильно истекающее молоко матери-кормилицы. Казахское искусство, язык, фольклор, музыка тесно взаимосвязаны между собой, отличаясь богатством символики, аллегорий, метафор, с подтекстом и отражая глубину степной философии. Многочисленные чехлы для оружия, колчаны для лука и стрел; для сундуков, кебеже – ящиков для хранения продуктов, в которых украшались лишь лицевая часть и крышка. Такой дизайн оправдан тем, что они стоят в интерьере, тесно прислонённые к кереге-каркасу

юрты и нет необходимости в излишнем декоре.

Мужская одежда – чапан и штаны-шалбар изготавливались из замши. Казахский национальный костюм не имеет сложности кроя. Как правило, они прямого силуэта, довольно просторные, с широкими рукавами; шалбар – также с широкими штанинами с вставленной ластовицей не мешают движению и верховой езде. Также и верхняя одежда – ищик, тон – шьются мехом внутрь и наружу, с крытым дорогой тканью верхом. Одежда всегда имеет возрастную, гендерную дифференциацию, а также социальную статусность. Чем выше человек по статусу и по богатству, тем более она украшается декором, позволяя издали заметить его общественное положение. Мастера по коже, как правило, обладают универсальными качествами.

В художественной обработке кожи изначально предполагается неременный синтез с другими видами прикладного искусства, что значительно обогащает образный язык выразительности исполненного изделия. Так, для изготовления сосудов для хранения напитков применяются разные технологии: тиснение, гравировка, декоративные накладки из серебра, инкрустация полудрагоценными камнями. Плетённые из тонких полосок кожи тесёмки украшают крышки сосудов. Для чехлов сундуков и кебеже также используются подобные технологии с добавлением инкрустации костью. Каждый мастер индивидуально использует существующий арсенал художественных способов, добываясь определённых декоративных эффектов. Так одних устраивает ограничиться только способом гравировки или тиснения, что придаёт строгий минимализм композиции. Другие предпочитают комплекс декоративных приемов, добываясь праздничного звучания. Сама пластика сосудов диктует мастеру выбор орнаментики плавных мягких форм, повторяющих абрис изделия. Кожаные сундуки, кебеже в сочетании кожи с инкрустацией, с серебряными накладками по периметру изделия создают в интерьере мягким мерцанием металла и блеском кости и камня особую атмосферу торжественности.

Подобным же образом украшались шалбар, где вышивка распределялась по вертикали с использованием растительных мотивов либо композиция делилась по принципу центрального поля и каймы по краю изделия. Для авторов всегда важно соблюдение градаций орнаментального ряда с основной поверхностью изделия. При всей яркости декора излишняя дробность и пестрота не допускаются. Сама окружающая природа степи, привлекательная своей сдержанной красотой, научила кочевников гармоничному цветовидению.

Статусность представителей высшего сословия либо певцов – акынов - импровизаторов, так называемых сере, подчёркивается парадной одеждой, где наряду с кожей используется искусство вышивки. Существует множество ее разновидностей, самым популярным из которых является бизкесте- тамбурная вышивка, которая своим рельефным рисунком особенно органично читается с поверхностью замши. Безусловно, особую нарядность одежде придаёт окрашивание кожи. Вызывает восхищение мастерство в подборе цветовой гаммы, достаточно яркой, но без ожидаемого диссонанса. Как правило, кожу окрашивали в желтый, красно-коричневый, горчичный цвета. Благодаря умелому окрашиванию, а также использованию натуральных красителей, в результате получался благородный мягкий приглушённый колорит. В этих

целях использовались высушенные, растолченные и смешанные с жиром или растительным маслом корки граната; охра и хна, приобретённые на рынке либо ассортимент местных трав, хорошо известный мастерам. Многоцветная вышивка, подобранная в тон поверхности кожи, значительно обогащала фактуру изделия. Она деликатно размещалась на спинке чапана или верхней одежды, как правило, в виде соляного орнамента, иногда деликатно окаймляя края одежды.

Следует заметить, что зачастую изделия современных мастеров страдают нарушением гармонии колористической составляющей. Происходит это потому, что они пользуются нитями, окрашенными искусственными красителями и, как результат, цветовая гамма получается чрезмерно яркой, кричащей. По этой причине следует ответственно относиться к выбору материала, с учетом того, что традиционные изделия мастеров прошлого времени всегда отличались сдержанным благородством, невзирая на использование локального открытого цвета. На интуитивном уровне сам подбор колорита отличался безошибочным совершенством. Не обучаясь законам композиции, они умудрялись соблюдать пропорциональное соотношение между взаимодействием поверхности изделия с орнаментальным оформлением, не перегружая его; уделяя внимание каждой детали декора, сохраняли красоту фактуры кожи. Ведь в зависимости от выбора сырья - шкуры того или иного животного и назначения изделия, они всякий раз добивались нужного эстетического эффекта. Кожа обладает неизмеримыми фактурными возможностями и даёт мастеру большой простор для воплощения своих творческих замыслов. В одних изделиях важно подчеркнуть глянцевый блеск поверхности в сочетании с рельефно выполненным узором. В других случаях несколько приглушить тон и матовое сдержанное свечение фона позволяет подчеркнуть красоту металла, золота, серебра, драгоценной инкрустации...

Особое место у казахов занимало конское убранство. Оно имеет древние истоки от сако-савроматов, семантика украшения коней которых и ныне до конца не изучена. В захоронениях находят помимо известного набора конского снаряжения, фантастические маски, декоративные рога, богато украшенные бляшками, которым трудно дать окончательную атрибуцию в связи со сложностью их мифологии и мистических тайн. У казахов, в свою очередь, достаточно сложное убранство коня, имеющее значительные региональные и гендерные, возрастные различия; оно делится также на парадную и будничную. Мастер Берик Бейсбеков из Шымкента изготовил вид ертокыма, имевший распространение по всему Казахстану в технике горячего тиснения. Особую торжественность изделию придаёт использование серебряных накладок в сочетании с инкрустацией бирюзой. Оно привлекает своей сдержанной красотой, законченность композиции достигается тонким ненавязчивым плетением кожи и серебряной сканью по краю ертокыма – седла.

Кожа – столь прозаичный материал, мимо которого проходит большинство с некоторым пренебрежением. А в умелых руках она проявляется в шедевр. Наши мастера тонко чувствуют ее особенности и потенциальные возможности, где функциональность и художественная эстетика дополняют друг друга. В традиционной юрте большинство предметов домашнего

обихода это изделия из кожи, без которых немислимо само существование кочевника. Они составляют самобытный художественный ансамбль, являясь одной из важных составляющих убранства юрты. Центральной ее частью является адалбакан, в котором заключена главная суть самого мироустройства казаха. Обтянутая благородной кожей по дереву вешалка – это ее буквальное предназначение – она деликатно декорируется серебряными вставками, костью, камнями – акык – сердолик, бирюза, перламутр, коралл... и создаёт главную красочную Ось композиции жилища.

Начиная с 60-70-х годов 20 столетия шло активное восстановление и реконструкция народных музыкальных инструментов, в том числе почти забытых-ударных – дангыра, дауылпаз, дабыл, шындауыл, с помощью которых в давние времена охотились, предупреждали об опасности, устрашали врага, исцеляли соплеменников, праздновали победу. В настоящее время они широко используются в качестве фольклорных инструментов в этноансамблях, а также в коллективах современной музыки (к примеру, «Модернэтноджаз»).

Появились мастера, вносящие новшества в их изготовление, все более совершенствуя и расширяя диапазон их звучания. К примеру, мастер Мейрбек Дилманов изготавливает дауылпазы, придавая им формы казана разных размеров. В зависимости от этого он использует козью, для средних – бычью шкуру; а для инструмента диаметром в 1,5 м. (пришлось однажды) – верблюжью. Максат Жусупалиев придумал новую форму дауылпаза в виде юрты, украсив рельефным орнаментом и сделав вокруг обтянутой кожи металлические стяжки, позволяющие регулировать звучание инструмента.

За годы независимости в Казахстане самыми актуальными в духовной сфере оказались проблемы национальной самоидентичности. За короткое время сделано необычайно много в постижении объективной оценки нашего прошлого, начиная с древних времён. И в этом аспекте заметны несравненные достижения в теоретической и практической части, чем завесь советский период. Издано огромное количество литературы, научной и массово-просветительской; восстанавливаются и реконструируются памятники прошлого и традиционные виды искусства. Правда, не без ошибок, шапкозакидательства, как свидетельство издержек роста. Приятно констатировать, что силами энтузиастов – прекрасных специалистов, этнографов, историков, мастеров, художников происходит активное собирательство, коллекционирование, систематизация огромного пласта отечественной культуры и искусства. Многие безвозвратно утрачено в результате исторических катаклизмов. Кожевенное ремесло – одно из самых сложных по своей технологии и надо отдать должное, что, благодаря преемственности поколений происходит возрождение этого самого архаичного вида прикладного искусства.

Это прекрасный источник информации для широкого круга специалистов. Оно хранит древние коды, знаки, символы, посвящая нас в тайны мировоззрения наших далеких предков. Это неисчерпаемый кладёз информации, когда через один только предмет бытового употребления – камшы – через разнообразие его плетения, его ношения, можно раскрыть секреты нравственного, философского, этического и эстетического кодекса своего народа.

Берик Бейсбеков – потомственный мастер. Ему также не чужды поиски в сфере новаторства. В отличие от многих художников современности, он и в рамках контемпорариарта не избегает сложностей ручного труда. Добавив по вполне нам понятным причинам кожаный чехол с домброй в соответствии с традицией, он вводит и чужеродный элемент в свою композицию с использованием современных дешёвых искусственных материалов – пластмассу. В этой инсталляции автор излагает свою идею, волновавшую его с давних пор. Животрепещущая тема, как современная урбанизация наступает на устоявшиеся древние традиции и в этом есть некая опасность. Он апеллирует к своим предкам, которые в давние времена изобрели колесницу – символ прогресса и передвигались по миру, распространяя свою культуру: музыкальную, декоративно-изобразительную, свои цивилизационные достижения. И все это было на живой, естественной основе. Мы благодарны технологиям, пока они не станут доминировать над природным, исконным. И вот основание уже заменено искусственными деталями импровизированной колесницы, а мы ещё пытаемся удержать наши истинные духовные ценности, символом которого является домбра...

Другой мастер, кандас из Монголии, Рыстан Сайфулла вырос в атмосфере кочевого хозяйства и ему ведомы все секреты прикладного искусства. Он получил там художественное образование графика, что и предопределило его профессиональный выбор. Он – мастер по коже и автор проектов в стиле контемпорариарта. Здесь представлены его ранние работы, которые нашли своего покупателя.

В первой работе «Мура» (Наследие) – мастер использует приемы инсталляции и станкового искусства; художественная обработка кожи является доминирующим элементом композиции – инсталляции. Основная мысль автора напрямую обращена к зрителю и вполне ясно читаема. В отличие от предыдущей работы Берика, где востребованы размышления самих зрителей: для чего и почему принято именно такое решение. Рыстан использует трехчастную композицию, в которой кожа несёт основное сюжетное начало, связанное с аппеляцией к первобытным временам (наскальные изображения), конь, колесницы, юрта, балбалы, семья – как символы кочевой жизни...

Привлечённые здесь предметы – кобыз, торсык, домбра в миниатюре, асыки – все имеет логическое обоснование, как раритеты народа, едва не быв утраченными, являются ценным нашим достоянием. Здесь используется множество художественных способов исполнения, призванные донести посыл автора в таком развёрнутом послании. Инсталляции Рыстана привлекательны и в том смысле, что они могут занять своё место в домашнем интерьере, как неординарное красочное пятно. В другой его работе налицо его дар графика, в черно-белой монохромной технике – очень эффектно смотрятся на фоне белой стены. «Течение жизни», – так назвал он свою работу, где каждая часть триптиха-композиции показывает подводное, земное и небесное сущности бытия. При этом средняя часть обозначена мощным деревом, как родословная всего человечества. Приём плетения в сочетании с полым пространством очень эффектно организует плоскость композиции. Все работы этих молодых мастеров наполнены философским отношением к жизни, глубоким проникновением в

происходящие на наших глазах, на высоких скоростях перемены, не до конца понятных и потому нуждающихся в нашем осмыслении.

«Кожевенное ремесло, несмотря на своё древнее происхождение, остаётся актуальным и сегодня, позволяя использовать его в самых широких аспектах нашей жизни. Оно имеет как рациональное практическое, так и духовное применение в жизни народа, опосредованно воздействуя на наши мысли и чувства!» (Ауэзов Мурат, 1993, с. 264).

Список использованной литературы

1. Агапов В, Кадырбаев М., Сокровища древнего Казахстана. А.-А., 1979.
2. Аргынбаев Х.А. Обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством «Хозяйство казахов на рубеже 19-20 веков», А.-А., 1980.
3. Жанысбекулы Т. Орнамент в камне, Алматы, 1999.
4. Жданко Т.Я. Номадизм в Средней Азии и Казахстане, М., 1968.
5. Захарова И. В., Ходжаева Р.Д., Казахская национальная одежда. А.-А., 1964.
6. Кадырбаев М. К. Скотоводство (историко-археологический очерк)- Хозяйство казахов на рубеже 19-20 веков», А.-А., 1980.
7. Кастеев А., Орнаменты, Алматы, 2015.
8. Кожабаев Е. Символика казахских орнаментов, 2017.
9. Кастеев А. Орнаменты, А.-А., 2015.
10. Кожабаев Е., Символика казахских орнаментов, А.-А., 2017.
11. Оразбаева Н. Казахское декоративно-прикладное искусство, А.-А., 1980.
12. Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты, А.-А., 1980.
13. Ходжаева Р.Д. Молочная пища и утварь.-«Хозяйство казахов на рубеже 19-20 веков», А.-А., 1980.
14. Элитные археологические памятники кочевников раннего железного века Актюбинской области. Книга-альбом. Алматы-Актобе, 2021.



Рис. 1 Бейсбеков Берик, «Думы о ВРЕМЕНИ», инсталляция, кожа, дерево, мельхиор, пластмасса, горячее тиснение.



Рис. 2 Рыстан Сайфулла, «Мура», инсталляция, кожа, горячее тиснение, роспись.



Рис. 3 Рыстан Сайфулла, «Өмір дарағы», кожа, плетение.



Рис. 4 Рыстан Сайфулла, «Воспоминание», кожа, выжигание.



Рис. 5 Бейсбеков Берик, Ертокым, кожа, дерево, серебро, бирюза, горячее тиснение

ҚАЗАҚСТАН ЗАМАНАУИ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕГІ ТЕРІДЕН ЖАСАЛҒАН ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ШЕШІМДЕРІ

(Қ.Жақып шығармашылығының негізінде)

Л.Ә.Кенжебаева

*Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сының аға оқытушысы,
Өнертану магистрі*

Қазақ халқының қолданбалы өнері жайлы айтар сөз, ашылмаған сыр, зерттейтін дүниелер әлі де болса өзектілігін жойған емес. Бүгінгі өнертанудың негізгі міндеті тани алмаған мәдениетімізбен танысу, ұлттық өнерімізді үңіле зерттеу. Ата-бабамыздан мұра болып жеткен дәстүрлі өнерімізді сақтап қалу. Дәстүрлі өнермен өткен ғасырлардағы ата-бабалар мәдениетін сақтау арқылы ұлттық қолөнерді бүгінгі заманның талаптарына сай өнер туындыларының озық үлгілерімен толықтыру. Қазіргі кезде қолөнердің әртүрлі салаларын жан-жақты зерттеу заманауи суретшілерге жаңа идеялар мен композициялық мазмұндылыққа қол жеткізуде зор мүмкіндіктер беріп шабыттандыруда. Бұндай суретшілер арасынан әсіресе Құттыбек Жақыптың есімін ерекше атап өткен жөн.

Құттыбек Тыныбекұлы Жақып – отандық бейнелеу өнерінде өзіндік концепциялық жаңа жол таба білген суретші. Автордың шығармашылығында әрдайым өткен мен болашақтың арақатынасы көрініс тауып, дәстүрлі өнердің тарихын, мән-мағынасы мен мазмұнын заманауи өнерге ұштастыра білуінде. Ол сәндік-қолданбалы өнердің бай мұрасын сақтап, тері бетіне сурет салудағы көркемдік тәсілдердің жаңашылдығымен бейнелеу өнерін көрерменге жаңа қырынан ашып көрсетті. Бұл суретшінің ұзақ жылдар бойы ізденіп, өнер жолында аянбай тер төгуінің арқасында жеткен нәтижелері деп айтуға толықтай негіз бар (Кенжебаева Л.Ә., 2020, 2 б.).

Құттыбек Жақып қолданбалы өнердің әр түрінде сан алуан материалдарымен жұмыс істейді. Соның ішінде суретші шығармашылығындағы теріден жасалған сәндік паннолардың көз тартар ерекшелігі өнертанушылар назарын өзіне бірден аудартып келеді. Алдымен автор туындының мазмұнына сай тері бетіне асқан шеберлікпен көркем бейнедегі әдемі композициялар құрастырады. Әр композициялық көріністер мазмұнды бейнелермен толықтырылып, тек бір тақырып аясында шектеліп қалмай, барынша күрделене түскен. Құттыбек Жақып – тері бұйымдарымен жұмыс істеуде әр заттың табиғи болмысын өзінің жеке дара стильдік тәсіліне үйлестіруді жетік меңгерген шебер маман. Әдетте өнерде жаңа бағыт, бағдар қалыптастыруға кез келген жанның жүрегі дауалай бермейді. Құттыбек Жақып бұл ретте де ойындағысын жүзеге асырмай, тыным таппайтын болмысына сай өнер саласында жаңа түр, бағыт тудырды. Жаңа өнер түрі болып табылатын теріге бедер салу – суретші дарыны мен еңбегінің жемісі (Баян Е., 2017, 45-49 б.).

Ал, көшпенділер кезінде теріні әртүрлі жағдайда қажетіне жарата білген. Енді осы материал қазіргі бейнелеу өнерінің аясын кенейтіп, суретші қиялымен заманауи интерьерді көріктендірер сәндік-қолданбалы өнер қажетін

өтейтін, авторлық төлғума бұйымға айналғанын көреміз. Теріден жасалған сәндік паннолар монохромды түстер гаммасына үйлес салмақты өң берер палитраға ие болуымен ерекшеленеді. Табиғи түктің түсі мен фактурасын өз ыңғайына пайдалана білген автор бейнелердің шынайылығын нақтылап бекіте түсті.

Өнертанушылар өнердің бұл жана түрін шартты түрде («теріге ойма сурет салу») «көркем ойылған тері» деп атайды. Ойындағы бейнені түсіру үшін автор кей тұста қажетсіз түкті қырқып, кейде қырып тастап, бірде қысқартып не өз қалпын сақтай отырып жасаған бедерлі суреттер ерекше құнды. Суретшінің туындыларындағы күрделі бейнелер кез-келген көрерменнің қызығушылығын оятып, көз арбайды. Өнер иесі секілді көрермен де бұрыннан бар нәрсенің жаңа қырын байқап, тосын бейнесін танып білгендей күйге түседі. Автор көркем туындыларына қойдың, сондай-ақ өзге де тұяқты үй жануарларының терісін тұтас күйінде пайдаланып, кейде бұған өзге де материал үзіктерін қосып отырған. Суретші қиялы болашақ композициясының сұлбасы көрінетін материалдан өріс алады. Ол терінің табиғи болмысын бүлдіріп алмай, болашақ туындысының мазмұнына икемдеп, толықтыра отыра, сюжетті оқиғаны бейнелейді. Материал түгінің бағытын немесе ұзындығын, бұйралығын, реңк градациясын, пішінін т.б. ерекшеліктерін ескеріп «жұмысқа қолданатын» автор оны ойындағы бейнені дәл беру үшін өңдеп, қажет бөліктерін қосып дамытады.

Құттыбек Жакыптың «Түркі қағанаты» сериясы сонау түркілер дәуірі кезеңіндегі бабаларымыздың отбасы құндылықтарын, діни табыну рәсімдерін, қаһарман жауынгерлер қатысқан шайқас алаңын образды түрде бейнелейді. Мысалға триптих композицияның алғашқы бөлігі болған «Отбасы» 2019, (көркем ойылған тері, аралас техника, 147x178) атты еңбегіне тоқталсақ. Алдымызда ірі кара малдың терісінің түкті жағына бейнеленген үш бөліктен құралған күрделі композицияны көреміз. Олар: орталық бөліктегі шеңбер ішіндегі негізгі көріністер, жоғарғы бөліктегі шеткі жақтағы қосымша бейнелер және төменгі жақта орналасқан толықтырушы сюжеттік көріністер. Мұнда түркі әлемінің тарихи ескерткіштері суреттелген. Кешегі Ұлы түркілер заманының озық мәдениетінен хабар беретін балбал тастар ертеден-ақ ғұрыптық, діни-нанымдық қызметтерді атқарғанын білеміз. Суретші композиция құрауда ежелгі қола, темір дәуірінде жартас бетіне салынған петроглифтердің стилистикалық бейнелеу әдісін қолданған. Орталық бөліктегі шеңбер ішіндегі композицияда отағасы мен отанасы бейнесіндегі кейіпкерлер суреттелген. Шеткі композициялардан осы әулеттен тараған ұрпақтың өсіп-өнуі арқылы өмірдің, дәуірдің жалғасуын көреміз. Әр бөлікте қазақ халқының кие тұтатын құстың, Көкбөрінің, жылқы мінген шабандоздардың бейнесін байқауға болады. Түркі дәуіріндегі бабаларымыздың танымында Көкбөрі – көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздық символы, ерліктің тұлғасы болып табылады. Ата кәсібіміздің жалғасын ұрпағына мұра қылған берекелі отбасының тарихы бір туындының мазмұнымен астасып жатыр.

Түстік шешімі жағынан композиция монохромды. Суретші мұнда ашық қоңыр, ақ және қою қоңыр түсті бояулардың рендерімен туындыны мейлінше графикаға жақын мәнерде орындап шыққан. Дөңгелек табанында аңыздарда

түркілердің түпкі тегі саналатын қасқыр бейнесі көрінеді. Туындыдағы басқа кейіпкерлер: аспанға ақ жамылғыларын серпіп жатқан әйелдер, қарулы салт аттылар, аң аулау сәттері, тотемдік аңдар мен құстар кіші өлшеммен берілген. Бұл бейнелердің барлығы композицияның бас кейіпкерлері бейнеленген орталық бөлікті толықтырып, қоршап тұр. Автор композициялық көріністі байытуда зер ретінде есілген теріден өрілген бұрымдар мен сәндік тігістерді пайдаланған.

Ортаңғы бөліктегі композиция керсінше бояу түсінің алуандылығымен тартымды шыққан. «Табыну» 2019, (көркем ойылған тері, аралас техника, 170x205) Көгілдір фонда киелі бейнедегі күнбасты құдайдың кейпіндегі ақ тау ешкісінің үстінде рәсімдік би билеген кейіпкерді көреміз. Оның айналасы шуақ шашқан нұрға бөленген. Егер шығармаға мұқият қарасаңыз, ортадағы кейіпкердің аспандағы күнмен ұқсастығын табу қиын екендігін түсінесіз. Осылайша сыртқы пішіндердің шамандық танымдағы бейнелерімен ұқсастығы байқалады. Одан басқа, ертедегі адамдар транс күйінде «Күн тәрізіндегі» пішіндерге ұқсас бейнелерді жиі елестетіп отырғаны тарихтан белгілі. Суретші де бұл жайды назардан тыс қалдырмаған. Жартас бетіндегі бейнелерді барынша зерттеген. Шеткі бөлікте Құдайға табынып, құлшылық етіп тұрған қос кейіпкер композицияны өз бейнелерімен толықтырып, екі жақтан тұйықтап тұрғандай. Төбеден ғажайып құбылыстың куәгері ретінде екі жақтан екі алып құстың ұшып жеткенін де байқауға болады. Оң жақтағы жоғарғы бөлікте рәсімдік іс-шараға қатысып тұрған жалғыз әйелдің де бейнесі кездеседі. Қазақстан аумағында орналасқан жартастардағы кескіндеме өте маңызды мәдени мұра болып табылады. Сондықтан, суретшінің туындыларындағы көне бейнелер мен таңбаларды – жергілікті мәдениет пен тарихтың айғағы деп қабылдасақ та болады.

Түстік түзілімі бояуының қанықтығымен ерекшеленетін бұл композиция карама-қайшы тондарымен дараланады. Артқы фоны көгілдір суық түсте орындалғанымен орталық бөлігі бояуларының жылылығымен әсерлі. Мұнда ақ, қара, ашық қоңыр, күрең қызыл түске боялған тері бөліктерін құралған әдемі композицияны көре аламыз. Суретшінің теріде орындалған туындылары өзінің пішіндік алуандылығымен, көркемдік шешімдерімен, тақырыптық ауқымдылығымен дараланады. Мұнда бейнелеу өнерінің тарихында айрықша орын алатын түрлі стилистикалық бағыттар да кездеседі. Триптихтің соңғы бөлігі – «Алтын адам сарбаздары» 2019, (көркем ойылған тері, аралас техника, 140x193) композициясы. Тік форматта шешімін тапқан үшінші бөліктегі монохромды композиция сақтар дәуірін суреттейді. Бұнда екі қолбасшының ұрыс алаңындағы жекпе-жегі бейнеленген. Шошақ төбелі бас киімдегі қос батырдың ат үстіндегі шешуші шайқасы артқы бөліктегі байрақ ұстаған қалың әскерімен жалғасын табатыны белгілі. Композицияның жоғары бөлігінде ежелгі замандардан билік пен қырағылықтың символына айналған қос қыранның алып бейнесін көреміз. Төменгі бөлікте орталықта орналасқан «Есік» қорғанынан табылған алтын адамды байқауға болады. Суретші бұл композициясында еліміз үшін маңызы зор тарихи дәуірді суреттей отыра, археология мұрасына назар аударды. «Алтын адам сарбаздары», «Шайқас» туындылары қаһармандық тақырыбының жалғасы іспеттес авторды жиі

толғандыратын тақырыптар аясын кеңейтуде. Өнер иесі мұнда кейіпкерлердің пішіндерін айқындап тұратын қарама-қайшы контурлар әдісін қолданады. Адамдар, садақтар, аттар, жебелер, тулар, жыртқыштар, құстар – бәрі картинада өздерінің тарихи өмірімен тіршілік етіп, жандана түседі.

Кезекті туындының атауы «Ақ сұңқар» 2020, (Көркемдеп ойылған тері, аралас техника, 200x200). Сәндік панноның композициясы шеңбер пішінінде орындалған. Анималистік жанрда шешімін тапқан бұл туындының мазмұндық желісі қазақ даласында мекендеген жыртқыш аңдар мен құстардың тотемдік сипатына байланысты алынған бейнелер. Киіз үйдің шаңырағы іспеттес сәндік панно композициясы орталық күн басты құдай бейнесімен тоғысқан. Шеткі жиектердегі көріністер салт атты шабандоздардың жарысқан шабыстарымен толықтырылған. Оң жақ және сол жақтағы бөліктен көгілдір көк барыс кейпіндегі жыртқыш аңдардың қорғап тұрған бейнесін айқын көрміз. Ерте кездегі аға-бабаларымыз табиғаттың тәлкегіне ұшырап, дала тағысының, аспан құбылыстарының кейбір дүлей күшіне тап болғанда, оның бәрін жаратушының жасырын кейпіндегі киелі аңдар мен құстардың құдіреттілігінен болып отыр деп түсінген. Бара келе жануарларды ерекше қасиетке ие мақұлық деп санап, соларға табынғанын білеміз. Тіпті сол аң-құстарды тылсым әлемнің иесі деп таныған. Осыдан барып, бөрі, марал, аспанның қара құсы, тағы басқа да аң-құс туралы қыруар аңыздар мен ертегілер де туа бастаған. Суретші де осы ойды меңзеп өз туындыларындағы аң-құстардың бейнесін аса әсерлі бейнелеуде өзіндік көркемдік тәсілдерді қолданған.

Құттыбек Жақып бүгінгі таңда тері бұйымдарды көркемдеп өңдеу тәсілдерін жетілдіруде үлкен жетістікке жеткен суретшілеріміздің бірегейі болып қалуда. Ол ірі-қара малдың терісіне сурет салуда түрі-рельефтерді көрсете отырып қатпарлап бейнелеу әдісін ойлап тапты. Бұл өнер иесіне материалдың фактурасын барынша құбылтып, туындыны мейлінше әсерлі көрсетуге үлкен мүмкіндік береді.

«Құс жолы» 2021., (Көркем ойылған тері, аралас техника, 300x190). Сәндік панно композициясы ақ және қара бояу түстері басым қолданылған графика стиліндегі мәнерге жақын орындалған. Ғарыш әлемінің жұлдызды галактикасы суретші қиялында құстардың бейнесімен елестетіледі.

Шығармада жазықтық пен монументалдылық басым, яғни көрініс бір жазық бетке түсірілгендей және ауқымды, әсерлі көрінеді. Орнаменттердің нәзік қолданылуы ұлттық ерекшеліктерді айқындап тұрады. Автор шығармаларын өзіне тән стильде жасайды, ал рельефтік элементтер (көтеріңкі бөліктер) арқылы көркемдік әсерді күшейтеді. Түстер палитрасы ұстамды, монохромды, яғни біртекті түстер басым. Автор табиғи терінің түсі мен фактурасын шебер пайдаланып, бейнелерді нанымды етіп көрсетеді. Оның шығармашылық қиялы материалдың өзінен шабыт алып, композицияның пішінін анықтайды. Басқаша айтқанда, суретші материалмен жұмыс істей отырып, оның қасиеттерін ашып, ерекше образдар жасайды (7,180 б.).

Көп тұлғалы кейіпкерлерді бейнелеген келесі сәндік панно атауы «Түйелер шеруі» 2021., (Тері, бояу, аралас техника. 3000x19). Ұлттық нақыштарға толы, салт-дәстүрлердің әдемі көріністері қазақ даласында үлкен жиын-тойдың басталып кеткенін суреттеп тұрғандай. Алдыңғы бөлікте

түйеге мінгескен күйшілер мен жыршылар, мың бұралып би билеген бишілер құдды наурыз мерекесін тойлағандай. Бұл жердегі элементтердің барлығы адамдар, аңдар, құстар, киіз үйлер мен мазарлар туынды композициясының әсем пластикасының тұтастығын құрап тұрғандай. Алдыңғы көріністердегі ірі бейнелердің шағын нысандарға біртіндеп ауысуы тереңдік пен кеңістіктің үш өлшемдегі иллюзиясына жол ашады. Фигуралар арасындағы ою-өрнекпен безендірілген таспа ұлттық музыка мен би ырғағын естіртіп, бар тіршілік атаулыны көшпенді өмірдің негізгі атрибуты болып саналатын шексіз өрнекті басқұрлар оқиға көрінісін төменнен жоғарыға толықтырағандай әсер береді. Қазақ ою-өнерінің табиғаты суретшіні халық өнерінің тарихи дәстүріндегі сұлулық пен әсемдікті көре білетін, байқай алатын зерделі азамат болып өсуге тәрбиеледі. Құттыбек Жақып бүгінгі заманға дейін сәндік-қолданбалы өнердің бай мұрасын сақтап, жаңашылдығымен жаңа қырынан дамытып, ашып көрсеткен жан. Бұл суретшінің ұзақ жылдар бойы ізденіп, өнер жолында аянбай тер төгуінің арқасында жеткен нәтижелерінің жемісі.


Құттыбек Жақып – ізденімпаз суретші. Оның шығармашылық ізденістеріндегі басты жетістіктері терімен жұмыс істеудің жаңа үлгісін заманауи бейнелеу өнері түріне енгізуінде. Яғни, мал терісінің түкті бетіндегі табиғи өрнегін сақтай отыра күрделі композициялар құрастыра білуінде. Ұлттық өнерді бейнелеу өнерінің дәстүрлі көріністермен сабақтастыруында. Бүгін де өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан өнер иесінің қолынан шыққан үздік туындылары көрген жанның көңілін тербеп, ерекше әсерге, терең сезімге бөлейді. Көрерменнің ой-зердесіне, таным түйсігіне лайықталған суретшінің туындылары сезімге шынайы әсер етіп, терең толғаныспен ойланып барып, асықпай қабылдауға жетелейді, сондай-ақ өзіне тән сан түрлі көркемдік иірімдерімен кез-келген жанды баурап алады.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Кенжебаева Л.Ә. «Қазақ сәндік-қолданбалы өнеріндегі тері өңдеу өнері». – Алматы: «Өнер» баспасы, 2020.
2. Баян Е. «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің ерекшеліктері». // Қазақ мәдениеті, 2017, №3, 45–49 б.
1. Қазақ энциклопедиясы. «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері». // <http://www.qazaqencyclopedia.kz>, Қазан 2023.
2. National Museum of Kazakhstan. «The Art of Leather Craft in Kazakh Culture». // <https://www.nationalmuseum.kz>, Қазан 2023.
3. Kasteyev State Museum of Arts. «Contemporary Kazakh Artists and Traditional Techniques». // <https://www.gmirk.kz>, Қыркүйек 2023.
4. Артықбаев Ж. «Көшпенділердің тері өңдеу өнерінің тарихы». // Қазақ тарихы, 2018, №5, 22–29 б.
5. Жакып Куттыбек Тыныбекович. Альбом. – Алматы, Интерпринт, 2016.– 180.



1-сурет. «Отбасы», 2019 ж. Көркем ойылган тері, аралас техника, 147x178



2-сурет. «Табыну», 2019 ж. Көркем ойылган тері, аралас техника



3-сурет. «Алтын адам сарбаздары», 2018 ж. Көркем ойылган тері, аралас техника



4-сурет. «Ақсуñқар» 2020 ж, (көркем ойылған тері, аралас техника)



5-сурет. «Құс жолы», 2021 ж. Көркем ойылған тері, аралас техника, 300x190



6-сурет. «Түйелер шеруі» 2021 ж. (Тері, бояу, аралас техника. 3000x190).

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНІҢ ДЕКОРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНАУИ ЕР КИІМІН КӨРКЕМДЕП ӘЗІРЛЕУ

М.А.Сутеева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

С.К.Танирбергенова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

К.Р.Кобланов

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттердің бірі және өзінің тарихында көптеген мәдениеттердің ықпалында болды. Осы себепті Қазақ халқының жергілікті киімдерінен әртүрлі мәдениеттердің іздерін көруге болады. Қазақтың дәстүрлі киім үлгісі әдетте ашық түсті тоқылған маталардан тігілген ұзын алжапқыштардан тұрады. Ерлер киімі қарапайым болып келеді. Бұл киімдер ерекше шараларда ерекше танымал. Мұны қалай жасауға болатыны туралы бірнеше ұсыныс жасауға болады:

- алтынды пайдалану, қазақтың киімінде жиі кездесетін дәстүрлі алтын түстес өрнек. Бұл үлгіні қалтаға, жағаға немесе замануи ерлер пиджактарының немесе жейделерінің манжеттеріне қосуға болады;
- кестені қолдану, қазақ халық киімін әдемі кестемен безендірді, бұл элементті бірегейлік пен стиль қосу үшін джинсы, күртеше немесе футболкаларды безендіру үшін пайдалануға болады;
- дәстүрлі түстерді пайдалану, қазақ киімінің жиі ашық және әр түрлі түстерді қолданған. Осы әр түрлі түстердің сәнін келтіру үшін, оларды заманауи ерлер модельдерінде қолдануға болады, мысалы свитшоттардағы немесе шалбардағы жолақтар немесе үлгілер түрінде;
- былғарыдан жасалған бөлшектерді қосу – былғары белбеулер, қол сағаттары немесе аксессуарлар дәстүрлі қазақ оюларымен немесе мотивтерімен безендірілуі мүмкін.

Этникалық дереккөзді зерттегенде автордың зерттеуі мен шабыты дереккөзді қайталамай, оның әсерін сақтайтын дизайнға айналуы үшін мүмкіндігінше көп мәдени бірлестіктерді жинау маңызды. Өйткені модель дәстүрлі бейнелерді түсіндіріп оларды басқа қырынан ашса сәтті болады. Осыны ескере отырып, көшпелі халықтардың киім-кешектері дүние жүзіндегі киім дизайнерлерінің негізгі шабыт көздерінің бірі болып табылады. Костюммен және оның семантикасымен тереңірек танысу шығармашылықтың тағы бір күшті стимуляторы болуы мүмкін, өйткені ол барлық сұлулықты, тереңдікті, көп ғасырлық логиканы және костюм кешенінің барлық элементтерінің кездейсоқ еместігін түсінуге мүмкіндік береді (Хинаят Б., Сужикова А., 2011, 384 б).

Бұйым хаки және алтын сары түстерден комбинациялық құрастыру арқылы экобылғары материалынан тігілген этно стильдегі заманауи ер киімі. Бұйым жамылғысының иық және етек тұстары «қаз мойын» оюы, жамылғының

артқы бойлығы «төртқабырғалы қошқармүйіз» оюы арқылы безендірілген. Костюм бас киімі дулыға тәріздес, кара, алтын сары және хаки түстен тігілген (1-сурет).

Ер адамға арналған жауынгерлік киім эко кожадан тігілген бұйым астарлы, қайырмалы жаға костюм тәріздес қосылып тігілген, бұйым трапециялы ұзын конустық тәсілмен ашылған. Етегі ұзына бойлы келген тобығына дейін жетпей тігілген. Тізе үстінде көлденең кесінді жүргізілген. Жеңі ұзын және кокеткасы бар кесінді қою қоңыр мен жиектелген шынтаққа жетпеген бөлік. Қолғабы қою қоңыр эко былғарыдан тігілген. Белдігі кара түсті. Жеңінің иықтарында оюмен өрнектеліп бисермен әрленген. Басындағы дулығасының түсі кара, формасы бөрікке ұқсас. Дулаға төбесінде қылдан жасалған шашақ орнатылған. Бұйым қосымша мәсі мен аяқ киім, қолғаппен толықтырылған (2-сурет).

Көк түсті эко былғары матасынан дайындалған заманауи батыр киімі. Бұйым тізеден төмен, ұзын жеңді, мойын ойындысы үшбұрышты, жағалы. Жағасында аңның жүні бар. Қолында қолғап қарас түсті эко былғарыдан және жиегінде аңның жүні тігілген. Бұйымның оң жақ иығында қазақтың ою-өрнегі кестеленіп тігілген. Басында дулығасы бар. Бұйымның белден төмен және тізе бөліктерінде ою кестелеген. Қолында қылышы және найзасы бар. Аяқ киімі кара түсті былғары матасына тігілген (3-сурет).

Бұйым қоңыр және ашық қоңыр түсті эко былғарыдан тігілген заманауи ерлер киімі. Ұзындығы тобықтан жоғары бойлыққа дейін. Етегі «годе» белдемшесінің негізі бойынша кеңейтілген. Белден төмен және тізе бойында ақшыл қоңыр түсті матамен кесінді жүргізілген. Жеңі ұзын және қосымша қондырма жеңі бар. Қондырма жең ұзындығы шынтаққа дейін. Жеңнің жиегінде ою өрнектер кестеленген. Қолғабы ақшыл кара эко былғарыдан тігілген. Ұзындығы шынтаққа дейін жетеді, жиегі оюмен безендірілген. Белінде кара түсті белдік және қару жарақ салатын қосымша белдігі бар. Басында кара түсті конусты дулыға, қоңыр түсті матамен екі жаны мен арқа тұсын жауып тұратын жамылғы тігілген. Дулыға төбесіне кара қылдан шашақ орнатылған. Бұйым кара түсті мәсі немесе аяқ киіммен толықтырылған (4,5,6,7-сурет).

Қазақтың ұлттық нақыштары көбінесе өткен дәуірдің жазуы деп аталады, өйткені кітаптан алыстағы ата-бабаларымыздың өмірі туралы мәліметтерді табуға болады. Қазақ халқының киімдері әдеттен тыс әдемі, үлкен және ою-өрнектерімен безендірілгенін атап өтуге болады. Ою-өрнек сюжеті Тәңіршілдік философиясы бойынша өмір сүрген көне түркі халықтарының ғалам туралы жалпы түсінігіне негізделген (Койланова Г.Ж., Бейсенбаева Д.А., Жорабекова Б.Е., Ширшикбаева Н.Н., 2019, 160 б). Содан кейін адамдар жартастағы суреттер мен қарапайым бейнелер арқылы білімі мен тәжірибесін берді. Алайда діннің пайда болуымен суреттердің сюжеті өзгерді.

Қазақтардың сақ-скиф және түркі мәдениетінің тікелей ұрпақтарына жататындығы әсіресе киім-кешек пен ою-өрнек үлгілерінде көрініс тапты. Мысалы, сақ скиф дәуірінде түрлі жануарлардың бейнелері бар алтын әшекейлерде мағыналық хабарлар шифрланған. Дегенмен, ою-өрнектер ата-бабаларымыздың әшекейі ғана емес, сонымен қатар сыртқы зұлымдық пен сәтсіздіктен қорғайтын бойтұмар ретінде де қызмет етті.

Қазақ ою-өрнектері әдетте еркек пен әйелге, сондай-ақ тірі мен өліге арналған. Тірілер үшін олар өсімдік элементтері түрінде орындалды, ал символизмнің айналуы сағат тілімен солдан оңға қарай жүреді, ал жерлеу рәсімдерінде арналған әшекейлерде, әдетте, таза пиктограмма түрінде және сағат тіліне қарсы қозғалыспен бейнеленген. Бір кездері ою-өрнектің орналасуы да ерекше мағынаға ие болды, мысалы, белгілі бір мотивтерді тек белден жоғары қолдануға болады.

Мұндағы ең кең тараған өрнек пен амандық белгісі – мүйіз және оның түрлі нұсқалары қошқар мүйіз, қосмүйіз (қошқардың, сиырдың, ешкінің қос мүйізі), қырық мүйіз, ұл мүйіз (сынған мүйіз) және т.б. Айқасқан мүйіздер - төртқұлақ, дәстүрлі түрде ромбқа жазылған және әйелдіу принцип пен құнарлықпен байланысты болды. Қазақтың дәстүрлі қошқар-мүйіз ою-өрнегі тең қырлы крест негізінде әртүрлі бағытта айналатын екі күн белгісін біріктіру арқылы жасалған.

Жануарлар денесінің басқа бөліктері де белсенді түрде бейнеленген: қас мойын, темешек, итқұйрық, омыртқа, тышқаніз, атбас, өркеш, қарға тұяқ. Тундай (жануарлардың таңдайы) бұл ою егде жастағы әйелдердің бас киімдеріне салынған. Ұзақ жолға шыққан ерлердің киімдері көбінесе түйетабан (түйе ізі) күрделі композициясы бар ою-өрнектермен безендірілген. Бақыт пен еркіндік тілек үшін құс тұмсығы немесе құс қанаты ою-өрнектері қолданылған.


Қорытындылай келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптастырып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды халқымыздың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізу біздің мақсатымыз болмақ. (Асанова Б., Птицина А., Әбдіғапбарова Ұ. 2012, 208 б)

1-кесте. Конфекциалық карта



Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazakh people//Құраст Хинаят Б, Сужикова А. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2011. – 384 бет.
2. Қойланова Г.Ж, Бейсенбаева Д.А, Жорабекова Б.Е, Ширшикбаева Н.Н. Киім дизайнындағы материалтану: Оқу құралы – Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор Холдингi» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019.
3. Асанова Б, Птицина А, Әбдіғапбарова Ұ. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы: оқулық (2-ші бас.) - Астана: Фолиант, 2012. – 208 б.



ҰЛТТЫҚ СТИЛІНДЕГІ «ҰЛЫ ДАЛА АРУЫ» КИІМ ҮЛГІСІНІҢ ДИЗАЙНЫ

С.К.Танирбергенова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

М.А.Сутеева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Н.Д.Бахытбек

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Елордадағы Ұлттық академиялық әдеби сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Шәрбану Бейсенованың «Сүйінбике – Ұлы Дала аруы» атты кітабының таныстырылымында, – жалпы, түркі жұрты сүйсініп айтатын Сүйінбике ханым кім? Жаратылысынан асыл текті ару кешегі XIV ғасырдағы Алтын орданың ықпалды тұлғасы болған, ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, баһадур батыр Едіге бидің тікелей ұрпағы саналады.

«Біздің өткен тарихымызда елі үшін еңіреген қандай апаларымыз болды, оларды бүгінгі ұрпақ білеме, солардың бейнесі не үшін қымбат деген сауалдар көкейімде жүретін» – дегенді сұхбатында. Жазушы Шәрбану Бейсенованың өз кітабында: ел жадында сақталған әулие аналар өмірінен сыр шерте білді, қазақ қыз-келіншектерінің жаңа образын сомдады, жаңа тұлғасын бейнеледі, оқырманға түркі аруларын жаңғыртып, олардың төл тарихымыздығы орнын айшықтап берді.

Қазақ арулары сұлулығымен, ибасымен, ісмерлігімен ғана емес, ержүректігімен, батырлығымен де аты шыққан. Сақ патшайымы Томирис пен бертіндегі Әлия мен Мәншүк, одан да бері Ляззат пен Сәбираға дейін де талай батыр арулар болған.

Кең байтақ ұлы даланы мекендеген халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің, мінез-құлықтарының да біркелкі ұқсас болып келуі бұрынғы өткен Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі-өнеге. Ерке қыз, иманды әйел, қасиетті ана солардан шыққан. Сөйтіп, қазақтың батыл, ақын, ақылды қыздары ұлтты тәрбиеледі. Мәселен, «Батырлар жырындағы» Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, Назым секілді пәрәнжі-сәтір кимеген, сөйте тұра еркіндік пен есерліктің аражігін ажырата білген парасатты, тапқыр, төзімді, өнерлі, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан батыр қыздар ер азаматқа қиын-қыстау кезде ақылшы, сенімді серік бола білді. Біздің қыз-келіншектердің бойында ізеттілік, ар-ұят, ұялшақтық, үлкеннің алдын кесе-көлденең кесіп өтпеу, жанашырлық қасиеттер басым.

«Ұлы Дала» ұғымы – баяғыдан бар ұғым. Дешті Қыпшақ деген сөз қыпшақтың даласы деген сөз. Ұлы Дала ұғымына мынау Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған. Оның негізгі аумағы – біздің қазақтың жері. Біздің даламызда кен де болған, темір де болған, колөнер де болған, бәрі болған», – деп атап өтті мемлекет басшысы. Осы орайда президент мұндай ұғымның көптеген елдерде бар екендігін атап өтті, жапондар күншығыс еліміз, қытайлықтар аспан асты еліміз, кәрістер таңғы шық еліміз деп санайтындығын мысалға келтірді.

«Бізде де сондай ұғым тегестіретін болсақ, бізге «Ұлы Дала еліміз» деп айтқан келеді. «Ұлы Дала» мен «Көк аспан» деп те айтуға болар еді.

Дүниежүзінде бейресми атауға ие бірқатар мелекеттер бар. Мысалы, әлем халықтары Англияны – «Тұманды Альбион», Кубаны – «Бостандық аралы», Жапонияны – «Күншығыс елі», Қытайды – «Аспанасты елі», Голландияны – «Қызғалдақтар елі», Кореяны – «Таңғы шық елі» деп біледі. Елбасы өзі атап біздің елімізге осындай атаулы бренд жетіспейді. Осы орайда, ата-бабаларымыздан аманат-мұра болып қалған, Алтай мен Атырауды, Арқа мен Жетісудың арасында кең көсіліп жатқан ұлан-ғайыр мемлекетіміздің «Ұла Дала елі» атануы ерекше мазмұн биік.

Айбике Ұлы Дала аруы. Абылай ханның жау тылындағы барлаушыларының басшысы болған. Оның қоластынды бірнеше тыңшы, барлаушылары болған. Ол ұзақ жылдар бойы қолға түскен күң бейнесіне еніп, қалмақ қонтайшысының ордасында күтуші болады. Жаудың күші мен шапқыншылық ниеті туралы Абылай ханға, Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек пен Қыпшақ Тілеулі батырларға астыртын құпия хабарлар мен мәліметтерді жеткізіп отырады (1-сурет).

Ержүрек қыз Айбике қалмақ тілін өте жетік меңгерген екен. Оның үстіне Тарбағатай мен Алтайдың таулы өңірлерінде, Зайсан мен Марқакөл маңында кез келген уақытта атпен адаспай жол тауып жүре беретін «жер шолғыш» қасиеті де бар екен. Айбике ару Жоңғар мемлекетті құлағаннан кейін өз еліне аман-есен оралады (2-сурет).

Гаухар Ұлы Дала аруы. Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс кезінде ерліктерімен ел есінде қалған қазақ батыр әйелдерінің бірі – Гаухар. Ол атақты қаракерей Қабанбай батырдың жары, Бәсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы. Қабанбай батырдың қауіп-қатерге толы сансыз жорықтарында Гаухар ана ерекше табандылықпен қанды шайқастарға қатысқан. Қабанбай мен Гаухардың тұңғыштары Назым да өзінің ерлік істерімен тарихта аты қалған. 1724 жылы қазақтардың сол кездегі астанасы Түркістан қаласына жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуылға алады (3-сурет).

Осы шайқаста Кіші жүздің ханы Әбілхайыр отыз мың әскер, Орта жүзден Сәмеке жиырма мың әскер дайындап, Қабанбайдың бас сардарлығымен жоңғарға қарсы шабуылға шықпақ болып жатқанда, Гаухар жоңғарлардың қоршауын ерлікпен бұзып шығып, Қабанбайға жаудың жағдайы жөнінде толық мәліметтер береді. 1725 ж. әйгілі «Бұланты» жеңісі осының нәтижесі еді. Кейін Гаухар Қабанбайға өмірлік жолдас болып, уақыт өте келе «Гаухар батыр» атанады. Гаухар батырдың азан шақырып қойған аты Майсара болса керек.

Назым Ұлы Дала аруы (XVIII ғ.). Назым батыр Қаракерей Қабанбай мен оның жары Гаухардан туған. Әкесімен бірге XVIII ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатысып, Отан қорғаған. 1745 жылы жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен өліп, жоңғарлардың өз ішінде таққа талас басталады. Осы сәтті ұтымды пайдаланған Абылай хан Түркістан мен Сыр бойындағы қалаларды азат етуді мақсат етеді. Ол өзінің қалың қолымен Абылай әскерлерінен бұрын келіп, бекініп алады. Абылай Жаңақорғанды алуды Қабанбайға бұйырады. Зеңбіректен жауған оқтан көптеген сарбаздар қырылып, Абылайдың қолы еріксіз шегінеді. Не істерін білмей тұрғанда, Назым қазақ жасақтарының оң жақ тұсынан Цевен Доржы тұрған төбеге қарай

«Қабанбай! Қабанбай!» деп ұран тастап, суырылып шығады. Қыздың қолында не найза, не сойылы жоқ, бар болғаны қамшы ғана (4-сурет).

Мұны көрген қалың қол шыдай алмай «Абылай! Ақ жол! Қабанбай! Абылай!» деп айқайлап, зеңбірекшілерді таптап өтеді. Жоңғарларды жеңгеннен кейін, Абылай қыздың осыншама ерлігіне риза болып, оған беліндегі сом алтыннан соғылған белбеуін сыйға тартыпты. Абылайдың жоңғарларды толық талқандауына жол салған сол жеңісі Назымның атымен байланысты аталады.

Бопай Қасымқызы Ұлы Дала анасы. Қазақтың 1838–1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы Кенесары Қасымұлының қарындасы Бопай ханымның есімі көпшілікке біршама таныс. Ол Кенесары Қасымұлы құрған хандықтың сыртқы және ішкі саясатына белсенді араласып, аянбай тер төгеді. Бопай қолбасшыға өжеттік, көсемдік, жеңіске деген сенімділік, салқынқандылық, қайсарлық, шешендік тән болған. Ол өзінің күйеуі Сәмеке мен оның туыстары сұлтан Сартеке және Досан Әбілқайыровтарды да көтеріліске қатысуға шақырған екен. Олар келісім бермеген Бопай 1837 жылы өзінің күйеуін және оның туыстарын тастап, өзімен алты баласын алып, өз тағдырын көтерілісшілер тағдырымен біржола қосады. Бопай зекет жинайтын және көтеріліске қосылмаған сұлтандардың мүлкі мен азық-түлігін тартып алатын 600 адамдық ерекше топты басқарады. Сондай-ақ ол Кенесарының ірі шайқастарына қатысқан жеке партизандық жорықтар жасайтын болған. Бопай Кенесарының барлық кеңестеріне қатысып отырған, ал Кенесары Бопайдың ақыл-кеңестеріне құлақ асқан.

Жапалақ Ұлы Дала анасы (XVIII ғ). Тілеулі батырдың некелі тоғыз әйелі болған екен. Соның бірі – тама Есет батырдың туған қарындасы Жапалақ. Ол жарымен бірге жорықтарға қатысып, құралайды көзден ататын мергендігімен қалмақтардың талайларын жайратып салған. Баласын дүниеге әкелгеннен кейін оның тәрбиесіне айрықша назар аударады, шайқастарға шығуын сиреткен.

Ботакөз батыр (XVIII ғ). тама Есет батырдың қызы Ботакөз жас кезінде апас Жапалақпен бірге жүріп, одан соғыс өнерін үйренеді. Тарихи деректер бойынша 1742 жылы Есет батыр мен Тілеулі батырды Әбілқайыр хан шақыртып, екеуі Орынборға жол жүріп кетеді. Соны біліп алған жоңғарлар ауылдың жылқысын алып кету үшін шабуыл жасап, қуғыншыларды қырып салады. Ботакөз бірден қолына қару алып, 150 сарбазбен шапқыншыларға қарсы шығады. Осы шайқаста Ботакөз қалмақтардың қолбасшысы Қонды тайшыны атының үстінен жұлып алып, сүйретіп әкетеді. Мұны көрген қалмақтар бытырай қашып, көбі садақ оғына ұшады. Қалмақ қонтайшысы қазақ қызынан жеңіліп, керемет қорланады. Ботакөз Есетқызының осы ерлігін растайтын құнды тарихи құжаттар Ақтөбенің облыстық мұражайында бар екен. 1749 жылы Барақ сұлтанның қолынан Әбілқайыр хан қаза табады. Оның орнына тағына баласы Нұралының отыру рәсіміне Әжібай би елдің бас көтерер бар азаматтарын ертіп, Орынборға аттанып кетеді. Соны пайдаланып, Еділ қалмақтары қорғансыз ауылды қанға бөктіріп, бүкіл малды барымталап айдап кетеді. Мұны естіген Есет Көкұлының қызы Ботакөз аз уақытта өз руының жігіттерін жауға тойтарыс беруге шақырады. 150-дей сарбазды бастап Ойыл өзені бойында қамсыз жатқан қалмақтарға аш бөрідей тиісіп, кек қайтарады. Сол жерде жауын тұтқандап алып келіп, тартып алынған мал-мүлікті еліне қайтарады.

Бақты (Бақтықыз) (XIX). Бақты – Алашорда көсемдерінің бірі, азаттық қозғалысының алыбы Мұстафа Шоқайдың әжесі, Торғай датқаның бәйбішесі.

Ол XIX ғасырдың ортасында әкесімен бірге Түркістанды жаулаушы орыс отаршыларына қарсы күресіп, жау торабын барлаушылық қызметін атқарған. Оның тапқырлықтары мен жүрек жұтқан батырлығы туралы аңыз-әңгімелер ел арасында көп сақталған.

Сапура батыр (Көктемір). Ресей патшалығында шаруалар қолын басуға шыққан орыс әскерлеріне қарсы күрестің аты аңызға айналған қолбасшысы. Әйел басымен қол бастауға қымсынғандай, бір құпия тұлға «Көктемір» туралы аңызды таратады (5-сурет).

Орыс әскерлері оның әйел екенін білмеген, тек «Көктемір» деп таныған. Олардың дерек көздерінде Пугачев көтерілісі кезінде қазақ даласында «ұстатпайтын ұстын», «көрінбейтін жан» деп аталған Сапура Мәтенқызы жұмбақ жағдайда өмірден өтеді. Көктемір Сапура қыз туралы ғалым Е.Бекмаханов «Көрінбейтін адам туралы аңыз» атты зерттеу еңбегін жазған.

Жәнделі қыз (XVIII ғ). Қалмақ шапқыншылығы кезінде, кейіннен Алтай мен Тарбағатайды қытайлар иемденіп қалмақшы болғанда, ерлігімен, тапқырлығымен аты шыққан қыздардың бір – Жәнделі. Оның руы найман. Жауынгерлер оның атын ұран еткен. Найман қызы Жәнделі туралы Ноғайбай ақын былай деп жырлаған:

Гүліндей жауқазынның нәзік жүзі,
Халқымыз ұмытқан жоқ асыл қызын.
Адамзаттың аққуы Жәнделінің
Жауға аттанған Сауырдың жатыр ізі.

Әлемнің барлығы қайынның қабығынан аяғының кебіс киіп жүрген кезде біздің бабам қазақ былғарыдан етік киіп, сусарыдан бөрік киіп, қыздарына алтыннан алқа тағып, күмістен шолпы тағып, құстың мамығынан төсек жасап астына, жібектен көйлек кигені, өйткені қыздың көзі әдемілікке түсетінін о баста қазақ халқы түсінген. Қазақ халқы «қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған (Бейсенова Ш. 2020, 176 б).

Қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер-білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, осы қасиеттерін нақыл сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз – елдің көркі», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз», «Ырыс алды – қыз», «Қызы бар үйдің – қызығы бар», Қазақ халқы қыз баланы ардақтап, мәпелеп өсірген, көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген. Әдемі, көрікті, шырайлы, әсем, сұлу, ажарлы, ару деп сипатталатын қыздарымыздың жан дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, дәулетке, байлыққа, жиһазға қызықпағандығын, махаббат атты асыл сезімді айрықша қастерлеп, аялағандығын жыр-дастандардан білеміз.

Ару қыз жауынгерлік киімі эко кожадан тігілген бұйымның астары бар, жағасы қайырмалы жаға костюм тәріздес қосылып тігілген, бұйым трапециялы белден төмен ұзын конустық тәсілмен ашылған. Етегі ұзына бойлы келген тобығына дейін жетпей тігілген. Тізе үстінде көлденең кесінді жүргізілген. Жеңі ұзын және кокеткасы бар кесінді қою қоңыр мен жиектелген шынтаққа жетпеген бөлік. Қолғабы қою қоңыр эко былғарыдан тігілген. Белдігі қара түсті. Жеңінің иықтарында оюмен өрнектеліп бисермен әрленген. Басындағы дулығасының түсі қара, формасы бөрікке ұқсас. Дулаға төбесінде қылдан жасалған шашақ орнатылған. Бұйым қосымша мәсі мен аяқ киім, қолғаппен толықтырылған (7-сурет) (Хинаят Б.,

Суджикова А., 2011, 384 б).







Бұйым хаки және алтын сары түстерден комбинациялық құрастыру арқылы экобылғары материалынан тігілген этно стильдегі заманауи Ару қыз киімі. Силуэті – түзу, пішімі – тік бөліну арқылы, алты тігісті, бұйым ұзындығы – 130 см. Алдыңғы бой 2 бөліктен тұрады, оң жақ және сол жақ бөліктері ұзына бойы 2 бөлшек арқылы пішімделген. Бұйымның үстіңгі бөлігінде иық тұсын жауып тұратын жамылғы орнатылған. Бұйымның артқы бойы иық тұсынан бастап етекке дейін пішімделген 3 бөлшектен тұрады. Жең қондырмалы, бір тігісті, ұзындығы білекке дейін. Бұйым астарлы. Ұсынылатын өлшем – 46.

Бұйым жамылғысының иық және етек тұстары «қаз мойын» оюы арқылы, жамылғының артқы бойлығы «төртқабырғалы қошқармүйіз оюы» арқылы безендірілген. Костюм бас киімі дулыға тәріздес, қара, алтын сары және хаки түстен тігілген (9-сурет).

Жастарымыздың рухани дүниесінің қалыптасуына және эстетикалық талғамының жетілуіне ұлттық рухани дүниелеріміздің ықпалы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық киімдері, қолөнері тарихымен дамып, бірге қайнасып келе жатқан бай қазына.

Осыған орай еліміздің жас жеткіншектері мен жастарын ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу және жақындату қазіргі қоғамның нақты әлеуметтік қажеттігіне айналып отыр. Сондықтан, халқымыздың бай ұлттық мәдени және шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттап, оның ең озық үлгілерін тиімді пайдалану керек.

1-кесте. Конфекциялық карта

<p>Модель эскизи</p> 	<p>Дайындаушы: Бұйым атауы: Қазақ халқының киімін әшекейлеу негізінде ер костюмін дайындау</p>	<p>Художник: Конструктор: Модельдеуші мекеме: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті.</p>
	<p>Негізгі мата</p>	<p>Астарлық мата</p>
		
	<p>Жіп</p>	<p>Фурнитура Белдік</p>
	<p>Негізгі бөлшектерді қосатын жіп</p> 	 <p>Мата</p> 

Әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Бейсенова Ш. Ұлы Дала арулары. «Фолиант» баспасы. – Алматы: Эверо, 2020. – 176 б.
2. Қазақ халқының ұлттық киімі. Қазақ халқының ұлттық киімдері. // Құраст. Хинаят Б., Суджикова А. – Алматы: «Алматыкітап», 2011. – 384 б.



1-сурет. Қазақтың батыр қызы



2-сурет. Айбике ару




3-сурет. Гаухар батыр



4-сурет. Назым батыр



5-сурет Сапура батыр
(Көктемір)



6-сурет. Жәнделі қыз



7-сурет. Ару қыз батыр киімі



8-сурет. Батыр киім

2025 ЖЫЛДЫҢ АТАУЛЫ КҮНДЕРІ

2025 ЖЫЛДЫҢ АТАУЛЫ КҮНДЕРІ

Қазақстан Республикасы мен облыстың дамуындағы атаулы оқиғалар

Алтын Орданың құрылуына (1270 ж.)	755 жыл
Қарақұм құрылтайының шақырылғанына (1710 ж.)	315 жыл
Орынбор-Ташкент теміржолының іске қосылғанына (1901–1905 жж.)	120 жыл
Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске (1945 ж.)	80 жыл
Қазақстанның Егемендігі жөніндегі Декларацияның қабылданғанына (1990 ж.)	35 жыл
Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына (1995 ж.)	30 жыл
Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына (1995 ж.)	30 жыл

Көрнекті қоғам қайраткері, ғалымдар, ақын-жазушылар, әскерилер, өнер және ауыл шаруашылығы мамандарының мерейтойлары

Ғалым-энциклопедист, ойшыл Әбу-Насыр әл-Фарабидің туғанына (870–950 жж.)	1155 жыл
Әжібай би Болпашұлының туғанына (1655–1760 жж.)	370 жыл
Мөңке би Тілеуұлының туғанына (1675–1756 жж.)	350 жыл
Күйші Боғда Қараұлының (1765–1745 жж.)	260 жыл
Арынғазы хан Әбілғазыұлының туғанына (1785–1833 жж.)	240 жыл
Қазақтың Ұлы ақыны, әрі ойшылы Абай Құнанбаевтың туғанына (1845–1904 жж.)	180 жыл
Заңгер, ағартушы-демократ Бақытжан Қаратаевтың туғанына (1860–1934 жж.)	165 жыл
Қоғам қайраткері, I Мемлекеттік Дума депутаты Алпысбай Қалменовтың туғанына (1860–1939 жж.)	165 жыл
Әнші Қызыл Тұрдалыұлының туғанына (1860–1921 жж.)	165 жыл
Ақын, халық жырауы Нұрпейіс Байғаниннің туғанына (1860–1945 жж.)	165 жыл
Сағындық Досжановтың туғанына (1870–1940 жж.)	155 жыл
Жыршы Айсә Байтабыновтың туғанына (1875–1955 жж.)	150 жыл
Социалистік Еңбек Ері Пішен Төркелдиннің туғанына (1875–1948 жж.)	150 жыл
Социалистік Еңбек Ері Ерғали Ержановтың туғанына (1880–1950 жж.)	145 жыл
Ақын Әкімәлі Қаржауұлының туғанына (1885–1932 жж.)	140 жыл
1916 жылғы Ырғыздағы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Тайшым Орысұлының туғанына (1885–1945 жж.)	140 жыл
Социалистік Еңбек Ері Әділ Әкімовтің туғанына (1885–1951 жж.)	140 жыл
Социалистік Еңбек Ері Николай Горобецтың туғанына (1885–1963 жж.)	140 жыл
Социалистік Еңбек Ері Мүсіркеп Қайралаповтың туғанына (1885–1976 жж.)	140 жыл
Социалистік Еңбек Ері Қоңыр Қалмұратовтың туғанына (1885–1971 жж.)	140 жыл
Социалистік Еңбек Ері Қоңқан Құлмурзиннің туғанына (1885–1968 жж.)	140 жыл
Ахмет Тұнғаншиннің туғанына (1890–1972 жж.)	135 жыл
Социалистік Еңбек Ері Нұрман Әлдекешовтің туғанына (1890–1972 жж.)	135 жыл
Социалистік Еңбек Ері Мерует Жанболатованың туғанына (1890–1962 жж.)	135 жыл
Социалистік Еңбек Ері Ершуақ Құловтың туғанына (1890–1969 жж.)	135 жыл

Социалистік Еңбек Ері Алмат Рысбаевтың туғанына (1890–1967 жж.)	135 жыл
Жазушы, журналист Жиенғали Тілепбергеновтің туғанына	130 жыл
Социалистік Еңбек Ері Хамза Есжановтың туғанына (1895–1966 жж.)	130 жыл
Ахметжан Қойшығұловтың туғанына (1905–1998 жж.)	120 жыл
Социалистік Еңбек Ері Нұрқасым Бердіғұловтың туғанына (1905–1971 жж.)	120 жыл
Социалистік Еңбек Ері Шынтай Ырғызбаевтың туғанына (1905–1959 жж.)	120 жыл
Кеңес Одағының Батыры Александр Батуриннің туғанына (1915–1985 жж.)	110 жыл
Кеңес Одағының Батыры Федор Акимовтың туғанына (1915–1965 жж.)	110 жыл
Ғизат Ибатовтың туғанына (1920–1996 жж.)	105 жыл
Кеңес Одағының Батыры Қожабай Жазықовтың туғанына (1920–1983 жж.)	105 жыл
Тәңірберген Жалмағамбетовтің туғанына (1920–1998 жж.)	105 жыл
Қазақстанның халық жазушысы, белгілі ақын Қуандық Шаңғытбаевтың туғанына (1925–2002 жж.)	100 жыл
Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына (1925–1944 жж.)	100 жыл
Кеңес Одағының Батыры Иманғали Білтабановтың туғанына (1925–1945 жж.)	100 жыл
Кеңес Одағының Батыры Рауф Кутуевтың туғанына (1925–1944 жж.)	100 жыл
Кеңес Одағының Батыры Виктор Бойченконың туғанына (1925–2012 жж.)	100 жыл
Кеңес Одағының Батыры Александр Алиевтің туғанына (1925–1984 жж.)	100 жыл
Кеңес Одағының Батыры Валерий Величконың туғанына (1925–1944 жж.)	100 жыл
Тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбу Тәкеновтың туғанына (1930–1997 жж.)	95 жыл
Генерал-лейтенант Жансен Кереевтің туғанына (1930–1983 жж.)	95 жыл
Жазушы, сатирик Умбетбай Уайдиннің туғанына (1935–2018 жж.)	90 жыл
Ақын, жазушы Есенбай Дүйсенбайұлының туғанына (1940–2011 жж.)	85 жыл

Ғылыми басылым

«Музей жаршысы» журналы

№2

Басуға 30.12.2024 жылы қол қойылды.
Офсетті қағаз. Офсеттік басылыс.
Тапсырыс №472. Таралымы 200 дана.

020000, Көкшетау қаласы, Әуелбеков к-сі, 98.
«Старков С.А.» ЖК баспаханасында басылды.

